

**ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ**

---

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**АЛМАТЫ ГУМАНИТАРЛЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
АЛМАТИНСКИЙ ГУМАНИТАРНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ**

**Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы  
Ғылым академиясының академигі, Мемлекет және Қоғам қайраткері  
Серік Жайлауұлы Пралиевті еске алуға арналған  
«ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ»  
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ЖИНАҚТАРЫ  
23 ақпан 2025 жыл**

**Доктор педагогических наук, профессор, академик Национальной академии  
наук Республики Казахстан, государственный и общественный деятель  
Серик Жайлауулы Пралиев  
Сборник материалов международной научно-практической конференции  
«СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ВЕКТОРЫ  
РАЗВИТИЯ»**

**23 февраля 2025 года**

**Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of  
Sciences of the Republic of Kazakhstan, Statesman and Public Figure  
Serik Zhaylauuly Praliev  
Proceedings of the International Scientific and Practical Conference  
"MODERN EDUCATION: TRANSFORMATION AND DEVELOPMENT  
VECTORS"**

**February 23, 2025**

**February 23, 2025**

**ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО  
ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН MINISTRY OF  
SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN**

**АЛМАТЫ ГУМАНИТАРЛЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
АЛМАТИНСКИЙ ГУМАНИТАРНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ**

**ALMATY HUMANITIES AND ECONOMICS UNIVERSITY**



**Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы  
Ғылым академиясының академигі, Мемлекет және Қоғам қайраткері  
Серік Жайлауұлы Пралиевті еске алуға арналған  
«ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ» атты  
халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
23 ақпан, 2025 жыл**

**МАТЕРИАЛЫ**  
международной научно-практической конференции  
**«СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ТРАНСФОРМАЦИЯ И ВЕКТОРЫ РАЗВИТИЯ»**,  
посвященной памяти доктор педагогических наук, профессор, академик Национальной  
академии наук Республики Казахстан, государственный и общественный деятель  
**Серик Жайлауұлы Пралиев**  
23 февраля 2025 года  
**MATERIALS**  
International scientific-practical conference  
**"MODERN EDUCATION: TRANSFORMATION AND DEVELOPMENT VECTORS"**  
Dedicated to the memory of  
**Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences  
of the Republic of Kazakhstan, Statesman and Public Figure  
Serik Zhaylauuly Praliev**  
February 23, 2025

**Алматы, 2025**

УДК 37.0  
ББК 74.00  
М 74

*Рекомендовано к изданию решением Ученого Совета АГЭУ  
(Протокол №6 от 28.01.2025 г.)*

**Редакция алқасы:**  
**Садирбекова Д.К.**  
**Измагамбетова Р.К.** (ғылыми редактор)  
**Жауапты редакторлар**  
**Медеубаева К.Т., Овсянникова Р.В.**

«Заманауи білім беру: трансформация, даму векторлары» атты халықаралық ғылыми- практикалық конференция материалдары. 23 ақпан 2025 ж./ Материалы Международной научно-практической конференции «Современное образование: трансформация, векторы развития» 23 февраля 2025 г./ Materials International scientific-practical conference «Modern education: transformation and development vectors» February 23, 2025 у. – Алматы, Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті. – 2025 - 213 б. Қазақша, орысша, ағылшынша және т.б.

**ISBN 978-601-311-104-9**

Жинақта білім берудің болашағы мен жаңа тенденциялары, соның ішінде: білім берудегі стратегиялар мен цифрландыру трендтері, заманауи білім берудің инновациялық әдістері және ұлттық құндылықтарды сақтау факторы ретінде білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтар қарастырылған.

Материалдар авторлық редакцияда жарияланған.

В сборнике рассматриваются перспективы и новые тенденции в образовании, включая стратегии в сфере образования и тенденции цифровизации, инновационные методы современного образования, а также нововведения в системе образования как фактор сохранения национальных ценностей.

Материалы опубликованы в авторской редакции

ISBN 978-601-311-104-9

УДК 37.0  
ББК 74.00  
М 74

АГЭУ, 2025©

**ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ**

**МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ**

1	<b>Селкебаева А.Т.</b> ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЙТА ҚАРАСТЫРУ.....	8-12
2	<b>Бейсенбайқызы З.Б., Дәулетова Ж.Е., Ордаханова А.М.</b> БІЛІМ МАЗМҰНЫН ИГЕРТУДЕ ИНТЕГРАТИВТІ ОҚЫТУ ҰСТАНЫМДАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ.....	12-15
3	<b>Медеубаева К.Т., Садирбекова Д.К., Наурызбай Н.</b> ҚАЗАҚ АҒARTУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСПКЕРЛІК ЖАЙЛЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУЫТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	15-20
4	<b>Рахманова Н.М., Рахманова С.М.</b> ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ ШАРТТАРЫ.....	20-25
5	<b>Рахманова Н.М., Шуканова Ф.К.</b> БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ.....	25-29
6	<b>Серікова Ж.М.</b> БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫНДАҒЫ КРЕАТИВТІЛІКТІҢ МАҢЫЗЫ.....	29-33
7	<b>Рысбекова Б. А., Қожамқұлова Н.С.</b> БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ МҰМКІНДІКТЕРІ.....	33-37
8	<b>Каплан Ж.С.</b> БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ БАҒЫТТАЛҒАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР.....	37-42
9	<b>Оналбаева К.С.</b> БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІ: ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ МЕН ПРАКТИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ	42-50
10	<b>Каплан Б.С., Жумагулова К.А.</b> БОЛАШАҚ БИОЛОГИЯ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	50-54
11	<b>Буйдахан Кумисжан</b> БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУ: ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТАР МЕН ПЛАТФОРМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ.....	54-58
12	<b>Ержан Төлеужан</b> ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕТАПӘНДІК БІЛІГІН ИНТЕГРАЦИЯ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	58-63
13	<b>Есмаганбетова С.С.</b> СОЦИАЛЬНО-ЭМОЦИОНАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ УЧЕНИКОВ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ: ПОДХОДЫ К РАЗВИТИЮ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА.....	63-65
14	<b>Кенжеханова М.К.</b> МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН	65-69

**ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ**

	ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	
15	<b>Қуандық Б.Ф.</b> ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АПӨНДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ.....	69-72
16	<b>Хамзина Д.Б.</b> «ДҮНИЕТАНУ» САБАҚТАРЫНДА ДЕРЕККӨЗДЕРМЕН ЖҰМЫС АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	72-75
17	<b>Ибраева С. Д.</b> БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЖЫМДЫҚ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ.....	75-79
18	<b>Сеилбекова Б.Т.</b> МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАР ЖӘНЕ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУ: БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР.....	79-82
19	<b>Касым Т.А.</b> ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕСІН ДАМУ.....	82-84
20	<b>Бимахан Г.М.</b> ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В КАЧЕСТВЕ ИНСТРУМЕНТА ДЛЯ РАЗВИТИЯ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА У УЧЕНИКОВ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ.....	84-86
21	<b>Бейбіт Ә.Б.</b> ФОРМИРОВАНИЕ МЕДИАКОМПЕТЕНТНОСТИ УЧЕНИКОВ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ.....	86-89
22	<b>Эсенгулова М.М.</b> УКРЕПЛЕНИЕ ЛИДЕРСКИХ КАЧЕСТВ УЧИТЕЛЕЙ С ПОМОЩЬЮ ИЗМЕНЕНИЯ ОРГАНИЗАЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ ШКОЛЫ.....	89-92
23	<b>Сарсенова А.Б.</b> ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ МЕН МОТИВТЕРІ.....	92-99
24	<b>Суйундукова М.И.</b> ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ИНТЕГРАЦИИ STEAM-ПОДХОДА ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ОСВЕДОМЛЕННОСТИ ШКОЛЬНИКОВ.....	99-100
25	<b>Катешова Н.Т.</b> КӘСІБИ ИДЕАЛ МЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІК: ТАҢДАУ ПӘНДЕРІНІҢ БЫҚПАЛЫ.....	100-103
26	<b>Шашаева Г. Қ., Налибаева А. А., Несіпқазы А. Е., Орымбаева А. Қ.</b> ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ.....	103-109
27	<b>Алдабергенова А.Б.</b> ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУ.....	109-111
28	<b>Шашаева Г. Қ., Мұхитова А.Ф., Құрбанбай Ә.Т., Оралов Ғ.Е.</b> ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫ КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ БАҒЫТЫНДЫҒЫ ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	111-117
29	<b>Касым Т.А.</b> БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	117-119

**ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ**

30	<b>Шашаева Г. Қ., Орынбай А.</b> ЖОҒАРҒЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ.....	119-124
31	<b>Шашаева Г. Қ., Орынбай А.</b> ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫ КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ БАҒЫТЫНДЫҒЫ ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	125-130
32	<b>Сатпаева Н.К.</b> АРАЛАС МІНСІЗ САБАҚТЫ ҚАЛАЙ ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕРЕК?.....	130-134
33	<b>Кожамқұлова Н.С., Балкибекова Э.Е.</b> ЖОБАЛАУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	133-137
34	<b>Абдибаева С.</b> ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУДА ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	137-140
35	<b>Д.М. Сарсекулова, С.А. Фейзулдаева</b> БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	141-143
36	<b>Бейсенбаева З.Б., Шуканова Ф.К.</b> ИНТЕГРАТИВНАЯ СТРАТЕГИЯ ПРЕПОДАВАНИЯ РУССКОГО ЯЗЫКА ДЛЯ БАКАЛАВРОВ, ОБУЧАЮЩИХСЯ В КАЗАХСКИХ ГРУППАХ.....	143-149
37	<b>Е.А. Амангелді, С.А. Фейзулдаева</b> БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚЫРМАНДЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	149-152
38	<b>Ажибаева З.Ж.</b> ОҚУШЫЛАРҒА КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУДЕ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУДЫҢ МАҢЫЗЫ.....	152-157
39	<b>Бақытова Н.Б. Байқұлова А.М.</b> ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК ЛИДЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ.....	157-160
40	<b>Отарова Н.Т.</b> ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІ ҮДЕРІСІНДЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ДАҒДЫСЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ.....	160-164
41	<b>Акишева Ж.А., Каратаева Т.О.</b> СТУДЕНТТЕРДІҢ ОТБАСЫЛЫҚ ЖӘНЕ АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ .....	164-167
42	<b>Маратов М.Ж.</b> ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ.....	167-170
43	<b>Куленова А.А., Метербай А.Ж., Маматжанова Д.Р.</b> БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЖЕКЕ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ: ТӘЖІРИБЕСІ МЕН БОЛАШАҒЫ.....	171-173
44	<b>Абишева А., Мусабаяева А.С., Каражигитова У.К., Асанова С.Р.</b> ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ.....	173-175
45	<b>Кушубаева Б.Ж., Сапарова А.Д., Ромаикина С.Ю.</b> ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ.....	176-180

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

46	<b>Ибраева А.Е.</b> БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЭМПАТИЯНЫҢ РӨЛІ: ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ АСПЕКТТЕРІ.....	180-183
47	<b>Дәуренбек Г.А., Мырзағалиева Б.Б., Акбулатова Д.С.</b> БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМУ: ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ.....	183-186
48	<b>Абдукаримова Д.Х., Әлібек Г.Б., Абдыкаримова Б.М.</b> БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ҚАБЫЛДАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МӘДЕНИ МҰРА МЕН ДӘСТҮРДІҢ РӨЛІ.....	186-188
49	<b>Терликбаева Ж.Т., Байкенова А.Б., Абдулина Д.Х.</b> АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ БІРІКТІРУ: АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН ҚИЫНДЫҚТАРЫ.....	188-190
50	<b>Тұрлыбек Н.Қ., Кумаева А.Р., Спа А.Н., Жуманова А.Б.</b> БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУ: ӘДІСТЕРІ МЕН КРИТЕРИЙЛЕРІ.....	190-191
51	<b>Айтмаи С.А., Сазанова Т.С., Әлібек Ж.Б.</b> БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР	192-195
52	<b>С.Ж. Ахметбаева, Г.Ж. Нуржанова, К.С. Оналбева</b> АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІНІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ.....	195-197
53	<b>Алдабергенова А.Б.</b> БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ПӘНАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ.....	197-201
54	<b>Дангилова А.Б.</b> ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ К ТЮТОРСКОМУ СОПРОВОЖДЕНИЮ ШКОЛЬНИКОВ.....	201-204
55	<b>Катешова Н.Т.</b> ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ КӘСІБИ ИДЕАЛДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТАҢДАУ ПӨНДЕРІНІҢ РӨЛІ.....	204-207
56	<b>Жамауова Г.У.</b> РАЗВИТИЕ ПОТЕНЦИАЛА МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ МЕТОДОМ ПРОЕКТИРОВАНИЯ.....	207-209
57	<b>Молдабек Ә.Р.</b> ФОРМИРОВАНИЕ УЧЕБНОЙ АКТИВНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ НА ОСНОВЕ ТЕХНОЛОГИИ КОУЧИНГА.....	209-213

### ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЙТА ҚАРАСТЫРУ

Селкебаева Айман Токтасыновна

Алматы гуманитарлы – экономикалық университетінің профессоры, тарих  
ғылымдарының кандидаты.

E-mail: [Selkebaeva\\_63@mail.ru](mailto:Selkebaeva_63@mail.ru)

**Аңдатпа.** Бұл мақала жаһандану жағдайында Қазақстандағы ұлттық бірегейлікті қайта қарастыру үдерісін зерттеуге арналған. Мақалада ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі қазақстандық бірегейліктің қалыптасуының тарихи контексті талданады, сондай-ақ жаһанданудың бұл үдеріске әсері қарастырылады. Мемлекет пен қоғам ұлттық мәдени бірегейлікті сақтау және нығайту үшін әзірлеген стратегиялар, соның ішінде білім беру және мәдени бағдарламалар, сондай-ақ жастар арасындағы мәдениетаралық түсіністік пен азаматтық бірегейлікті дамыту шаралары талқыланады. Қорытындыда жаһандану сынқатерлерін табысты еңсеру және қазақстандық ұлттық бірегейліктің бірегейлігін сақтау үшін мемлекеттің, қоғамның және білім беру институттарының бірлескен күш-жігерінің қажеттілігі атап өтілген.

**Кілт сөздер.** қазақстан, ұлттық бірегейлік, жаһандану, мәдени мұра, білім, жастар, мемлекеттік саясат, мәдениетаралық түсіністік, қайта ойлау стратегиялары, бірегейлік.

**Abstract.** This article is devoted to the study of the process of rethinking national identity in Kazakhstan in the context of globalization. Strategies developed by the state and society to preserve and strengthen national cultural identity are discussed, including educational and cultural programs, as well as measures to develop intercultural understanding and civic identity among young people. The conclusion emphasizes the need for joint efforts by the state, society and educational institutions to successfully overcome the challenges of globalization and preserve the uniqueness of Kazakhstan's national identity.

**Keywords.** kazakhstan, national Identity, globalization, cultural Heritage, education, youth, public Policy, intercultural Understanding, reinvention Strategies, uniqueness.

**Аннотация.** Данная статья посвящена изучению процесса переосмысления национальной идентичности в Казахстане в условиях глобализации. В статье анализируется исторический контекст формирования казахстанской идентичности, начиная с древних времен до современности, а также рассматривается влияние глобализации на этот процесс. Обсуждаются стратегии, разработанные государством и обществом для сохранения и укрепления национальной культурной идентичности, включая образовательные и культурные программы, а также меры по развитию межкультурного понимания и гражданской идентичности среди молодежи. Заключение подчеркивает необходимость совместных усилий государства, общества и образовательных институтов для успешного преодоления вы

**Ключевые слова.** казахстан, национальная идентичность, глобализация, культурное наследие, образование, молодежь, государственная политика, межкультурное понимание, стратегии переосмысления, уникальность.

Мәдени мұра мен тарихи дәстүрлерге бай Қазақстан бүгінде жаһандану жағдайында өзінің ұлттық болмысын қайта қарастыру мәселесінің алдында тұр. Тарихи қалыптасқан этникалық, мәдени және діни дәстүрлер бұл үдеріс үшін ерекше контекст жасайды.

Қазақстанның тарихы көптеген ғасырларға созылып, мәдени және этникалық әртүрліліктің байлығын бейнелейді. Қазіргі Қазақстандағы ұлттық бірегейлікті қайта қарастыру үдерісін түсіну үшін оның тарихи фонына жүгіну қажет, ол біз көріп отырған мәдени және әлеуметтік аспектілердің бірегей палитрасын қалыптастырды.



## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

Қазіргі Қазақстанның аумағы ежелгі өркениеттердің мекені болған неолит дәуірінен бастап, шамамен б.з.б. VI-IV мыңжылдықтар., скифтер, сарматтар және т.б. тек аймақтың ғана емес, бүкіл әлемнің тарихында өз ізін қалдырған. Бұл ежелгі халықтар егіншілік пен қолөнерді дамытып қана қоймай, өнерде, музыкада және діни әдет-ғұрыптарда көрініс тапқан бай мәдениетке ие болды. Осыдан кейін біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдықтан бастап қазіргі Қазақстан аумағында Ұлы Даланың күйреуі және көшпелі тайпалардың қалыптасуы., және өңірдің этникалық құрамының қалыптасуына орасан зор ықпал етті. Көшпелі тайпалар, мысалы, қыпшақтар, қазақтар, ноғайлар және т.б. Орталық Азиядағы тарихи оқиғалардың барысына әсер еткен күрделі қоғамдық-саяси құрылымдар құрды. Дәуірді атап өтпеуге болмайды. Тарихтың әртүрлі кезеңдерінде Қазақстан Моңғол империясы мен Алтын Орда, кейінірек Ұлы Хандық сияқты қуатты империялардың құрамында болды. Осы уақыттарда ислам діні Қазақстан халықтарының мәдениетінде, сәулетінде, әдет-ғұрыптарында өз ізін қалдырып, аймаққа тарады. XIX ғасырда қазіргі Қазақстанның көп бөлігі Ресей империясының, ал XX ғасырда Кеңес Одағының құрамына енді. Бұл кезең Қазақстан халықтарының мәдени бірегейлігіне айтарлықтай әсер етіп, оларға орыс және кеңес мәдениеттерінің элементтерін енгізді. 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан жаңа жаһандық жағдайда өзінің ұлттық бірегейлігін анықтау қажеттілігіне тап болды. Қалыптасқан алуан түрлі этникалық құрам, мәдени мұраның байлығы және бірегейлікті сақтауға деген ұмтылыс – осының бәрі жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті қайта қараудың бүгінгі жағдайын айқындайды.

Әлемдік сауда, қаржы және технология арқылы әртүрлі ұлттардың, мәдениеттердің және экономикалардың интеграциялану процесі ретінде анықталған жаһанданудың айтарлықтай әсері бар Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы және оның ұлттық бірегейлігін қайта қарау процесі туралы.

1991 жылы тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан әлемдік экономикаға белсене араласып, өз ресурстарын шетелдік инвестицияларға ашып, халықаралық саудаға араласа бастады. Бұл елдің экономикалық өсуіне және модернизациясына әкелді, сонымен бірге ұлттық экономикалық бірегейлікті сақтау саласында қиындықтар туғызды. Дегенмен, жаһанданудың дамуымен Батыс мәдениеті бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет арқылы барған сайын қолжетімді бола түсуде. Бұл қазақтың дәстүрлі құндылықтары мен әдет-ғұрыптарының бірте-бірте жойылып кетуіне әкелетін мәдени құндылықтар мен тұрмыс-тіршіліктің араласуын тудырады. Ақпараттық технологиялар мен интернеттің қарқынды дамуы Қазақстандағы адамдардың өмір салты мен қарым-қатынасының өзгеруіне алып келеді. Ақпаратқа қол жетімділік пен білім алмасу барған сайын жаһандық сипатқа ие болып, идеялар мен құндылықтардың таралуына ықпал етеді, кейде дәстүрлі мәдени үлгілерге нұқсан келтіреді.

Жаһандану жағдайында қазіргі Қазақстанның алдында тұрған негізгі сын-қатерлердің бірі ұлттық бірегейлікті сақтау болып табылады. Жаһандану тақырыбы көп жағдайда оң қабылданатындықтан, мәселе жоғалтулар жаһандану жағдайындағы дәстүрлі құндылықтар байқалмай қалады. Мысалға, жаһандану үдерістері көбінесе әлемдік нарықтың кеңеюі, бәсекелестіктің артуы және тұтынушылардың жаңа тенденцияларының пайда болуы сияқты экономикалық өзгерістерге алып келеді. Бұл дәстүрлі экономикалық қызмет түрлерінен және қолөнерден алыстауды ынталандыруы мүмкін, бұл өз кезегінде дәстүрлі құндылықтар мен мәдени тәжірибелердің сақталуына әсер етеді. Ауыл тұрғындарының қалаларға немесе шетелге қоныс аударуы дәстүрлі мәдени әдет-ғұрыптар мен өмір салтын бұзуға әкелуі мүмкін. Батыстың сұлулық стандарттарын, өмір салтын және тұтынушылардың қалауын енгізу дәстүрлі мәдени үлгілерді біртіндеп алмастыруы мүмкін. Осы факторлардың барлығы бірігіп жаһандану жағдайында дәстүрлі құндылықтардың жоғалуына ықпал етуі мүмкін, бұл мәдени бірегейлікті сақтауға және дәстүр мен қазіргі заман арасындағы тұрақты тепе-теңдікті қалыптастыруға қиындықтар туғызады.

Елдің қалыптасқан көпұлтты және көпмәдениетті құрамы әлемдік ағымдардың ықпалына ашықтық пен қазақстандық мәдениет пен дәстүрлердің бірегейлігін сақтау

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

арасындағы тепе-теңдікті табуды талап етеді. Қиындықтарға қарамастан, жаһандану әртүрлі мәдениеттер мен халықтар арасындағы түсіністік пен ынтымақтастықты арттыруға мүмкіндіктер береді. Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті қайта қарау процесі дәстүрлерді сақтау мен әлемдік қоғамдастықтың жаңа шындықтарына бейімделу арасындағы үйлесімділікті іздеуді талап етеді.

Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті қайта қарастыру Қазақстанның мәдени мұрасының бірегейлігін сақтауға және өзгермелі әлемдік контекстке бейімделуге ықпал ететін кешенді стратегияларды әзірлеуді және жүзеге асыруды талап етеді. Негізгі стратегиялардың бірі қазақстандық мәдениет пен өнерді халықаралық аренада ілгерілету болып табылады. Бұған дәстүрлі музыканы, биді, әдебиетті және басқа да өнер түрлерін қолдау, мәдени ісшаралар мен фестивальдерді ұйымдастыру кіреді. Қазақ тілінің сақталуы мен дамуы ұлттық бірегейлікті қолдауда маңызды рөл атқарады. Бұл саладағы стратегиялар қазақ тілін үйренуге және насихаттауға, әдеби және тілдік мұраны қолдауға бағытталған білім беру бағдарламаларын құруды қамтуы мүмкін. Қазақ тарихын, мәдениеті мен салт-дәстүрлерін зерделеуді қамтитын ұлттық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. жас ұрпақтың. Бұл бағдарламалар заманауи қиындықтар мен мүмкіндіктерді ескеруі және мәдениетаралық оқыту элементтерін қамтуы керек. Бұдан басқа, ұлттық туризмді дамыту елдің экономикалық дамуына ғана емес, мәдени мұраны сақтауға және насихаттауға да ықпал етеді. Қазақтың мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен және тарихи көрікті жерлерімен танысуға бағытталған туристік бағыттарды құру ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал етеді. Сондай-ақ қазақстандық тарих, мәдениет және қоғам саласындағы ғылыми зерттеулер ұлттық бірегейліктің бірегей аспектілерін жақсырақ түсінуге және оны сақтау мен дамытудың тиісті стратегияларын әзірлеуге мүмкіндік береді. Ғылыми бағдарламалар мен ғылыми жобаларды қолдау білімнің өсуіне ықпал етеді және елдің мәдени мұрасы туралы хабардарлықты арттырады. Жаһандану жағдайында мәдениет, білім және ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту ұлттық бірегейлікті сақтау мен ілгерілетуде маңызды рөл атқарады. Басқа елдермен тәжірибе, білім және дәстүр алмасу мәдени диалогты байытуға және халықтар арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді.

Осының барлығын қоса алғанда, Қазақстанның ұлттық бірегейлігін қалыптастырудағы білім берудің рөлі, әсіресе жаһандану жағдайында, жастар сыртқы әсерлерге неғұрлым осал болып отырған жағдайда шешуші болып табылады. Ұлттық бірегейлікті табысты түрде қайта пайымдау үшін білім беру бағдарламалары мен жастармен жүргізілетін тәрбие жұмысына ерекше мән беру қажет. Қазақстанның тарихы мен мәдениеті білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім беру бағдарламаларында басты орынға ие болуы керек. Мектеп оқулықтары, университеттік курстар және білім беру жобалары жастардың өз тамыры мен құндылықтарын жақсырақ түсінуі үшін қазақ тарихын, мәдениетін, әдебиеті мен тілін үйренуді қамтитыны маңызды. Патриоттық сезімдер мен азаматтық бірегейлікті қалыптастыру білім берудің маңызды бөлігі болып табылады. Жастар арасында ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда туған елге деген сүйіспеншілікті, оның тарихы мен мәдениетін құрметтеуге, азаматтық парызын сезінуге тәрбиелеуге бағытталған мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар шешуші рөл атқарады. Қоғамның көпұлтты құрамы жағдайында білім беру де мәдениетаралық түсіністік пен толеранттылықты дамытуға ықпал етуі керек.

Мәдениетаралық оқыту элементтерін оқу бағдарламаларына енгізу, мәдениетаралық іс-шаралар мен алмасуларды ұйымдастыру және мәдениетаралық дағдыларды үйрету жастарға мәдениеттер мен дәстүрлердің әртүрлілігін жақсырақ түсінуге және құрметтеуге көмектеседі.

Заманауи технологиялар білімді таратуға және ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға бірегей мүмкіндіктер береді. Білім беру платформалары, онлайн-курстар, мультимедиялық ресурстар жастар арасында қазақ тарихын, мәдениетін және тілін қолжетімді және интерактивті оқыту үшін пайдаланылуы мүмкін. Сондай-ақ, фестивальдер, байқаулар, көрмелер және жобалар сияқты жастарды ұлттық және мәдени бастамаларға тарту олардың

## **ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ**

Ұлттық бірегейлікті сақтауға және ілгерілетуге белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Бұл сондай-ақ өз еліне және оның мәдени мұрасына деген мақтаныш сезімін дамытуға ықпал етеді. Олардың арасындағы тиімді өзара іс-қимыл қазақстандық мәдени бірегейлікті сақтауға және нығайтуға бағытталған стратегияларды әзірлеуге және іске асыруға ықпал етеді. Мәдениет, білім беру және әлеуметтік сала саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру, жұлттық мәдениетті, тілді және тарихты қолдауға бағытталған айыптаушы бағдарламалар мен жобалар ұлттық бірегейлік пен азаматтық бірегейлікті нығайтуға ықпал етеді. Мәдени мұраны қорғауға және барлық этностардың құқықтарының теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған заңнаманы әзірлеу мемлекеттің маңызды міндеті болып табылады. Бұған ұлттық тілдерді, мәдени әдет-ғұрыптар мен әдет-ғұрыптарды сақтау және дамыту, этникалық негіздегі кемсітушілік пен зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі заңнамалық шаралар кіреді. Дінге мемлекеттік қаржылық қолдау, білім беру және білім беру бастамалары, яғни мәдениет мекемелерін дамытуға, мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға, білім беру бағдарламалары мен стипендиялық бағдарламаларды құруға қаражат бөлу қазақстандық мәдениет пен білімді нығайтуға ықпал етеді. Бұдан басқа, қоғамдық ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және азаматтық қоғамның ұлттық бірегейлікті қайта қарау стратегияларын әзірлеуге және жүзеге асыруға белсенді қатысуы кең ауқымды қоғамдық келісім мен қолдауды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Ол сондай-ақ жеке басын сақтау және ілгерілету мәселелерін талқылау және шешім қабылдау процесіне халықтың әртүрлі топтарын белсенді түрде қосуға ықпал етеді.

Мәдениет, білім және ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастық пен дипломатиялық күш-жігерді нығайту Қазақстанға өз мүдделерін әлемдік аренада ілгерілетуге, сондай-ақ басқа елдермен тәжірибе және білім алмасуға көмектеседі. Бұл қазақстандық мәдени сахнаны байытуға және жаһандық контексте ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал етеді. Қорытындылай келсек, қазіргі Қазақстандағы ұлттық бірегейлікті қайта қарау процесі мемлекеттің, қоғамның және әрбір азаматтың бірлескен күш-жігерін талап ететін маңызды және күрделі міндет болып табылады. Жаһандану жағдайында, әлемдік тенденциялар мен мәдени ықпалдар барған сайын еніп бара жатқан жағдайда, қазақстандық мәдени бірегейлікті сақтау мен нығайту ерекше өзекті болып отыр. Ұлттық бірегейлікті қайта қарастыру үдерісі мемлекеттік саясатты әзірлеуді, мәдениағартушылық бастамаларды қолдауды, қоғамдық ұйымдар мен азаматтық қоғамның белсенді қатысуын, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықты дамытуды қамтитын кешенді тәсілді қажет ететіндігін мойындау қажет. Сондай-ақ ұлт болашағын қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын жастарды тәрбиелеу мен тәрбиелеудің маңыздылығын есте ұстаған жөн.

Қазақ тарихын, мәдениеті мен тілін зерделеуге және насихаттауға, сондай-ақ азаматтық бірегейлік пен мәдениетаралық түсіністікті қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламалары ұлттық бірегейлікті сақтау мен дамытудың негізі болып табылады.

Қорытындылай келе, мемлекеттің, қоғамның, білім беру және мәдениет институттарының бірлескен күш-жігері арқылы ғана біз қазақстандық мәдениеттің бірегейлігін сақтай отырып және көпұлтты қоғамда үйлесімділікке қол жеткізе отырып, жаһандану жағдайында Қазақстанның ұлттық бірегейлігін табысты түрде қайта қарастыра аламыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ибрагимов, А. К. (2018). Национальная идентичность Казахстана в контексте глобализации: проблемы и перспективы. Журнал "История и культура народов Центральной Азии", 5(2), 45-56.
2. Амангелдиева, Г. Т. (2019). Роль образования в формировании национальной идентичности казахстанской молодежи в условиях глобализации. Вестник Казахского национального университета, 3(12), 78-87.

3. Касымбеков, Е. А. (2020). Государственная политика Казахстана по сохранению и развитию культурного наследия в условиях глобализации. Материалы международной конференции "Современные тенденции в развитии образования и культуры", 123-135.

4. Нуртаев, Н. К. (2017). Молодежь и межкультурное взаимопонимание в современном Казахстане. Казахстанский журнал образования и науки, 2(4), 56-67.

5. Досжанова, Ж. М. (2016). Глобализация и культурное разнообразие: вызовы и возможности для Казахстана. Книга, Алматы.

6. Губогло, М.Н. (2003). Идентификация идентичности: Этносоциологические очерки. Москва. Закон Республики Казахстан от 11 октября 2011 года № 483-IV „О религиозной деятельности и религиозных объединениях”.

7. Кадыржанов, Р. (2012). Национальная идентичность Казахстана и этнокультурный символизм. Pobrano z lokalizacjii: <http://mysl.kazgazeta.kz/news/266>.

### БІЛІМ МАЗМҰНЫН ИГЕРТУДЕ ИНТЕГРАТИВТІ ОҚЫТУ ҰСТАНЫМДАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Бейсенбайқызы З.- педагогика ғылымының докторы, профессор  
Дәулетова Ж.Е.- педагогика ғылымының магистр, аға оқытушы  
Ордаханова А.М. № 104- жалпы білім беретін мектептің  
мұғалімі. Алматы қ.

**Аңдатпа.** Мақалада интегралды технологияның ұстанымдары, олардың оқушылардың ойлау қабілетін, шығармашылық әлеуетін дамытудағы маңызы сөз болады.

**Кілттік сөздер:** интегралды, технология, ұстаным, дидактикалық қағида, тұлға, тұтастық, метабілім, логикалық әрекеттер.

«Адамға құлақ пен тіл қалай керек болса, білім де дәл солай қажет», - деп ақын, әдебиет зерттеушісі, публицист, ғалым А.Байтұрсынұлы айтқандай, қазіргі таңда адам неғұрлым идеялық жағынан білімді, білікті болса, соғұрлым өз ісінде табанды, табысты, мығым болмақ. Өйткені білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі. Білім құндылық, жүйе, үдеріс және нәтиже ретінде жасампаздық пен адами әлеуметтің дамуына да мүмкіндік береді. Ал ондай мүмкіндікті қалыптастыруда мектепте игертілетін білім мазмұнының маңызы ерекше екені белгілі. Өйткені білім мазмұны қоғам талабына қарай өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлға қалыптастыру, яғни оқушының қызығушылығын, танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілетін т.т. дамытатындай нәтижеге жету мақсатын көздей құрастырылады. Нәтижелі білім берудің жолы оқыту технологияларын тиімді пайдалану деген тұжырым педагогикада қалыптасты. Демек, білім мазмұнын педагогикалық технологиялардың ұстаным-мүмкіншіліктеріне негіздей игерту тиімді екені даусыз. Осыған орай, қазіргі білім беру үдерісінде өзекті саналатын интегралды технологияның білім мазмұнын игертудегі (ұстанымдарының) мүмкіншілігі қандай деген мәселеге жауап іздеу маңызды.

Интегралды технология – білім беру үдерісін білім алушылардың қажеттіліктеріне, қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес ұйымдастыруды көздейтін тұлғалық-бағдарлы білім қалыптастыратын; әрбір жеке тұлғаның өзіндік құндылығын, оның бірегейлігін сезінуге мүмкіндік жасайтын; оқушының тұлғалық қасиеттерін, яғни өзін-өзі дамытуға бағыт-бағдар беретін педагогикалық технология. Бұл технологияның мүмкіншілігі арқылы: оқушының танымдық белсенділігі артады, әлемнің ғылыми картинасын тұтастықта қабылдауға, әр пән бойынша қарастырып отырған бір мәселенің арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды тереңірек түсінуге, ұғымды теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге, салыстыруға, нәтижесінде білімін пәнаралық байланыс арқылы саналы түрде ой елегінен өткізуге қалыптасады [1]. Интегралды технологияның

басты ұғымы–интегративті білім беру. Интегративті білім пәнаралық, пәнішілік байланысқа негізделіп отырып, оқушының теориялық ойлауын дамытады; ғылыми таным әдісін тиімді қолдануға мүмкіндік береді; пәнге кешенділік тұрғыдан келуді ұйымдастырады; оқушылардың білім сапасын көтереді; оқушыда пән туралы тұтас түсінік, тұтас ұғым, дүниетанымдық көзқарас қалыптастырады. Дүниенің бейнесі адамда, оның санасында, сезімінде өмір бойына жасалатындықтан, бастауыш мектептің өзінде-ақ балаларды оны түсінуге және философиялық тұрғыдан ойластыруға, таным тәсілдеріне, өз санасында дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыруға үйрету маңызды. Бастауыш сыныптардағы білім мазмұнының қайнар көзі–құрамдас үш бөліктен: адам- табиғат- қоғамнан тұратын айналадағы дүние. Демек, осы мазмұнның өзі айналадағы дүние оны танып білудің әдіс-тәсілдері туралы түсініктер мен ұғымдарды біріктіретін біртұтас білім, білік, дағдылар жүйесі болып табылады. Бұл үдерісте мұғалім білім мазмұнын игертуге тек бағыт-бағдар беруші ғана емес, интегративті білім берудің теориялық негізін (ұстанымдары мен ерекшеліктерін ) жан-жақты игерген ғалым, пән мазмұнын интергаляцияға негіздей игертудің әдіс-тәсілдерін тиімді қолдана алатын әдіскер ретінде қалыптасуы тиіс.

Жалпы білім беру үдерісі белгілі бір ұстанымдар жүйесіне негізделетіні белгілі. Оқыту ұстанымдары – оқыту үдерісіне, оны құрайтын: мақсаты мен міндетіне, әдіс-тәсілдеріне, қажетті жабдықтарына, ұйымдастыру формаларына қойылатын жалпы талаптарды айқындайтын және басшылыққа алатын негізгі идея, дидактикалық қағида. Дидактикалық қағида – пәнді игертудің заңдылықтары мен әдіс-тәсілдерін айқындайтын тұғыр. Интегративті білім берудің басты ұстанымдарына ғалымдар: дифференциация және интеграцияның диалектикалық бірлігі; антропоцентризм, мәдени сәйкестілік ұстанымдарын жатқызады [2]. Сонымен қатар: тұлғаға бағытталған ұстанымдар (бейімделу ұстанымы, тұтас даму ұстанымы, психологиялық дайындық ұстанымы); мәдени ұстанымдар (әлем бейнесінің ұстанымы, білім мазмұнының тұтастығы ұстанымы, дүниеге мағыналық қатынас ұстанымы) басшылыққа алынады. Бұл ұстанымдарды тәжірибеде жүзеге асыру оқушының дүние туралы идеясының тұтас болуын болжайды. Сонымен қатар интегративті білім беруде: білімді синтездеу ұстанымы, оқу тереңдігі ұстанымы, альтернативті шешім ұстанымы, тұтастық ұстанымы, өзара байланыс ұстанымдарының да маңызы зор. Білімді синтездеу ұстанымы белгілі бір тақырып бойынша оқытылатын мәселелерді тұтас, синтезделген, жүйеленген түрде қабылдау оқушының ой- өрісінің кеңдігін дамытуға ықпал етеді. Оқу тереңдігі ұстанымы зерттелетін тақырыптың мәнін тереңірек түсіну, ойлау тереңдігін дамытуға ықпал етеді. Мәселенің өзектілігі, немесе мәселенің практикалық маңыздылығы ұстанымы қарастырылып отырған мәселені қандай да бір практикалық жағдайда міндетті түрде жүзеге асыруға, оқытудың практикалық бағыттылығын күшейтеді, бұл сыни ойлауды және теорияны практикамен салыстыру қабілетін дамытады. Альтернативті шешім ұстанымы белгілі жағдайға жаңа тәсілдер, мәселені шешудің стандартты емес тәсілдері, берілген мәселенің шешімін таңдай білу, ойлау икемділігін дамытуға, ойлаудың өзіндік ерекшелігін дамытуға ықпал етеді. Шешімдерді салыстыру белсенділікті, сыни көзқарасты, ұйымдасқан ойлауды дамытады. Іс-әрекетті орынды таңдауға, мақсатқа жетудің ең қысқа жолын табуға ұмтылысының арқасында ой-өрісі, зейіні, парасаттылығы, үнемділігі дамиды. Шешімнің дәлелділігі ұстанымы мәселенің дәлелді шешімі дәлелді ойлауды дамытады. Тұтастық–кіріктірілген оқытудың негізгі ұстанымдарының бірі. Бұл ұстаным оқушылардың алған білімдері мен дағдыларының барлығы біртұтас тұтастық құра отырып, өзара байланысты және өзара тәуелді болуы керектігін білдіреді. Өзара байланыс ұстанымы кіріктірілген оқытудағы байланыс білімнің жеке өмір сүрмейтіндігін атап көрсетеді. Білімнің барлық салалары бір-бірімен байланысты және өзара әрекеттеседі. Бұл ұстанымды басқа салаларда қалай қолдануға болатынын көре алады, олардың түсінігі мен білімін практикада қолдану қабілетін арттырады. Сонымен қатар ойлаудың өзіндік ерекшелігі мен икемділігін дамытуға ықпал ететін, бұрын болжанған шешімдердің бірін өз бетінше таңдау немесе жаңа идеяларды тудыру арқылы стандартты емес мәселені шешу мүмкіндігін дамытудан тұратын шешім қабылдаудағы баламалылық ұстанымы; оқушыларда сабақтан тыс уақытта оқытылатын

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

мәселе бойынша қосымша ақпарат алу қажеттілігін дамытудан тұратын өзін-өзі тәрбиелеу ұстанымдарының да маңызы зор. Бұл ұстанымдарды жүзеге асыру білім алушыларды бастапқы дереккөздермен жұмыс істеуге, ақпаратты өз бетінше тандауға, оны талдауға және синтездеуге, сондай-ақ оны бар ақпаратпен бір мағыналық блоктарға біріктіруге үйретуді қамтиды.

Интергративті білім берудегі маңызды ұстанымның бірі-метапәндік ұстаным. Метапән туралы ғалым Ж.А.Жұмабаева: «метапән-дүниенің біртұтас бейнесін санада қалыптастыру құралы; метапән – теориялық ойлау және әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыру тәсілі; метапәндік тұрғыда оқыту – оқушының пәндер аясында универсал оқу әрекеттері арқылы қалыптасқан метапәндік нәтижелерді өз тәжірибесінде бекіту үдерісі,- деп сипаттайды [3]. Метабілім ұғымы мақсатқа жетудің тиімді жолы, танымның жоғарғы формасы, яғни «білім туралы білім» (учение об обучении) «білімге үстеме білім», «оқи білу іскерлігі» деген мағынаны білдіреді. Метапән – дәстүрлі циклдегі оқыту пәндерінен өзгеше пән. Ол «пәнішілік» және «пәнүстілік» идеясын біріктіреді. Метапәндік ұстанымның негізгі қағидасы–білім алушыларды өз бетінше ойлауға және әрекет етуге, кез келген жағдайдан шығудың жолын табуға үйрету. Метапән интеграцияға негізделеді. Метапәндік нәтижелерді қалыптастыру – мектептердің алдына қойылып отырған жаңа міндет. Демек, оқу пәндері енді жай пәндер ретінде емес, метапәндер ретінде қарастырылуы тиімді. Демек, метабілімге қол жеткізу – бұл жеке ұғымдарды игеру ғана емес, нақты пәндік саладағы немесе пәнаралық саладағы ұғымдар арасындағы функционалдық байланыстарды орнату стратегияларын меңгеру. Атап айтқанда оқушы: «Бұл білім маған не үшін қажет? «Бұл маған қайда керек?» «Оны қалай қолдануға болады?» деген сұрақтың жауабын іздейді. Сондықтан бүгінгі таңда балаға мүмкіндігінше көп білім беру емес, оның жалпы мәдени, тұлғалық және танымдық дамуын қамтамасыз ету, өміріне қажетті дағдылармен қаруландыру маңызды саналады. Ең бастысы, оқу құралдарын пайдалана отырып, баланы есте сақтау арқылы емес, әмбебап оқу әрекеттері арқылы оқуға үйрету. Метапәндік тұрғы тәсіл және ұстаным ретінде нәтижені және универсалды (әмбебап) оқу іс-әрекеті іскерлігін қалыптастыруды көздейді. Әмбебап оқу іс-әрекеті іскерлігі ұстанымы – оқушының белсенді танымдық әрекеті арқылы өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру қабілеті. Енді бастауыш сынып мұғалімі баланы оқуға, жазуға, санауға үйретіп қана қоймай, жаңа дағдыларды (оқу қабілетінің негізін құрайтын әмбебап оқу әрекеттері, балалардың оқуға деген ынтасын дамыту әрекеттері) қалыптастыруы керек. Бұл әрекеттер оқу пәндерінің мазмұны арқылы қалыптасатыны белгілі. Мысалы, «Сөйлемнің» ережесі бастауыш сыныптың барлық кезеңдерінде қайталанып беріліп отырады. Соңғы 4-сыныпта: сөйлем дегеніміз не? Сөйлемнің қандай түрлері бар? деген сұрақтар беріледі де, жаттығулары осы сұрақтардың жауабына құрылады [4]. Жаттығулар мен берілген сұрақтар оқушыны ойландырды ма, қызықтырды ма, іздендірді ме? Негізгі мәселе осы болуы тиіс. Міне, осы жерде екі түрлі мақсат қоюға болады: пәндік білім және метапәндік білім, яғни оқушыға метапәндік білім алуға жағдай жасалуы тиіс. Атап айтқанда: 1.Сөйлемнің ережесін бір рет қайталату. Бұл – пәндік білімді бекіту. 2.Сөйлемнің басқа белгілерін іздету, санамалап жаздырту. Сөйлемнің негізгі, басты қызметіне, маңызына назар аударту. Бұл әрекеттер бір жағынан, оқушының функционалдық сауаттылығын (адамның сыртқы ортамен байланыс жасау, оған тез бейімделу, өмірлік міндеттерді шешуде алған білімді пайдалана алу, оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін кез келген жағдаятта пайдалана білу) қалыптастырса, екінші жағынан, метапәндік (әмбебап оқу іс-әрекеті іскерлігі) білім қалыптастыруға негіз болар еді. Сұрақтарға жауап беру үшін оқушы алдына мақсат қояды, жоспарлайды, мәселені шешу жолын таңдайды, өзінің білім деңгейіне мән береді, өзін-өзі бағалайды, қорытынды жасайды. Бұл әрекет реттеушілік іскерлікті қалыптастырады. Берілген мәселені шешу үшін оқушы логикалық әрекеттер: жіктеу (сөйлемдерді құрылымына қарай: жай, құрмалас), салыстыру (сөйлемдерді құрастырушы сөздердің санына қарай: бір сөзден, көп сөзден), мақсатына қарай (хабарлы, сұраулы т.т.) талдау, қорытынды жасайды. Оқушы өз ұстанымы мен пікірін дәлелдеуге, түсіндіруге талпынады. Оның дұрыстығын бағалауға қалыптасады. Бұл әрекет танымдық

іскерлікті қалыптастырады. Оқушы: ұжымда өзара әрекеттесу мүмкіндігін, диалогты сақтау және әлеуметтік ортаға қосылу дағдыларын игереді; өз ойын және өз көзқарасын ауызша және жазбаша түрде білдіруге; топтық жұмыс түрлеріне қатысу, яғни пікірталас, пікір алмасу, нәтижесін талқылауға қалыптасады. Бұл әрекет оқушының қатысымдық іскерлігінің қалыптасуына негіз болады. Барлық әрекеттердің негізінде теориялық ойлауды қалыптастыру мақсаты басым болуы маңызды. Оқу әрекеті негізінде ойлай отырып, тапсырмаларды өзінше зерттеп, орындау, өзінше шешім жасау өз ойындағысын айту жағдайларына мүмкіндік туғызылса ғана бала еркін ойлы, өзіне сенімді, ерік-жігерлі, дүние танымы кеңейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы оянған дара тұлға ретінде жан-жақты дами алады. Ойлай білген адам дұрыс сөйлей де алады, кез келген жағдаяттан шығудың амалын да іздестіре алады. Яғни игерілген білім негізі ойлауды дамытудың көзіне айналуы тиіс. Демек, ойлауды туғызған білім ойлаудың дамуының құралына айналуы қажет. Метабілім арқылы оқушы: сөйлемнің қандай ойды болмасын жеткізетін басты құрал екендігін; қай кезде, қандай жағдайда болмасын ойынды айтуға мүмкіндік беретін, кез келген адаммен пікірлесуге, қандай сезімді болмасын білдіруге жағдай жасайтын басты тілдік құбылыс екендігін түсінеді, «не үшін оқу» сұрағына жауап алады. 4-сыныпта тілдік тақырыптар пәндік білімді бекіту мақсатында қайталанып беріліп отыратына аян. Міне, осы жерде метапәндік білім қалыптастыруға мүмкіндік бар. Жаттығуларды да осы бағытта құрастыру тиімді. «Қазақ тілі» пәнінің басты бағыты—тіл арқылы оқушылардың ақыл-ой қабілеті мен тілдік, эстетикалық талғамының дамуына, тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, қатысымдық дағдыларының жетілуіне және шыңдалуына іргетас қалай отырып, өздігінен білім алуына мүмкіндік жасау болса, ондай мүмкіндік метапәндік білімде. Ғалымның дәлелдеуінше (Жұмабаева Ж.А.), «бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқыту барысында метапәндік нәтижелері қалыптасқан оқушы – бұл мазмұндық, реттеушілік, когнитивтілік құрамдас бөліктерге сәйкес теориялық ойлауы жетілген, ақпаратты қайта өңдеу дағдылары қалыптасқан, сыни және шығармашыл ойлайтын, реттеушілік біліктерін игерген оқыту үдерісінің субъектісі». Білім берудегі метапәндік тәсілдің маңыздылығы ол ойлау мәдениетін және тұтас дүниетанымды, дүниенің тұтас бейнесін қалыптастыру мәдениетін сақтауға және қорғауға мүмкіндік береді. Ең бастысы, оқу құралдарын пайдалана отырып, баланы есте сақтау арқылы емес, әмбебап оқу әрекеттері арқылы оқуға үйрету.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гузеев В. В. Теория и практика интегральной образовательной технологии. - М. : Народное образование, 2001. - 224 с.
2. Борулава М.Н. Интеграция содержания образования.- М.:1998.
3. Федорев Г.Ф. Проблема интеграции в теории и практике обучения.-Л.,1989.
4. Жұмабаева Ж.А. Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқыту. - Фил.док.дәреж. алу үшін дайынд. дисс. - Алматы, 2022
5. Балтабаева Ж.Қ., Солтанғазина М.Қ., Лекерова Ф.С. Қазақ тілі.1-бөлім. Жалпы білім беретін 11 жылдық мектептің 4-сыныбына арналған оқулық.-Алматы, 2017

## ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ЖАЙЛЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУЫТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кенжехан Медеубаева, п.ғ.к., доцент  
Динара Садирбекова, PhD, доцент  
Назерке Наурызбай – Педагогика және психология БББ 1-курс студенті  
Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті

**Аңдатпа.** Қаржылық сауаттылық қазіргі заманғы педагогтің оқушыларға, колледждер мен техникум студенттеріне, балалар мен ересектерге қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру, сондай-ақ сабақтан тыс жұмыстар жүргізу шеңберінде оның негіздерінде оқытатын кәсіби құзыреттілігіне айналады. Жалпы білім беретін мектептерде, кәсіптік лицейлерде, орта және жоғары оқу орындарында қаржылық сауаттылыққа оқыту болашақ ұрпақтың қаржылық сауаттылығының негізін қалайды. Осыған орай, мақалада қазақ ағартушыларының кәсіпкерлік жайлы ой-пікірлері арқылы студенттердің қаржылық сауаттылығын қалыптастыру жолдары қарастырылып, нақты мысалдармен тұжырымдалған.

**Кілт сөздер:** қаржылық сауаттылық, нарық, кәсіпкерлік, экономикалық білім, бәсекеге қабілеттілік, педагогикалық пайым, кәсіби құзыреттілік.

Қаржылық сауаттылық – заманауи қоғамдағы ең маңызды дағдылардың бірі. Бүгінгі таңда студенттерге қаржылық тәуелсіздік пен дұрыс қаржылық шешімдер қабылдауды үйрету – олардың болашақтағы жетістіктерінің кепілі. Бүгінгі нарықтық кезеңде білімді ізгілендіре отырып, қоғамды адамгершілік тұрғыдан жаңартудың әлеуметтік-экономикалық міндеттерін жүзеге асыруға жан-жақты дайын, бәсекеге қабілетті, жаңа тұрпатты жеке тұлға тәрбиелеу заман талабына айналып отыр. Қаржылық сауаттылық қаржылық білім берудің үздіксіз процесі арқылы іске асырылады, ол қаржылық білім мен дағдыны дамытуға, жеке немесе отбасылық бюджетті басқару бойынша дұрыс әрі сараланған шешімдер қабылдауға көмектеседі. Мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың элементі ретінде қаржылық сауаттылық азаматтардың әл-ауқатының және тұрмыс сапасының жақсаруына әкеледі, тұтынушыларға арналған ақпаратқа қолжетімділікті кеңейтеді, сондай-ақ халықты қаржылық көрсетілетін қызметтермен барынша қамтуды және олардың қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Қаржылық сауаттылық деңгейін жоғарылату экономикалық, әлеуметтік және қаржылық көрсетілетін қызметтерге қолжетімділікті кеңейтеді.

«Қазақстан – 2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» деп аталатын Қазақстан халқына Жолдауының «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары» атты бөлімінде бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін сауаттылығы жоғары елге айналу керектігі баса көрсетіле келе, «Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс», – деп ерекше атап айтылған [1].

Заманауи қоғам иесі болатын жастарды тәрбиелеу білім алушы – ата-ана – мұғалім арасындағы өзара қарым-қатынас негізінде жүзеге асатыны белгілі. Бүгінгі студент – ертеңгі қоғам иесін қазіргі бәсеке қабілетті тұлға ретінде тәрбиелеп шығару үшін қаржылық сауаттылық жайлы білім қалыптастырудың артықшылығы болмас еді. Осыған орай, мына мәселелерді ұғындырудың қажеттілігі туындайды: нарық, кәсіпкерлік, қаржылық сауаттылық туралы ұғым-түсініктерін кеңейту; кәсіпкерлікке, нарыққа, қаржылық сауаттылыққа баса назар аударту; ата-аналарының еңбегін бағалай білу; ақшаны реттеп, үнемдеп жұмсаудың жолдарын үйрету. Студенттердің қаржылық сауаттылығының жоғары болуы олардың тұрмыс деңгейін жоғарылатуға, бәсекелестікке қабілеттіліктің дамуына, қаржылық тұрақтылықты нығайтуға және қоғамның әл-ауқатын арттыруға ықпал етеді.

Бұл мәселелер зерттеуші-ғалымдар Қ.Ж.Аганинаның «Жеке тұлғаны қалыптастыруда экономикалық білімнің мәні», «Оқушыларға экономикалық білім берудің дидактикалық негіздері», А.К.Ахметовтің «Профессиональное экономическое ориентирование будущих учителей», Қ.Ашанұлының «Кәсіпкерлік және қазақ менталитеті», М.Құдайқұловтың «Мектеп директорлары мен оқытушыларына – нарықтық оқу-әдістемелік құрал», «Нарықтық психология мен педагогика негіздерін түсіндіруде Абайдың



## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

әлеуметтік ой-пікірлерін пайдалану», «Нарықтық қоғамда дара тұлғаны қалыптастырудың этнопедagogикалық негіздері», т.б. еңбектерінде тұжырымдалған.

Студенттердің қаржылық сауаттылығын артыру, қаржылық ақпаратты дұрыс түсіндіру үшін кәсіпкерлік пен білім қоғам дамуының негізгі тетігі ретінде қарастырылатын қазақ ағартушыларының еңбектеріндегі ағартушылық ой-пікір мен педагогикалық пайымдауларды талдау маңызды. Олар өз еңбектерінде еңбекке, кәсіпке, қаржылық білімге деген көзқарасты қалыптастыру арқылы қоғамның әлеуметтік жағдайын көтеруді мақсат етті.

Ежелгі дәуір әдебиетінің көрнекті өкілі Жүсіп Баласағұнның «Құтты біліг» дастанында кәсіпкерлік, кәсіппен айналысу тақырыбы 34, 35, 36, 37, 38, 47, 48, 49, 52, 53, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61 тарауларда жан-жақты баяндалған [2]. Өз заманындағы ғылым саласымен толық танысып кемелденген шағында жазған, XI ғасырға дейінгі түркі тілдес халықтардың қоғамдық ой-санасында терең орын алған рухани құбылыстарды тұтас қамтыған энциклопедиялық қуатқа ие «Құтты біліг» дастанында ұлы ойшыл кәсіпкерлік пен кәсіп мәселесін біршама көтерген. Ж.Баласағұн қолөнер кәсібінің маңызы мен мәнін айта келе, бұл кәсіптің халық тұрмысындағы орны мен қажеттілігін де көрсеткен. Дидактикалық дастандағы кәсіпкерлік жайлы ой-пікірдің педагогикалық астарында кәсіпкерлік әр адамның өмір сүрген қоғамдық ортасында, қоғамның даму деңгейіне сәйкес қалыптасатындығы дәлелденген. Кәсіпті, кәсіпкерлікті меңгеру адамға өмірлік азық, рухани байлық екенін ескертеді, кәсіп пен кәсіпкерліктің жас ұрпақтың қоғамдық өмірден өз орнын табуына септігін тигізетінін, еңбек арқылы олардың бойында ізгілік, жақсылық, қайырымдылық, т.б. игі қасиеттер қалыптасатынын баяндайды. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу біліг» дидактикалық дастанындағы тәрбие мәселесінің педагогикалық астарына үңілсек, ұлы ойшылдың тәрбиелік тағылымды негізінен үш арнаға бөлгенін байқауға болады: біріншісі – әрбір жеке адамның білімді болуы, ал білімді болу үшін оқудың маңыздылығы; екіншісі – барлық, байлық, молшылық. Ол үшін еңбек, кәсіп, адалдық, тазалық қажеттігі; үшіншісі – әлеуметтік, табиғи күштілік. Ол үшін бірлік, достық, бостандық керектігі.

Ж.Баласағұн XI ғасырда өз шығармасында үлгі-өнеге ретінде айтып кеткен кәсіп түрін меңгерудің адамға өмірлік азық, рухани байлық екендігі XIX ғасырдағы қазақ халқының ағартушы-ойшылдары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин мен А.Құнанбаев туындыларында да өз сабақтастығын тапқандығын педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ХАҒА академигі М.Құдайқұлов: «Қазақтың нарықтық және экономикалық ой-пікірлерінің дамуын А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин еңбектерінен табуға болады», – деп атап көрсеткен [3].

Ш.Уәлихановтың қоғамның шаруашылық-экономикалық проблемаларына арналған «Қазақтардың қонысы туралы», «Мал шаруашылығы – халық байлығы», «Өнеркәсіп және сауда», «Өнеркәсіп және ақша системасы» сияқты еңбектерінде өнеркәсіп пен сауда мәселелеріне де елеулі орын берілген. Қазақ халқының тұңғыш зерттеуші ғалымы Ш.Уәлиханов өзінің «Сот реформасы туралы жазбалар» атты атақты еңбегінде: «Біздің заманымызда халықтың нағыз мұң-мұқтажына тікелей қатысы бар, халыққа ең маңызды, ең керекті реформа экономикалық және әлеуметтік реформа. Әрбір адам және бүкіл адам баласы өзінің өрлеу жолында түпкілікті бір мақсатқа ұмтылады. Ол мақсат – өзінің тұрмысын жақсарту», – деп жазды [4]. Ал Ш.Уәлиханов атап көрсеткен «әр адамның тұрмысын жақсарту» еңбек және кәсіп арқылы келетіні белгілі.

Қазақ халқының тұңғыш ағартушысы Ы.Алтынсариннің тәлім-тәрбиелік маңызы зор шығармаларының педагогикалық астарында жастарды еңбекке, еңбексүйгіштікке, еңбек етудің көзін таба білуге, еңбекқорлыққа, кәсіпшілдікке баулу идеясы жатқанын көреміз. Ы.Алтынсарин әңгімесіндегі кәсіпкерлік жайлы ой-пікірдің педагогикалық астары – бүгінгі нарықтық қоғамда жастарды адал кәсіп ете білуге, нағыз кәсіптің жолын игере білуге тәрбиелеу [5]. Мектепте берілетін экономикалық тәрбие мен дағдыны халыққа пайда келтіру тұрғысынан бағалаған қазақ халқының ағартушысы Ы.Алтынсарин бүкіл өмірін

мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, еңбекпен айналысуға үндеді. Оқу-ағарту ісіне Ыбырай енгізген жаңалық қазақ жастарына кәсіптік мамандық беру мәселесін көтере білді. Ол қазақ халқының шаруашылық-экономикалық дамуына қажетті мамандар даярлау ісіне ерекше мән берді: қолөнер, ауыл шаруашылығы училищелерін ұйымдастырды. Қазіргі уақытта Ы.Алтынсарин еңбектерінің, идеяларының, педагогикалық пайымдауларының оқушыларға қаржылық білім беруде маңызы зор.

Абай өзінің халқына, келер ұрпағына қалдырған өшпес мұрасында жастарға үлгі етіп ұсынған адал еңбек, ар-ұждан қай дәуірде болмасын көнермейтін, адамды қиыншылық атаулыдан аман-есен алып шығатын тіршіліктің тұтқасы, өмірдің нұсқасы, жастарды алға жетелер жарық жұлдыз-нысаны екені даусыз. Абай жастардың өз алдына шаңырақ көтерген кездерінде шаруашылық-қаржылық есепке ыждағатты болуы керектігін естеріне салады. Екі жастың да отбасы қаржысын үнемді пайдалануын, адал еңбегінің құнын өмірлік қажетіне жаратуға үндеді. Мақтан үшін артық дүние-мүлікке қызықпай, не қолындағысын орынсыз шашпай үнемшіл болуға үйретті. Үй болған соң, еткен еңбегіне сай жиналған қаражат-қордың болу қажеттігін көрсетті [6]. Бұл ойымызды заң ғылымдарының кандидаты С.Өзбекұлының «Нарықтық қатынастар туралы ойлар» деген мақаласында Абайдың нарықтық ой-пікірін саралаған: «...Абай өз заманының талаптарынан көп алға кетіп, көргендік пікірлермен қазіргі нарықтық қатынастар, кәсіпкерлікті ұйымдастыру, еркін кәсіпкерлік, капиталдың алғашқы кезеңінде қалыптасуы, меншік құқын иелену, пайдалану, билеу сияқты мәселелерге сол кездің өзінде-ақ жауап іздеген. Абайдың өз дәуірінде айтқан пікірлері бүгінгі заманның талаптарымен ұштасып жатқанын анық аңғарамыз», [7] – деген тұжырымымен қорытуға болады.

Абай Құнанбайұлы еңбек пен кәсіптің маңыздылығын өз шығармаларында жиі көтеріп, адал еңбектің табыс әкелетінін насихаттады. Ыбырай Алтынсарин қазақ жастарына кәсіптік білім беруді дамыту қажеттігін алғашқылардың бірі болып көтерді. Ол ауыл шаруашылығы мен қолөнерге баулитын мектептер ашып, жастарды нақты кәсіпке үйретуді көздеді. Шоқан Уәлиханов білімнің экономикалық дамудағы рөлін зерттеп, батыс елдерінің тәжірибесін қазақ қоғамына енгізуді ұсынды. Ол халықтың мәдени дамуы оның экономикасымен тікелей байланысты екенін атап көрсеткен.

Қаржылық сауаттылық – бүгінгі таңда әрбір жастың экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды дағдылардың бірі. Қаржылық сауаттылықты арттыру үшін келесі әдістерді қолдануға болады: Абай ілімі негізінде табысты басқару – жастарға еңбектің құндылығын үйрету, кіріс пен шығысты реттеу дағдыларын қалыптастыру. Мысалы, студенттерге жеке қаржы жоспарлау әдістерін үйрету үшін Абайдың еңбектеріндегі адалдық пен үнемділік қағидаларын қолдануға болады. Ыбырай Алтынсарин әдістерімен кәсіпке баулу – студенттерді кәсіпкерлікке баулу, нарықтық экономика негіздерін түсіндіру. Бұл әдісте қолөнер, ауыл шаруашылығы, ІТ және заманауи кәсіпкерліктің негіздерін енгізуге болады. Шоқан Уәлихановтың экономикалық көзқарастарын пайдалану студенттерді аналитикалық ойлауға баулу, нарықтағы өзгерістерге бейімделу қабілетін дамытуға негіз болады.

Бұл әдістерді қолдану арқылы келесідей нәтижелерге қол жеткізуге болады: Студенттердің қаржылық сауаттылығы артып, жеке бюджеттерін тиімді басқаруды үйренеді. Жастар кәсіпкерлікке белсене араласып, экономикалық тәуелсіздікке ие болады. Қазақстанның экономикасы білікті және қаржылық тұрғыдан сауатты мамандардың арқасында дами түседі. Қазақ ағартушыларының идеялары жаңаша сипатта қайта жаңғырады.

Қазақстанның «Қаржы секторын дамытудың 2030 стратегиясы» және «Қазақстан – 2050» стратегиялық бағдарламалары халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған. Осы стратегиялар аясында: орта және жоғары оқу орындарында қаржылық сауаттылық пәнін енгізу; қаржылық жоспарлау, жеке инвестиция және кәсіпкерлік негіздерін үйрету; цифрлық қаржылық технологияларды меңгертуге болады. Қаржылық сауаттылықты ағартушылық негізде үйретудің әдіс-тәсілдері: кейстік әдіс: Абайдың

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

«Есепсіз байлық – бос дүние» қағидасын қолдана отырып, студенттерге қаражатты басқарудың тиімді жолдарын үйрету. Рөлдік ойындар: Ыбырай Алтынсариннің «Қаражатты үнемдеу және ақылмен жұмсау» ұстанымына сәйкес студенттерге бизнес-ойындар ұйымдастыру. Жобалық жұмыс: Ахмет Байтұрсынұлының «Өздігінен іздену және білімді болу» қағидатын негізге ала отырып, студенттердің қаржылық сауаттылық бойынша зерттеу жүргізуін ұйымдастыру. Бұл жұмыстар арқылы келесі нәтижелерге қолжеткізуге болады: жастар арасында қаржылық сауаттылық деңгейі артады, қаржылық білім мен кәсіпкерлік дағдылар дамиды, қазақ ағартушыларының еңбектері қазіргі заман талаптарымен үйлесімді байланыс табады.

Қазіргі таңда Қазақстанның ұзақ мерзімді даму стратегиялары, соның ішінде «Қазақстан – 2030», «Қазақстан – 2050» стратегиялары елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын айқындайды. Осы стратегиялар шеңберінде білім беру жүйесін жетілдіру, жастардың қаржылық сауаттылығын арттыру – маңызды міндеттердің бірі. Бұл тұрғыда қазақ ағартушыларының кәсіпкерлік, білім мен қаржы мәдениеті жайлы ойлары өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов сынды ағартушылардың еңбектері қазіргі нарықтық экономикалық қоғамда білім беруде студенттердің қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру үшін маңызды тәжірибе көзі бола алады.

Қазақ ағартушыларының кәсіпкерлікке қатысты ойлары арқылы студенттердің қаржылық сауаттылығын қалыптастыру білім берудің жаңа деңгейге көтерілуіне мүмкіндік береді. Абай, Ыбырай, Шоқан сынды тұлғалардың идеяларын заманауи білім беру жүйесіне бейімдеу арқылы жастарды экономикалық тұрғыда саналы, қаржылық сауатты, өз ісіне жауапты тұлға ретінде қалыптастыруға болады. Бұл әдістер Қазақстанның ұзақ мерзімді даму стратегияларымен үйлесе отырып, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен үлес қосады.

Қазақ ағартушылары еңбек, білім және кәсібилік ұғымдарын өз шығармаларында кеңінен қозғады. Олардың еңбектерінде қаржылық сауаттылыққа тікелей немесе жанама түрде әсер ететін көптеген тұжырымдар кездеседі. Абай Құнанбайұлы: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген сөзі арқылы әр адамның адал еңбекпен, дұрыс қаржылық басқарумен өмір сүру керектігін көрсетті. Қазіргі заман тілімен айтқанда, бұл – қаржыны дұрыс жұмсау, жинақтау және жоспарлау. Ыбырай Алтынсарин: «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінде білімнің маңызын атап көрсетсе, оның шығармалары мен еңбектері кәсіби білім алу мен еңбек арқылы жетістікке жетуге шақырады. Қаржылық сауаттылық та – білім арқылы дамиды дағды. Экономикалық білімсіз кәсіп жүргізу мүмкін еместігін айқындайды. Міржақып Дулатұлы: «Оян, қазақ!» шығармасында ұлттың экономикалық және рухани дамуын біліммен байланыстырды. Ол халықтың экономикалық дербестігі мен қаржылық тәуелсіздігін ұлттық жаңғырудың басты шарты деп санады. *«Басқадан кем болмау үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болу үшін оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Ал күшті болуға бірлік керек»* [8], – деген Ахмет Байтұрсынов сөзі – кез келген адамның қаржылық сауатты болуының кілті.

Қазақ ағартушыларының кәсіпкерлікке қатысты ой-пікірлерін қаржылық сауаттылықпен байланыстыру арқылы келесі нәтижелерге қол жеткізуге болады: студенттердің қаржылық жауапкершілігі артады, ақша мен табысты басқару қабілеттері дамиды, кәсіпкерлік пен өзін-өзі жұмыспен қамтуға деген қызығушылық жоғарылайды, қазақ ағартушыларының еңбектерін жаңа қырынан зерттеу және қолдану мүмкіндігі артады.

Бүгінгі таңда қаржылық сауаттылықтың негіздерін білу кез келген адамға қажет. Күн сайын әрқайсымыз жеке және отбасылық бюджетті жүргізу, ақшалай төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру, банктер мен сақтандыру ұйымдарының қызметтеріне жүгінеміз. Біздің мемлекетпен қарым-қатынасымыздың көптеген мәселелері, соның ішінде салық төлеу, әлеуметтік қолдау алу, зейнетақымен қамсыздандыру қаржылық мәселелермен байланысты. Компьютерлік, тілдік, математикалық, құқықтық, экономикалық және функционалдық сауаттылықтың басқа компоненттерімен бірге қаржылық сауаттылықты игеру адамға қазіргі

## **ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ**

заманғы қаржының қиын және алуан түрлі әлеміне бағдарлануға, кірістер мен шығыстарды жоспарлау, ақша қаражатын үнемдеу, саналы шешімдер қабылдау, өмірде қарыз қаражатын пайдалану немесе пайдаланбау, қаржылық қызметтер мен қаржы құралдарын талдау, алаяқтық ұсыныстарды айналып өту, қаржылық қызметтерді тұтынушы ретінде өз құқықтарын қорғай білуге көмектеседі.

Білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде халықтың түрлі нысаналы топтарының қаржылық білімін арттырудың өзектілігі, қаржылық білім беру түпмәтінінде жастарға білім беруге ерекше көңіл бөлу қажеттігі «Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасында» да бас көрсетілген [9].

Олай болса, қаржылық білім негіздері жастарға клубтар, факультативтік қаржылық оқыту, дебаттар, конкурстар, қаржы тақырыбы бойынша жарыстар, қаржылық білім беру процесіне жастардың кең ауқымын тарту үшін семинарлар, дөңгелек үстелдер, көшпелі презентациялар брифингтерін, қаржылық сауаттылықты арттыру апталарын, белгілі бір мақсатты топтар үшін жеке қаржылық консультацияларды, сондай-ақ қаржылық сауаттылық бойынша дәрістер циклін ұйымдастыруды қамтитын білім беру іс-шаралары кешенін ұйымдастыру қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастырып, дамытудың басты тетіктері болмақ.

Бұл мақала Алматы гуманитарлы-экономикалық университетінің ішкі қаржыландыру жобасы – «Жобалау әдісі арқылы білім алушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру» аясында жарияланды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Қазақстан – 2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты».
2. Егеубай А. Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн «Құтты білік».
3. Құдайқұлов М. Нарықтық экономика негіздері.
4. Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы.
5. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ.
6. Құнанбаев А. Қарасөздер.
7. Өзбекұлы С. Нарықтық қатынастар туралы ойлар. «Қазақстан Заман» газеті.
8. Байтұрсынов А. Шығармалар жинағы.
9. Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасы.

## **ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ ШАРТТАРЫ**

Н.М. Рахманова ф.ғ.к.,  
Ассоциированный профессор,  
Алматы гуманитарлы экономикалық университеті,  
С.М. Рахманова п.ғ.м.,  
Tamos Education мектебі, Алматы қ.  
E-mail: [55rnm@mail.ru](mailto:55rnm@mail.ru)

**Аңдатпа.** Мақалада бастауыш сынып оқушыларын шығармашылыққа баулуға қойылатын түрлі шарттар айтылады. Алаш зиялыларының ұлттық рухани құндылықтарды ана тілі арқылы шығармашылыққа жетелеу талаптары сөз болады. А.Маслоу, Л.С.Выготский, Алекс Осборн, Н.Н.Светловскаялардың баланың шығармашылық қабілеттерін арттыруға қойған шарттары талданады. Оқушыны өзінше ізденістер жасауға баулу, жетелеуде нәтижеге жету үшін мұғалімге қойылатын талаптар айқындалады.

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

**Кілт сөздер:** шығармашылық ойлау, елестету мен қабылдау, синтез әдістерін қолдану, зерттеу дағдылары, логикалық ойлау, кеңістіктік қиял.

**Аннотация.** В статье рассматриваются различные условия стимулирования творческой активности учащихся начальной школы. Обсуждение требований интеллигенции Алаш по передаче национальных духовных ценностей через родной язык в творчестве. Анализируются условия, выдвинутые А. Маслоу, Л. С. Выготским, Алексом Осборном, Н. Н. Светловской для развития творческих способностей ребенка. Определены требования к педагогу для достижения результатов в мотивации и руководстве обучающимися к проведению собственных исследований.

**Ключевые слова:** творческое мышление, воображение и восприятие, использование методов синтеза, исследовательские навыки, логическое мышление, пространственное воображение.

**Abstract.** The article examines various conditions for stimulating the creative activity of primary school students. Discussion of the requirements of the Alash intelligentsia for the transfer of national spiritual values through the native language in creativity. The conditions put forward by A. Maslow, L. S. Vygotsky, Alex Osborne, N. N. Svetlovskaya for the development of the child's creative abilities are analyzed. The requirements for the teacher to achieve results in motivating and guiding students to conduct their own research are determined.

**Keywords:** creative thinking, imagination and perception, use of synthesis methods, research skills, logical thinking, spatial imagination.

Бастауыш сынып мұғалімнің алдында тұрған міндеттердің бірі – сабақ сапасын арттырып, оқушыларды ізденімпаздыққа, белсенділікке тәрбиелей отырып, өз бетінше шығармашылық және ғылыми жұмыстарға жұмылдыра білу. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа бағыттау жалпы білім беретін пәндерді оқып-үйрену кезінде және ойлаудың өмірлік тәжірибесі негізінде алған білімдерінің шеберліктері мен дағдыларының негізінде жүзеге асады.

Алаш зиялылары баланың шығармашылық қызметін, ұлттық мәдениеті мен рухани құндылықтарын тәрбиелеу ана тілі арқылы жүзеге асырылуын басты назарда ұстаған. Білім берудегі ана тілінің мәні туралы Ж.Аймауытов былай дейді: «Ана тілін жақсы білместен, басқа пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілін үйрену – бұл сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдылықтарын білу ғана емес, сонымен бірге бала сансыз ұғымдарды, ойларды, сезімдерді, тіл заңдылықтарын игеретін тілді үйрену. Ана тілін оқыту арқылы шығармашылық белсенділікті қалыптастыру дегеніміз – өмір шындығында өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылу, іздеу», - дейді [1].

М.Жұмабаев «түсініп, ойлау – жанның өте қиын, терең ісі деп бағалайды: «Жас балаға ойлау тым ауыр. Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде сақтықпен, басқыштап іс істеуі керек. Өркендету жолдары мыналар: 1) Баланың жанында дұрыс әсерленулер, һәм ашық суреттеулердің көп болуына иждаһат қылу керек. Қанша дегенмен адам суреттеулер бойынша ойлайды, сондықтан балаға бір затты ұқтырмақшы болсаң, жалаңаш айту қажет емес, бала пікірді суреттеудің өзінен шығарып алсын;

2) бала заттарды, көріністерді сындары бойынша топ-топқа бөліп үйренсін. Мысалы, дыбыстарды, өсімдіктерді, жануарларды және т.б.;

3) көріністердің, олардың араларындағы байламды һәм олардың қатынасының себеп екенін тауып үйренсін. Бұл мысалдардан ереже, заң шығартқызып үйрету сияқты істермен болады», - деп шығармашылық қызығушылық мәселесіне үлкен мән береді [2].

Адамның ұмтылысы мен жеке мүмкіндіктерін толық анықтау және дамыту ұғымы бізге А.Маслоудың гуманистік тұжырымдамасынан келді, ол «адамның өзін-өзі тану процесін, өзін-өзі актуализациялауды» адамның өзін іздеуге ұмтылысы деп санады. А.Маслоу адам өзінің «табиғатына» адал болуын құптайды. Алайда, көптеген адамдар өздерінің әлеуетін сезінбейді, тіпті бойында қандай қабілеттің бар екенін білмейді, күмәндануға бейім, тіпті өз қабілеттерінен қорқады. Сондықтан, бала кезінен адамның өзін-

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

өзі жетілдіру қажеттілігіне, өзінің шығармашылық әлеуетін ашу мүмкіндігіне деген сенімін нығайту қажет [3].

Л.С.Выготский өзінің тәжірибесінде шығармашылық қабілетті дамытудағы алдына қойған шарттары туралы былай дейді: «Шығармашылық жұмыстағы мақсатым – оқушылардың ой-қиялын дамытуға, өз ойын еркін айтуға, сөздік қорын молайтуға, өз ойына қорытынды жасап, жүйелі сөйлеуін үйлестіруге және де оқушыларды ізденімпаздыққа, тапқырлыққа, сауатты оқу мен жазуға төселдіруге баулу болды.

Алдыма мынандай міндеттерді қойдым:

- Оқушылардың тілін дамытып, сөздік қорын молайту;
- Оқушылардың қабілеттері мен шығармашылықтарын қалыптастыру.
- Баланы ынталандыру, көкірегіне сенім ұялата білу болды».

Л.С.Выготскийдің пікірінше қабілетсіз бала жоқ. Барлық баланың да бір нәрсеге қабілеті болады. Тек соны дұрыс бағытта жетілдіру керек [4].

Америкалық психолог Алекс Осборн оқушылармен жұмыстағы өнімділікті арттыру және шығармашылықты дамыту бойынша мынандай кеңестер ұсынады:

1. Тәжірибе әділ өтуі керек: барлық оқушының ойлары толық тыңдалған соң ғана бағалау жүргізіледі.
2. Еркін ойлар айтылуына жағдай жасалуы керек: жаңа идеялар марапатталады.
3. Ойдың айқындығы және әдеттен тыс пікірлер бағалануы керек.
4. Бұрын айтылған пікірлерді біріктіру және дамыту арқылы жаңа ой айтуға дағды қалыптастыру[5].

Әдебиеттік оқу пәніндегі шығармашылыққа қойылатын шарт – бастауыш сынып оқушысының ақыл-ой әрекетін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар мен сұрақтардың баланың сөйлеу тілін, қиялын дамыта отырып, оқушыларды тапсырманы орындауда өзінше ізденістер жасауға баулу, жетелеу.

Шығармашылық жұмысқа қатысу оқушының дербестігін, белсенділігін, қызығушылығын арттырып, оқушы тұлғасының одан әрі дамуына ықпал етеді. Әдебиет арқылы адам өзін қоршаған дүниені, адам бойындағы түрлі қасиеттерді, өмір кезеңдерін таниды. Әдебиеттің отан сүйгіштікке баулуы ерекше.

Шығармашылық қабілет оқушының өз бетінше ойлай алуынан, теориялық материалды практикалық іс-әрекетте пайдалана білуінен, тапсырманы қаншалықты саналы, ықыласпен орындай білуінен байқалады.

Мұғалімнің мақсаты – оқушылардың оқу-шығармашылық іс-әрекетінен, ойлау үрдісінен және ерекше мәселелерді шешуден қанағаттану сезімін сезінетін тұлғаның шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал ететін оңтайлы жағдай жасау; әдеби оқу сабақтарында шығармашылық тапсырмалар жүйесін қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мүмкіндіктерін анықтау; бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған оқу үрдісінде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану.

Осы мақсаттар мұғалімге келесі міндеттерді жүктейді: оқушылардағы кез келген шығармашылық көріністерді тани білу; балалардың шығармашылық ойлауын және әртүрлі стандартты емес тапсырмаларды шешу қабілетін дамыту; оқушы бастамасын дамыту; бастауыш мектеп оқушыларының танымдық қабілеттерін ынталандыру; шығармашылықтың нәтижесінде әрбір баланың өзін-өзі бағалауына қолайлы жағдай жасау; елестету мен қабылдауды дамыту; дербестік пен қызығушылықты дамыту; талдау, синтез әдістерін қолдану; зерттеу дағдыларын дамыту; логикалық ойлауды, кеңістіктік қиялды дамыту; түсіндірме сөздікпен және ғылыми әдебиеттермен, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге үйрету; бастауыш мектеп оқушыларының алған білімдерінің практикалық маңыздылығын көрсету.

Бастауыш мектеп оқушыларының әдебиеттік оқу сабақтарында мұғалім сыныпта қолайлы ахуал туғыза отырып, оқушылардың қысылмай сұрақ қоюына мүмкіндік беруі керек және өзіндік шығармашылық идеяларды жеткізуге ынталандыруы маңызды. Оқушыны

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

жетелеуде іс-әрекеттің барлық түрлерін қолдану әр баланың жеке қабілетін ашуға көмектеседі және алған білімін шығармашылықпен қолдануға үйретеді. Бастауыш мектеп жасында барлық балалар бірдеңе ойлап тауып ерекшеленуді қалап тұрады. Оқушылар бір істі істей алса, екіншісін де жасай алатынын түсінеді. Мұғалім баланың жан-жақты дамуына және жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін ашу қажет екенін дер кезінде түсініп, даму барысын дұрыс бағыттау білуі керек. Баланың қиялын дамыту, әдеби білімін бекіту, сөйлеуін дамыту үшін маңызды болып табылатын бұл үрдіске мұғалім белсенді түрде қатысқанда, оларда өз бетінше ойлау қабілеті мен ынтасы пайда болады.

Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту әдебиеттік оқу сабақтарында шығармадағы ересек адамға еліктеу, кейіпкерлердің іс-әрекетін түсіну және кейіпкер әрекетін іске асыруға талпынуынан байқалады. Көркем мәтіндерді түсіну барысында баланың жандүниесінде психологиялық өзгерістер туындап шығармашылық қабілеттердің дамуына әсері болады.

Әдебиеттік оқу сабақтарында шығармашылық белсенділікті дамыту үшін келесі талаптарға сай келетін шығармашылық тапсырмалар жүйесін қолдану қажет:

танымдық шығармашылық тапсырмалар пәнаралық интеграциялық негізде құрылып, балалардың есте сақтауын, зейінін, қиялын дамытуға ықпал етуі керек;

Мұғалім оқушыларға шығармашылық тапсырмаларды ұсынуда мына жәйттарды ескеруі керек: ең алдымен бала бойында бар білімді жаңартуға бағытталған қайталауға арналған (репродуктивті) тапсырмаларды беріп, ары қарай ізденушілікке жетелей отырып, өзіндік шығармашылыққа әкелу.

Тапсырмалар жүйесі бастауыш сынып оқушысының ақыл-ой икемділігіне сай, білуге құмарлығы ескеріліп, ой қорытуға және оны тексере білу қабілетін дамытуға арналғаны жөн.

Шығармашылық жұмысты орындау оқушылардан көркем шығарма мәтінін толықтай білуді талап етеді: сонда ғана олар шығарма болмысына бойлай отырып, мәтіндегі иллюстрацияға, көрініс жасауға арналған эпизодты табалады және шығармашылықпен тапсырманы орындап шығады.

Әдебиеттік оқу сабақтары оқушыларға берілетін әңгімелер, ертегілер, өлеңдер, жұмбақтар мәтінді оқыған кезде елестетуге, көрініс көрсетуге, бала образға кіре алуына, өзінше түрлендіруіне сай шығармашылық кеңістікке бастайтындай болуы керек. Бала қабілетін ескере алынған әдеби туындылар олардың шығармашылық дамуына түрткі болып, әдеби материалға негізделген ойын-сауық ойындарын түрлендіре білуіне ықпал етеді.

Қажетті нәтижеге жету үшін мұғалімнің іс-әрекеті белгілі бір талаптарды құрайды:

-шығармашылық даму әрбір балаға қолжетімді;

-сыныпта мәдениет атмосферасын құру;

-мұғалім тарапынан оқушыларға сенім мен құрмет, мүмкіндігінше жасырын көмек көрсету, бағыттау;

-оқушылардың танымдық қызығушылықтары болуы;

-әр оқушының қызығушылығына, бейімділігіне, денсаулығына, қабілетіне көңіл бөле отырып, мұғалімнің тапсырмаларды шығармашылықпен түрлендіріп беруі;

Баланы оқуға үйретуге қатысты көптеген кітаптардың авторы Н.Н.Светловская оқуға үйрету үдерісі үш заңдылыққа негізделуі керек дейді: «Бүгінгі таңда оқуға үйрету әдістемесінде үш заңдылықтар тұжырымдалған: қай кітапты оқуды білу заңы, оқу мәдениетін қалыптастыру заңы және оқыту арқылы оқуға құлықсыздық тудыру заңы».

Бірінші заң – қай кітапты оқуды білу заңы, бұл кез келген жаста білікті оқырман дамытудың негізгі заңдылығы. Қай кітапты оқуды білу оқырманның өсуіне сенімді кепіл және оқу тәуелсіздігіне жетелейді. Бұл заңның тұжырымы оқырманды қалыптастыру саласындағы екі құбылыстың (кітапты білу және оқырман тәуелсіздігі) арасындағы тұрақты маңызды байланыстарды көрсетеді. «Кітапты білу» заңында оқырман кітапты білсе, оқу тәуелсіздігі пайда болады.

## **ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ**

Екінші заң – оқу мәдениетінің қалыптасу заңында оқытудың ұйымдастырушылық-әдістемелік саласының тиімділік деңгейі әрекетке негізделуі керек. Кітап оқу мәдениеті кітапқа байланысты, егер оқушы оқыған кітаптан өз сұрақтарына жауап табақанда ғана мақсатты түрде басқа кітаптарға ұмтылады, яғни кітаптың жолын кітап ашады.

Үшінші заң – оқыту арқылы оқуға құлықсыздық тудыру заңы. Бұл – бала оқырманды қалыптастыратындардың оқу-тәрбие жұмысы барысында оқушымен жүргізілетін жұмыстың негізгі мақсатын ұмытып, білместікпен кітап оқуға баулудың орнына басқа әрекеттермен алмастыру қаншалықты қорқынышты екенін ескертетін заң. Кітап оқуға құлықсыздық – бастауыш сынып оқушыларының оқу дербестігін оятуға және дамытуға бір мезгілде назар аудармай, жеке оқу дағдыларын үйретпеуден туындайды»[6].

Шығармашылық ойлауды дамытуға жетелейтін түрлі тапсырмалар жаңа буын оқулықтарында бар. Оқушының шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін осы тапсырмаларды түрлендіріп және жаңа технологиялардың түрлі әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану жолдарын үнемі іздестіріп отыру керек. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының оқушыны шығармашылыққа жетелеуде орны зор. Оның «Синквейн», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Ассоциация» т.б. әдістерін пайдаланып оқушыларды ынталандырып отыру керек. Сонымен қоса, «Ақыл-ой Одиссеясы» технологиясы да оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда үлесі бар. «Ақыл-ой Одиссеясы» бағдарламасының теориялық негізін қалаған Д. Гилфорд, Е. Торренс, А. Осборн сияқты еңбектерін үнемі басшылыққа алып отыру керек.

Әдебиеттік оқу пәнін оқытуда оқушылардың шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін мұғалім:

- шығармашылық әрекеттерді айқындауда мотивация тудыруы керек;
- тапсырма оқушыларды ынталандыратын проблемалық негізде құрылуы керек;
- оқушыларға білгенін аша түсетін тапсырмалар мен қалыптан тыс сипаттағы арнайы жаттығулар ұсыну керек;
- мұғалім оқушының тапсырманы орындау кезіндегі мәселені анықтай білуі, шешуі жолындағы ерекшелікті бағалай білуі керек;
- мұғалім оқушы даралығын жеке қасиеттері маңызды рөл атқаратынын естен шығармауы керек;
- шығармашылық белсенділік тек қолайлы жағдайда ғана белсенді, даралық қабілет ашылатынын мұғалім есте ұстағаны жөн;
- шығармашылық дамуы төмен оқушының себептерін анықтауы керек;
- сыныптағы оқушылардың жағымды және жағымсыз қарым-қатынасын байқап, олардың себептерін талдауы керек;
- мұғалім сыныпта тапсырма орындау кезінде достық қарым-қатынасты ұмытпауды еске түсіре отырып, бүкіл сыныпты ұжымдық ынталандыруға бағыттауы керек;
- оқушылардың тапсырманы орындауда өзара сұрақтар қойып, бірін-бірі ойлануға жетелей келе, жауап берулерін құптау керек;
- «қиын» оқушыны түсіну, оның дамуына әлеуметтік факторлардың әсерін объективті бағалау керек;
- оқушылардың ата-аналарымен байланыста болуы керек;
- әдебиеттік оқу сабақтарында оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасай отырып, бала өз бетінше, жаңа нәрселерді жасайтынына жету керек.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін шарттарды осылай тұжырымдаймыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы, 2020.
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1989. – 48 б.
3. Маслоу, А. Мотивация и личность – СПб: Евразия, 1970. – 297с.



4. Выгодский, Л.С. Педагогическая психология. – М., 1996. – 315с.
5. Осборн А. Управляемое воображение: принципы и процедуры творческого мышления. – М, 1953. – 179с.
6. Светловская Н.Н. Путь первоклассника к книгам /Сб. -М.: Педагогика, 1974. 80с.

ӘОЖ 821. 512. 122 (091)

### БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Н.М. Рахманова ф.ғ.к., Ассоцированный профессор  
Ф.К. Шуканова ф.ғ.к., Ассоцированный профессор  
Алматы гуманитарлы экономикалық университеті, Алматы қ.  
E-mail [55rnm@mail.ru](mailto:55rnm@mail.ru)

**Аңдатпа.** Мақалада бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдыларын даму үшін неге оқыту керек, нені үйрету керек, қалай оқыту керек деген сұрақтарға жауап беріледі. Көркем мәтінмен сауатты жұмыс жүргізуде жаңа технологиялардың белсенді әдістерімен сабақты өткізу жолдары талданады.

**Кілт сөздер:** Ойын педагогикасы, Сөзжұмбақ Үміт ағашы, Қарлы алқап, Түрлі-түсті жапырақтар, Жеміс бағы.

**Аннотация.** Статья рассматривает вопросы зачем, чему и как учить учащихся начальной школы развивать навыки чтения. Анализируются методики проведения уроков с использованием активных методов новых технологий в грамотной работе с художественными текстами.

**Ключевые слова:** Игровая педагогика, Словесная головоломка «Дерево надежды», Снежная долина, Разноцветные листья, Фруктовый сад.

**Abstract.** The article considers issues of why to teach, what to teach, how to teach to develop reading skills of primary school students. The ways of conducting lessons using active methods of new technologies in competent work with a literary text are analyzed.

**Keywords:** Game pedagogy, Word puzzle Tree of Hope, Snowy field, Colorful leaves, Orchard.

Әдістеме – қолданбалы ғылым, яғни зерттеу нәтижелері практикалық пайдалануға бағытталады. Кез келген пәндік әдістеме сияқты бастауышта әдебиетті оқыту әдістемесі де мынандай негізгі сұрақтарға жауап іздейді:

- неге оқыту керек? (Әдебиеттік оқуға үйретудің мақсаты);
- нені үйрету керек? (Мақсатқа сай бастауыш әдеби білім мазмұны);
- қалай оқыту керек? (Оқушылардың мақсатына, мазмұнына, жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін әдістер);
- неге бұл басқаша емес? (Таңдалғанның ғылыми негіздемесі жолдары).

Дәстүрлі түрде ғалым-ұстаз тұрғысынан қойылатын бұл сұрақтарға жауап беру бүгінде бұл жеткіліксіз екені айтылуда.

Бастауыш сыныпқа келген баланың әлеуметтік жағдайы өзгереді, оқушы өзін-өзі оқыту, өзін-өзі қалыптастыру керек екенін сезінеді.

Сондықтан жоғарыдағы сұрақтарға оқушының көзқарасымен қарау артықтық етпейді, сонда кейін келесі парадигма шығады:

- мен не үшін оқып жатырмын? (Бала санасындағы оқу мақсаты);
- мен не үйреніп жатырмын? (Мақсатпен байланысқан әдеби білімді қабылдау);
- мен қалай оқимын? (Бала мазмұнды меңгеру үшін қандай әдістерді қолданады);

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

• неге басқаша емес, осылай оқимын? (Қолданылған оқыту әдістерінің қайсысы оқушы үшін тиімдірек және неліктен).

Кітап оқуға үйрету мен оқу сауаттылығы түсініп оқудан басталып, сөздер мағынасына, грамматика және тілдік, мәтіндік құрылымдарға талдау жасауды қамтиды. Оқу сауаттылығы бойынша оқушылар мектеп аясында және мектептен тыс уақытта нені оқитынын, қандай мақсатпен оқитынын білуі қажет. Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға, соның ішінде мәтінмен сауатты жұмыс жүргізе білуге үйрететін бірден-бір құрал – түрлі жаңа технологиялар, әдістер мен тәсілдер. Біз бұл жұмысымызда оқушылардың оқу сауаттылықтарын қалыптастырудағы белсенді оқыту әдістерінің маңыздылығына тоқталамыз.

Диагностика нәтижелерінен 3-сынып оқушыларының оқу сауаттылығының даму деңгейін әлі де арттыру артықтық етпейтіні байқалды.

Әдебиеттік оқу – көп еңбекті қажет ететін мектеп пәні. Әр сабақ сайын оқушылардың ана тіліне, әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттыруға үшін, пәнге деген қызығушылықты ояту керек. Сабақ қызықты өткенде ғана оқушылардың оқығысы келетіні жасырын емес. Сондықтан сабаққа дайындалу кезінде мұғалімдер қызықты, танымдық тұрғыдан пайдалы, балалардың сөздік қорын байытатын, сабақ тақырыбы бойынша алған білімдерін тиісті деңгейде қорытындылауға мүмкіндік беретін материалдарды таңдауы керек. Белсенді оқыту әдістері оқушыларды пәнге тартуға көмектеседі.

Белсенді әдістердің бірі оқушылардың ойын әрекетін ұйымдастыру арқылы сабақ өткізудің жетістіктері ерекше. Ойын педагогикасы топтағы байланыстарды, ой мен сезім алмасуды, нақты мәселелерді түсінуді және оларды шешу жолдарын табуды жеңілдететін идеяларды жинақтайды. Ол бүкіл оқу процесінде көмекші қызмет атқарады.

Емельянова Т.В. «Ойын педагогикасының мақсаты – топтық жұмысты қолдайтын әдістерді қамтамасыз ету және қатысушылардың өзін қауіпсіз және жақсы сезінуіне жағдай жасайтын атмосфераны құру», -деп баға береді[28]. Ойынның педагогикасы жүргізушіге қатысушылардың әртүрлі қажеттіліктерін жүзеге асыруға көмектеседі: қозғалыс қажеттілігі, тәжірибе, қорқынышты жеңу, басқа адамдармен бірге болу ниеті. Бұл сондай-ақ ұялшақтықты, қысылуды, бар әлеуметтік стереотиптерді жеңуге көмектеседі. Ойын түріндегі іс-шаралар оқушылардың өз ара ашықтығына ортақ тәжірибе нәтижесінде қуаныш пен қанағат сезімін тудырады.

Ойын педагогикасының принциптері:

1. Қатысудың еріктілігі.
2. Бәсекелестіктен аулақ болу және жағымды эмоцияларды босату.
3. Қолданылатын пішіндердің алуан түрлілігі.
4. Қарым-қатынастың барлық деңгейіне көңіл бөлу[29].

Ойын – баланың сүйікті және үйреншікті әрекеті екенін білеміз. Ойын сәттерін сабаққа қосу бастауыш сынып оқушысының танымдық іс-әрекетін айтарлықтай арттыратынын әрбір мұғалім біледі. Мұндай сабақтарда оқушының дербестігі, ынталылығы, шығармашылық қабілеті дамып, оқуға деген қызығушылығы оянып, шиеленісі басылады. Стандартты емес сабақтар академиялық дағдыларды дамытуға көмектеседі, бұл өз кезегінде оқудағы табысты анықтайды.

Балалардың дәстүрлі емес сабақтарда алатын тапсырмалары оларды шабыттандыруға әсер ететінін және сөйлеуін дамытатын шығармашылық ізденіс үстінде болуға жетелейді. Тапсырмалар әртүрлі:

- сауалнама (тест) толтыру;
- шығарма кейіпкерінің сұрақтарына жауап беру;
- шығармадағы иллюстрацияларға тақырыпша дайындау және т.б.

Оқушылардың логикалық ойлауын, зейінін және есте сақтауын қарқынды дамыту олар оқыған мәтіндерді жақсы талдап, жақсы түсінуге көмектеседі.

Әдебиеттік оқу сабақтарында бастауыш мектеп оқушыларының интеллектуалдық дамуы мақсатында ұйымдастыра алатын ойындарын тарқатып көрейік.

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

Талдау қабілетін дамытуға арналған ойындар:

Ұқсас жұбын табыңыз: мысалы, ұнамды немесе ұнамсыз кейіпкерге;

Болмаған оқиғаны табыңыз: оқушылар мұғалім жасаған оқиғалар тізімінен мәтінде жоқ оқиғаны табуы керек; Жұмбақ кейіпкер: мұғалім шығармадағы бір кейіпкеді жұмбақтап жеткізеді, оқушылар оның кім екенін табулары керек. Бұл ойынды оқушылар ары қарай жалғастыруына болады.

Белсенді ойын әдістерінің бір түрі – баланың шығармашылық қабілеттерін және есте сақтау қабілетін дамыту үшін үлкен мүмкіндіктерді қамтитын сөзжұмбақ. Сөзжұмбақ бастауыш сынып оқушыларының ойын ұшқырлайды, жадыларын жағалайды, сөздік қорларын тексеруге және байытуға себепші болады. Мұндай сөзжұмбақта шығармадағы кейіпкерлердің аты-жөнін, шығармада айтылған қалалардың, көшелердің, ғимараттардың атауларын жасыруға болады. Сонымен қатар, сөзжұмбақпен жұмыс істеу барысында оқушылар сөздердің жазылуын қайталай алады, мұғалім қазақ тілімен пәнаралық байланысты жандандыра алады.

Сөзжұмбақпен жұмыс әсіресе, сабақты қорытындылап, бекіту кезінде тиімді. Сөзжұмбақтың көмегімен жеке оқушымен де топпен де білім тексеру жұмыстарын жүргізуге болады. Әдетте, жақсы оқитын оқушылар сабақта тапсырманы ерте аяқтайды. Олар жалықпауы және басқаларды мазаламауы үшін оларға оқылатын тақырып бойынша шағын сөзжұмбақты беруге болады.

Оқушылардың өздеріне сөзжұмбақ құрастыруды тапсыру оны шешуден де кем емес маңызды дидактикалық әсер береді. Сөзжұмбақ құрастыру барысында ойлау логикасы, табандылық, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге деген ұмтылыс, қайсарлық, жігер дамиды.

Жадты жаттықтыру үшін жадтың белгілі бір түрін дамытуға бағытталған әртүрлі ойындарды қолдануға болады.

«Кім жылдам?» ойыны оқушылардың ойлау қабілеттерінің жылдамдығын анықтау, есту жадысын және сөйлеу жадын жаттықтыру үшін жүргізіледі. Мұғалім мәтіннің кез келген жерінен бір сөйлемді оқиды да, балалардың біреуін көрсетеді. Оқушы сөйлемді қайталап оқып, бұдан кейінгі оқиға желісін баяндайды және келесі оқушыны көрсете отырып, жаңа сөйлем оқиды.

«Түзету» ойыны зейінді және көру қабілетін дамытуға бағытталған.

Мұғалім оқылған мәтіннен кейбір сөздерін алып тастап, бірнеше сөйлем жазады. Оқушыға толық мәтінді тек бір рет оқуға рұқсат етіледі, сонан кейін қателерді түсті қарындашпен түзетіп шығуы керек. Содан кейін қағаз екінші оқушыға беріледі, ол басқа түсті қарындашпен қателерді түзетеді. Бұл ойынды бірнеше жұп ойнайды. Қорытындысы бәсекелес жұптардың тапсырма орындауынан кейін шығарылады.

«Портреттер галереясы», «Бір-бірімізге күлейік», «Шынтақпен амандасу» сияқты әдістер әдебиеттік оқу сабағын қарқынды бастауға көмектеседі. Балалар тапсырманы орындай отырып, қолдарын түртіп, күлімдеп, мүмкіндігінше көп сыныптастарының атын атаулары керек. Мұндай күлкілі ойындар әдебиеттік оқу сабағын көңілді бастауға, күрделі жаттығулар алдында сергітуге және бірнеше минут ішінде оқушылар арасында байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттік оқу сабағында мұғалім сабақ мақсаттары, міндеттері нәтижелі болуы үшін белсенді әдістерді жиі пайдалануы керек. «Үміт ағашы», «Қарлы алқап», «Түрлі-түсті жапырақтар», «Жеміс бағы» сияқты әдістер мұғалімге сыныпты және әр оқушыны жақсы түсінуге мүмкіндік береді, содан кейін алынған материалдарды оқушыға бағытталған іс-әрекетті жүзеге асыру үшін пайдаланады. Әдістердің өту барысы келесідей. Оқушыларға алдын ала қағаздан кесілген қар суреті, алмалар, лимондар, түрлі-түсті парақтар беріледі, ол заттар әдебиеттік оқу сабағының тақырыбымен байланыстыруға болуы да мүмкін. Оқушылардан әдебиеттік оқу сабағынан өтілген тақырыпқа байланысты не күтетінін, нені білгісі келетіндерін, не үйреніп, неден қорқатындарын жазып алып, үміт ағашына, қарлы алқапқа, жеміс ағашына жапсырады. Тапсырма аяқталғаннан кейін тұжырымдалған мақсаттар, тілектер, алаңдаушылықтар жүйеленіп, нәтижелер шығарылады.

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

Әдебиеттік оқу сабағында мұғалім жаңа тақырыптарды оқушыларға жеткізуде үнемі ізденісте болуы керек. Тақырыптарды меңгеруде «Ойлану ойыны», «Кластер», «Миға шабуыл» сияқты әдістері оқушыларды тақырып бойынша зерделеуге, жаңа материалмен әрі қарай өз бетінше жұмыс істеу бағыттарын ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл әдістерді бір тақырыпты өтуде қатар пайдалануға болады. Әсіресе, ертегілерді оқуда жақсы нәтиже береді. Мысалы, 3- сыныптағы «Алтын мүйізді киік» ертегісін өтуде пайдалануға болады. Сабақтың тақырыбы тақтаға жазылады. Тақта кеңістігінің қалған бөлігі нөмірленеді, толтырылмаған бөліктерге бөлінеді. Ертегі туралы оқушылар негізгі ойларын бөліктерге жазады. Жазылған ойлар тақырыптың болмысын қалай ашатынына байланысты бағаланады. Сабақ соңында тақырып бойынша қысқаша пікірталас жүргізуге болады, оқушылардың сұрақтары болса, мұғалім оларға жауап береді.

Бастауыш сыныптағы әдебиеттік оқу сабақтарында өздік жұмысты ұйымдастыру оқушыларға қызықты болуы маңызды. Сабақтың тақырыбын пысықтау үшін «Ұялар» және «Визиттік карточкалар» әдістері қолданылады. Талқылау және шешім қабылдау үшін «Бағдаршам» және «От сызығында» әдістерін қолдануға болады. «Инфокарусель», «Автобус аялдамасы», «Шығармашылық шеберхана» сияқты әдістер балалардың өздік жұмысына арналған материалды ұсыну үшін пайдалы болады.

Оқылған тақырыпты жете меңгеруде «Идеялар кілемі» әдісінің септігі көп. Бұл әдіс үш кезеңнен тұрады. Сынып оқушылары 3-4 топқа бөлінеді.

Бірінші кезең – мәселені түсіну. Оқушылардан мәтін бойынша оқиға шиеленісуіне не себеп болды, мәселені қалай шешуге болады, мұндай мәселе неліктен пайда болды, шығарма кейіпкері неге бұлай істеді, ол дұрыс жасады ма? деген сұрақтарға жауап беру ұсынылады. Әр топқа түрлі-түсті қағаздар мен шағын түсті жабысқақ қағаздар беріледі. Топ өз жауаптарын пейзаж парағының көлеміндей түсті қағаз парақтарына жазады, содан кейін «Идеялар кілемі» плакатына іледі.

Екінші кезең — шешімдерді іздеу. Бұл жағдайда нені өзгертуге болады? Әр топ өз жауаптарын ұсынып, түрлі-түсті қағаздарға жазады.

Үшінші кезең – белсенділікті дараландыру. Мен қазіргі жағдайды өзгерту үшін не істеймін?

Төртінші кезең – идеяларды бағалау. Жеке шешім қабылдау: мәселені шешу үшін не істей аламын және не істеуге тырысамын.

«Шығармашылық шеберхана» әдісі әдебиеттік оқу сабақтарын қорытындылау кезінде жиі қолданылады. Сабаққа балалар өтілген тақырып бойынша суреттер мен иллюстрациялар дайындайды, эссе, өлең, әңгіме жазады, мақал-мәтелдерді таңдайды, ал еңбек сабағында әдеттен тыс пішіндегі дәптер мен кітаптар жасайды. Топқа бөлініп, берілген тақырып бойынша топтық жоба жасап, таныстырады. Алдымен сабаққа әкелінетін материалды орналастыру жоспарын және титулдық бетті безендіру керек. Жұмысқа 20-25 минут беріледі. Осы уақыттан кейін әр топ немесе оның өкілі өз жобасын ұсынуы керек. Оқушылардың жауаптарынан әрбір шешімнің өзінше ерекшелігін, шығармашылық жұмыстағы ізденісті бақылауға болады.

Сабақтың мақсаты – оқушылар топта бірлесіп жұмыс істеуге, сыныптастарының пікірін тыңдауға, бірлесе жинаған материалдардан суреттер, газеттер, кітаптар жасауға үйрету болды, бұл мақсатқа «Шығармашылық шеберхана» әдісі арқылы жетуге болатынын дипломалды практикада байқадық.

Әдебиеттік оқу сабағы үстінде тапсырмаларды орындау арасында бойжаздыру, сергіту оқушылардың энергиясын қалпына келтіруге септігі тиетінін де мұғалім қаперде ұстауы керек. Оқушыларды сергітуде белсенді әдістер «Жер, ауа, от және су», «Қояндар» сияқты дене жаттығуларын сыныптан шықпай орындатуға болады.

6 x 6 әдісі («алтыдан алтыға») – оқушылардың шығармашылық қаблеттерін тексерудің бір жолы. Әдіс екі кезеңде өтеді.

Бірінші кезеңде әр топ жеке тапсырма алады. Мысалы, бұл шығармашылық тапсырма болуы мүмкін (басты кейіпкердің суретін салу) немесе оқушыларға әңгіменің соңын жазу

## **ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ**

немесе ертегіні жалғастыру сияқты тапсырмалар ұсынылады. Жұмыстың нәтижесінде топтағы қатысушылар жаңа білім мен дағдыларға ие болады, ал олардың әрқайсысы өз тобының жұмысының нәтижелерін басқа топтағы қатысушыларға ұсынуға дайындалады.

Екінші кезеңде топтардың құрамы жаңа топта бірінші кезеңдегі барлық топтардың өкілдері болатындай өзгертіледі. Алдымен жаңа топтағы әрбір қатысушы бірінші кезеңдегі өз тобының жұмысының нәтижесін көрсетеді, содан кейін бірінші кезеңде алған білімдерін немесе дағдыларын пайдалана отырып, барлық топ бірлесіп тапсырмаларды орындайды, яғни бір сұрақты үш қырынан қарастырады да үшжақты ынтымақтастықтың ортақ қорытындысын әзірлейді.

Әдебиеттік оқу сабақтарын қорытындылауда «Түймедақ», «Шыбын ағашы», «Дана кеңес», «Қорытынды шеңбер» сияқты әдістерді пайдалануға болады. Оқушылар түймедақ жапырақтарын жұлып алады, түрлі-түсті парақтарды шеңбер бойымен бір-біріне береді және артқы жағында жазылған сабақтың тақырыбына байланысты негізгі сұрақтарға жауап береді. Бұл әдістер сабақты нәтижелі, сауатты, қызықты қорытындылауға көмектеседі. Мұғалім үшін бұл кезең өте маңызды, өйткені ол оқушылар нені жақсы меңгергенін және келесі сабақта неге көңіл бөлу керектігін анықтауға мүмкіндік береді. Оқушылармен кері байланыс мұғалімге келесі сабақтарда жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді.

Оқытудың белсенді әдістерін қолданатын әдебиеттік оқу сабақтары оқушыларды ғана емес, мұғалімдерді де қызықтырады және іздендіреді. «Әдістерді жүйесіз, ойланбай пайдалану жақсы нәтиже бермейді. Өз сыныбыңның жеке ерекшеліктеріне сәйкес ойынның өзіндік әдістерін белсенді түрде дамытып, сабаққа енгізу өте маңызды», - дейді Д.Н. Кавтарадзе [1].

Белсенді әдістерді қолдану оқушының оқуға деген ынтымақын күшейтіп, қаблеттерін дамытады. Бұл әдістердің барлығын бір сабақта қолдану міндетті емес.

Сыныпта тапсырмаларды қорытындылау сәтінде оқушылардың дағдыдан тыс шулап кетуі де байқалады, психологиялық жас ерекшеліктеріне байланысты бастауыш сынып оқушылары өздерінің эмоцияларын ұстай алмай да қалады. Сондықтан бұл әдістерді оқушыларды ынтымақтастық мәдениетіне баули отырып, біртіндеп енгізген дұрыс [2].

Әдебиеттік оқу сабақтарында белсенді әдістерді қолдану оқушылардың оқу, жобалау, ғылыми-зерттеу іс-әрекеттеріне қызығушылығын тиімді ұйымдастыруға және пайдалы жүзеге асыруға мүмкіндік береді; оқушылардың әдебиет әлеміне қызығушылығын дамытады; қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын тұлғалық қасиеттерді, адамгершілік көзқарастарды, құндылықтарды оқушы бойында қалыптастырады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Кавтарадзе Д.Н. Обучение и игра: введение в активные методы обучения: учеб. пособие для учителей / Д.Н. Кавтарадзе. – М.: Моск. психолого-социал. ин-т: Флинта, 1998. 192 с.
2. Современные образовательные технологии: учеб. пособие / Н.В. Бордовская [и др.] под ред. Н. В. Бордовской. – М., 2010. – 432 с.

## **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫНДАҒЫ КРЕАТИВТІЛІКТІҢ МАҢЫЗЫ**

Серікова Ж.М. – 2 курс магистрант  
Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті, Алматы, Қазақстан.  
Email: [make\\_zhakon@mail.ru](mailto:make_zhakon@mail.ru)

Қазіргі білім беру жүйесі үнемі жаңарып, жетілдіріліп отыр. Осы өзгерістерге сәйкес педагогтердің кәсіби дамуы жаңа талаптар мен инновациялық шешімдерді қабылдауды

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

қажет етеді. Педагогтың кәсіби дамуына ең көп әсер ететін факторлардың бірі — оның креативтілік қабілеті. Креативтілік педагогтың білім беру үдерісінде жаңа әдістер мен тәсілдерді енгізу, әртүрлі мәселелерді шешу, оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін аса маңызды қасиет болып табылады. Бұл мақалада болашақ педагогтардың кәсіби дамуын қалыптастыруда креативтілік қасиетінің мәні мен оған әсер ететін факторлар, сондай-ақ креативті тұлғаны дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдер талқыланады.

Креативтілік — бұл жаңашыл ойлау қабілеті, жаңа идеялар мен шешімдерді табу, дәстүрлі әдістерден тыс шығармашылық тұрғыда ойлау. Креативтілік тек өнер мен ғылым саласында ғана емес, сондай-ақ педагогикада да маңызды рөл атқарады. Оның басты ерекшелігі — кез келген мәселені шешуге арналған жаңа тәсілдер мен шешімдерді іздеуге ұмтылу.

Педагогикада креативтілік мұғалімнің оқыту мен тәрбиелеу барысында шығармашылық тұрғыдан ойлап, оқушыларға жаңа әдістер мен тәсілдер арқылы білім беру мүмкіндігін ашады. Ол мұғалімнің жеке тұлғасының интеллектуалдық, эмоционалдық және шығармашылық әлеуетін арттыра отырып, оның кәсіби қызметінде жаңа әрі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануына мүмкіндік береді.

Креативтіліктің басты ерекшелігі — бұл тек белгілі бір білімді меңгерумен шектелмей, оны жаңа, ерекше тәсілдермен жүзеге асыра алу қабілеті. Мұғалімнің шығармашылық ойлауы тек оқушылардың білімін арттыруға ғана емес, сонымен қатар олардың шығармашылық ойлауын дамытуға да ықпал етеді. Осылайша, креативтілік педагогтың жалпы кәсіби деңгейінің артуына ықпал етеді.

Педагогикалық қызметтегі креативтілік мұғалімнің оқыту процесін жаңаша ұйымдастыруына, оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыруға, оқу процесін белсенді әрі тиімді етуге мүмкіндік береді. Шығармашылық көзқарас педагогтың кәсіби қызметін жаңа деңгейге көтереді, өйткені ол үнемі жаңалыққа ұмтылып, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануға дайын болады. Сонымен қатар, креативтілік мұғалімнің білім беру үдерісінде оқушылардың әртүрлі қажеттіліктеріне сәйкес келетін әр түрлі шешімдер қабылдауға көмектеседі.

Креативті педагог тек сабақ өтіп қана қоймайды, ол сонымен қатар оқушылардың әлеуетін дамытуға, олардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға, жаңа идеялар мен шешімдерді ұсынуға ұмтылады. Мұғалімнің шығармашылық ойлауы оқушылардың да шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, олар жаңа мәселелерді шешу жолдарын іздеуге, түрлі көзқарастарды салыстыруға, өз пікірін білдіруге үйренеді. Креативтілік педагогқа тек білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беріп қана қоймай, оның оқушылармен қарым-қатынасында да маңызды рөл атқарады.

Педагогикалық шығармашылық ойлау мен креативтілік мұғалімнің жұмысындағы ең күрделі жағдайларда да дұрыс шешім қабылдауына мүмкіндік береді. Мұғалімнің креативтілігі оны өз оқушыларының қажеттіліктеріне бейімделіп, жаңа әдістерді табуға, оқыту тәсілдерін өзгертуге және оқушылардың қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік береді.

Кәсіби даму — бұл педагогтың білім беру саласындағы кәсіби деңгейін жоғарылату, жаңа білім мен дағдыларды меңгеру процесі. Кәсіби даму үздіксіз процесс болып табылады және бұл процесс жеке тұлғаның теориялық білімін кеңейту, практикалық тәжірибесін жетілдіру, кәсіби міндеттерді орындауға қажетті жаңа дағдыларды игеру арқылы жүзеге асырылады.

Креативтілік кәсіби дамудың негізі ретінде болашақ педагогқа өзінің жұмысын қызықты әрі тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Бұл қасиет педагогтың кәсіби қызметінде жаңа әдіс-тәсілдер мен тәсілдерді қолдануға, білім беру процестерін жаңартуға, оқушыларды шығармашылық тұрғыдан ойлауға ынталандыруға мүмкіндік береді.

Креативтілік педагогтың кәсіби дамуына айтарлықтай ықпал етеді. Бұл қасиет педагогтың өзіндік әдістерін қалыптастыруына, оқыту мен тәрбиелеу үдерісін жаңартуға

мүмкіндік береді. Креативті педагог әртүрлі әдіс-тәсілдермен сабақтарды ұйымдастырып, оқушылардың қызығушылығын арттырады, білім беру сапасын жақсартады.

Креативті педагог өз жұмысына жаңашылдық енгізе отырып, білім беру процесінің тиімділігін арттыруда жаңа тәсілдерді пайдаланады. Бұл тек оқушыларға білім берумен шектелмей, оларды оқыту әдістерінің жаңа формаларымен таныстыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, креативті педагог оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, оларды сыни тұрғыдан ойлауға, қиындықтарды шешуге үйретеді.

Креативтілік педагогтың қиын жағдайларда да тиімді шешімдер қабылдауына көмектеседі. Мұғалімдердің креативтілігі оқу үдерісін тиімді ұйымдастырып қана қоймай, сонымен қатар педагогтың өзін кәсіби тұрғыдан дамытатын жаңа шешімдер мен идеяларды жүзеге асыруына ықпал етеді.

Креативті тұлғаны дамыту үшін болашақ педагогтар арнайы педагогикалық әдіс-тәсілдерді игеріп, оларды оқу процесіне енгізуі қажет. Бұл әдіс-тәсілдер креативтілікті дамытуға және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға мүмкіндік береді. Педагогтар үшін жаңашылдыққа негізделген әдіс-тәсілдерді қолдану маңызды.

Инновациялық білім беру технологиялары, шығармашылық ойындар мен тапсырмалар, зерттеу әдістері, жобалық әдіс — бұл педагогикадағы креативті тұлғаны дамытуға бағытталған негізгі құралдар. Бұл әдістер болашақ педагогтарға өз оқушыларымен шығармашылық тұрғыда жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Креативтілік — тек жеке тұлғаның ішкі қабілеттері ғана емес, сондай-ақ ол әлеуметтік және мәдени ортаға да тығыз байланысты. Әлеуметтік және мәдени факторлар адамның шығармашылық әлеуетінің дамуында маңызды рөл атқарады, өйткені адам өзінің шығармашылығын көбінесе қоғамның сұраныстарына, мәдени құндылықтарына және әлеуметтік жағдайларға қарай қалыптастырады. Бұл факторлар педагогтардың креативті ойлауына, инновациялық әдіс-тәсілдер енгізуге және оқушыларды шығармашылық тұрғыдан ойлауға үйретуге үлкен ықпал етеді.

	<p>III. Практикалық бөлім (20 минут)</p> <p><b>1. Эксперименттік жұмыс:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>○ <b>Тәжірибе 1:</b> Мұздың (қатты күй), судың (сұйық күй), будың (газ күй) қасиеттерін зерттеу.</li> <li>○ <b>Тәжірибе 2:</b> Өртүрлі заттардың тығыздығын анықтау (мысалы, судың бетінде қандай заттар қалқып тұратынын бақылау).</li> </ul> <p><b>2. Математикалық есептеу:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>○ Заттардың массасы мен көлемін өлшеп, тығыздықты есептеу формуласы арқылы нәтижелер шығару.</li> </ul> <p><b>3. Сипаттама беру:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>○ Қазақ тілі сабағында тәжірибе нәтижелерін жазбаша сипаттау және өз ойларын шығармашылық мәтін ретінде жеткізу.</li> </ul>
	<p>IV. Сабақты бекіту (10 минут)</p> <p><b>1. Топтық жұмыс:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>○ Өртүрлі заттарды беріп, олардың қасиеттерін анықтап, пәнаралық байланыстар арқылы талқылау.</li> <li>○ Мысалы, суды физикалық, математикалық, көркемдік тұрғыда сипаттау.</li> </ul> <p><b>2. Сұрақ-жауап:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>○ Қандай заттар сұйық күйде болады?</li> <li>○ Қатты заттарға қандай мысал келтіруге болады?</li> <li>○ Заттардың қасиеттері қандай жағдайларда өзгереді?</li> </ul>
	<p>V. Қорытынды бөлім (5 минут)</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Оқушылардың сабақтан алған әсері мен түсінгендерін талқылау.</li> <li>• Метапәндік дағдылардың маңызын атап өту.</li> <li>• Үй тапсырмасы: Тұрмыстағы заттардың қасиеттерін зерттеп, шағын жоба дайындау.</li> </ul> <p><b>4. Сабақ барысында қолданылатын құралдар мен әдістер</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Презентациялар, бейнематериалдар.</li> <li>• Тәжірибеге арналған құралдар (су, мұз, тастар, өлшеуіш құралдар).</li> <li>• Жұмыс дәптері мен зерттеу күнделігі.</li> </ul>

Бұл тәсіл оқушылардың пәндерді біріктіріп, жүйелі ойлау қабілетін дамытуға, сонымен қатар зерттеу мен шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорыта келе, метапәндік білімді интеграциялау – оқушылардың білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың функционалдық сауаттылығын дамытатын тиімді тәсіл. Бастауыш

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

сыныптарда бұл әдісті қолдану оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Сондықтан, жаратылыстану пәнінде интеграциялық оқытуды жүйелі түрде енгізу – заман талабына сай, сапалы білім берудің маңызды құралы болып табылады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы, №604 бұйрығы.
2. Қазақстан Республикасы Білім беру туралы Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
3. Кант И. Критика чистого разума. Гиганты мысли / пер.с нем.; предисл. И.Евлампиева. – М.: Эксмо; СПб.: Мидгард, 2007. – 1120 с.
4. Аристотель // Соч.: в 4 т. - М., 1975. - Т. 1. – 356 с.
5. Мотрошилова Н.В. Диалектика в философии Гераклита. История философии. Запад-Россия-Восток. Философия древности и средневековья. - М.:Греко-латинский кабинет, 1995. - Книга 1. - С. 61-66.
6. Платон // Собр.соч.: в 4 т. / пер. Вл.С.Соловьева. - М.: Мысль,1990. – Т. 1. – 200 с.
7. Хуторской А. В. История педагогики. Учебное пособие. Стандарт третьего поколения. — СПб.: Питер, 2022. — 528 с.

## СОЦИАЛЬНО-ЭМОЦИОНАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ УЧЕНИКОВ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ: ПОДХОДЫ К РАЗВИТИЮ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА

С.С. Есмаганбетова

Аркалыкский педагогический Институт им. И. Алтынсарина  
(магистрант 2 курса) Казахстан.

**Аннотация** В статье рассматриваются теоретические и практические аспекты социально-эмоционального развития учащихся младших классов. Освещаются основные подходы к развитию эмоционального интеллекта, его влияние на учебную деятельность и социальные взаимодействия детей. Особое внимание уделяется методам и стратегиям формирования эмоциональной компетентности в образовательной среде.

**Ключевые слова:** социально-эмоциональное развитие, эмоциональный интеллект, ученики начальных классов.

**Введение.** Современное образование направлено не только на развитие когнитивных навыков, но и на формирование эмоциональной компетентности учащихся. Эмоциональный интеллект (ЭИ) играет важную роль в социальном взаимодействии, учебной мотивации и общем психологическом благополучии младших школьников. Развитие эмоционального интеллекта способствует лучшему пониманию и управлению своими эмоциями, а также эффективному взаимодействию с окружающими.

### Основные подходы к развитию эмоционального интеллекта

#### 1. Когнитивно-поведенческий подход

- Обучение детей распознаванию и осознанию своих эмоций.
- Развитие навыков эмоциональной регуляции через когнитивные стратегии.
- Применение техник саморефлексии и ролевых игр.

Развитие эмоционального интеллекта (ЭИ) у младших школьников помогает им лучше понимать свои чувства, управлять эмоциями и налаживать отношения с окружающими. Рассмотрим основные подходы на примерах.

## ЗАМАНАУИ БЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦІЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

Таблица 1. Основные подходы на примерах.

	Игра	Пример	Польза
	«Назови эмоцию» (Развитие осознания эмоций)	Учитель показывает карточки с изображением разных эмоций (радость, грусть, злость, удивление) и просит детей назвать их. Затем дети изображают эмоции и обсуждают, когда они так себя чувствовали.	Помогает детям распознавать эмоции у себя и окружающих.
	«Дневник эмоций» (Рефлексия и саморегуляция)	В конце дня дети рисуют или записывают, какие эмоции испытывали, и что стало их причиной. Они могут обсуждать это с учителем или родителями.	Развивает навык самонаблюдения, помогает находить причины эмоций.
	«Чудесный мешочек» (Эмпатия и понимание чувств других)	В мешочке лежат предметы, вызывающие разные эмоции (мягкая игрушка — радость, колючий мячик — дискомфорт). Дети достают предмет, описывают свои ощущения и размышляют, какие чувства могут испытывать другие люди в похожих ситуациях.	Развивает эмпатию, учит понимать чужие эмоции.
	Рольевые игры («Как поступить?») (Эмоциональное поведение в ситуациях)	Учитель предлагает детям разыграть ситуации, например, «Твой друг грустит», «Ты поссорился с одноклассником». После обсуждается, какие эмоции испытывали персонажи и как можно было поступить лучше.	Формирует навык управления эмоциями в реальных ситуациях.
	Медитация «Спокойное дыхание» (Саморегуляция и контроль эмоций)	После активной деятельности учитель включает спокойную музыку и предлагает детям закрыть глаза, глубоко дышать и сосредоточиться на дыхании.	Учит контролировать эмоции, снижает стресс и тревожность.

### 2. Социально-интерактивный подход

- Формирование эмпатии через групповую работу и совместные проекты.
- Развитие навыков сотрудничества и эффективной коммуникации.
- Практика разрешения конфликтов и самоконтроля в социальных ситуациях.

### 3. Игровой подход

- Использование сказкотерапии и сюжетно-ролевых игр.
- Применение интерактивных упражнений для выражения эмоций.
- Создание эмоционально безопасной среды для обучения.

Таблица 2. Интерактивные упражнения для выражения эмоций

№	Интерактивные упражнения	Пример	Польза
1	«Эмоциональное зеркало» (Распознавание и выражение эмоций)	Учитель показывает карточку с эмоцией (радость, удивление, грусть, злость), а ребенок должен изобразить ее на лице. Затем дети по очереди изображают эмоции, а другие	Развивает мимику, учит выражать эмоции осознанно



## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

		угадывают.	
2	«Истории в красках» (Выражение эмоций через искусство)	Учитель предлагает детям нарисовать, каким цветом и формами они изобразили бы радость, страх, спокойствие. Затем дети объясняют свои рисунки.	Развивает ассоциативное мышление, помогает выразить эмоции через творчество.
3	«Музыкальные эмоции» (Осознание эмоционального отклика на музыку)	Учитель включает разные музыкальные фрагменты (веселые, грустные, тревожные, бодрые), а дети двигаются под музыку так, как подсказывают их эмоции.	Помогает осознавать влияние музыки на настроение и выразить эмоции телесно
4	«Кинозвезда» (Выражение эмоций в ролевых ситуациях)	Дети разыгрывают сценки: «Ты получил подарок», «Ты потерял игрушку», «Ты встретил друга после долгой разлуки». Затем обсуждают, какие эмоции испытывали.	Развивает эмоциональную выразительность и навыки общения.
5	«Дерево эмоций» (Обсуждение и отражение переживаний)	На стене висит плакат с деревом. У каждого ребенка есть стикеры в виде листиков. В течение дня они приклеивают листочек с эмоцией, которую испытывали, и поясняют причину.	Помогает анализировать свои эмоции и делиться ими с окружающими

Эти упражнения помогают детям осознанно выражать эмоции, понимать чувства других и находить здоровые способы их проявления.

**Роль педагогов и родителей** Учителя и родители играют ключевую роль в развитии эмоционального интеллекта у детей. Важно применять методы позитивного подкрепления, моделировать конструктивное поведение и развивать у ребенка эмоциональную осведомленность. Программы социально-эмоционального обучения (SEL) доказали свою эффективность в образовательных учреждениях по всему миру.

**Заключение** Развитие эмоционального интеллекта у младших школьников способствует успешному обучению, укреплению психологического благополучия и формированию здоровых межличностных отношений. Комплексный подход, включающий когнитивно-поведенческие, социально-интерактивные и игровые методы, позволяет эффективно развивать эмоциональную компетентность детей.

### Список использованной литературы:

1. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2018.
2. Mayer J. D., Salovey P. The Intelligence of Emotional Intelligence // Intelligence. – 1997.
3. Collaborative for Academic, Social, and Emotional Learning (CASEL). Guidelines for Social and Emotional Learning, 2020.
4. Выготский Л.С. Психология развития ребенка. – М.: Педагогика, 1984.

## МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

М.К.Кенжеханова (Арқалық қ.)

Б. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты магистранты  
Қазақстан. Арқалық қ.

*Аңдатпа.* Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік қабілеттерін қалыптастырудың маңызы қарастырылады. Математика сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, зерттеу әдістерін меңгеру және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған тиімді әдістер мен технологиялар талданады. Зерттеу барысында оқушылардың зерттеушілік дағдыларын жетілдіру үшін инновациялық тәсілдер ұсынылады.

*Кілт сөздер:* зерттеушілік қабілеттер, бастауыш сынып, математика, зерттеу әдістері, оқыту технологиялары, шығармашылық ойлау.

Ақпараттандырудың қазіргі заманғы қарқыны, білім беру жүйесін жаппай цифрландыру және оның парадигмасын қайта құру оқыту тәсілдерінің өзінде ажырамас өзгерістерге алып келеді. Білім берудің жылдам өзгеретін үрдістері және жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың белсенді дамуы оқытудың кешенді тәсілдерін өзектендіреді. Жасанды интеллект пен киберфизикалық жүйелерді адамзат өміріне енгізу болып табылатын Төртінші өнеркәсіптік революция білім беру жүйесін бүгінде қайта құруды талап етеді. Дүниежүзілік экономикалық форумның 2019 жылғы баяндамасында жасанды интеллект пен машиналық оқытуды енгізу кезінде негізгі тәуекелдердің ықтимал күшеюі атап өтілді. Ендеше бұл ретте жасанды интеллект математикалық білім берудің мәнімен сәйкестендіріледі, ал машиналық оқыту инженерия, робототехника элементтері бойынша сәйкестенеді деп ойлаймыз [1].

Ғалымдар зерттеушілік қабілеттің білім алушылар үшін белгілі бір ғылым әдісіне бастайтын жол екенімен қатар, олардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыратын маңызды құрал, шығармашылық ойлауы мен танымдық дербестігін дамытатынын атап өтеді. Соған орай, өздігінен оқу әдістерінің қоршаған ортаны тануға, өзіндік ойлау машықтарына баулитын негізгі оқу әдістері ретінде терең зерделеу мен зерттеушілік қабілеттің мәнін тану және оның білім алушы бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастырудағы мүмкіндіктерін жан-жақты қарастыру қажеттігін айтады.

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыру қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Бұл қабілеттер оқушылардың математикалық ойлауын, логикалық тұжырымдауын және дербес шешім қабылдауын дамытуға ықпал етеді. Осы зерттеу жұмысының мақсаты – математика сабағында оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыру әдістерін анықтау және олардың тиімділігін тәжірибе жүзінде дәлелдеу.

Зерттеушілік қабілеттер – бұл ақпаратты талдау, логикалық байланыстарды орнату, гипотезаларды ұсыну және эксперименттік тексеру қабілеттерін қамтитын кешенді дағдылар жүйесі. Бұл қабілеттерді дамыту үшін бастауыш сыныптағы математикалық тапсырмалар жүйелі түрде зерттеуге бағытталуы қажет [2].

*Бастауыш мектепте математиканы оқытудың ерекшеліктері*

Бастауыш сыныптарда математикалық білім беру оқушылардың танымдық қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс. Осыған байланысты зерттеушілік әдістерді енгізу қажеттілігі артады.

*Математика сабағында зерттеушілік қабілеттерді қалыптастыру әдістері*

• *Проблемалық оқыту* – оқушылардың өз бетінше зерттеу жүргізуіне мүмкіндік береді.

• *Жобалық әдіс* – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, зерттеушілік машықтарын нығайтады.

• *Модельдеу әдісі* – математикалық процестерді көрнекі түрде көрсетуге көмектеседі.

• *Эксперименттік әдіс* – математикалық заңдылықтарды тәжірибе арқылы түсінуге ықпал етеді.

*Оқыту технологиялары және олардың тиімділігі*

Зерттеу барысында келесі инновациялық оқыту технологиялары қолданылды:

- Интерактивті оқыту әдістері

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ)
- Ойын арқылы оқыту
- STEM технологиялары

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыру математикалық білім берудің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл үдеріс оқушылардың сыни ойлауын дамытып, олардың болашақтағы академиялық жетістіктеріне ықпал етеді. Оқыту әдістерін дұрыс таңдау арқылы зерттеушілік дағдыларды тиімді дамытуға болады [3].

*Сауалнама жүргізу* – оқушылардың зерттеушілік дағдыларының бастапқы деңгейін анықтау.

*Педагогикалық эксперимент* – зерттеушілік әдістерді қолдану арқылы оқыту тиімділігін тексеру.

*Салыстырмалы талдау* – дәстүрлі және зерттеушілік оқыту әдістерінің нәтижелерін салыстыру.



Сурет 1. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыру моделі.

Бұл модель бастауыш сынып оқушыларының белсенді танымдық әрекетін ұйымдастыру арқылы олардың математикалық ойлауын жетілдіруге бағытталған.

Эксперименттік сабақтар мен тапсырмалар

Эксперимент барысында келесі зерттеушілік тапсырмалар ұсынылды:

Проблемалық есептер: Оқушыларға логикалық ойлау мен дербес шешім қабылдауды қажет ететін есептер беріледі.

Гипотеза жасау: Берілген математикалық заңдылықтар бойынша болжамдар ұсыну.

Зерттеу жобалары: Оқушылар нақты математикалық мәселе бойынша шағын зерттеу жұмысын орындайды.

Математика пәнінде зерттеушілік қабілеттерді қалыптастыру үшін оқушыларды ойлауға, талдауға, болжам жасауға және логикалық негіздеуге бағыттайтын тапсырмалар құрастыру қажет. Мұндай тапсырмалар оқушылардың өзіндік зерттеу жүргізуіне, жаңа білім алуға және оны тәжірибеде қолдануға көмектеседі [4].

<b>Тапсырма түрлері:</b>
--------------------------

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

<b>Проблемалық сұрақтар</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Сандарды бөлу заңдылықтарын зерттеңіз: қандай сандар белгілі бір санға қалдықсыз бөлінеді және неге?</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Егер үш таңбалы санның цифрларының қосындысы 9-ға бөлінсе, ол сан 9-ға бөлінеді деген ереже барлық сандар үшін орындала ма?</li> </ul>
<b>Логикалық тапсырмалар</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li><b>Шамдарды зерттеу:</b> Қоймада үш қосқыш пен үш шам бар. Шамдар басқа бөлмеде орналасқан. Сіз бөлмеге бір рет қана кіре аласыз. Қай қосқыш қай шамға жауап беретінін қалай анықтауға болады?</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li><b>Сандардың қасиеттері:</b> 1000-нан 9999-ға дейінгі барлық тақ сандардың қосындысы қандай? Бұл заңдылықты қалай түсіндіруге болады?</li> </ul>
<b>Өмірмен байланысты есептер</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li><b>Геометриядағы тәжірибе:</b> Үшбұрыштың қабырғалары ретінде кез келген үш кесіндіні алуға бола ма? Қандай шарттар орындалуы керек?</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li><b>Ықтималдық:</b> Монетаны 100 рет лақтырғанда, қандай нәтижелер жиі кездеседі? Тәжірибеңізді сипаттаңыз және теориялық есептеумен салыстырыңыз.</li> </ul>
<b>Өмірмен байланысты есептер</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li><b>Жол жүру уақыты:</b> Егер сіз белгілі бір қашықтықты жүріп өтсеңіз және әртүрлі көлік құралдарын қолдансаңыз, қай әдіс ең тиімді болар еді? Орташа жылдамдық пен уақытты есептеңіз.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li><b>Құрылыс математикасы:</b> Егер сізге белгілі бір ауданды қаптау үшін плитканы сатып алу керек болса, олардың оңтайлы өлшемдерін қалай таңдауға болады?</li> </ul>

Зерттеу сұрақтары:

1. 6 мәшине, оның ішінде 1 үлкен автобус және 5 шағын автобус жолға шығып кетті деп тұжырымдайтын болсақ, автобекетте қанша үлкен автобус және шағын автобус қалғанын есепте.

2. Автобекеттен шығып кеткен автобустардың қандай комбинациясын құрастыруға болады?

Пысықтау және қорытындылау.

5 және 7 цифрларын пайдаланып, осы цифрлар екі реттен кездесетін барлық төрт таңбалы сандарды жаз. Неше нұсқасы бар? Осы сандардың қайсысы 5-ке бөлінеді.

СЕН ЗЕРТТЕУШІСІҢ

9

Ойлан және жауап бер.

5 және 7 цифрларын пайдаланып, осы цифрлар екі реттен кездесетін барлық төрт таңбалы сандарды жаз. Неше нұсқасы бар? Осы сандардың қайсысы 5-ке бөлінеді?

Зерттеу сұрақтары:

1. 5 және 7 сандары екі рет кездесетін төрт таңбалы сандардың барлық мүмкін комбинацияларын қалай анықтауға болады?

2. Осы сандардың қайсысы 5-ке бөлінетінін қалай анықтауға болады?

Мұндай тапсырмалар оқушыларды зерттеу жұмысын жүргізуге, мәселені шешу жолдарын өз бетінше табуға және математикалық заңдылықтарды түсінуге ынталандырады. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін тапсырмаларды нақты өмірлік жағдайлармен байланыстыру маңызды.

Эксперимент қорытындысы бойынша зерттеушілік әдістерді қолданған сыныптарда оқушылардың ойлау деңгейінің айтарлықтай артқаны байқалды. Сауалнама нәтижелері оқушылардың пәнге деген қызығушылығының жоғарылағанын көрсетті.

Зерттеушілік қабілеттерді дамыту бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттырып, математикалық білімді терең меңгеруге ықпал етеді. Бұл зерттеу математика сабақтарында зерттеушілік әдістерді қолданудың тиімділігін дәлелдеп, олардың оқушылардың оқу мотивациясын және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға оң әсерін тигізетінін көрсетті.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы Жолдауы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1800002018>
2. Выготский Л. С. Воображение и творчество в детском развитии. – С.П.б.: Союз, 1997. – 96 с
3. Құдайбергенова К. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының заңдылықтары. «Pedagogical science» series. № 1 (38). 2013
4. Есмұқан М.Е. Оқушылардың математикалық білімін қалыптастыруды және ойлау қабілетін дамытуды құрылымдайтын дидактикалық негіздері: дисс....док.пед.наук.- Алматы: АГУ, 1999. – 208 с.

## ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕТАПӘНДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

Б.Ғ.Қуандық (Арқалық қ.)

БІ. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты магистранты  
Қазақстан. Арқалық қ., [leila-7777@mail.ru](mailto:leila-7777@mail.ru)

**Аңдатпа.** Бұл мақалада интербелсенді технологияларды қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының метапәндік құзыреттілігін дамыту мәселесі қарастырылады. Білім беру үрдісінде оқушылардың шығармашылық, зерттеушілік және коммуникативтік қабілеттерін жетілдіру үшін заманауи оқыту әдістерінің маңызы зор. Интербелсенді оқыту – білім алушылардың белсенді қатысуына негізделген тәсіл, ол оқушылардың өздігінен білім алуына, талдау жасауына және алған білімдерін өмірде қолдануына мүмкіндік береді. Мақалада интербелсенді әдістердің ішінде ойын технологиялары, топтық жұмыстар, проблемалық оқыту, пікірталас, миға шабуыл және жоба әдісі сияқты тиімді тәсілдерге ерекше назар аударылады. Метапәндік құзыреттілік бастауыш сынып оқушыларының әртүрлі пәндерден алған білімдерін біріктіре отырып, оларды күнделікті өмірде қолдану қабілетін қалыптастырады. Бұл құзыреттіліктің дамуы оқушылардың сыни ойлауын, шығармашылық қабілетін, коммуникативтік дағдыларын және ақпаратпен жұмыс істеу икемділігін жетілдіреді.

**Кілт сөздер:** интербелсенді технологиялар, бастауыш сынып, метапәндік құзыреттілік, инновациялық оқыту әдістері, білім беру.

«Мета» түбіралды қосымшасымен құрылған сөздер түрлі тәжірибеде жаңа мәнге ие болады, бірақ та мағыналас келеді. Грек тілінде «мета» сөзі «арасында», «кейін, келесі, одан

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

кейін», «арқылы» деген абстракциялау, жалпылау, аралық, басқа сапаға көшу мағынасын білдіреді. Сонымен қатар кейбір сөздіктерде «бір нәрсенің арқасында тұру», «үстінде» деген мағынаны береді. Мәселен: «метagalактика» (барлық галактикалар), «метаболизм» (айналу, айналдыру, зат алмасу), «метадеректер» (ақпарат параметрлері туралы деректер), метаморфоз (құрылыстың (форманың) өзгеруі, күйдің алмасуы, айналу), «метакенез», «метафизика», «метафора» және т.б [1-3].

«Метапән», «метапәнділік» ұғымдарының терең тарихи тамыры бар. Метапән пәннің ісәрекеттік, ерекше срезі ғана емес, пәннің негізін қалайтын бөлігі (А.В.Хуторской); метапәннің негізі бірегей тұтастыққа бөліктердің бірігуі, интеграциясы (Н.Громько) [4, 5].

«Метапәнділік» ұғымы ғылыми білім интеграциясы мен әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін білім беру жүйесінің атқаратын қызметінің әмбебап қасиеті ретінде қарастырылады. Сондықтан жоғары білім беру жүйесінде метапәндік нәтиже кәсіби іс-әрекетте табыстылыққа қол жеткізу үшін қажетті әмбебап біліктілік, сапа және дағдылар жиынтығы болып табылады.

А.Г.Асмолов бойынша метапәндік біліктер - бұл жаңа білімді өз бетінше меңгеруді, дағдылар мен іскерлікті қалыптастыруды, сондай-ақ осы процесті өз бетінше ұйымдастыруды қамтамасыз ететін іс-әрекеттер кешені. Метапәндік біліктіліктер жалпы оқу, пәнаралық (пәнаралық) іскерліктер мен дағдылар. Оның пікірінше, метапәндік іскерлікті меңгеру білім алушылардың оқу іс-әрекетінің барлық компоненттерін толық меңгеруін көздейді: 1) танымдық және оқу себептері; 2) оқу мақсаты; 3) Оқу міндеті; 4) оқу іс-әрекеттері мен операциялары (материалды бағдарлау, түрлендіру, бақылау және бағалау) [6].

Кесте 1 – Шетелдік әдебиеттерде метапәндік тұрғыда оқыту мәселесінің зерттелуі

Ғалымдар	Зерттеу пәні	Қорғау жылы
Позднякова Е.П.	Развитие метапредметных компетенций у младших школьников посредством интерактивных технологий	2010
Храмцова Н.В.	Проектирование метапредметного компонента содержания начального общего образования в условиях региона: на примере курса "Забайкаловедение"	2017
Дроздова О.Е.	Метапредметный подход к обучению русскому языку в разных предметных областях школьного образования	2017
Рагозина С.И.	Разработка метапредметных заданий по теме «Дробь»	2017
Телешин Т.А.	Формирование метапредметных образовательных результатов обучающихся начальной школы во внеурочной проектной деятельности	2018
Гормакова В.В.	Формирование метапредметных умений младших школьников в исследовательской деятельности	2019
Сизова Е.В.	Педагогические особенности подготовки будущих учителей биологии к работе по формированию метапредметных результатов обучающихся основной школы средствами смыслового чтения	2019

Ж.Жұмабаева кестеден байқалып тұрғандай, бастауыш білім беру мазмұнындағы метапәндік компонентті ғалымдардың әрқырынан зерттеген жұмыстарын жүйелеп көрсетіп берген [7].

Метапәндік құзыреттілік – оқушылардың білімді әртүрлі пәндерден жинақтап, оны өмірлік жағдайларда қолдана білу қабілеті. Бұл құзыреттілікті дамыту үшін интербелсенді әдістер қолданылады. Төменде бастауыш сыныптарға арналған сабақ үлгілері берілген.

**1-САБАҚ ҮЛГІСІ: "Табиғат және математика" (Интеграцияланған сабақ)**

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

**Пәндер:** Дүниетану + Математика

**Сабақтың тақырыбы:** "Табиғаттағы симметрия"

**Метапәндік байланыс:** Математикалық симметрия және табиғаттағы симметрия құбылыстарын байланыстыру

**Сабақтың кезеңдері:**

1. **Қызығушылықты ояту**

- Табиғаттағы симметрия туралы суреттер көрсету (көбелек, жапырақ, қар ұшқыны).
- "Симметрия" деген не? Оқушылардың ойларын тыңдау.

2. **Мағынаны ажырату**

- Симметрия туралы математикалық түсінік беру.
- Геометриялық фигуралар арқылы симметрия осін табу.
- Табиғи объектілердегі симметрияны анықтау (суреттер бойынша жұмыс).

3. **Ой толғаныс**

○ Оқушылар табиғаттағы симметрияны өз айналасынан тауып, суретін салады немесе сипаттайды.

- "Симметрия біздің өмірімізде қайда кездеседі?" деген сұраққа жауап береді.

**2-САБАҚ ҮЛГІСІ: "Ертегі әлемінде" (Дамытушы сабақ)**

**Пәндер:** Қазақ тілі + Әдебиеттік оқу + Өнер

**Сабақтың тақырыбы:** "Ертегілер арқылы өмірлік дағдыларды дамыту"

**Метапәндік байланыс:** Көркем әдебиетті түсіну, сыни ойлау, шығармашылық қабілеттерді дамыту

**Сабақтың кезеңдері:**

1. **Қызығушылықты ояту**

- Оқушыларға таныс ертегілерден үзінділер оқу.
- "Ертегілер бізге не үйретеді?" деген сұрақ бойынша ой қозғау.

2. **Мағынаны ажырату**

○ Топтарға ертегінің әртүрлі бөліктері беріледі, олар сол бойынша қойылым немесе сурет дайындайды.

- Әр топ өз ертегісінің мағынасын түсіндіреді.

3. **Ой толғаныс**

○ "Егер ертегі кейіпкері қазіргі заманда өмір сүрсе, не істер еді?" деген тақырыпта эссе жазу.

- Құндылықтар мен өмірлік дағдылар туралы рефлексия жасау.

**3-САБАҚ ҮЛГІСІ: "Ғылымға саяхат" (Зерттеу сабағы)**

**Пәндер:** Жаратылыстану + Информатика

**Сабақтың тақырыбы:** "Су – өмір негізі"

**Метапәндік байланыс:** Су туралы ғылыми деректер, оның қасиеттерін тәжірибелер арқылы зерттеу

**Сабақтың кезеңдері:**

1. **Қызығушылықты ояту**

- "Сусыз өмір мүмкін бе?" деген сұрақ төңірегінде пікірталас ұйымдастыру.
- Оқушылар өз ойларын айтып, болжам жасайды.

2. **Мағынаны ажырату**

○ "Судың қасиеттері" атты шағын тәжірибелер жасау (мұздың еруі, судың беткі керілісі, судың үш күйі).

- Су айналымы туралы анимациялық бейнеролик көрсету.

3. **Ой толғаныс**

- "Суды қалай үнемдеу керек?" тақырыбында шағын жоба жасау.

- Оқушылар судың маңыздылығы туралы постер немесе презентация дайындайды.

**4-САБАҚ ҮЛГІСІ: "Өмірдегі математика" (Практикалық сабақ)**

**Пәндер:** Математика + Еңбекке баулу

**Сабақтың тақырыбы:** "Сауда және есеп"

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

**Метапәндік байланыс:** Қарапайым қаржылық сауаттылық, математика және өмірлік тәжірибе

### Сабақтың кезеңдері:

#### 1. Қызығушылықты ояту

- "Сауда жасау кезінде қандай есептеулер қажет?" деген сұрақ қою.
- Ақша және оның құны туралы шағын талқылау.

#### 2. Мағынаны ажырату

○ "Менің дүкенім" ойыны: әр оқушы өз "тауарын" сатады немесе сатып алады, баға есептейді.

- Ақша айналымы мен дұрыс есептеу әдістерін түсіндіру.

#### 3. Ой толғаныс

- "Ақшаны үнемдеу жолдары" тақырыбында шағын әңгіме жазу.
- Өмірде кездесетін есептерді шешу (мысалы, дүкендегі жеңілдіктерді есептеу).

### Қорытынды

Бұл сабақ үлгілері метапәндік құзыреттілікті дамытуға бағытталған, яғни:

- ✓ Оқушылардың пәндер арасындағы байланысты түсінуіне көмектеседі.
- ✓ Шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын қалыптастырады.
- ✓ Өмірлік тәжірибе мен мектеп бағдарламасын ұштастырады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Новейший философский словарь. Мир энциклопедий. - 3-е изд., исправл. - Мн.: Книжный Дом, 2003. - 1280 с.
2. Большой толковый словарь русского языка: А-Я / сост. гл. ред. канд. филол. наук С.А. Кузнецов. - СПб.: Норинт; РАН. Ин-т лингв. исслед., 1998. — 1534 с.
3. Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік / бас ред. Ж.Қ.Түймебаев; ред. алқасы: А.Е. Әбілқасымова, И.Б. Бекбаев, Н.Б. Қалабаев, Е.Ә. Оңғарбаев, С.Ж. Пірәлиев, М.В. Рыжаков. – Алматы, 2009. – 146 б.
4. Хуторской А.В. Метапредметный подход в обучении: научно-методическое пособие. Серия «Новые стандарты». - М.: Издательство «Эйдос»; Издательство Института образования человека, 2012. — 73 с.
5. Громыко Н.В. Метапредметный подход в образовании при реализации новых образовательных стандартов://http: [www.docme.ru/gromyko-n.v](http://www.docme.ru/gromyko-n.v).
6. Формирование универсальных учебных действий в основной школе: от действия к мысли. Система заданий: пособие для учителя [А.Г.Асмолов, Г.В.Бурменская, И.А.Володарская и др.]; под ред. А. Г. Асмолова. – М.: Просвещение, 2010. -159 с.
7. Жұмабаева Ж.А. Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқыту: : филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2021. – 169 б.

## «ДҮНИЕТАНУ» САБАҚТАРЫНДА ДЕРЕККӨЗДЕРМЕН ЖҰМЫС АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Хамзина Динара Бейсенбаевна (Арқалық қ.)

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты магистранты.

Қазақстан. Арқалық қ.

**Андатпа.** Қазіргі білім беру мектеп оқушыларында тұлғаның кәсіби, әлеуметтік және жеке өмірінің барлық салаларында кез келген қызмет түрін сәтті жүзеге асыруы үшін қажетті негізгі құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған. Кәсібиліктен және пәннен жоғары сипатқа ие бола отырып, бұл құзыреттіліктер өзінің даму үдерісі тұрғысынан әмбебап болып табылады: олар пәнді оқу тек берілген саладағы білім, білік, дағдыны меңгерумен



## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

шектелмеген жағдайда кез келген пән мазмұны бойынша қалыптасады, сонымен қатар нақты жағдайларда өмірлік маңызды мәселелерді шешу үшін білімді алу және пайдалану әрекетінің әмбебап әдістерін меңгеруді қамтамасыз етеді.

**Кілт сөздер:** дүниетану, дереккөздер, ақпараттық құзыреттілік, оқушы, қалыптастыру.

Осы орайда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 16-бап, 1-тармағында: «...бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын; негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған» деп көрсетілуі, бастауыш сыныптағы оқушы тұлғасын дайындауға байланысты бірқатар субъективті идеяларымызды іске асыруға міндеттейді. Бұл ретте бастауыш сынып оқушысының жеке қабілеті, оң талпынысы, алғырлығы, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетуі, мінез-құлық мәдениеті арқылы өзіндік әрекет етуге құзыретті сапалары бастауыштағы барлық пәннің білім мазмұнын қабылдауда ескерілуі қажеттігі айтылады [1].

Құзыреттілікті қалыптастыру, білім беру жүйесіне құзыреттілік тұрғыдан келу мәселелері бірқатар алыс-жақын шетелдік, отандық ғалымдардың - А.Болотов [2], Н.Л.Гончарова [3], И.А.Зимняя [4], Г.В.Бушмелева [5], А.В.Хуторской [6] еңбектерінде қарастырылып, құзыреттілік білім беру нәтижесі ретінде түсіндіріледі.

Ақпараттық құзыреттілік – қазіргі заманның басты талаптарының бірі, әсіресе білім беру саласында. Бастауыш сыныптағы «Дүниетану» пәні оқушыларды қоршаған орта туралы түсінікпен таныстырып қана қоймай, олардың ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бұл сабақтарда дереккөздермен жұмыс жасау оқушылардың ақпаратты табу, талдау және қолдану қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Ақпараттық құзыреттілік – бұл:

1. Ақпаратты іздеу, табу және таңдау қабілеті.
2. Құрылымдалған ақпаратты талдау және түсіндіру дағдысы.
3. Ақпаратты тиімді қолдану және оны практикалық мәселелерді шешуге пайдалану біліктілігі.

4. Ақпараттың шынайылығын бағалау және оны мақсатты түрде пайдалану қабілеті.

*«Дүниетану» пәнінің ерекшелігі*

- қоршаған орта туралы білімін кеңейтеді;
- табиғат, қоғам, экология және адам қызметі жайлы түсінігін қалыптастырады;
- танымдық қызығушылығын дамытады.

Бұл сабақтарда ақпараттық құзыреттілік қалыптастыру мақсатында түрлі дереккөздерді қолдану маңызды.

*Дереккөздермен жұмыс түрлері*

1. Мәтіндік дереккөздер: оқулықтар, энциклопедиялар, анықтамалықтар. Оқушылар мәтіннен қажетті ақпаратты табуға, негізгі ойды анықтауға үйренеді.

2. Көрнекі құралдар: карталар, диаграммалар, суреттер.

Бұл құралдар ақпаратты визуалды түрде түсінуге және оны талдауға мүмкіндік береді.

3. Цифрлық дереккөздер: онлайн-ресурстар, бейнематериалдар, презентациялар.

Балалар интернеттегі ақпаратты қолдануды үйреніп, оның сенімділігін бағалауға дағдыланады.

4. Тәжірибе және бақылау: табиғатты зерттеу, эксперимент жүргізу.

Тәжірибе арқылы алынған деректерді талдау ақпаратпен жұмыс жасаудың маңызды түрі болып табылады.

*Дереккөздермен жұмысты ұйымдастыру әдістері*

1. Ақпаратты іздеу және сұрыптау

Сабақ барысында оқушыларға нақты тапсырмалар беріледі: мысалы, белгілі бір тақырып бойынша ақпаратты табу және оны талдау.

## **ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ**

Мысалы: "Қазақстандағы өсімдіктер әлемі туралы ақпарат іздеңіз және оның экологиялық маңызын сипаттаңыз".

### **2. Ақпаратты талдау**

Оқушылардың алынған деректер арасындағы байланыстарды анықтауы маңызды.

Мысалы: "Қазақстанның табиғи аймақтары туралы мәліметтерді салыстырыңыз және олардың ерекшеліктерін анықтаңыз".

### **3. Ақпаратты қолдану**

Оқушылар алынған ақпаратты жобалар, постерлер, презентациялар жасау арқылы практикалық тұрғыда қолданады.

Мысалы: "Қазақстанның экологиялық мәселелері туралы баяндама жасаңыз".

### **4. Ақпараттың шынайылығын бағалау**

Балаларға ақпарат көзінің сенімділігін анықтауды үйрету керек: авторы, жариялану уақыты, дереккөздің беделі.

Мысалы: "Берілген мақаладағы деректер сенімді ме? Неліктен?"

### **5. Топтық жұмыс**

Топтық зерттеулер ақпаратты іздеу, талдау және бірігіп шешім қабылдау қабілетін дамытады.

Мысалы: "Өз тобыңызбен Қазақстанның климаттық аймақтары туралы карта жасаңыз".

### *Ақпараттық құзыреттілікті қалыптастырудың әдістері*

1. Жобалық әдіс: Оқушылар бір тақырып бойынша ақпарат жинап, оны жобалық жұмыс түрінде ұсынады.

Тақырып: "Қазақстанның өзендері мен көлдері".

Жоба нәтижесі: постер, презентация немесе шағын зерттеу жұмысы.

2. Проблемалық оқыту: Мәселені шешу үшін ақпарат іздеуді ұйымдастыру.

Мысалы: "Неге кейбір жануарлар тек белгілі бір аймақта өмір сүреді?"

3. Сын тұрғысынан ойлау әдістері: Ақпаратты салыстыру, сұрақ қою, талдау және бағалау.

Мысалы: "Бірдей өсімдіктердің әртүрлі экожүйелердегі рөлін салыстырыңыз".

4. Кейс-стади әдісі: Белгілі бір жағдайды талдау арқылы оқыту.

Кейс: "Арал теңізінің экологиялық мәселелері және оның салдары".

### *Педагогтың рөлі*

1. Жетекші және бағыттаушы: Мұғалім оқушыларға ақпарат іздеу және оны қолдану жолдарын түсіндіреді.

2. Ақпараттық сауаттылыққа баулу: Оқушыларды интернеттегі және басқа дереккөздердегі ақпаратты дұрыс таңдауға үйретеді.

3. Шығармашылық орта құрушы: Балалардың зерттеу жүргізуге қызығушылығын арттыру үшін қолайлы орта жасайды.

Күтілетін нәтижелер

- Ақпаратты іздеу, талдау және қолдану дағдыларының дамуы.
- Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетінің артуы.
- Ұжымдық жұмысқа қатысу арқылы коммуникативтік дағдылардың жетілуі.
- Өз бетінше білім алуға деген ынтаның қалыптасуы.

### **Қорытынды**

«Дүниетану» сабақтарында дереккөздермен жұмыс ұйымдастыру – оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамытуға арналған тиімді әдіс. Бұл оқушыларды ақпараттық қоғамда белсенді және сауатты болуға үйретеді, сондай-ақ олардың зерттеу және шығармашылық қабілеттерін шыңдайды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487>
2. Болотов, В. А., Сериков В. В. Компетентностная модель: от идеи к образовательной программе // Педагогика. – 2003. – №10. – С. 8-14.
3. Гончарова Н. Л. К вопросу об иноязычных компетенциях // Сборник научных трудов СевКавГТУ. Серия: Гуманитарные науки. 2006. № 3. С. 74-77
4. Зимняя И. А. Психология и лекционная пропаганда [Текст] / И.А. Зимняя, д. психол. н. - Москва : О-во "Знание" РСФСР, 1978 г. — 40 с.
5. [https://pedlib.ru/Books/3/0389/3\\_0389-1.shtml](https://pedlib.ru/Books/3/0389/3_0389-1.shtml)
6. Хуторской А. В. Педагогика: Учебник для вузов. Стандарт третьего поколения. — СПб.: Питер, 2019. — 608 с.

### БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЖЫМДЫҚ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ

С. Д. Ибраева (Арқалық қ.)

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты магистранты.  
Қазақстан. Арқалық

**Аңдатпа.** Қазіргі мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудегі ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттің маңыздылығын бағалау мүмкін емес. Қазіргі уақытта ұжымдық шығармашылық әрекетті ұйымдастыру мәселесі кеңінен талқылануда, білім беруді ақпараттандырудың арқасында (білім беру платформаларының, әлеуметтік желілердің мүмкіндіктері) еліміздің әр түкпірінен қызығушылық танытқан мектеп мұғалімдері тәжірибе алмасу үшін педагогикалық қауымдастықтарға бірігуде, оқу процесін трансляциялау, және ұжымдық шығармашылық қызмет үшін технологияларды табысты пайдалану..

**Кілт сөздер:** ұжымдық шығармашылық іс-әрекет, бастауыш сынып оқушылары, маңыздылық, технология.

Қазіргі білім беру кеңістігінде мұғалім балаға бір жағынан қоғамдық өмірге араласуына, қоғамға қосылуға, адамзат мәдениетінің құндылықтарын игеруге септігін тигізеді, екінші жағынан – өзінің ең жақсы жеке ерекшеліктерін сақтауға және дамытуға, жеке іс-әрекет пен мінез-құлық стилінде жан-жақты дамуына көмектеседі.

Оқушылардың тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетін дамыту проблемасының әр түрлі аспектілерін Л.С.Выготский [1], Б.Г.Ананьев [2], И.Н.Семёнов [3], И.С.Кон [4], Л.А.Петровская [5], В.В.Столин [6], Л.Д.Столяренко [7], Қ.А.Айдарбеков [8] т.б. ғалымдар зерттеген.

Ұжымдық шығармашылық қызметтің негізгі әдістемелік бірлігі - ұжымдық шығармашылық іс.

Ұжымдық шығармашылық іс - бұл әлеуметтік маңызды іс, ортақ жұмыс, ұжымның әрбір мүшесі қатысатын маңызды оқиға. Оның алғашқы мақсаты - өз ұжымының өмірін және қоршаған өмірді жақсарту үшін қамқорлық жасау, бұл жалпы қуаныш пен пайдаға арналған практикалық және ұйымдастырушылық әрекеттердің үйлесімі.

Бұл әдістеменің негізгі белгілері мыналар: тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің бірлескен қызметі, балалар іс-әрекеттерінде қолданатын құралдары, ұжымдық және шығармашылық сипат.

Ұжымдық-шығармашылық істердің түрлері:

1. Ұйымдастырушылық
2. Танымдық
3. Көркемдік

4. Спорттық
5. Қоғамдық-еңбек
6. Саяси

Танымдық ұжымдық-шығармашылық іс-әрекет

Олардың мақсаты - оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамыту, өмірдің жеткіліксіз танылған, құпияларға, жұмбақтарға толы, ұжымдық ізденісте ашылуын талап ететін аспектілеріне қызығушылық таныту. Танымдық ұжымдық-шығармашылық іс-әрекет балаларда қызықты, мақсатты, байқағыштық пен қызығушылықты, ақыл-ойды, шығармашылық қиялды білуге деген ұмтылыс сияқты жеке қасиеттерді дамыту үшін ең бай мүмкіндіктерге ие.

Келесі танымдық ұжымдық-шығармашылық іс-әрекеттерді ұсынуға болады:

- "Көңілді тапсырмалар кеші".
- "Білім аукционы".
- "Интеллектуалды футбол".
- "Фанжобаларды қорғау".
- "Полимааттар сайысы".
- "Танымдық олимпиада".
- "Білгірлер турнирі".
- "Біз әлемді білеміз".
- "Табиғатты сақтау – әлемді сақтау".

Еңбек ұжымдық-шығармашылық іс-әрекет

Еңбек ұжымдық-шығармашылық іс-әрекет мақсаты – оқушылардың қоршаған әлем туралы білімдерін байыту, еңбек-өмірдің негізгі көзі деген сенімді қалыптастыру, шындықты жақсартуға үлес қосуға, сондай-ақ жақын адамдарға қамқорлық жасауға, өз бетінше және шығармашылықпен жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. Еңбек ұжымдық-шығармашылық іс-әрекетте тәрбиеленушілер өздерінің қамқорлығын еңбек-шығармашылық арқылы жүзеге асырады.

Еңбек ұжымдық-шығармашылық іс- мысалдары:

- Еңбек шабуылы.
- Еңбек десанты.
- Еңбек рейсі.
- "Таза аула" акциясы.
- "Жайлылық" Операциясы.

Көркем ұжымдық-шығармашылық іс-әрекет

Көркемдік ұжымдық-шығармашылық іс-әрекет балалар мен ересектердің көркемдік-эстетикалық талғамдарын мақсатты түрде дамытуға мүмкіндік береді, шығармашылықта өзін сынап көруге деген ұмтылысты оятады, сезімталдық пен жауаптылыққа тәрбиелейді. Келесі ұжымдық-шығармашылық іс-әрекеттерді ұсынуға болады:

- Қуыршақ театры.
- Кескіндеме кеші.
- Поэтикалық жанрлар байқауы.
- "Біз әлемді бояймыз" студиясы.
- Рене мод.
- Ертегілер кеші.
- Гитараға арналған ән кеші.
- "Ертегілер жаңа жолмен".

Спорттық ұжымдық-шығармашылық іс-әрекет

Спорттық істер балалардың өмірдің спорттық-сауықтыру жағына, өздеріне қоғамның еңбекке және қорғанысқа дайын дені сау және шындалған азаматтары ретінде азаматтық көзқарасын дамытады.

Спорттық ұжымдық-шығармашылық іс-әрекеттер:

- "Көңілді бастаулар".

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

- "Спорттық балалар қаласы".
- "Спорт комментаторларының турнирі".
- "Спортландия".
- "Кіші олимпиада ойындары" және т. б.

Спорттық ұжымдық-шығармашылық іс-әрекет жылдамдықты, ептілікті, төзімділікті, тапқырлық пен табандылықты, батылдық пен батылдықты, ұжымшылдық пен тәртіпті дамытуға көмектеседі.

Экологиялық ұжымдық-шығармашылық іс-әрекет

Табиғат-баланың ең жақсы мұғалімі.

Табиғат әлемімен таныстыру, балаларды табиғаттың тірі әлеміне экологиялық қамқорлыққа қосу - жаздың міндеті.

Экологиялық ұжымдық-шығармашылық іс-әрекеттер мысалдары:

- "Орман ғылымдары академиясы".
- Экологиялық соқпақ.
- Экологиялық фестиваль.
- Экологиялық ойындар.
- "Жасыл дәріхана".
- "Жас эколог".

Демалыс істері ұжымдық-шығармашылық іс-әрекет

Бұл ұжымдық-шығармашылық іс-әрекеттер көңілді, ол күлімсіреу, қуаныш әкеледі, бұл оларды педагогикалық тұрғыдан құнды етеді. Балалардың бос уақыты бәріне тең келетін толыққанды қызмет түрі болуы керек.

Сіз бос уақытта келесіде ұжымдық-шығармашылық іс-әрекеттер өткізе аласыз:

- "Гүлдер шеруі".
- "Актерлік шеберлік байқауы".
- "Мобиусқа қону".
- "Гиннестің Жазбалары".
- "Идеялар жәрмеңкесі".
- "Актерлік шеберлік байқауы".
- "Көңілді және талантты".
- "Біз бірге керемет!».
- "Ерекшелік".
- "Біздің әулет".

Оқушылардың ұжымдық-шығармашылық іс-әрекеттерге қатысуы олардың алдына қойылған келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

1. Өз қабілеттерін жүзеге асыру және дамыту.
2. Қоршаған әлем туралы білімді кеңейту.
3. Дизайн дағдыларын игеру.
4. Ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсету.
5. Қарым-қатынас дағдыларын бекіту.
6. Рефлексия (талдау) қабілеттерін қалыптастыру.

Мұғалімдер өздерінің тәрбиелік міндеттерін шешеді:

1. Әр баланың шығармашылығын дамыту.
2. Ұйымдастырушылық мүмкіндіктерді жетілдіру.
3. Балалар ұжымын зерттеу.
4. Тәрбиеленушілерді, педагогтар мен ата-аналарды біріктіру.
5. Баланың жеке басының даму процесін басқарыңыз.
6. Оқушылардың рефлексиялық мүмкіндіктерін дамыту.

Ұжымдық шығармашылық істің құрылымы.

1. Топтың көңіл-күйі (әндер, ойындар, шығармашылықпен ашуға көмектесетін жаттығулар жиынтығы).

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

2. Бөлу (кездейсоқ бөлу және ұнатулар бойынша бөлу. Кездейсоқ бөлу: киімнің түсі, бойы, туған күні және т.б.).

3. Тапсырмаларды беру (жалпы идея бір, ал тапсырмалар әр микротоп үшін әр түрлі, мысалы, барлық қатысушыларға танымал әнді орындау ұсынылады, бірақ романс, опера, ауыр рок және т.б. стилінде).

4. Қойылымды дайындау (уақыт 15-20 минутты құрайды).

5. Жеребе (топтардың кезектілігін орнатуға мүмкіндік береді).

6. Топтардың қойылымдары (барлық іс басталар алдында және әр қойылым алдында істің ойын сюжетіне сәйкес келетін шығармашылық нөмірлер ойналады).

Қол шапалақтап сөйлеушілерді қолдауға ерекше назар аударылады, қолдау мен жанашырлық атмосферасы құрылады).

7. Қорытындылау (марапаттау номинациялар бойынша өткізіледі, грамоталар мен сыйлықтар беріледі).

8. Рефлексия (істі талдау). Қатысушылардың әрқайсысы өз пікірлерін айтқан кезде топтық және жеке болуы мүмкін.

Ұжымдық шығармашылық істі дамытудың белгілі бір алгоритмі бар [40]:

1. Істің мақсатын әзірлеу – бұл істі жасайтын және жүргізетін нәрсе.

2. Іс ұйымдастырылатын жас тобын және қатысушылардың санын анықтау.

3. Істің жалпы идеясын (ойын сюжетін) әзірлеу.

4. Мазмұнды таңдау (істің маңызды жағы не болатынын анықтау).

5. Ұйымдастырушылар мен қатысушыларды дайындау:

- жалпы істің барысын әзірлеу;

- безендіру;

- костюмдер;

- қорытындылау;

- марапаттау.

6. Жалпы істің сипаттамасы:

- кіріспе сөз;

- тапсырмалар;

- шығармашылық қойылымдар.

7. Шығармашылық іске талдау жүргізу.

Ұжымдық-шығармашылық іс-әрекеттер ұйымдастырған кезде, кез-келген шығармашылық байқау сияқты, сәттіліктің он негізгі компонентін есте ұстаған жөн: қызықты тапсырмалар, әдемі безендіру, материалдық қамтамасыз ету, тапқыр жүргізуші, құзыретті қазылар алқасы, эмоционалды көрермендер, музыкалық сүйемелдеу, атқарушы көмекшілер, дайындалған командалар, жеңімпаздарға арналған сыйлықтар.

Оқушылардың ұжымдық шығармашылық істерге қатысуының негізгі себептерін қарастырыңыз:

- байланыс қажеттілігі;

- басқа істерге қатысу үшін осы ұжымдық-шығармашылық іс-әрекеттерді орындау;

- жеңіске деген ұмтылыс (жарыс рухы);

- өз қабілеттерін іске асыруға қызығушылық (шығармашылық, интеллектуалдық, басқарушылық, ұйымдастырушылық);

- Ұжымдық-шығармашылық іс-әрекеттердің дамушы рөлін түсіну;

- Ұжымдық-шығармашылық іс-әрекеттердің әлеуметтік рөлін түсіну.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде ұжымдық-шығармашылық іс-әрекеттерді жіктеуге бірнеше негіз бар.

Жанр бойынша – спорттық, халықтық, дамытушылық, конструкторлық, танымдық, би, музыкалық, әзіл-қалжың, драматизацияланған, сюжеттік-рөлдік, сахналық және т. б.

Бастауыш сынып оқушыларының ұжымдық-шығармашылық іс-әрекеті – баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін тиімді педагогикалық құрал. Мұндай әрекет балаларды ынтымақтастыққа, жауапкершілікке және шығармашылық тұрғыдан ойлауға үйретеді.

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

Ұжымдық жұмыс арқылы оқушылар теориялық жетістіктерге қол жеткізіп қана қоймай, сонымен қатар тұлғааралық қарым-қатынас пен өзін-өзі тату дағдыларын дамытады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Выготский Л. С. Педагогическая психология. М.: Педагогика, 1991.
2. Ананьев Б. Г. Избранные психологические труды : в 2 т. / Акад. пед. наук СССР. — М. : Педагогика, 1980.
3. Семёнов И. Н. Рефлексия жизнедеятельности А. А. Бодалева и развития психологии общения и акмеологии выдающихся личностей // Акмеология. 2015.
4. Кон И. С. В поисках себя. Личность и её самосознание. · Кон И. С. Психология ранней юности. — М. : Просвещение, 1989
5. Петровская, Лариса Андреевна. Общение-компетентность-тренинг [Текст] : избранные труды / Л. А. Петровская; ред.-сост. О. В. Соловьева. — Москва : Смысл, 2007. — 686 с.
6. Столин В.В. Общая психодиагностика М.: Издательство МГУ, 1987. – 304 с.
7. Столяренко Л.Д. Основы психологии: учебное пособие / Л . Д . Столяренко . - Москва : Проспект, 2016. - 458 с.
8. Айдарбеков, К.А. Семейно-центрированная модель коррекционной работы с подростками / К.А. Айдарбеков // Мир психологии : научно-методический журнал / ред. Д.И. Фельдштейн, А.Г. Асмолов. – 2003. – № 3 июль-сентябрь. – С. 236-242.

## МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАР ЖӘНЕ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУ: БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР

Б.Т.Сеилбекова (Арқалық қ.)

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты  
Қазақстан. Арқалық қ

**Аңдатпа.** Креативті ойлау қабілетінің белсенді даму кезеңі мектеп жасында, әсіресе бастауыш сынып кезеңінде болады. Осы жаста олардың қиялы шексіз, жаңа ақпаратты қабылдау жылдамдығы жоғары, сондай-ақ, қызығушылықтары әртүрлі болып келеді. Сондықтан креативті ойлау қабілетін қалыптастыру үшін осы жасқа тән ерекшеліктерді ескеру қажет.

**Кілт сөздер:** мобильді қосымша, креативті ойлау, бастауыш сынып оқушылары, инновациялық тәсіл.

Президент Қ.К.Тоқаев «Білім беру жүйесі жаңа реалияларға тез бейімделуді қажет етеді. Әлемдегі жетекші мектептер балалардың креативтік потенциалын дамытумен айналысады, цифрлық технологиялар мен нақты ғылымдарды оқытады. Педагогтар оқыту әдістемесін ойын форматына ауыстырып, үнемі жаңа мамандықтар мен дағдыларды ізденеді. Бәріміз Қазақстанды гүлденген, дамыған елге айналдыруға ұмтыламыз. Бұған жетудің кілті – сапалы және қолжетімді, қазіргі заманғы білім. Осы салаға қуатты күш беру маңызды болып отыр», - деді Тоқаев [1].

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы бойынша жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі боп табылады [2].

Креативті ойлауды дамыту – жеке тұлғаны дамыту және қалыптастыруды қамтамасыз етудің қажетті шартының құралы, сонымен қатар оқу әрекетін игеру, оқушылардың даралығы, жалпы білімдік біліктілігі, дағдысы болып табылады.

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

Креативтілік ұғымын ғалымдар философиялық, психологиялық- педагогикалық тұрғыдан қарастырады. Философияда креативтілік «тұлғаның жаңа, біртума нәтиже тудыратын іс-әрекеті» деп түсіндіріледі. Біз өз зерттеуімізде креативтілікті сыртқы ортаны қайта құруға бағытталған белсенділікті жатқызамыз. Шығармашылықтың жүзеге асуы сатылап жүретін үдеріс. Осы жүйенің ішкі бөліктері мен іске асу кезеңдеріне сай әрекет компоненттері өзара алмасып, бірігіп отырады. «Креативтілік» ұғымын шығармашылық психологиясында бүтін бір бағыт ретінде зерттеген шетел ғалымдары: Дж.Гилфорд, К.Тейлор, Е.Торренс, Г.Уоллес және т.б. Олар шығармашылық дарындылығының жаңа шектерін белгілеп, «дарынды және талантты балаларды оқыту және дамыту адамның шығармашылық дамуының идеялық моделін туғызады» деген бағыт ұстады [3-6].

Мобильді технологиялар білім алушылардың ақпаратқа қол жеткізуін жеңілдетіп, мобильді білім беру орталарымен өзара әрекетін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда бүкіл әлемде мобильді құрылғылар мен қосымшаларды білім алу және білім алмасу мақсатында пайдалану қарқынды түрде кеңейіп келеді.

Мобильді қосымшалардың санаттары:


**Білім беру қосымшалары** - бұл қосымшалар оқушыларға әртүрлі пәндерді меңгеруге көмектеседі.

**Аннотация.** Статья посвящена исследованию педагогических условий внедрения STEAM-подхода для повышения уровня экологической грамотности школьников. В работе освещаются ключевые аспекты интеграции междисциплинарного обучения в образовательный процесс, описываются методы и результаты педагогического эксперимента. Особое внимание уделено разработке педагогических условий, которые способствуют активному освоению экологических знаний и формированию ответственного отношения к окружающей среде.

Ключевые слова: STEAM-подход, экологическая грамотность, образовательные условия, школьники, эксперимент.

**Abstract.** The article focuses on the study of pedagogical conditions for the integration of the STEAM approach to enhance the level of environmental literacy of schoolchildren. The paper highlights key aspects of interdisciplinary learning in the educational process, and describes

methods and results of the pedagogical experiment. Special attention is paid to the development of pedagogical conditions that contribute to the active acquisition of environmental knowledge and the formation of responsible environmental attitudes.

Keywords: STEAM approach, environmental literacy, educational conditions, schoolchildren, experiment.

Современные образовательные практики направлены на формирование у школьников компетенций, позволяющих критически мыслить и эффективно применять знания на практике. Одной из актуальных задач современной педагогики является развитие экологической осведомленности как части глобального устойчивого развития. В этой связи использование STEAM-подхода представляет особый интерес, так как он способствует интеграции научных знаний, технологий, инженерии, искусства и математики для решения реальных проблем окружающей среды.

Цель исследования — выявить и описать педагогические условия, которые способствуют успешному внедрению STEAM-подхода для формирования экологической грамотности школьников.

1. Теоретические основы STEAM-подхода. STEAM-подход представляет собой образовательную методiku, которая опирается на интеграцию научных дисциплин с креативным подходом к обучению. Применение данного подхода позволяет формировать навыки критического мышления, исследовательской деятельности и проектирования.

2. Экологическая грамотность как образовательная цель. Экологическая грамотность включает знания о природных процессах, умение анализировать экологические проблемы и принимать решения, направленные на сохранение окружающей среды. Это ключевой аспект формирования устойчивого образа жизни и воспитания ответственного гражданина.

3. Педагогические условия для внедрения STEAM-подхода

Для успешного применения STEAM-подхода необходимы следующие условия:

- разработка интегративных образовательных программ и заданий;
- повышение квалификации педагогов по внедрению STEAM-компетенций;
- использование проектных методик и практических заданий, направленных на решение экологических проблем;
- внедрение цифровых инструментов для моделирования и визуализации экологических процессов.

4. Экспериментальная часть исследования

Педагогический эксперимент проводился в три этапа:

1. Диагностический этап — определение уровня исходных знаний учащихся.
2. Формирующий этап — проведение обучающих модулей с применением STEAM-заданий.
3. Итоговый этап — оценка изменений уровня экологической грамотности.

Результаты эксперимента показали, что учащиеся, участвовавшие в проектной деятельности, демонстрируют более глубокое понимание экологических проблем и готовы применять знания на практике.

Заключение

Интеграция STEAM-подхода в образовательный процесс способствует формированию экологической грамотности у школьников и помогает повысить уровень их участия в решении экологических вопросов. Проведенное исследование подтвердило, что использование междисциплинарного подхода в обучении повышает интерес к изучению природных процессов и развивает практические навыки для принятия обоснованных решений.

### Список использованной литературы:

1. Артемьев В. П. Инновационные подходы в образовании: опыт и перспективы. — Москва: Просвещение, 2022.

2. Брунер Д. Образовательные технологии XXI века. — Алматы: Наука, 2023.

3. Гейдж Н. Л. Основы методологии педагогических исследований. — Санкт-Петербург: Питер, 2019.

4. Федоров А. В. STEAM-образование: теоретические и практические аспекты. — Казань: Казанский университет, 2021.

### Кәсіби идеал мен құзыреттілік: таңдау пәндерінің ықпалы

Катешова Нургуль Танатхановна

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты магистранты  
Қазақстан. Арқалық қ.

#### Аннотация

Бұл мақалада студенттердің кәсіби идеалын қалыптастыру үдерісіндегі оқу пәндерінің рөлі қарастырылады. Кәсіби бағдар беру, тұлғаның кәсіби құндылықтарын дамыту және мамандық таңдаудағы мотивация мәселелері талданады. Зерттеу барысында пәндердің мазмұны мен олардың кәсіби өзін-өзі анықтауға ықпалына назар аударылды.

**Түйінді сөздер:** кәсіби идеал, кәсіби бағдар, оқу пәндері, мамандық таңдау, студенттердің мотивациясы.

#### Аннотация

В данной статье рассматривается роль учебных предметов в процессе формирования профессионального идеала студентов. Анализируются вопросы профессиональной ориентации, развития профессиональных ценностей личности и мотивации при выборе профессии. В ходе исследования уделено внимание содержанию дисциплин и их влиянию на профессиональное самоопределение студентов.

**Ключевые слова:** профессиональный идеал, профессиональная ориентация, учебные дисциплины, выбор профессии, мотивация студентов.

#### Abstract

This article examines the role of academic disciplines in the process of forming students' professional ideals. Issues of career guidance, development of professional values, and motivation in career choice are analyzed. The study focuses on the content of subjects and their impact on students' professional self-determination.

**Keywords:** professional ideal, career guidance, academic disciplines, career choice, student motivation.

Әрбір студенттің кәсіби дамуы оның білім алу жолындағы таңдауларымен тығыз байланысты. Кәсіби идеал – бұл адамның болашақ мамандығына деген көзқарасы, ал құзыреттілік – оның сол мамандық аясында жинақтаған білімдері мен дағдылары. Бұл екі ұғымның қалыптасуында таңдау пәндерінің маңызы зор, өйткені олар студенттерге кәсіби бағыт-бағдар беріп, болашақ мансабына қажетті құзыреттіліктерді дамытуға көмектеседі.

Кәсіби идеал – бұл адамның өз ісіне деген көзқарасын, құндылықтарын және болашақтағы мақсаттарын анықтайтын фактор. Ол студенттің тұлғалық ерекшеліктері мен қоғамдағы сұраныстар негізінде қалыптасады. Университетте оқытылатын пәндер, әсіресе таңдау курстары, студентке әртүрлі мамандықтар туралы кеңірек түсінік беріп, оның кәсіби идеалын нақтылауға ықпал етеді.

Тұлғаның кәсіби бағдары оқу процесінде студенттердің кәсіби қалыптасуын анықтайтын маңызды фактор болып табылады. Б.Г. Ананьев, Л.С. Выготский, Э.Ф. Зеер, Э.Эриксонның пікірінше, тұлғаның кәсіби бағдарын қалыптастырудың сезімтал кезеңі жастық кезең болып табылады. Оқуды бітіргенге дейін кәсіби бағдарды қалыптастыру тұлға мен даралық дамуының бір қыры болса, студенттік шақта кәсіби бағдар психикалық дамудың орталық, негізгі аспектісі болып табылады. Сондықтан орта кәсіптік білім беру мекемесінде тұлғаның кәсіби бағдарын қалыптастырған жөн.

М.И.Дьяченко кәсіби бағдарды қалыптастыру студенттердің болашақ мамандығына деген оң көзқарасын, қызығушылығын, бейімділігі мен қабілетін, оқу орнын бітіргеннен

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

кейін біліктілігін арттыруға деген ұмтылысын нығайтуды білдіреді деп есептейді. , кәсіби еңбектің таңдалған түрімен үнемі айналыса отырып, олардың негізгі материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру, болашақ маманның өз көзінше мамандықтың идеалдарын, көзқарастарын, сенімдерін, беделін дамыту.

А.А. Деркач тұлғалық-кәсіби дамуды өзін-өзі дамытуда, кәсіби қызметте және кәсіби қарым-қатынаста жүзеге асырылатын кәсіби жетістіктерді, оның кәсібилігін арттыруға бағытталған тұлғаны қалыптастыру процесі ретінде қарастырады.

Кәсіби бағдарды қалыптастырудың екі жолын ажыратуға болады. Бірінші жол студенттерді мамандықты игеру мүмкіндіктеріне сендіруге, болашақ жұмысының болашағына деген сенімділікті оятуға, еңбек дәстүрлерін насихаттауға, мамандықтың өндірістік және эстетикалық жақтарын, оның шығармашылық сипатын көрсетуге негізделген. Әрбір оқу орнында өз түлектерінің еңбек жетістіктерінің, сіңірген еңбегінің және әлеуметтік жетістіктерінің сенімді үлгілері бар.

Тағы бір жол - студенттердің іс-әрекетін, оқуын, қоғамдық жұмыстарын олардың болашақ кәсіби қызметінің талаптарын ескере отырып ұйымдастыру. Кәсіби бағыттылық іс-әрекетте қажетті қасиеттерге ие болады, оны жүзеге асырудың мазмұны мен шарттары тұрғысынан психологиялық және іс жүзінде маманның оқу орнын бітіргеннен кейінгі іс-әрекетіне жақын. М.И. Дьяченко кәсіби жұмысты (оның міндеттерін, стилін, тәсілдерін, мотивтерін және т.б.) модельдеу, студенттердің алған біліміне, тәжірибесіне, қасиеттеріне сүйене отырып, өз оқу орнының бейіні бойынша мамандардың функцияларын ойдағыдай орындауына жағдай жасау қажет деп санайды. .

С.С. Мартынова сонымен қатар іс-әрекеттік тәсіл аясында кәсіби бағдардың қалыптасуын қарастырады. Кәсіби бағдардың дамуы, С.С. Мартынованың пікірінше, объективті және субъективті жоспардың әртүрлі факторларының әсерінен тұлғаның тіршілік әрекеті процесінде жүреді. И.А. Левицкая объективті шарттарды жетекші ретінде анықтайды. Бастапқы бола отырып, олар субъективті фактордың ықтимал әсерінің негізін, негізін жасайды. Объективті жағдайлардың іс-әрекетінің өзі субъективті фактордың әрекеті арқылы ғана көрінеді.

Л.Н. Зыбинаның пікірінше, кәсіптік салаға студенттің болмысын ретке келтіретін, оны мәнді ететін өмірлік іс-әрекеттің қажетті негіздерімен таныстыру процесі. Кәсіптік жағдаяттарды модельдеуге, кәсіптік немесе соған сәйкес әлеуметтік іс-әрекеттерді жүзеге асыруға жағдай жасау кезінде кәсіптің мәнін түсіну жүзеге асады, кәсіптің имиджі қалыптасады, кәсіби өзіндік сана мен кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттер, кәсіби жарамдылық қалыптасады. . Бұл ретте Л.Н. Зыбина маманданудың бастапқы кезеңінде кәсібиленудің негізгі тетігі ретінде кәсіпке эмоционалды құмарлықтың маңызды рөлін белгілейді.

А.И. Донцовтың пайымдауынша, кәсіптік бағдарлауды дамыту студенттердің таңдаулы іс-әрекетінің талаптары мен оның тұлғалық мәні арасындағы қайшылықтарды өзектендіретін іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы мүмкін болады. ОУ СПО студенттеріне қатысты А.И. Донцов талданатын сәйкессіздіктің сапалық жағынан ерекше үш түрін ажыратады.

Бірінші жағдайда, мамандық таңдаудың басым мотиві мен оның объективті мазмұнының маңызды аспектілері арасында тығыз байланыс бар. Мамандық таңдаудың басқа мотивтері жетекші мотивті толықтырады. Бұл жағдайда сәйкессіздік таңдаудың тұлғалық мәнін тереңдетуден тұрады.

А.И. Донцов сәйкессіздіктің тағы бір түрі қызметтің объективті мазмұнына (кәсіптің беделі, жұмысқа деген сенімділік) жанама мотив басым рөл атқарғанда пайда болады деп жазады.). Мамандықтың талаптары жеке тұлғаға қатысты сыртқы болып қала береді, оның мотивациялық саласына кірмейді.

Сәйкессіздіктің үшінші түрі мамандық таңдауда тікелей мотивтердің толық болмауынан туындайды. Әдетте бұл орта кәсіптік білім беру ұйымын таңдауда мүлдем басқа маңызды мақсатқа жету үшін қажетті құралдардың мағынасы болған кезде орын алады. Бұл

## **ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ**

жағдайда таңдау мотивтері мен таңдаған мамандықтың мазмұны арасындағы сәйкессіздік соншалықты толық, ал мамандықтың талаптары жеке адамға жат болғандықтан, "кәсіби бағдар" өрнегі мағынасын жоғалтады, деп есептейді А.И. Донцов.

Перспективалар орта кәсіптік білім беру студенттерінің кәсіби бағдарын қалыптастырудың ынталандырушы құрамдас бөлігі болып табылады, дейді А.И. Донцов. Жалпыға бірдей маңызды перспективалар негізінде дүниетаным, көзқарастар, сенімдер мен мұраттар, мақсаттар мен ұстанымдар, ниеттер жүйесі қалыптасады. Перспективалар студенттің жеке мақсаты ретінде әрекет етеді.

Осылайша, А.И. Донцов іс-әрекет, кері байланыс арқылы перспективалық талаптарды үйлестірудің үздіксіз үдерісінде студент тұлғасының тұрақты бағдарын қалыптастыру мен қолдауды көреді. Мотивтерді, сондай-ақ мақсаттар мен ниеттер жүйесін қалыптастыру қажеттіліктерді қалыптастырумен қатар жүреді. Қажеттілік және басқа да сәйкес психоәлеуметтік құрамдас бөліктер (қызығушылықтар, жетектер, мақсаттар, ниеттер) перспективаны тереңірек тану және қажеттіліктерді нақты мотивтерге айналдыру арқылы тұрақтанады. Егер адам іс-әрекет барысында болашақты көрмесе немесе, мысалы, қызығушылық танытатын тұлға ретінде ол үшін әлеуметтік маңызы бар жұмысты көрсетпесе, онда бағыт дамымайды, өйткені әлеуметтік маңызы бар перспективаға жету үшін белсенді іс-шаралар жоқ, қорытынды жасайды А.И. Донцов.

О.В.Гринконың пайымдауынша, кәсіби бағдардың дамуы сыртқы және ішкі жағдайлардың жиынтығымен, білім беру мен тәрбиелеу жағдайларымен, динамикада және ішкі позицияда көрініс табатын тұлғаның өзінің психикалық және әлеуметтік белсенділігімен шартталады.

Н.И. Конюхов сонымен қатар тұлғаның кәсіби бағдарын қалыптастыру үшін жасалған жағдайлардың маңыздылығы туралы пікірді ұстанады: "Тұлғаның кәсіби бағдарын қалыптастыру біліктілікке қажетті дағдыларды, білімдер мен дағдыларды меңгеру үшін жағдай жасау арқылы анықталады. . Бағыттың тұрақтылығы көп жағдайда іс-әрекетті ойдағыдай жүзеге асыруға мүмкіндік туғызатын тұлғалық қасиеттердің қалыптасуымен байланысты".

И.С. Арон тұлғаның кәсіби қалыптасуын психологиялық қамтамасыз етудің негізгі векторын дамудың әлеуметтік жағдайын оңтайландыруды, құрамдас бөліктердің екі тобынан тұратын жүйемен бейнеленетін мазмұндық құрылымды қарастырады.:

- объективті компоненттер – әлеуметтік контекст, оны И.С. Арон тұлғааралық қатынастардың ерекшеліктері ретінде түсінеді.

- субъективті компоненттер – кәсіби өзін-өзі анықтауға психологиялық дайындық. Психологиялық дайындық, И.С. Аронның пікірінше, когнитивтік, мінез-құлық, мотивациялық және тұлғалық құрамдас бөліктерді қамтиды.

Д.Н. Завалишина сонымен қатар кәсіби дамудың белгілі бір стратегиясын таңдау және жүзеге асыру көбінесе кәсіби дамудың әлеуметтік жағдайының мазмұнымен анықталады деп есептейді. Егер оның құрылымында "адам-кәсіп" жүйесімен анықталатын қарама-қайшылықтар жетекші рөл атқарса, онда еңбек субъектісі кәсіби дамудың бейімделу стратегиясын сөзсіз жүзеге асырады. Егер еңбек пәні "адам-кәсіп" жүйесінен шығып, оның әлеуметтік даму жағдайы "адам және әлем" жүйесіне сәйкес қалыптаса бастаса, онда ол кәсіби дамудың прогрессивті және шығармашылық стратегиясын жүзеге асыра бастайды. .

Осылайша, әдеби дереккөздерді талдау кәсіптік бағдардың қалыптасуы студенттің оқу-кәсіптік немесе кәсіптік-еңбек қызметіне белсенді араласуымен сыртқы және ішкі жағдайлардың әсерінен болатынын көрсетті. Студенттің белсенді ұстанымының маңызды шарты оның қызметінің болашағын пайымдау болып табылады. Эмоциялық компонент кәсіби бағдарды қалыптастырудың бастапқы кезеңінде жетекші болып табылады. Кәсіби бағдар өмірлік кәсіби жоспарлар ретінде әрекет ететін және "бүгінгі" іс-әрекетті айқындайтын перспективалық белсенділікті тудырады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Абылкасымова А.Е., Кәсіби білім беру психологиясы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2019.
2. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход. – Москва: Логос, 2020.
3. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.
4. Сейтказина Р.С. Педагогикалық технологиялар және кәсіби білім беру. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021.
5. Zimbardo P., Gerrig R. Psychology and Life. – Pearson, 2018.

### ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Г. Қ. Шашаева<sup>1</sup>, А. А. Налибаева<sup>2</sup>, А. Е. Несіпқазы<sup>3</sup>, А. Қ. Орымбаева<sup>4</sup>  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті  
Қазақстан, Алматы, [t\\_gulbakhit@mail.ru](mailto:t_gulbakhit@mail.ru)

**Аңдатпа:** Зерттеу жұмысымыздың мақсаты – инновациялық технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарын зерттеу болып табылады. Мақалада оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда жаңа инновациялық технологиялардың рөлі талқыланады. Заманауи білім беру үдерісінде шығармашылық ойлау мен мәселелерді шешу қабілеті маңызды дағдылардың бірі болып табылады. Сонымен бірге цифрлық құралдар, интерактивті платформалар және компьютерлік бағдарламалар сияқты инновациялық әдістердің білім беру саласына әсері қарастырылады. Оқушылардың өз идеяларын еркін білдіруі мен ұжымдық жобалар жасауына ықпал ететін әдістер мен құралдар ұсынылады. Технологияларды қолдану барысында шығармашылықты дамыту жолдары нақты мысалдар арқылы сипатталады. Сонымен қатар, заманауи әдістердің артықшылықтары мен кемшіліктері талданып, мұғалімдерге арналған ұсыныстар беріледі.

**Түйін сөздер:** оқушылар, инновациялық технологиялар, оқыту әдістері, білім беру процесі, шығармашылық қабілет.

**Annotation:** the purpose of our research is to study the ways of developing students' creative abilities using innovative technologies. The article discusses the role of new innovative technologies in the development of students' creative abilities. In the modern educational process, creative thinking and the ability to solve problems are one of the most important skills. At the same time, the impact of innovative methods such as digital tools, interactive platforms and computer programs on the field of education is considered. Methods and tools are proposed that contribute to the free expression of students' ideas and the creation of collective projects. The ways of developing creativity in the process of using technologies are described using specific examples. In addition, the advantages and disadvantages of modern methods are analyzed and recommendations for teachers are given.

**Keywords:** students, innovative technologies, teaching methods, educational process, creative ability.

**Кіріспе** - қазіргі заманғы білім беру жүйесі білім алушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуді көздейді. Бұл мақсатқа жетуде инновациялық технологиялар маңызды құралға айналуға айналуда. Олар оқыту процесін тиімдірек әрі қызықтырақ етіп, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға мүмкіндік береді. Интерактивті платформалар, виртуалды шындық және цифрлық ресурстар оқыту әдістерін жаңа деңгейге көтеріп, білім алушылардың қызығушылығы мен белсенділігін арттырады. Әлеуметтік дамуға ықпал ете

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

отырып, инновациялық технологиялар ұжымдық жұмысты, қарым-қатынасты және ынтымақтастықты нығайтады. Бұл кіріспеде қазіргі педагогикалық практиканың дамуы мен білім беру процесіндегі өзгерістердің қажеттілігі талқыланады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жаңа әдістер мен технологиялар осы зерттеудің негізін құрайды және шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді. Осы мақсатта оқыту әдістерінің тиімділігін анықтап, олардың білім беру процесіне әсерін талдау көзделеді. Инновациялық технологияларды қолданудың оқушылардың шығармашылық қабілеттеріне әсерін талдау; оқыту әдістеріне жаңа технологияларды енгізу арқылы білім алушылардың қызығушылығы мен белсенділігін арттыру жолдарын анықтау; педагогикалық практикада шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталған тиімді әдістер мен құралдарын ұсыну арқылы жұмыстың міндеттері анықталуы тақырыбымыздың өзектілігін арттырады.

**Жұмысымызда пайдаланылған әдістер:** Сауалнама, тестілеу, бақылау, эксперимент, сұхбат, тренинг, жобалау әдісі, аналитикалық әдіс, статистикалық талдау, модельдеу

**Талдау мен нәтижелер:** Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеті – оқушылардың жеке және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Бұл бағытта инновациялық технологиялардың пайдаланылуы үлкен маңызға ие. Инновациялық технологиялар білім беру үдерісін түрлендіріп, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді. Өйткені, білім беру технологияларының өзгеруі оқу процесін қызықты әрі нәтижелі етеді, бұл өз кезегінде оқушылардың қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Бұл бөлімде біз инновациялық технологиялардың шығармашылық қабілеттерді дамытуға қалай әсер ететінін, сондай-ақ мұғалімдердің педагогикалық практикасында бұл технологияларды тиімді пайдаланудың жолдарын талдаймыз.

Инновациялық технологиялар мен шығармашылық қабілеттердің байланысы. Білім беру жүйесінде инновациялық технологиялардың пайда болуы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Шығармашылық қабілеттердің дамуы, әсіресе, оқушылардың ойлау дағдылары мен іс-әрекеттерін жаңа әдіс-тәсілдермен байланыстыруда айқын байқалады. Осы мақсатта ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ), интерактивті құралдар мен әдістер, электрондық оқу бағдарламалары және виртуалды орта секілді инновациялық әдістер білім беру процесінде кеңінен қолданылып келеді.

Инновациялық технологияларды қолдану оқу үдерісін интерактивті, қызықты әрі тиімді етеді. Әсіресе, интернет-ресурстар мен электрондық құралдар оқушыларға ақпаратты жылдам табуға, өз білімдерін жүйелеп, дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылар мұғалімдердің көрсетуі арқылы тек тыңдап қана қоймай, білімдерін тәжірибеде қолдану арқылы тереңдетеді. Бұл өз кезегінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытады. Мысалы, мультимедиялық ресурстар арқылы оқушылар тарих, әдебиет, география және басқа да пәндер бойынша ақпаратты қабылдағанда шығармашылық ойлау процестері іске қосылады [1, 80 б.]

Білім беру процесіндегі жаңа технологиялардың мақсаты оқушыны тек дайын ақпаратты қабылдаушы ретінде қарастырудан, оның өз бетінше ізденуіне, шешім қабылдауына бағытталуы керек. Осыған байланысты шығармашылық қабілеттердің дамуы үшін жаңа технологияларды қолдану маңызды. Интерактивті тақталар, бейне мазмұн, қолданбалы бағдарламалар және виртуалды платформалар оқушылардың ақпаратты терең түсінуіне, оны шығармашылық тұрғыдан қолдануына ықпал етеді. Әсіресе, топтық жұмыстар мен жобалар оқушылардың идеяларды біріктіруіне, шығармашылық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді [2, 10 б.]. Осы жерде «Инновациялық технологиялар» ұғымына қатысты пікірлері танымал ғалымдардың ой-пікірлерін ұсынсақ. (Кесте-1)

Ғалымдар	"Инновациялық технологиялар" ұғымына қатысты пікірлері
М.М. Жанпейісов	"Инновациялық технологиялар білім беру саласындағы жаңашылдықты білдіреді, олар оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, жаңа білімдерді



## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

	тиімді меңгеруге және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді."
<b>В. И. Шукшина</b>	"Инновациялық технологиялар оқушылардың білімін жетілдіруге бағытталған құралдар ғана емес, олар оқыту процесінде педагог пен оқушы арасындағы қарым-қатынасты өзгертетін маңызды фактор болып табылады."
<b>Р.Б. Сүлейменова</b>	"Жаңа инновациялық технологиялар білім беру жүйесінде оқушыларды жан-жақты дамытуға ықпал ететін маңызды элемент болып табылады. Олар шығармашылық қабілеттерді қалыптастыруда оқыту әдістерінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді."
<b>Т.Т. Тәңірбергенова</b>	"Инновациялық технологиялар оқыту процесінде педагогтардың да, оқушылардың да жаңа дағдыларды меңгеруіне септігін тигізеді, бұл өз кезегінде білім сапасын арттырады."
<b>А.Б. Айтқожаева</b>	"Қазіргі кезеңде инновациялық технологиялар білім беру салаындағы оқыту әдістерін жаңарту мен дамытуда маңызды рөл атқарады. Олар оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін қажетті жағдайларды жасайды."
<b>Дж. Брунер</b>	"Инновациялық технологиялар білім беру жүйесінде ақпараттың берілуін жеңілдетіп, оқу процесін қызықты және белсенді етеді. Олар оқушының танымдық қабілеттерін дамытуды қамтамасыз етеді."
<b>Т. С. Калина</b>	"Инновациялық технологиялар оқушылардың өздігінен білім алуын ынталандырады. Олар шығармашылық тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі, сонымен қатар оқу процесін оқушылар үшін қолжетімді әрі қызықты етеді."
<b>М. И. Махмудов</b>	"Жаңа технологиялар педагогиканың құрамдас бөлігі ретінде білім беру процесінің барлық қырларын өзгерте алады. Оқытушылар инновациялық әдістерді пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырады."
<b>К. С. Сейталиева</b>	"Инновациялық технологиялар оқыту процесінде педагогтардың да, оқушылардың да жаңа дағдыларды меңгеруіне септігін тигізеді, бұл өз кезегінде білім сапасын арттырады." "Инновациялық технологиялардың басты мақсаты – білім алушыларды оқытудың жаңа тәсілдерімен таныстыру, олардың танымдық қызметін белсендіру және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады."
<b>Г. С. Баламбаев</b>	"Инновациялық технологиялар білім беру жүйесіне терең өзгерістер енгізіп, оқушылардың қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар оқу процесін жеңілдетіп, оқушылардың өзіндік көзқарастарын дамытуға ықпал етеді."

### Кесте 1 - Инновациялық технологиялар ұғымына анықтама берген ғалымдар

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда инновациялық технологиялардың рөлі. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда инновациялық технологиялардың қолданылуы ерекше маңызға ие. Осы күнге дейін шығармашылық дамыту мәселесі тек теориялық тұрғыда ғана емес, іс жүзінде де кеңінен зерттеліп келеді. Жаңа технологиялардың көмегімен оқушыларды шығармашылықпен

## **ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ**

жұмыс істей білуге үйрету, олардың бойында жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру жүзеге асырылады.

Жаңа технологияларды пайдаланудың басты артықшылығы – олар оқушыларды дәстүрлі әдістермен ғана емес, өздерінің жеке қалауымен оқытуға мүмкіндік береді. Мұндай әдіс оқушыларға өзінің шығармашылық қабілеттерін толық ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, видеосабактар мен электрондық кітаптар оқушыларға ақпаратты өз еркімен меңгеруге мүмкіндік береді, ал интерактивті жаттығулар мен тесттер оқу материалын пысықтап, шығармашылық тапсырмаларды орындауға көмектеседі [3, 120 б.].

Инновациялық технологиялар шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталған арнайы әдістер мен тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, компьютерлік бағдарламалар мен қосымшалар арқылы оқушылар өз жобаларын жасай алады. Бұл оқушылардың тек техникалық дағдыларын ғана емес, шығармашылық ойлау қабілеттерін де жетілдіреді. Бұған қоса, жаңа технологиялар арқылы оқушылар өздерінің шығармашылық жобаларын жинақтап, оны топпен немесе жеке түрде таныстыру мүмкіндігіне ие болады [4, 110 б.].

Педагогикалық практикадағы инновациялық технологиялар. Педагогикалық практикада инновациялық технологияларды қолдану мұғалімдердің оқыту әдістерін жаңартып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға жол ашады. Мұғалімдердің негізгі міндеті – оқушыларды тек біліммен қамтамасыз ету ғана емес, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Осыған байланысты педагогтар жаңа технологияларды пайдалану арқылы оқу үрдісін жандандырып, оқушылардың қабілеттерін шындай алады.

Инновациялық технологияларды қолдану педагогтардың шығармашылық ойлауына да оң әсер етеді. Бұл мұғалімдерге өз сабағын әртүрлі әдістермен ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мұғалімдер оқу үрдісінде оқушыларды өз бетінше ізденуге, оларды шығармашылық жобаларға тартуға ұмтылады. Әр сабақта оқушыларға бейнемазмұн, инфографика, интерактивті жаттығулар мен тесттер ұсынылады. Мұндай жұмыстар оқушыларды қызықтырады, олар өздерінің шығармашылық қабілеттерін іске асыруға талпынады [5, 90 б.].

Инновациялық технологиялар білім беру үдерісін жетілдіруде және білім сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Олар оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сонымен бірге білім беру үдерісін интерактивті және тиімді етуге мүмкіндік береді. Педагогикалық практикада жиі қолданылатын инновациялық технологияларға жататын: модульдік оқыту технологиясы: Бұл технология оқу материалын жеке блоктарға (модульдерге) бөлу арқылы білім алушылардың өзіндік оқуын ынталандырады. Модульдер әрбір студенттің білім деңгейіне бейімделеді; деңгейлеп оқыту технологиясы: Білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, оқу мазмұнын олардың қабілеттеріне қарай бейімдеу әдісі; проблемалық оқыту: Оқушыларды мәселені өз бетінше шешуге тарту арқылы олардың аналитикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамыту; интерактивті оқыту технологиялары: Қатысушылардың барынша белсенді әрекеттерін талап ететін әдістер. Оларға тренингтер, іскерлік ойындар, пікірталастар жатады; ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ): Оқу үдерісінде цифрлық құралдарды (мультимедиа, интернет-ресурстар, интерактивті тақталар) пайдалану арқылы білім беру сапасын арттыру; ойын технологиялары: Бұл әдістер оқушылардың пәнге қызығушылығын оятып, материалды меңгеруді жеңілдетеді [6, 150 б.].

"Қазақстан-2050 стратегиясы" бағдарламасында елдің дамуының негізгі бағыттары мен мақсаттары көрсетілген. Бұл стратегияның басты мақсаты – Қазақстанның әлемдік деңгейдегі жоғары дамыған мемлекеттер қатарына қосылуы. Стратегияда білім беру саласына ерекше көңіл бөлініп, жаңа инновациялық технологиялар мен білім беру жүйесін модернизациялау қажеттілігі айтылған. Сонымен қатар, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы білім беру жүйесін жетілдіру маңызды болып табылады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін еліміздің оқу орындарында жаңа технологияларды енгізу және педагогикалық әдістерді жаңарту ұсынылады. Оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту, олардың өзіндік пікірін қалыптастыру және жаңа идеяларды ұсыну қабілеттерін

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

арттыру – мемлекеттің білім беру жүйесін алға жылжытудағы басты міндеттердің бірі болып табылады [7, мәлімет алынған күні: 28.11.2024ж.].

Жұмысымызда қолданылған инновациялық технологиялар мен шығармашылық тапсырмалардың оқушылардың шығармашылық қабілеттеріне әсері айқын байқалды. Эксперименттік топтағы оқушылардың шығармашылық жұмыстары көп жағдайда дәстүрлі әдістермен салыстырғанда айтарлықтай жоғары болды. Оқушылардың жобаларында жаңа идеялар, инновациялық тәсілдер және шығармашылық шешімдер көрініс тапты. Сонымен қатар, зерттеу барысында алынған нәтижелер оқушылардың жаңа технологияларды қолдануға деген қызығушылықтары артқанын көрсетті. Осы тақырып бойынша 8-9 сынып оқушылары арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері жаңа инновациялық технологиялар арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік береді.

Сауалнама құрылымы: Сіз инновациялық технологияларды (интерактивті тақта, электрондық оқулықтар, интернет-ресурстар) сабақ барысында жиі қолданасыз ба?; Интерактивті құралдарды пайдаланған кезде сабаққа деген қызығушылығыңыз арта ма?; Сіз жаңа технологиялар арқылы өз шығармашылық қабілеттеріңізді дамытуға мүмкіндік таба аласыз ба?; Инновациялық технологиялар (мысалы, компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақталар, бейнемазмұн) сіздің шығармашылық қабілеттеріңізді дамытуда пайдалы болды?; Сабақтарда қолданылған инновациялық технологиялар сіздің оқу процесін қызықтырып, белсенді қатысуыңызға ықпал етті ме?; Жаңа технологияларды қолданғаннан кейін сіздің шығармашылық жұмысыңыз жақсара ма?; Сіз сабақтарда шығармашылық тапсырмаларды орындағанды ұнатасыз ба?; Оқытушының жаңа технологияларды қолдану сіздің ойыңызды өзгертуге немесе жаңа идеяларды ашуға көмектесті ме? Сауалнама нәтижелері төменде көрсетілген. (Кесте-2)

Сұрақтар	Иә	Кейде	Жоқ
Сіз инновациялық технологияларды сабақ барысында жиі қолданасыз ба?	70%	20%	10%
Интерактивті құралдарды пайдаланған кезде сабаққа деген қызығушылығыңыз арта ма?	80%	10%	10%
Сіз жаңа технологиялар арқылы өз шығармашылық қабілеттеріңізді дамытуға мүмкіндік таба аласыз ба?	60%	30%	10%
Инновациялық технологиялар (мысалы, компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақталар, бейнемазмұн) сіздің шығармашылық қабілеттеріңізді дамытуда пайдалы болды?	80%	15%	5%
Сабақтарда қолданылған инновациялық технологиялар сіздің оқу процесін қызықтырып, белсенді қатысуыңызға ықпал етті ме?	60%	30%	10%
Жаңа технологияларды қолданғаннан кейін сіздің шығармашылық жұмысыңыз жақсара ма?	70%	20%	10%
Сіз сабақтарда шығармашылық тапсырмаларды орындағанды ұнатасыз ба?	90%	10%	0%
Оқытушының жаңа технологияларды қолдану сіздің ойыңызды өзгертуге немесе жаңа идеяларды ашуға көмектесті ме?	70%	20%	10%

Кесте-2 Сауалнаманың нәтижесі

## **ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ**

Сауалнама нәтижелері бойынша, оқушылардың көпшілігі оқу барысында жаңа технологияларды пайдаланғанды жақсы көретінін және бұл әдіс олардың оқу процесіне деген қызығушылықтарын арттырғанын атап өтті. Оқушылардың шығармашылық қабілеттері тек сабақтардағы жаңа технологияларды қолдану арқылы ғана емес, сондай-ақ шығармашылық тапсырмалар мен жобаларға қатысу арқылы да дамыды. Оқушылар өздерінің жұмыстарын топта орындап, бір-бірімен пікір алмасып, әртүрлі тәсілдер мен әдістерді қолдануға талпынды.

Бұл зерттеудің нәтижелері инновациялық технологиялардың оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы тиімділігін айқындады. Оқушылар жаңа технологияларды пайдалану арқылы өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтіп, жаңа әдістер мен тәсілдерді қолдануға үйренді. Бұл олардың оқу процесіне деген қызығушылықтарын арттырып, шығармашылық ойлау дағдыларын нығайтты.

### **Қорытынды:**

Қорытындылай келе, инновациялық технологиялар білім беру процесін жетілдіруге және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлкен ықпал етеді. Олар оқыту әдістерін жаңартып, білім алушылардың оқу процесіне қызығушылығын арттырады. Интерактивті құралдарды пайдалану, компьютерлік бағдарламалар мен виртуалды платформалар оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға, өз идеяларын еркін жеткізуге мүмкіндік береді. Оқытушылардың инновациялық технологияларды сабақта тиімді қолдануы оқушылардың танымдық қызметін белсендіреді. Сонымен қатар, жаңа технологиялар оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың шығармашылық әлеуетін толық ашуға жағдай жасайды. Технологияларды қолдану арқылы білім беру жүйесінде тиімділік арттырылып, шығармашылық тапсырмаларды орындау дағдылары жетілдіріледі. Болашақта инновациялық технологиялардың білім беру саласында рөлі тек ұлғайып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға әсер ететін негізгі факторлардың бірі болары сөзсіз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – Алматы: Білім, 2008. – 232 б.
2. Сарбасова Қ.А. Инновациялық технологиялар. - Алматы, 2015. – 196 б.
3. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 1998. 256 с.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Нұр-Сұлтан: Сенімен болашақ, 2022. – 160 б.
5. Ляудис В.Я. Инновационное обучение и наука. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 1992.- 152 с.
6. Бұзаубақова К.Ж. Инновациялық педагогика негіздері: оқу құралы. – Алматы: Білім, 2019. – 424 б.
7. Назарбаев, Н. Ә. (2010). Қазақстан-2050 стратегиясы. 28-қараша 2024 ж. [Электрондық ресурс] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050> (мәлімет алынған күні: 28.11.24).

## **ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУ**

Алдабергенова Айнагуль Батталгозиевна

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты магистранты  
Қазақстан. Арқалық қ.

### **Аннотация**

Бұл мақалада бастауыш сыныптарда пәнаралық интеграцияны қолдану арқылы білім сапасын арттырудың маңыздылығы қарастырылады. Интеграцияланған оқыту оқушылардың

танымдық белсенділігін арттырып, пәндер арасындағы байланысты терең түсінуге ықпал етеді. Зерттеу барысында пәнаралық оқытудың тиімді әдістері мен құралдары талданып, олардың оқушылардың білім сапасына әсері зерттеледі.

**Кілттік сөздер:** бастауыш білім, пәнаралық интеграция, білім сапасы, оқыту әдістері, танымдық белсенділік.

### **Annotation**

This article explores the importance of interdisciplinary integration in improving the quality of education in primary school. Integrated learning enhances students' cognitive activity and helps them develop a deeper understanding of the connections between subjects. The study analyzes effective methods and tools of interdisciplinary teaching and examines their impact on students' academic performance.

**Keywords:** primary education, interdisciplinary integration, quality of education, teaching methods, cognitive activity.

### **Аннотация**

В данной статье рассматривается значение междисциплинарной интеграции в повышении качества образования в начальных классах. Интегрированное обучение способствует развитию познавательной активности учащихся и помогает глубже понимать связи между предметами. В ходе исследования анализируются эффективные методы и инструменты межпредметного обучения, а также их влияние на качество знаний учащихся.

**Ключевые слова:** начальное образование, междисциплинарная интеграция, качество образования, методы обучения, познавательная активность.

Бастауыш білім беру – оқушылардың іргелі білімін қалыптастыратын маңызды кезең. Осы деңгейде білім сапасын арттырудың бір тиімді әдісі – пәнаралық интеграция. Пәнаралық интеграция әртүрлі пәндер арасында байланыс орнату арқылы оқушылардың кешенді ойлау қабілетін дамытады, пәндік білімді терең меңгеруге көмектеседі. Бұл мақалада бастауыш сыныптарда пәнаралық интеграцияны қолданудың маңызы, әдістері және оның білім сапасына ықпалы қарастырылады.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру арқылы олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау. Бұл міндетті жүзеге асырудың тиімді жолдарының бірі – пәнаралық байланыс негізінде оқыту. Бастауыш сыныптарда пәнаралық интеграцияны қолдану оқушылардың білімін жүйелеуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және оқу процесіне деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

### **Пәнаралық интеграцияның маңызы**

Пәнаралық интеграция білім беру процесін жекелеген пәндер шеңберінен шығарып, оларды өзара байланыстыру арқылы оқушылардың білімін кешенді түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл:

- Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырады;
- Логикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамытады;
- Білімнің өмірмен байланысын күшейтеді;
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді.

### **Бастауыш сыныптарда пәнаралық интеграцияны жүзеге асыру жолдары**

Пәнаралық интеграцияны бастауыш сыныптарда тиімді іске асыру үшін бірнеше әдістерді қолдануға болады:

1. **Тақырыптық біріктіру** – әртүрлі пәндерді ортақ тақырып аясында оқыту. Мысалы, "Көктем" тақырыбы аясында оқушылар ана тілінде көктем туралы мәтін оқып, математикада көктемге қатысты есептер шығарады, дүниетану пәнінде көктемгі өзгерістерді зерттейді.

2. **Жобалық әдіс** – оқушыларға әртүрлі пәндерден алған білімін қолданып, зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беру. Бұл әдіс олардың зерттеу дағдыларын қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамытады.

3. **Интеграцияланған сабақтар** – мұғалім бірнеше пәннің мазмұнын біріктіріп, бір сабақ аясында оқытады. Мысалы, "Су – тіршілік көзі" тақырыбы бойынша дүниетану, әдебиеттік оқу және бейнелеу өнері пәндерін біріктіре оқыту.

### **Пәнаралық интеграцияның білім сапасына ықпалы**

Зерттеулер көрсеткендей, пәнаралық интеграция әдісін қолдану оқушылардың білімді есте сақтауын 30-40%-ға арттырады. Сонымен қатар, бұл тәсіл оқушылардың оқу мотивациясын жақсартып, олардың пәндерді терең түсінуіне ықпал етеді. Пәнаралық байланыстарды орнату оқушылардың білімін практикада қолдануға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде олардың өмірге бейімделуіне және функционалдық сауаттылығын дамытуға көмектеседі.

### **Қорытынды**

Бастауыш сыныптарда пәнаралық интеграцияны қолдану – білім беру сапасын арттырудың тиімді жолдарының бірі. Ол оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, пәндер арасындағы байланысты түсінуге көмектеседі. Бұл әдісті кеңінен қолдану оқушылардың жан-жақты дамуына және білімнің өміршеңдігін арттыруға ықпал етеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М.: Педагогика, 1987.
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту тұжырымдамасы. – Астана, 2016.
4. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.
5. Тәжібаев Т. Жалпы психология. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.

## **ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫ КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ БАҒЫТЫНДЫҒЫ ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Г. Қ.Шашаева, А.Ф.Мұхитова, Ә.Т.Құрбанбай, Ғ.Е.Оралов  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, email: t\_gulbakhit@mail.ru

**Аңдатпа:** Бұл мақалада педагог-психологтың оқушыларды кәсіптік бағдарлау бағытындағы жұмыс түрлерін ұйымдастыру мәселесі талқыланады. Қазіргі еңбек нарығының өзгермелілігі жағдайында оқушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарын анықтау және болашақ мамандықты дұрыс таңдауға бағыттау маңызды міндет болып табылады. Мақалада кәсіптік бағдарлау ұғымының мәні ашылып, оның психологиялық және педагогикалық аспектілері қарастырылады. Зерттеу барысында оқушылардың мамандық таңдауына әсер ететін факторлар мен критерийлер анықталған. Авторлар Финляндия, Жапония және Сингапур секілді елдердің тәжірибесін мысалға келтіре отырып, кәсіптік бағдарлау жүйесінің түрлі тәсілдерін талдайды. Сондай-ақ, оқушылардың мамандық таңдаудағы жеке қасиеттері мен құндылықтарын анықтауға арналған тесттер мен әдістемелер сипатталып, зерттеу нәтижелері көрсетілген. Нәтижелер көрсеткендей, оқушылардың мамандық таңдауында материалдық факторлар (жалақы) басым рөл атқарады, сонымен қатар отбасы, достар және мұғалімдердің ықпалы зор. Мақалада педагог-психологтардың кәсіптік бағдарлаудағы рөлі, әдістері мен тәсілдерін жетілдіру қажеттілігі атап көрсетілген. Зерттеу нәтижелері кәсіптік бағдарлау жұмысының тиімділігін арттыруға арналған ұсыныстар жасауға негіз болады.

**Түйін сөздер:** оқушыларды кәсіптік бағдарлау, психологиялық және педагогикалық аспектілер, педагог-психологтың рөлі, болашақ мамандықты таңдау, педагогикалық-психологиялық факторлар.

**Annotation:** this article discusses the issue of organizing the types of work of a teacher-psychologist in the direction of vocational guidance of students. In the context of the variability of the modern labor market, an important task is to identify the abilities and interests of students and direct them to the correct choice of a future profession. The article reveals the essence of the concept of Career Guidance and considers its psychological and pedagogical aspects. In the course of the study, factors and criteria affecting the choice of a profession by students were identified. The authors analyze various approaches to the career guidance system using the example of the experience of countries such as Finland, Japan and Singapore. Also, tests and methods for determining the personal qualities and values of students in choosing a profession are described, and the results of the study are shown. The results show that material factors (salary) play a dominant role in students' choice of profession, as well as family, friends and teachers have a great influence. The article highlights the role of teachers-psychologists in career guidance, the need to improve methods and techniques. The results of the study serve as the basis for the development of recommendations for improving the effectiveness of Career Guidance work.

**Key words:** professional orientation of students, psychological and pedagogical aspects, the role of a teacher-psychologist, the choice of a future profession, pedagogical and psychological factors.

**Кіріспе.** Педагог-психологтың оқушыларды кәсіптік бағдарлау бағытындағы жұмыс түрлерін ұйымдастыру қазіргі замандағы білім беру жүйесінде маңызды рөл атқаратын кәсіптік бағдарлау саласының өзектілігіне арналады. Бүгінгі таңда мектеп оқушыларының өз қабілеттерін және болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауына бағыт беру — педагог-психологтың негізгі міндеттерінің бірі. Қазіргі еңбек нарығының сұранысы өзгеріп жатқандықтан, оқушылардың қабілеттерін ашып, болашақ мамандыққа қызығушылықтарын ояту мәселелері педагогикалық және психологиялық қолдауды талап етеді. Бұл зерттеу жобасы оқушылардың кәсіби бағдарлауын дамытуға арналған педагог-психологтың рөлін ашып көрсетеді. Жоба мектеп жасындағы балаларға кәсіптік бағдар беру үдерісін психологиялық тұрғыдан қарастырады, сонымен қатар, педагог-психологтың кәсіптік бағыттағы жұмыс түрлерін жүйелеуді көздейді. Бұл жұмыс мамандық таңдау үдерісінде оқушылардың әлеуетін дұрыс анықтауға, өзін-өзі тану және болашақ мамандықты таңдауға бағыттауға көмектеседі. Бұл жұмыстың негізгі **мақсаты** — оқушылардың кәсіптік бағдар алуына педагог-психологтың ұйымдастыратын жұмыс түрлерін анықтау және тиімділігін дәлелдеу. Бұл мақсатқа жету үшін оқушылардың кәсіптік бағдар алуына әсер ететін психологиялық факторларды зерттеп, оларға бағыт беру әдістерін жүйелеу қажет. Егер педагог-психологтың оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысы жүйелі түрде және әртүрлі әдістемелерді қолдана отырып ұйымдастырылса, онда оқушылардың өз болашақ мамандықтарын таңдауға дайындығы жоғарылайды, еңбек нарығына сәйкес келетін, өзіндік қабілеттеріне сай мамандық таңдауға мүмкіндігі артады.

**Әдістеме.** Теориялық әдістер: әдебиеттерді шолу, талдау және синтездеу, салыстырмалы талдау; Эмпирикалық әдістер: сауалнама жүргізу; Математикалық-статистикалық әдістер: алынған мәліметтерді статистикалық талдау, сандық және сапалық көрсеткіштерді бағалау.


**Талдау мен нәтижелер:** Кәсіптік бағдар беру – бұл жастарға мамандық таңдаудағы қабілеттер мен бейімділіктерді, кәсіби және танымдық қызығушылықтарды анықтау мен дамытуға жеке-бағдарланған көмек көрсету бойынша әлеуметтік-экономикалық, психологиялық-педагогикалық, медициналық-биологиялық және өндірістік-техникалық шаралардың ғылыми негізделген жүйесі, сондай-ақ нарық жағдайында қажеттілік пен еңбекке дайындықты, меншік және кәсіпкерлік нысандарының көптүрлілігін қалыптастыру. Ол оқу-тәрбие процесі, оқушылармен сабақтан тыс және мектептен тыс жұмыстар арқылы жүзеге асырылады [1, Қолданылған күні: 24.11.2024]. Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде кәсіптік бағдарлаудың маңыздылығы артып келеді. Себебі технологиялар мен мамандықтардың тез дамуы, сондай-ақ жаңа салалардың пайда болуы

оқушылардың мамандық таңдауын қиындатады. Бір қызықты факт — "LinkedIn Future of Skills" зерттеуінде көрсетілгендей, жұмыстың 85%-ы 2030 жылға дейін өзгеріске ұшырайды және бұл өзгерістер жастардың еңбек нарығына дайындығын арттыру қажеттілігін туғызады. Зерттеуде атап көрсетілгендей, студенттерді мектептен бастап дұрыс бағыттау олардың тек академиялық білім алуына емес, болашақтағы еңбекке икемделуіне де септігін тигізеді. Педагог-психологтардың кәсіптік бағдарлаудағы басты міндеті – оқушылардың жеке ерекшеліктерін және еңбек нарығындағы сұранысты ескере отырып, оларға мамандық таңдауға көмектесу [2, Қолданылған күні: 23.11.2024]. Педагог-психолог маманның оқушыларға кәсіптік бағыт-бағдар берудегі рөлі ерекше. Бір мысал ретінде Финляндиядағы білім беру жүйесін келтіруге болады, онда мектеп психологтары мен мұғалімдер оқу бағдарламасына мамандықтарға баулу сабақтарын енгізіп, оқушылардың болашақ мамандықтарын зерттеуіне көмектеседі. Фин мектептерінде оқушыларға өзін-өзі тану, кәсіби қалауын анықтау үшін арнайы тесттер өткізіліп, олардың 93%-ы мектепте оқып жүрген кезде-ақ қандай мамандықты таңдауды түсінеді [3, Қолданылған күні: 23.11.2024]. Педагог осы процесте тесттер мен сауалнамаларды, сонымен қатар кәсіби диагностика әдістерін қолдана отырып, оқушылардың қабілеттерін, мүдделерін және тұлғалық қасиеттерін анықтайды. Мысалы, Холланд теориясы бойынша мамандық таңдау тұлғаның психологиялық қасиеттеріне тікелей байланысты [4, 83 бет]. Бұл теорияны зерттеу негізінде педагог-психолог оқушылардың мамандыққа бейімділігін тексеріп, мамандық түрлерін дұрыс таңдауға көмек береді. Сонымен қатар, 10–11 сынып оқушыларының білімге деген ынтасын, эмоционалды дұрыс көз-қарасын қалыптастырудың ықпалы өте үлкен. Оқуға эмоционалды қатысуды ынталандыру әсіресе жас, аз келісімді, ынтасы аз және төзімділігі төмен оқушылардың кіші топтары үшін маңызды болды. Бұл жұмыстың нәтижелері біздің зерттеу бағытымыздың өзектілігін дәлелдейді. Тұңғыш президент Н. Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясында білім мен кәсіби дағдылар қазіргі заманғы білім беру, кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары екенін атап өтті [5, Қолданылған күні: 24.11.2024]. Сондықтан мектептің әр түлегінің алдында «Қандай білім беру бағдарламасын таңдау керек?», «Болашақта қандай мамандықтар сұранысқа ие болады?», «Қайда түсу керек?» және т.б. сұрақтар жыл сайын туындайды. Кәсіптік бағдарлау жұмысында қолданылатын әдістердің бірі — психологиялық тесттер және сауалнамалар. Осы әдістер оқушылардың мамандыққа икемділігін анықтау мақсатында жиі қолданылады. Дэвид Кеунинг зерттеуінде көрсетілгендей, кәсіби тесттерді мектеп оқушыларымен жүргізу олардың өзін-өзі тануына ықпал етеді және кәсіби бағдарын ертерек анықтауға мүмкіндік береді. Көптеген мектептерде "Кәсіптік бағдарлау апталықтары" өткізіледі, бұл уақытта оқушылар түрлі мамандықтар бойынша шеберлік сабақтарына қатысады, осылайша олар мамандықтың шынайы келбетімен танысады. Жапонияда оқушыларға «қызмет пен кәсіби тәжірибе сабақтарын» өткізу дәстүрге айналған [6, Қолданылған күні: 23.11.2024]. Мысалы, оқушылар аптасына бір күн өздері таңдаған кәсіптермен шынайы танысу үшін түрлі кәсіпорындарға барып тәжірибе жинайды. Бұл әдіс оқушылардың кәсіпке икемділігін тексеріп, мамандықты нақты түсінуге ықпал етеді. Осылайша, оқушылар еңбекке жақын болуды үйренеді. Г.Резапкинаның модификациясындағы әйгілі литвалық психолог Л.Йовайшидің орта мектеп жасындағы оқушыларға (мектеп түлектері мен талапкерлерді қоса алғанда) «кәсіби бейімділікті анықтау» сынағы бар. Л. Йовайшидің әдістемесі сіздің хоббиіңізге, дағдыларыңызға және бейімділіктеріңізге негізделген әртүрлі қызмет салаларына 6 бейімділікті зерттеу болып табылады [7, Қолданылған күні: 24.11.2024]. Нәтижесінде тестіленуші келесі санаттар бойынша бағыттардың сипаттамасын және қолайлы кәсіптердің мысалдарын алады: - зияткерлік және зерттеу жұмыстарына бейімділік; - адамдармен жұмыс істеуге бейімділік; - тәжірибелік қызметке бейімділік; - жоспарлы-экономикалық қызмет түрлеріне бейімділік; - эстетикалық қызмет түрлеріне бейімділік; - экстремалды қызмет түрлеріне бейімділік. Әрі қарай, білім беру процесінде жасөспірімдер психологиялық диагностиканың нәтижелерін және білім беру бағдарламаларын зерттеп, университет пен мамандықты таңдауда мағыналы,



## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

жүйелі түрде талдап, тандайды. Хоув-Штраустың ұрпақтар теориясы бойынша [8, 9 бет] ұрпақ тек жасты ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, саяси, экономикалық, технологиялық прогресстер мен отбасылық тәрбиенің әсерінен қалыптасатын адамдардың құндылықтарын қалыптастырады және анықтайды. Сондай-ақ, қазіргі уақытта құндылықтары басымдыққа ие қоғамның бір бөлігін бөліп көрсетуге болады. Бұл теорияға сәйкес, осы жылдары және қазіргі уақытта болған адамдар келесі ұрпақтардың өкілдері: - үнсіз ұрпақ (туған жылдары 1923-1943); -беби-бумерлер немесе бумерлер ұрпағы (туған жылдары 1943-1963); - X ұрпағы немесе Белгісіз ұрпақ (туған жылдары 1963-1983); - Y ұрпағы немесе Желі ұрпағы, Миллениум ұрпағы (туған жылдары 1983-2003); -Z ұрпағы (туған жылдары 2003-2010); -Альфа ұрпақ (туған жылдары 2010-бүгінге дейін). Бұл жағдайда біздің назарымызды Z және альфа буындары өзіне аударады. Олардың құндылықтары әлі қалыптасқан жоқ. Осы ұрпақтардың әрқайсысының өкілдерінің психологиялық ерекшеліктерін білу қазіргі заманғы бизнесті жүргізуде табысқа жетудің ажырамас шарты болып табылады. Компанияның персоналға деген қажеттілігін жоспарлаудан және корпоративтік мәдениетті қалыптастырудан бастап, тіпті тауарлар туралы ақпаратты жеткізу әдістері мен тәсілдеріне дейін. Осылайша, осы теорияға сүйене отырып және әр ұрпақтың құндылықтары мен қалауларын талдай отырып, бүгінгі таңда жастар өз жолын біреудің нұсқауы бойынша таңдамайды және ағынмен жүрмейді, олардың көзқарастары мүлдем басқа, олар білім алып қана қоймай, одан барынша мүмкіндік алғысы келеді, пайда алып, пайдалы болуға ұмтылады. Кәсіптік бағдарлау жұмысын нәтижелі жүргізу үшін педагог-психологтар кәсіби білім мен оқытудың жаңа әдістерін игеруі қажет. Осы тұрғыда Сингапур үлгісін мысалға алуға болады, онда мектептерде кәсіптік бағдар берудің арнайы курстары енгізілген және оған еңбек нарығының талаптарына сәйкес оқыту басты назарда тұр [9, Қолданылған күні: 23.11.2024]. Сингапурда әр оқушының өзіне тән қабілетін анықтау үшін түрлі психологиялық тренингтер, практикалық жобалар ұйымдастырылады, бұл оқушылардың жұмысқа деген қызығушылығын оятады. Бұдан басқа, кәсіптік бағдарлау жұмысын формалар арқылы ұйымдастыру тренді танымал болып келеді. Мысалы, Ресейде «Атлас новых профессий» платформасы іске қосылған, мұнда оқушыларға мамандықтардың даму келешегін түсіндіріп, еңбек нарығындағы өзгерістер жайлы ақпарат беріледі [10, Қолданылған күні: 23.11.2024]. Бұл платформа көптеген мектептерде кәсіптік бағдарлау курстарында қолданылады. Зерттеудің тәжірибелік бөліміне жалпы білім беретін мектептің 8-11 сыныптарының 130 оқушысы қатысты. Бұл зерттеу үшін арнайы сауалнама әзірленді. Сауалнаманың мақсаты – жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауына белгілі бір факторлардың әсер ету дәрежесін анықтау. Зерттеу онлайн форматта, Google формасы арқылы жүргізілді. Болашақ мамандықты таңдау бойынша сауалнама нәтижелері 1-суретте көрсетілген.




1-сурет. 8–11 сынып оқушыларының мамандық таңдауы

Мәліметтерге қарағанда, оқушылардың 42%-ы болашақ мамандығын әлі таңдамағанын атап өтті, ал 58%-ы нақты бір мамандыққа таңдау жасаған. Бұл нәтижені, ең


## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

алдымен, зерттеуге қатысушылардың басым көпшілігінің 10–11 сынып оқушылары екендігімен түсіндіруге болады. Әдетте, 9-сыныптан кейін оқушылар колледжге түсуді көздейді, ал 10–11 сыныптан кейін университетке оқуға түсуге ұмтылады. Соңғысы, мамандық таңдап, университетте оқуын жалғастыру мақсатында ҰБТ-ны (Ұлттық Бірыңғай Тестілеуді) тапсыруға саналы түрде дайындалады. Осыған байланысты, 10–11 сыныпта оқитын қазіргі жасөспірімдер болашақ мамандығын 8–9 сынып оқушыларына қарағанда әлдеқайда анықтап үлгерген. Келесі нәтижелер болашақ мамандығын таңдаған 58% респонденттің арасында қарастырылды. Оқушылардың мамандық таңдауына әсер еткен критерийлер туралы жауаптарының нәтижелері 2-суретте көрсетілген.




2-сурет. Жоғары сынып оқушыларының мамандық таңдауына әсер еткен критерийлер.

Бұл сұрақ 5 критерийден тұрады: ақша (жалақы), қызықты жұмыс, жеке қасиеттердің мамандыққа сай келуі, «осы мамандықты таңдауға кеңес берді», және «басқасы». «Басқасы» жауабы ашық сұрақ ретінде беріліп, басқа да мүмкін жауаптарды қамтыды: таңдаған мамандығым болашақта пайдалы, ең болмағанда бірдеңе таңдадым, бұл сала өзіме тартымды екеніне күмәнім бар, ҰБТ пәндеріне сәйкес келеді, маған осы жайлы айтты, және т.б. «Басқасы» нұсқасын респонденттердің 11%-ы таңдады. Қалған жауаптар санатына қарайтын болсақ, мамандық таңдауда материалдық критерийлер (ақша) шешуші рөл атқарғанын көреміз, себебі респонденттердің 45%-ы осы критерийді таңдады. Одан кейін оқушылар жұмыстың қаншалықты қызықты екеніне (23%) және жеке қасиеттерінің мамандыққа сәйкес келуіне (15%) назар аударады. Сонымен қатар, респонденттердің 6%-ы белгілі бір мамандықты таңдауға кеңес берілгенін, яғни басқа критерийлерді есепке алмағанын айтты. Осылайша, мектеп оқушылары болашақ мамандықты таңдағанда басымдық берген критерий — ақша (жалақы), яғни материалдық-экономикалық фактор. Қазіргі кездегі экономикалық жағдайдың жедел өзгеруі, мамандықтар мен мамандарға қойылатын нарықтық талаптар, әлеуметтік және саяси өзгерістерге байланысты жастар болашақ кәсіби қызметінің қаржылық жағына алаңдайды. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауына әсер ететін факторлар бойынша респонденттердің жауаптарының нәтижелері 3-суретте көрсетілген.



3-сурет – Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауына әсер ететін факторлар

Алынған деректерге сәйкес, респонденттердің 30%-ы болашақ мамандығын өздігінен таңдаған. 36%-ына отбасы әсер еткен, 6%-ына мұғалім немесе жаттықтырушы, 10%-ына достары, 10%-ына құрметтейтін тұлғалары (идолдары), 8%-ына бұқаралық ақпарат құралдары, фильмдер, аниме әсер еткен. Осылайша, оқушылардың басым бөлігі болашақ мамандықты таңдауда өздерінің мақсаттары мен қалауларына сүйенбейді, керісінше, басқа адамдардың немесе маңызды тұлғалардың пікіріне жүгінеді, өйткені жалпы алғанда, 70% оқушыларға әртүрлі объективті факторлар (отбасы, мұғалім, жаттықтырушы, достар, БАҚ, фильмдер, аниме) әсер еткен. Оқушылардың таңдаған мамандығына байланысты қаншалықты қолдау алатыны туралы жауаптарының нәтижелері 4-суретте көрсетілген.



4-сурет. Жоғары сынып оқушыларының қолдау алатын ортасы

Нәтижелерге сәйкес, оқушылардың 54%-ы таңдаған мамандығына отбасы мен достарынан қолдау табады. Респонденттердің 5%-ы тек отбасынан, ал 20%-ы тек достарынан қолдау тапқан. Сонымен бірге, жоғары сынып оқушыларының 12%-ына таңдаған мамандығы бойынша ешкім қолдау көрсетпейді. Оқушылардың 9%-ы қандай да бір себептермен болашақ мамандығы туралы ешкімге айтпаған [11, 142 бет].

**Қорытынды.** Кәсіптік бағдарлау қазіргі білім беру жүйесінің маңызды бір бөлігіне айналған. Бұл процесс жасөспірімдерге өз қабілеттерін, мүдделерін және тұлғалық ерекшеліктерін анықтап, болашақ мамандық таңдауда дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі. Заманауи қоғамда мамандықтар тез өзгеріп, еңбек нарығы динамикасы өсуде, сондықтан жастарды еңбекке дұрыс бағыттау білім беру жүйесінің басты міндеттерінің біріне айналууда. Кәсіптік бағдарлаудың психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік-экономикалық аспектілерін ескере отырып, мектептерде бұл жұмыс түрін жүргізудің түрлі әдістері әзірленген. Бұған қосымша психологиялық тесттер, сауалнамалар, мамандықтар бойынша шеберлік сабақтары сияқты әдістер қолданылады, олар жастарға өзін-өзі тануға және қызығушылықтарына сәйкес келетін мамандықты таңдауға көмектеседі. Қорытындылай

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

келе, қазіргі таңда кәсіптік бағдар беру – әрбір оқушының қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес келетін мамандықты таңдауына көмектесетін кешенді процесс. Бұл бағыттағы жұмыстарды тиімді жүзеге асыру үшін педагог-психологтар әлемдік тәжірибені ескере отырып, заман талабына сай әдістемелерді қолдануы қажет. Мектеп қабырғасынан бастау алған бұл бағыт жасөспірімдерге өзіндік қабілеттерін дамытып, еңбек нарығындағы өзгерістерге бейімделуіне қолдау көрсетеді. Осылайша, кәсіптік бағдарлау – болашақ мамандарды дайындаудағы маңызды қадам.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1."Қазақстандағы 12 жылдық орта жалпы білім беру концепциясы" (2010): Қол жетімді: URL: [https://astana-bilim.kz/12\\_let\\_sred\\_obr?lang=ru](https://astana-bilim.kz/12_let_sred_obr?lang=ru) [Қолданылған күні: 24.11.2024]
- 2."LinkedIn Future of Skills" зерттеуі: Қол жетімді: URL: <https://linkedin.github.io/future-of-skills/> [Қолданылған күні: 23.11.2024]
- 3.Финляндияның білім беру жүйесі туралы мақалалар: Қол жетімді: URL: <https://www.educationfinland.fi> [Қолданылған күні: 23.11.2024]
- 4.Холланд, Дж. "Профессиональные типы личности": 1973., 200 бет.
- 5."Қазақстан 2050" стратегиясы: Қол жетімді: URL: [https://www.akorda.kz/ru/official\\_documents/strategies\\_and\\_programs](https://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs) [Қолданылған күні: 24.11.2024]
- 6.Жапон кәсіптік бағдарлау жүйесі: Жапония Білім министрлігінің деректері. Қол жетімді: URL: <https://www.mext.go.jp/en/> [Қолданылған күні: 23.11.2024]
- 7.Л. Йовайшидің модификациясы (Г. Резапкина): Қол жетімді: URL: <https://mujihscola.yam.eduru.ru/...> [Қолданылған күні: 24.11.2024]
- 8.Хоу Н., Страус У. "Ұрпақтар: Американың болашағының тарихы, 1584 жылдан 2069 жылға дейін", Harper Collins баспасы, 1992. 544 бет.
- 9.Сингапурдың "SkillsFuture" бағдарламасы: Қол жетімді: URL: <https://www.skillsfuture.gov.sg/> [Қолданылған күні: 23.11.2024]
- 10."Атлас новых профессий" онлайн-платформасы: Ресей еңбек нарығы. Қол жетімді: URL: <https://new.atlas100.ru/> [Қолданылған күні: 23.11.2024]
- 11.Волков Б.С. "Жасөспірімдік және жастық психологиясы": М., Академиялық жоба, 2006. 256 бет.

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Касым Таншолпан Аянқызы

БІ. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты магистранты  
Қазақстан. Арқалық қ.

### Аннотация

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының ұлттық болмысын қалыптастырудың педагогикалық негіздері қарастырылады. Ұлттық болмыс ұғымының мәні ашылып, оны қалыптастырудағы білім беру жүйесінің рөлі сипатталады. Сонымен қатар, ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді насихаттау, этнопедагогикалық әдістерді қолдану арқылы оқушылардың ұлттық сана-сезімін дамыту жолдары талданады.

**Кілттік сөздер:** ұлттық болмыс, бастауыш білім, этнопедагогика, мәдени тәрбие, ұлттық құндылықтар.

Қазіргі таңда ұлттық болмысты сақтау мен дамыту мәселесі білім беру жүйесінің өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарға құрметін арттыру, олардың мәдени санасын қалыптастыру арқылы елдің

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

болашақ ұрпағын тәрбиелеу – басты міндеттердің бірі. Бастауыш мектеп кезеңі – баланың тұлғалық дамуының негізі қаланатын кезең, сондықтан осы сатыда ұлттық болмысты қалыптастыруға ерекше мән берілуі қажет.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – ұлттық болмысты сақтап, оны жас ұрпақтың санасына сіңіру. Әсіресе, бастауыш сынып кезеңі – баланың дүниетанымы, құндылықтар жүйесі қалыптасатын маңызды уақыт. Сондықтан оқушылардың ұлттық болмысын дамыту үшін педагогикалық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану қажет.

Ұлттық болмыс дегеніміз не?

Ұлттық болмыс – халықтың тарихи тәжірибесі, мәдениеті, салт-дәстүрі, тілі мен рухани құндылықтары негізінде қалыптасатын ерекше дүние. Ол адам бойындағы патриоттық сезім, туған жерге деген сүйіспеншілік, мәдени мұраға құрмет көрсету сияқты қасиеттермен тығыз байланысты.

Бастауыш сыныптағы ұлттық болмысты қалыптастырудың маңызы

Бастауыш сынып – баланың мінез-құлқы, дүниетанымы, рухани көзқарасы қалыптасатын кезең. Осы уақытта ұлттық құндылықтарды бала санасына дұрыс енгізу оның болашақ тұлға болып қалыптасуына оң әсер етеді. Егер бала осы жаста өз халқының мәдениетін, тілін, дәстүрін бойына сіңірсе, ол өмір бойы ұлттық рухын сақтап, қоғамның белсенді мүшесіне айналады.

Педагогикалық негіздер мен әдістер

Ұлттық болмысты қалыптастыру үшін мектептегі педагогикалық процестерге ұлттық мазмұн енгізілуі керек. Мұны бірнеше негізгі әдістер арқылы жүзеге асыруға болады:

1. Тіл мен әдебиет арқылы тәрбие

○ Оқушыларға қазақ тілінің байлығын үйрету, ертегілер, аңыздар мен батырлар жырын оқыту арқылы ұлттық сана-сезімді ояту.

○ Халық ауыз әдебиетін сабақ барысында пайдалану.

2. Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарды насихаттау

○ Оқушыларды ұлттық мерекелерге белсенді қатыстыру (Наурыз, Құрбан айт, Тәуелсіздік күні).

○ Ойын түрінде ұлттық дәстүрлерді көрсету (қонақ күту, бата беру, жеті ата туралы білім беру).

3. Ойын технологияларын қолдану

○ Қазақтың ұлттық ойындарын (ақ сүйек, тоғызқұмалақ, асық ату) сабақта пайдалану.

○ Ойын барысында балалардың қызығушылығын арттырып, олардың ұлттық мәдениетке деген құрметін қалыптастыру.

4. Өнер мен музыка арқылы тәрбие

○ Қазақтың дәстүрлі әндері мен күйлерін тыңдату.

○ Ұлттық аспаптармен таныстыру (домбыра, қобыз, сазсырнай).

5. Отбасымен тығыз байланыс орнату

○ Ата-аналармен бірлескен жобалар жасау (отбасылық шежіре жазу, ұлттық тағам дайындау байқаулары).

○ Отбасылық құндылықтарды дәріптеу.

Қорытынды

Ұлттық болмысты бастауыш сыныптан қалыптастыру – болашақта елін, жерін сүйетін, мәдени мұрасын құрметтейтін азаматтарды тәрбиелеудің маңызды қадамы. Бұл бағытта мұғалімдер тек білім беріп қана қоймай, балалардың ұлттық сана-сезімін дамытатын шығармашылық жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыруы керек. Ұлттық болмыс – тек өткеннің мұрасы емес, ол – болашаққа қалдырар баға жетпес құндылық. Сондықтан оны бала бойына сіңіру – әрбір ұстаздың, әрбір ата-ананың міндеті.

Ұлттық болмыс ұғымының мәні және оның маңызы

Ұлттық болмыс – бұл жеке тұлғаның өз халқының мәдениеті мен дәстүрлерін бойына сіңіріп, ұлттық сана-сезімінің қалыптасуын қамтамасыз ететін кешенді ұғым. Ол адамның тілдік, мәдени, тарихи, рухани және әлеуметтік құндылықтармен байланысын білдіреді.

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

Ұлттық болмыс ұлттың бірегейлігін сақтауға, ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға ықпал етеді.

Ұлттық болмысты қалыптастырудың педагогикалық негіздері

Бастауыш мектепте ұлттық болмысты қалыптастыру үшін келесі педагогикалық негіздер маңызды рөл атқарады:

1. Оқу бағдарламасында ұлттық құндылықтарды қамту
  - Қазақ халқының тарихы, мәдениеті, әдебиеті мен өнерін оқыту.
  - Халық ауыз әдебиеті, ұлттық эпостар, ертегілер мен мақал-мәтелдерді пайдалану.
2. Оқыту әдістерінде этнопедагогиканы қолдану
  - Тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы оқушылардың ұлттық сана-сезімін дамыту.
  - Дәстүрлі ойындар, қолөнер, ұлттық өнер түрлерін оқу процесіне енгізу.
3. Тәрбие жұмыстары арқылы ұлттық рухты қалыптастыру
  - Мектепте ұлттық мерекелер мен мәдени іс-шараларды ұйымдастыру.
  - Оқушыларды ата-аналарымен бірге ұлттық салт-дәстүрлерге тарту.

Ұлттық болмысты қалыптастырудағы мұғалімнің рөлі

Ұстаз – оқушының тұлғалық дамуына ықпал етуші басты тұлға. Мұғалімнің ұлттық мәдениетке деген көзқарасы, оның оқыту әдістемесі мен тәрбие жұмыстары оқушылардың ұлттық болмысын қалыптастыруда маңызды орын алады. Мұғалім келесі бағыттарда жұмыс істеуі қажет:

- Ұлттық мазмұндағы оқу материалдарын тиімді қолдану.
- Интерактивті әдістер мен заманауи технологияларды пайдалану.
- Оқушыларды шығармашылық жобаларға тарту.

Қорытынды

Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық болмысын қалыптастыру – ел болашағының кепілі. Білім беру процесінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы балалардың мәдени санасын, рухани байлығын арттыруға болады. Бұл мақсатқа жету үшін мектеп, отбасы және қоғам бірлесіп жұмыс атқаруы тиіс. Ұлттық болмысы берік ұрпақ – елдің ең үлкен байлығы.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айталы, А. (2003). Ұлттық сана-сезім және ұлттық тәрбие. Алматы: Ғылым.
2. Жарықбаев, Қ., & Қалиев, С. (1995). Қазақтың халық педагогикасы. Алматы: Рауан.
3. Назарбаев, Н.Ә. (2017). Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан.
4. Қалиева, С. (2004). Халық педагогикасы және тәрбие үрдісі. Алматы: Білім.
5. Табылдиев, Ә. (2012). Қазақ этнопедагогикасы. Алматы: Санат.
6. Ұзақбаева, С. (1995). Тамыры терең тәрбие. Алматы: Білім.
7. Сәтімбекова, Б. (2018). Ұлттық құндылықтар негізінде оқушылардың рухани дамуын қалыптастыру. Қазақстан педагогикалық журналы, 3(56), 23-28.

### ЖОҒАРҒЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

Г. Қ. Шашаева<sup>1</sup>, А. Орынбай<sup>2</sup>

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, email: [t\\_gulbakhit@mail.ru](mailto:t_gulbakhit@mail.ru)

#### Андатпа

Мақаламызда әлеуметтік желілердің жоғарғы сынып оқушылары арасындағы коммуникативтік қызметі қарастырылған. Коммуникативтік құзіреттілікке анықтама беріліп, түрлі әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас түрлері мен олардың өзіндік ерекшелігі анықталып, пайдасы мен зияны зерделенген. Жұмысымызды зерттеу барысында

тақырыбымыздың басты мақсаты ретінде – коммуникативтік құзіреттіліктің мәнін ұғынып, оның әлеуметтік желідегі жоғарғы сыныптар арасында қолданысына тоқталу, білім беру жүйесіне әсерін анықтау болды. Алдыға қойылған мақсатымыз нәтижелі болуы үшін міндеттер қойылды: коммуникативтік құзіреттілік терминінің білдіретін мағынасын, қолданылу аясын қарастыру; жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік желі арқылы байланыс түрлерін жіктеу; жіктелген байланыс түрлеріндегі коммуникативтік құзіреттілікті зерттеу; зерттеу нәтижесінде әлеуметтік желі арқылы орнйтын коммункативтік құзірет түрлерінің пайдасы мен зиянын анықтап, оның шешу жолдары ұсынылды.

**Түйін сөздер:** оқушыларды кәсіптік бағдарлау, психологиялық және педагогикалық аспектілер, педагог-психологтың рөлі, әлеуметтік желі, коммуникативтік құзыреттіліктер.

### **Annotation**

In our article, the Commu-nicative activity of social networks among high school students is considered. The definition of communicative competence is given, the types of communication in various social networks and their originality are identified, the benefits and harms are studied. In the course of the study of our work, the main goal of our topic was to understand the essence of communicative competence, focus on its use in social networks among the upper classes, and determine its impact on the education system. In order for our goal to be effective, the tasks were set: to consider the meaning and scope of the term Communic-tive competence; to classify the types of communication of high school students through social networks; to study communicative competence in the classified types of communication; as a result of the study, it was proposed to identify the benefits and harms of the types of communicative competence established through.

**Key words:** professional orientation of students, psychological and pedagogical aspects, the role of a teacher-psychologist, social network, communicative competencies.

### **Кіріспе**

Қазақ тілінде сөйлеу – әрбір қазақтың бойында қалыптасқан дүние. Дегенмен жастар тілі, әсіресе, жоғары сынып оқушылары тілі басқа. Қазіргі жоғарғы сынып оқушылары тіліміздің болашағын құртып алуы да, дамытуы да өз қолында. Өйткені олар әлеуметтік желіде қарым-қатынас жасағанда көп қателік жасайды. Бірақ оған ешкім мән беріп жатқан жоқ, бастысы түсінсе болды деп ойлайды. Өз ойын жеткізу үшін адамға сөз байлығы мен әдеби тілдің мол қоры қажет болатындығын әлеуметтік желі қолданушылары, соның ішінде балалар, көп түсіне бермейді. Қазіргі жоғарғы сынып оқушылары ары қарай дәл осылай «сөйлесуді» жалғастырса, оның түсіндіру қабілеті де нашарлайды. Біз мақаламызда осы мәселелер жайлы және жастардың әлеуметтік желідегі қарым-қатынастарының ерекшелігі мен олардың арасында орнайтын қарым-қатынас құзыреті мағынасын, қолдану аясын теориялық мәселелеріне мысалдар қарастырып, зерттеу жүргіздік. Коммуникативтік құзіреттіліктің қазіргі таңдағы жаңа қолданыс түрлеріне тоқталып, артықшылығы мен кемшілігін зерделедік және оны шешу жолдарын ұсынылады.

Әлеуметтік желідегі оқушылар арасындағы қарым-қатынас түрінің көбейіп кеткені бәрімізге аян. Бұл – белгілі дәрежеде олардың өмір сүру қалпына, жеке тұлға болып қалыптасуына, сауаттылығының деңгейіне, психологиясына және педагогикалық жұмыстануға әсер етпей қоймайтыны белгілі. Біз өз зерттеу жұмысымызда аталған мәселелерді жоғарғы сынып оқушылары коммуникативтік құзіреттілігі аясында қарастыруды көздедік. Өйткені түрлі әлеуметтік желі арқылы байланысқа түсетін оқушылар жоғарыда келтірілген мәселелері сол жоғарғы сынып оқушыларының ғана емес, еліміздің де болашағына әсер етері сөзсіз. Сондықтан олардың әлеуметтік желі арқылы орнататын коммуникативтік құзіреттінің деңгейін біліп, оны қарастыру маңызды деп ойлаймыз. Бұл – зерттеу тақырыбының **өзектілігін** білдіреді деп ойлаймыз.

Жұмысымызда пайдаланылған **әдістеріміз:** Зерделеу, жинақтау, енгізу, саралау, салыстыру, жүйелеу, топтастыру, ғылыми тұжырымды талқылау.

### **Талдау мен нәтижелер:**



Жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік желі арқылы орнайтын қарым-қатынас құзіреті — бұл оқушылардың әлеуметтік желілерде тиімді, этикалық және жауапты түрде қарым-қатынас жасай алу қабілеті. Мұндай құзірет оқушылардың интернетте өз ойларын білдіру, ақпарат алмасу, эмоцияларды көрсету және әлеуметтік нормаларға сәйкес әрекет ету қабілеттерін қамтиды. Әлеуметтік желілер оқушылардың психоэмоционалдық дамуына да әсер етеді. Олардың әлеуметтену процесі виртуалды әлемде де жалғасады. Дегенмен, әлеуметтік желілерде болатын кішігірім қақтығыстар, пікірталастар немесе кибербуллинг оқушының психологиялық әлсіздігіне, өзін-өзі бағалау деңгейіне кері әсер етуі мүмкін. Әлеуметтік желілерде дұрыс және жауапты қарым-қатынас жасаудың маңызы зор. Оқушылардың әлеуметтік желі арқылы құзыреттілік деңгейін көтеру келесі аспектілерде маңызды рөл атқарады.

Әлеуметтік желілерде жеке ақпаратты дұрыс қорғау, жеке өмірдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қазіргі уақытта аса маңызды. Оқушылардың жеке деректерін қорғау және әлеуметтік желілерде кездесетін қауіптерден сақтандыру үшін оларды киберқорғаныс пен интернет қауіпсіздігі мәселелері бойынша тәрбиелеу қажет. Халықаралық электробайланыс одағының 2014 жылдың мамыр айында жүргізген есептемелерінің көрсеткіші бойынша, 2014 жылдың соңында әлемдегі интернет қолданушылардың саны 3 млрд. жеткен. Осы жылдың аяғында Африка елдерінің 20% ғана интернет желісіне қосыла алса, Еуропаның 75%-ы үшін ғаламтор қолжетімді. Ал, тәуелсіз зерттеу компаниясының мәліметтеріне сенсек, 2010 жылдың қорытындысы бойынша, Қазақстанда интернет қолданушыларының саны 4,3 млн адамды құраған, бұл дегеніңіз ел халқының 26,5 пайыз үлесі. Бұл көрсеткіш 2009 жылмен салыстырғанда елімізде интернет қолданушылар санының 30 пайызға артқанын көрсетеді. 2014 жылдың сәуір айында Алматы қаласында еліміздегі интернеттің дамуына арналған дөңгелек үстелде, сол кезде инвестициялар және даму вице-министрі болған Асқар Жұмағалиев елімізде интернет қолданушыларының санының өскенін мәлімдеді [15, мәлімет алынған күні: 07. 12. 2024ж.].

Мектепте әлеуметтік желідегі құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін төмендегідей шараларды жүзеге асыру қажет, атап айтатын болсақ: Цифрлық сауаттылықты оқыту оқушыларға интернет қауіпсіздігі, ақпаратты дұрыс іздеу, бөлісу және өңдеу дағдыларын үйрететін арнайы сабақтар өткізу; Әлеуметтік желілерде этикалық нормаларды меңгерту әлеуметтік желілерде өзара құрмет, пікірталас мәдениеті, жеке мәліметтерді қорғау сияқты құндылықтарды меңгерту; Психологиялық қолдау көрсету әлеуметтік желілерде орын алатын психологиялық қысым немесе кибербуллингке қарсы психологиялық тренингтер өткізу; Әлеуметтік желілерде практикалық тапсырмалар оқушыларға әлеуметтік желілерде ақпаратты жариялау, ортақ жобалар жасау немесе қоғамдық пікірталасқа қатысу сияқты тапсырмалар беру арқылы дағдыларын бекіту.

Қарым-қатынас стилін таңдау арқылы әлеуметтік желілерде қарым-қатынас форматы көбінесе жазбаша түрде болады, сондықтан оқушылардың өз ойын айқын және түсінікті жеткізуі маңызды. Сонымен қатар, олар әртүрлі аудиторияға, әртүрлі жағдайларда қай стиль мен тіл қолдану қажеттігін түсінуге тиіс. Этикет және қауіпсіздік әлеуметтік желілерде қарым-қатынас жасағанда этикалық нормаларды сақтап, басқа адамдардың құқықтарын бұзбай, өз қауіпсіздігін сақтау маңызды [2]. Жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік желідегі құзыреттіліктерін қалыптастыру — бұл білім беру жүйесінің маңызды мақсаттарының бірі, себебі қазіргі уақытта әлеуметтік желілер білім алу мен қарым-қатынас жасаудың негізгі алаңдарының біріне айналды. Әлеуметтік желілер оқушылардың жеке дамуына, әлеуметтенуіне және қоғамдағы орнын табуына әсер етеді. Дегенмен, бұл алаңда дұрыс қарым-қатынас жасау, қауіпсіздік ережелерін сақтау және этикалық нормаларды орындау қажет. Оқушылардың әлеуметтік желілерде құзыреттілік деңгейін арттыру үшін бірнеше тиімді жолдарды қарастыруға болады. Цифрлық сауаттылық — әлеуметтік желідегі құзыреттіліктерді қалыптастырудың негізгі тұғыры болып табылады. Бұл — интернетті дұрыс қолдану, ақпаратты табу және өңдеу, оны бағалау мен бөлісу, сондай-ақ желідегі қауіптерден қорғану дағдыларын меңгеру. Цифрлық дағдыларды оқыту оқушыларға



әлеуметтік желілердің жұмыс принциптерін, платформаларды пайдалану әдістерін, ақпаратты іздеу және бағалау дағдыларын үйрету. Бұл арнайы сабақтар мен тренингтерді қамтуы мүмкін. Ақпаратты бағалау және тексеру оқушыларға интернеттегі ақпараттың сенімділігін бағалауды үйрету. Қазіргі таңда фейк ақпараттың көп таралуы байқалады, сондықтан олардың жалған ақпаратты анықтау, фактілерді тексеру және сенімді дереккөздермен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту маңызды. Қауіпсіздік және жеке деректерді қорғау әлеуметтік желілерде жеке ақпаратты қорғау, киберқылмыс пен кибербуллингтен сақтану жолдарын түсіндіру. Оқушыларды қауіпсіздік параметрлерін баптау, парольдерді дұрыс қолдану, фишинг алаяқтарынан сақ болу сияқты маңызды дағдылармен таныстыру.

Әлеуметтік желі — анонимді кеңістік болғандықтан, оқушылар өздерін еркін сезінуі мүмкін, бірақ бұл олардың виртуалды қарым-қатынаста да этикалық нормаларды сақтауға тиіс екенін білдіреді. Этикалық құзыреттілік оқушыларға басқа адамдардың құқықтарын құрметтеу, позитивті әрі құрметті қарым-қатынас орнату сияқты дағдыларды меңгертуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік желі этикасы оқушыларға әлеуметтік желілерде өз пікірін дұрыс білдіру, қарым-қатынас кезінде сыпайы әрі мәдениетті болу керектігін түсіндіру. Қарсы пікір айтқан кезде конструктивті диалог жүргізуге, өзгенің жеке өміріне құрмет көрсетуге үйрету. Кибербуллингке қарсы алдын алу оқушыларды әлеуметтік желілерде кездесетін қоқан-лоқы, жала жабу немесе зорлық-зомбылыққа қарсы шаралармен таныстыру. Оларға кибербуллингтің теріс әсерлерін, оны қалай анықтауға болатынын және осындай жағдайға тап болғанда қандай әрекет ету керек екенін түсіндіру. Позитивті контент жасау оқушыларды тек өздері үшін ғана емес, басқалар үшін де пайдалы, конструктивті, жағымды контент жасауға ынталандыру. Бұл олардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, әлеуметтік желілерді конструктивті мақсаттарға пайдалануға көмектеседі.

Жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік желідегі құзыреттіліктерін қалыптастырудың психологиялық негізі, ең алдымен, олардың психологиялық даму ерекшеліктерін, жас кезеңіндегі мінез-құлықтарын, ойлау және эмоциялық процестерін ескере отырып құрастырылады. Әлеуметтік желілердегі құзыреттіліктерді дамытуда психология ғылымының түрлі бағыттары, атап айтқанда, әлеуметтік, когнитивтік, және даму психологиясының тұжырымдамалары маңызды рөл атқарады. Бұл негіздер оқушылардың цифрлық ортада тиімді және жауапкершілікті қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Жоғары сынып оқушыларының жас ерекшеліктері олардың психологиялық дамуында маңызды өзгерістерді білдіреді. Бұл кезеңде жасөспірімдер өздерін әлемде танып, жеке тұлға ретінде қалыптасу жолында маңызды қадамдар жасайды. Әлеуметтік желілер бұл үдерісте маңызды құрал болуы мүмкін, бірақ оның тиімділігі психологиялық тұрғыдан дұрыс бағдар беруге байланысты.

Эгоцентризм мен өзін-өзі тану (Жасөспірімдік кезеңнің психологиясы). Жасөспірімдер үшін өзін-өзі тану және жеке тұлға ретіндегі маңызды мәселелер көкейкесті болып табылады [3]. Әлеуметтік желілерде өзін-өзі көрсету — бұл жасөспірімдер үшін өзін таныту, эмоциялық күйін білдіру, өзін басқалармен салыстыру сияқты қажеттіліктерді қанағаттандыратын алаң. Бірақ бұл жас кезеңіндегі эгоцентризм мен өзін-өзі тану процесі оң және теріс әсерлерді де тудыруы мүмкін. Қолданылуы: Оқушыларды әлеуметтік желілерде жеке тұлғалық бейнесін қалыптастырудың жауапкершілігі туралы тәрбиелеу маңызды. Оларға желіде позитивті және құрметті қарым-қатынас жасау қажеттілігін түсіндіру, интернет алаңында өз пікірін білдіргенде этикалық және психологиялық салдарды ескеру қажеттігін үйрету. Әлеуметтік топтар мен құрдастардың әсері (Әлеуметтік әлеуметтену теориясы). Жасөспірімдердің әлеуметтік ортаға бейімделуі олардың құрдастарының ықпалына негізделеді. Әлеуметтік желілер құрдастарымен қарым-қатынас жасау мен топтық әсерлерді нығайту үшін бірқатар мүмкіндіктер ұсынады. Сонымен қатар, жасөспірімдердің танымдық процестері мен шешім қабылдауында топтың ықпалы ерекше байқалады. Қолданылуы: Психологтардың айтуынша, әлеуметтік желілерде құрдастардың пікірлеріне жауап беру, топтық нормаларды ұстану, трендтерге еліктеу сияқты мінез-құлықтар

жасөспірімдер арасында кең таралған. Осыған байланысты, педагогтар мен психологтар оқушыларды жеке тұлға ретінде қалыптасуына, өз шешімдерін қабылдауға және әлеуметтік желілерде тек топтық ықпалға ғана емес, өз тұлғалық көзқарасына сүйенуге үйретуге бағытталған жұмыстар жүргізуі керек. Жоғары сынып оқушыларының когнитивтік даму деңгейі сыни ойлау мен ақпаратты сараптау қабілеттерінің артуымен сипатталады. Әлеуметтік желілерде олар ақпараттарды тек тұтынушы ретінде ғана емес, сонымен қатар оның мазмұнын талдайтын тұлға ретінде қатыса алады. Бірақ мұнда да қателіктер, манипуляциялар және жалған ақпараттың таралу қаупі бар. Оларға психологиялық тұрғыдан дұрыс бағдар беру үшін оқушыларға ақпараттың шынайылығын тексеру, оның көздерін бағалау, фейк ақпаратты анықтау дағдыларын дамыту қажет. Бұл оларға желіде ақпаратты дұрыс қабылдау мен таратуға мүмкіндік береді, сондай-ақ саналы және сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді [4]. Ал, әлеуметтік желілердің психологиялық әсері екіжақты болуы мүмкін. Әлеуметтік желілер оқушылардың тұлғалық және әлеуметтік дамуына ықпал ете отырып, олардың өзін-өзі бағалауы, қарым-қатынасы, психологиялық жай-күйі мен өмір сүру сапасына әсер етеді. Әлеуметтік желілерде қарым-қатынас жасау кезінде оқушылар психологиялық қысымға, кибербуллингке, жалған ақпаратқа тап болуы мүмкін. Бұл оқушылардың психологиялық жай-күйіне теріс әсер етуі, олардың өзін-өзі бағалауы мен депрессияға ұшырауына себеп болуы мүмкін. Педагогтар мен психологтар әлеуметтік желілерде болып жатқан кибербуллинг, алаяқтық, психологиялық қысым мәселелерін түсіндіріп, оқушыларды мұндай жағдайлардан сақтандыру жолдарын үйретуі керек. Сонымен қатар, оқушыларға әлеуметтік желілерде өзін-өзі қорғай білу, зиянды контенттен аулақ болу және басқа адамдардың құқықтарын құрметтеу қажеттілігі жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілуі керек.

Әлеуметтік желілерде үнемі өз бетінше ақпарат пен бейнелерді бөлісіп, басқалардың өмірімен салыстыру мүмкіндігі оқушыларда әлеуметтік қысымның және өздерін басқалармен салыстырудың артуына әкелуі мүмкін. Мұндай салыстырулар олардың өзін-өзі бағалауын төмендетіп, стресс пен депрессияға ұшыратуы ықтимал. Сондықтан, оқушыларға әлеуметтік желілердегі ақпаратты салыстыруға негізделген, әсіресе адамның сыртқы бейнесі мен өмір салты бойынша ойлау схемаларының зиянды екенін түсіндіру қажет. Бұл оларға өзін-өзі дұрыс бағалауды, өзін басқалармен салыстырмауды үйретуге көмектеседі. Оқушылардың әлеуметтік желідегі құзыреттіліктерін дамыту үшін психологиялық қолдау мен оқыту процесі маңызды. Бұл процесс оқушыларды ақпараттық және әлеуметтік дағдыларға үйретумен қатар, олардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

Психологиялық тренингтер мен арнайы сабақтар арқылы оқушыларды әлеуметтік желілерде дұрыс қарым-қатынас жасауға, этиканы сақтау, кибербуллингің алдын алу және өздерін қорғау әдістеріне үйретуге болады. Мұндай тренингтер оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытуға, стресске қарсы тұруға және әлеуметтік ортада дұрыс орнын табуға көмектеседі. Қолданылуы: Мектепте «Цифрлық әлемде қауіпсіздік», «Әлеуметтік желілердегі этика» және «Өзінді интернетте қорғау» тақырыптары бойынша тренингтер ұйымдастыру.

Психологиялық кеңес беру және мониторинг: Әлеуметтік желілердің оқушыларға әсерін бақылау, олардың психоэмоционалды жай-күйін үнемі қадағалау маңызды. Психологтар оқушылардың әлеуметтік желілерді пайдаланудағы мінез-құлықтарын мониторингілеп, қажет болған жағдайда жеке кеңес беру, көмек көрсету қызметін ұйымдастыруы керек. Қолданылуы: Психологтар оқушылармен жеке кездесулер өткізіп, олардың әлеуметтік желілерді пайдаланудағы қиындықтарын талқылап, психологиялық қолдау көрсету [5]. Осылайша, жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік желідегі құзыреттіліктерін қалыптастыру психологиялық тұрғыдан маңызды әрі көпқырлы процесс болып табылады. Оқушылардың жеке тұлғалық дамуы, өзін-өзі бағалауы, эмоционалдық жай-күйі мен әлеуметтік қарым-қатынас жасау дағдылары осы кезеңде айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды. Психологиялық қолдау мен дұрыс тәрбие арқылы әлеуметтік

желілер оқушылардың жеке дамуына оң әсер етуі мүмкін. Әлеуметтік желілерді дұрыс пайдалану мен оның психологиялық ықпалдарын түсіну оларды сауатты әрі жауапкершілікті пайдалануға бағыттауға көмектеседі. Мақаламызда әлеуметтік желі арқылы орындалатын жоғарғы оқушылар арасындағы коммуникативтік құзіреттіліктің барлық түрін анықтауға тырыстық. Тікелей эфирдің түрлерін анықтап, қалай қарым-қатынасқа түсу керектігін, қанша адаммен қарым-қатынас жасасатынын тереңірек зерттедік. Дәлел ретінде мысалдардың көп керек екенін ескеріп, коммуникативтік құзіреттіліктің түрлерін бөліп, олардың ерекшеліктеріне жіті мән бердік. Мектеп ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытылса деген ұсыныс бар. Қазіргі орта мектеп білім беру ұйымының жұмысын реттеуге арналған мемлекеттің стратегиялық даму бағдарламалары мен нормативті құжаттарға жасалған талдаулар негізінде жоғарғы сынып оқытушылары ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамыту мәселесінің өзектілігі дәлелденген.

**Қорытынды.** Жұмысымызда жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік желі арқылы коммуникативтік құзіреттіліктің әр түрін пайдаланып жүргеніне тоқталдық. Балаларға бұл қарым-қатынастар туыстарымен, достарымен, жақындарымен жақын араласу үшін және қашықтықтан оқуға қажет. Сонымен бірге жаңа дос табамын деушілерге де таптырмайтын мүмкіндік болады. Кімнің кіммен сөйлескенін комментарий арқылы жүргізілетін коммуникативтік құзіреттіліктен көруге болады. Оқушылардың ақпараттық сауаттылығын да байқауға болады. Бірақ өзге адам паролі мен логинін, нөмерін тағы сондай информацияны білер болса, демек, ол сенің бүкіл хабарламаңды, кіммен сөйлескеніңе дейін біліп, көріп, тіпті өзге адамдарға жазып та отырады. Бұл – жұмыс барысында тоқталғанымыздай, жоғарғы сынып оқушыларының ақпараттық құзіреттілігіне кері әсерін тигізіп, өміріне де зиянын тигізуі мүмкін. Бүкіл әлемдегі интернет пайдаланушылардың саны 4,5 миллиардқа жуық болса, әлеуметтік желілерді пайдаланушылар саны 2,8 миллиардты құрайды. Биыл жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 2,9 миллиард болады деген болжам бар. Ал 2021 жылы тағы да 3 миллиардқа артып, виртуалды әлемнің көкжиегі кеңі түспек [6, мәлімет алынған күні: 07. 12. 2024ж.]. Сондықтан ақпараттық сауаттылық балалар арасында кең насихатталуы керек деп ойлаймыз. Осылайша, әлеуметтік желі – өмірдің мәні болмаса да, барлығына қолайлы желі. Аталған байланыс торабы арқылы орындалатын коммуникативтік құзіреттілік те дәл осылай. Дегенмен, мұның оқушыларға деген зияны да жетерлік. Пайдасы да, зияны да бар коммуникативтік құзіреттілік қазіргі кезде көп қолданылып, бәріне қолайлы болуда. Соның арқасында қанашама оқушылар өз туыстарымен араласып, жаңа достар тауып жатыр және көптеген онлайн курстарға қатысып білімін шыңдауда. Егер коммуникативтік құзіреттілікке түсуші адам барлығын дұрыс атқарып, жоғарыда айтқандай, денсаулығына зиян тигізбестей өз уақытында отырып, өз уақытында әлеуметтік желіден шықса, артық әңгіме жазып, өзіне зиян келердей сөйлеспесе, оның өміріне де, өзіне де тиер қауіп, зиян жоқ дегені.

Сөз соңында айтарымыз, мемлекет тарапынан орындалып жатқан тілімізді модельдеу әрекеті тезірек орындалып, әлеуметтік желі арқылы коммуникативтік байланыс орнатудың жалпыға ортақ құзіреті мемлекет тарапынан нақтыланып берілсе екен деген тілегіміз бар!

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. El ақпараттық агенттігі.kz. Ақпараттық қоғам және интернет. 28.11.2016. [Электрондық ресурс] [https://el.kz/a-paratty-\\_o-am\\_zh-ne\\_internet\\_24630/](https://el.kz/a-paratty-_o-am_zh-ne_internet_24630/) (мәлімет алынған күні: 07. 12. 2024ж.).
2. Есентұрова, Ж. Қ. (2015). Жасөспірімдер психологиясы. Алматы: ҚазМембаспа.
3. Бенашвили, Н. М. (2021). Жастардың әлеуметтік желілерге деген қарым-қатынасы мен ақпараттық мәдениет қалыптастырудың психологиялық аспектілері. Қоғам және психология, 2(1), 100–112.
4. Королев, И. А. (2016). Әлеуметтік желілер мен жаңа ақпараттық технологиялар

ың оқушыларға әсері. Санкт-Петербург: Лань.

5. Шахматов, С. И. (2020). Әлеуметтік желілердің жасөспірімдер психологиясына сері. Астана: Дәуір.

6. Egemen qazaqstan.kz. 05 Ақпан, 2020. Әлеуметтік желі – ақпарат алаңы һәм табыс көзі [Электрондық ресурс] <https://egemen.kz/article/219769-aleumettik-dgeli-%E2%80%93-aqparat-alanhy-qam-tabys-kozi> (мәлімет алынған күні: 07. 12. 2024ж.).

7. Анашкин, В. М. (2017). Интернет және қоғам: ақпараттық коммуникациялар мен әлеуметтік желілер. Алматы: Раритет.

8. Сенченко, И. С. (2019). Ақпараттық қоғамда жастардың әлеуметтік желілерді пайдалану ерекшеліктері. Психология және білім беру, 4(2), 45–59.

9. Беляева, Е. В. (2018). Киберқауіпсіздік және әлеуметтік желілерде мінез-құлық ормалары. Мәскеу: МГУ.

10. Леонтьев, Д. А. (2014). Психология және ақпараттық қоғам. Мәскеу: Наука.

11. Матвеев, В. И. (2017). Әлеуметтік желілердің тәрбиелік потенциалы. Мәскеу: Просвещение.

12. Руднев, В. М. (2020). Әлеуметтік желілер мен жаңа медиа құралдардағы тұлғаның өздік даму ерекшеліктері. Алматы: Жібек Жолы.

### ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫ КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ БАҒЫТЫНДЫҒЫ ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Г. Қ. Шашаева, А. Орынбай

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, email: [t\\_gulbakhit@mail.ru](mailto:t_gulbakhit@mail.ru)

#### Аңдатпа

Мақаламызда әлеуметтік желілердің жоғарғы сынып оқушылары арасындағы коммуникативтік қызметі қарастырылған. Коммуникативтік құзіреттілікке анықтама беріліп, түрлі әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас түрлері мен олардың өзіндік ерекшелігі анықталып, пайдасы мен зияны зерделенген. Жұмысымызды зерттеу барысында тақырыбымыздың басты мақсаты ретінде – коммуникативтік құзіреттіліктің мәнін ұғынып, оның әлеуметтік желідегі жоғарғы сыныптар арасында қолданысына тоқталу, білім беру жүйесіне әсерін анықтау болды. Алдыға қойылған мақсатымыз нәтижелі болуы үшін міндеттер қойылды: коммуникативтік құзіреттілік терминінің білдіретін мағынасын, қолданылу аясын қарастыру; жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік желі арқылы байланыс түрлерін жіктеу; жіктелген байланыс түрлеріндегі коммуникативтік құзіреттілікті зерттеу; зерттеу нәтижесінде әлеуметтік желі арқылы орнйтын коммункативтік құзірет түрлерінің пайдасы мен зиянын анықтап, оның шешу жолдары ұсынылды.

**Түйін сөздер:** оқушыларды кәсіптік бағдарлау, психологиялық және педагогикалық аспектілер, педагог-психологтың рөлі, әлеуметтік желі, коммуникативтік құзіреттіліктер.

#### Annotation

In our article, the Commu-nicative activity of social networks among high school students is considered. The definition of communicative competence is given, the types of communication in various social networks and their originality are identified, the benefits and harms are studied. In the course of the study of our work, the main goal of our topic was to understand the essence of communicative competence, focus on its use in social networks among the upper classes, and determine its impact on the education system. In order for our goal to be effective, the tasks were set: to consider the meaning and scope of the term Communic-tive competence; to classify the types of communication of high school students through social networks; to study communicative competence in the classified types of communication; as a result of the study, it was proposed to identify the benefits and harms of the types of communicative competence established through.

**Key words:** professional orientation of students, psychological and pedagogical aspects, the role of a teacher-psychologist, social network, communicative competencies.

### Кіріспе

Қазақ тілінде сөйлеу – әрбір қазақтың бойында қалыптасқан дүние. Дегенмен жастар тілі, әсіресе, жоғары сынып оқушылары тілі басқа. Қазіргі жоғарғы сынып оқушылары тіліміздің болашағын құртып алуы да, дамытуы да өз қолында. Өйткені олар әлеуметтік желіде қарым-қатынас жасағанда көп қателік жасайды. Бірақ оған ешкім мән беріп жатқан жоқ, бастысы түсінсе болды деп ойлайды. Өз ойын жеткізу үшін адамға сөз байлығы мен әдеби тілдің мол қоры қажет болатындығын әлеуметтік желі қолданушылары, соның ішінде балалар, көп түсіне бермейді. Қазіргі жоғарғы сынып оқушылары ары қарай дәл осылай «сөйлесуді» жалғастырса, оның түсіндіру қабілеті де нашарлайды. Біз мақаламызда осы мәселелер жайлы және жастардың әлеуметтік желідегі қарым-қатынастарының ерекшелігі мен олардың арасында орнайтын қарым-қатынас құзыреті мағынасын, қолдану аясын теориялық мәселелеріне мысалдар қарастырып, зерттеу жүргіздік. Коммуникативтік құзіреттіліктің қазіргі таңдағы жаңа қолданыс түрлеріне тоқталып, артықшылығы мен кемшілігін зерделедік және оны шешу жолдарын ұсынылады.

Әлеуметтік желідегі оқушылар арасындағы қарым-қатынас түрінің көбейіп кеткені бәрімізге аян. Бұл – белгілі дәрежеде олардың өмір сүру қалпына, жеке тұлға болып қалыптасуына, сауаттылығының деңгейіне, психологиясына және педагогикалық жұмыстануға әсер етпей қоймайтыны белгілі. Біз өз зерттеу жұмысымызда аталған мәселелерді жоғарғы сынып оқушылары коммуникативтік құзіреттілігі аясында қарастыруды көздедік. Өйткені түрлі әлеуметтік желі арқылы байланысқа түсетін оқушылар жоғарыда келтірілген мәселелері сол жоғарғы сынып оқушыларының ғана емес, еліміздің де болашағына әсер етері сөзсіз. Сондықтан олардың әлеуметтік желі арқылы орнататын коммуникативтік құзіреттілігінің деңгейін біліп, оны қарастыру маңызды деп ойлаймыз. Бұл – зерттеу тақырыбының **өзектілігін** білдіреді деп ойлаймыз.

Жұмысымызда пайдаланылған **әдістеріміз:** Зерделеу, жинақтау, енгізу, саралау, салыстыру, жүйелеу, топтастыру, ғылыми тұжырымды талқылау.

### Талдау мен нәтижелер:

Жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік желі арқылы орнайтын қарым-қатынас құзіреті — бұл оқушылардың әлеуметтік желілерде тиімді, этикалық және жауапты түрде қарым-қатынас жасай алу қабілеті. Мұндай құзірет оқушылардың интернетте өз ойларын білдіру, ақпарат алмасу, эмоцияларды көрсету және әлеуметтік нормаларға сәйкес әрекет ету қабілеттерін қамтиды. Әлеуметтік желілер оқушылардың психоэмоционалдық дамуына да әсер етеді. Олардың әлеуметтену процесі виртуалды әлемде де жалғасады. Дегенмен, әлеуметтік желілерде болатын кішігірім қақтығыстар, пікірталастар немесе кибербуллинг оқушының психологиялық әлсіздігіне, өзін-өзі бағалау деңгейіне кері әсер етуі мүмкін. Әлеуметтік желілерде дұрыс және жауапты қарым-қатынас жасаудың маңызы зор. Оқушылардың әлеуметтік желі арқылы құзіреттілік деңгейін көтеру келесі аспектілерде маңызды рөл атқарады.

Әлеуметтік желілерде жеке ақпаратты дұрыс қорғау, жеке өмірдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қазіргі уақытта аса маңызды. Оқушылардың жеке деректерін қорғау және әлеуметтік желілерде кездесетін қауіптерден сақтандыру үшін оларды киберқорғаныс пен интернет қауіпсіздігі мәселелері бойынша тәрбиелеу қажет. Халықаралық электробайланыс одағының 2014 жылдың мамыр айында жүргізген есептемелерінің көрсеткіші бойынша, 2014 жылдың соңында әлемдегі интернет қолданушылардың саны 3 млрд. жеткен. Осы жылдың аяғында Африка елдерінің 20% ғана интернет желісіне қосыла алса, Еуропаның 75%-ы үшін ғаламтор қолжетімді. Ал, тәуелсіз зерттеу компаниясының мәліметтеріне сенсек, 2010 жылдың қорытындысы бойынша, Қазақстанда интернет қолданушыларының саны 4,3 млн адамды құраған, бұл дегеніңіз ел халқының 26,5 пайыз үлесі. Бұл көрсеткіш 2009 жылмен салыстырғанда елімізде интернет қолданушылар санының 30 пайызға артқанын көрсетеді.

2014 жылдың сәуір айында Алматы қаласында еліміздегі интернеттің дамуына арналған дөңгелек үстелде, сол кезде инвестициялар және даму вице-министрі болған Асқар Жұмағалиев елімізде интернет қолданушыларының санының өскенін мәлімдеді [15, мәлімет алынған күні: 07. 12. 2024ж.].

Мектепте әлеуметтік желідегі құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін төмендегідей шараларды жүзеге асыру қажет, атап айтатын болсақ: Цифрлық сауаттылықты оқыту оқушыларға интернет қауіпсіздігі, ақпаратты дұрыс іздеу, бөлісу және өңдеу дағдыларын үйрететін арнайы сабақтар өткізу; Әлеуметтік желілерде этикалық нормаларды меңгерту әлеуметтік желілерде өзара құрмет, пікірталас мәдениеті, жеке мәліметтерді қорғау сияқты құндылықтарды меңгерту; Психологиялық қолдау көрсету әлеуметтік желілерде орын алатын психологиялық қысым немесе кибербуллингке қарсы психологиялық тренингтер өткізу; Әлеуметтік желілерде практикалық тапсырмалар оқушыларға әлеуметтік желілерде ақпаратты жариялау, ортақ жобалар жасау немесе қоғамдық пікірталасқа қатысу сияқты тапсырмалар беру арқылы дағдыларын бекіту.

Қарым-қатынас стилін таңдау арқылы әлеуметтік желілерде қарым-қатынас форматы көбінесе жазбаша түрде болады, сондықтан оқушылардың өз ойын айқын және түсінікті жеткізуі маңызды. Сонымен қатар, олар әртүрлі аудиторияға, әртүрлі жағдайларда қай стиль мен тіл қолдану қажеттігін түсінуге тиіс. Этикет және қауіпсіздік әлеуметтік желілерде қарым-қатынас жасағанда этикалық нормаларды сақтап, басқа адамдардың құқықтарын бұзбай, өз қауіпсіздігін сақтау маңызды [2]. Жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік желідегі құзыреттіліктерін қалыптастыру — бұл білім беру жүйесінің маңызды мақсаттарының бірі, себебі қазіргі уақытта әлеуметтік желілер білім алу мен қарым-қатынас жасаудың негізгі алаңдарының біріне айналды. Әлеуметтік желілер оқушылардың жеке дамуына, әлеуметтенуіне және қоғамдағы орнын табуына әсер етеді. Дегенмен, бұл алаңда дұрыс қарым-қатынас жасау, қауіпсіздік ережелерін сақтау және этикалық нормаларды орындау қажет. Оқушылардың әлеуметтік желілерде құзыреттілік деңгейін арттыру үшін бірнеше тиімді жолдарды қарастыруға болады. Цифрлық сауаттылық — әлеуметтік желідегі құзыреттіліктерді қалыптастырудың негізгі тұғыры болып табылады. Бұл — интернетті дұрыс қолдану, ақпаратты табу және өңдеу, оны бағалау мен бөлісу, сондай-ақ желідегі қауіптерден қорғану дағдыларын меңгеру. Цифрлық дағдыларды оқыту оқушыларға әлеуметтік желілердің жұмыс принциптерін, платформаларды пайдалану әдістерін, ақпаратты іздеу және бағалау дағдыларын үйрету. Бұл арнайы сабақтар мен тренингтерді қамтуы мүмкін. Ақпаратты бағалау және тексеру оқушыларға интернеттегі ақпараттың сенімділігін бағалауды үйрету. Қазіргі таңда фейк ақпараттың көп таралуы байқалады, сондықтан олардың жалған ақпаратты анықтау, фактілерді тексеру және сенімді дереккөздермен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту маңызды. Қауіпсіздік және жеке деректерді қорғау әлеуметтік желілерде жеке ақпаратты қорғау, киберқылмыс пен кибербуллингтен сақтану жолдарын түсіндіру. Оқушыларды қауіпсіздік параметрлерін баптау, парольдерді дұрыс қолдану, фишинг алаяқтарынан сақ болу сияқты маңызды дағдылармен таныстыру.

Әлеуметтік желі — анонимді кеңістік болғандықтан, оқушылар өздерін еркін сезінуі мүмкін, бірақ бұл олардың виртуалды қарым-қатынаста да этикалық нормаларды сақтауға тиіс екенін білдіреді. Этикалық құзыреттілік оқушыларға басқа адамдардың құқықтарын құрметтеу, позитивті әрі құрметті қарым-қатынас орнату сияқты дағдыларды меңгертуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік желі этикасы оқушыларға әлеуметтік желілерде өз пікірін дұрыс білдіру, қарым-қатынас кезінде сыпайы әрі мәдениетті болу керектігін түсіндіру. Қарсы пікір айтқан кезде конструктивті диалог жүргізуге, өзгенің жеке өміріне құрмет көрсетуге үйрету. Кибербуллингке қарсы алдын алу оқушыларды әлеуметтік желілерде кездесетін қоқан-лоқы, жала жабу немесе зорлық-зомбылыққа қарсы шаралармен таныстыру. Оларға кибербуллингтің теріс әсерлерін, оны қалай анықтауға болатынын және осындай жағдайға тап болғанда қандай әрекет ету керек екенін түсіндіру. Позитивті контент жасау оқушыларды тек өздері үшін ғана емес, басқалар үшін де пайдалы, конструктивті, жағымды

контент жасауға ынталандыру. Бұл олардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, әлеуметтік желілерді конструктивті мақсаттарға пайдалануға көмектеседі.

Жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік желідегі құзыреттіліктерін қалыптастырудың психологиялық негізі, ең алдымен, олардың психологиялық даму ерекшеліктерін, жас кезеңіндегі мінез-құлықтарын, ойлау және эмоциялық процестерін ескере отырып құрастырылады. Әлеуметтік желілердегі құзыреттіліктерді дамытуда психология ғылымының түрлі бағыттары, атап айтқанда, әлеуметтік, когнитивтік, және даму психологиясының тұжырымдамалары маңызды рөл атқарады. Бұл негіздер оқушылардың цифрлық ортада тиімді және жауапкершілікті қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Жоғары сынып оқушыларының жас ерекшеліктері олардың психологиялық дамуында маңызды өзгерістерді білдіреді. Бұл кезеңде жасөспірімдер өздерін әлемде танып, жеке тұлға ретінде қалыптасу жолында маңызды қадамдар жасайды. Әлеуметтік желілер бұл үдерісте маңызды құрал болуы мүмкін, бірақ оның тиімділігі психологиялық тұрғыдан дұрыс бағдар беруге байланысты.

Эгоцентризм мен өзін-өзі тану (Жасөспірімдік кезеңнің психологиясы). Жасөспірімдер үшін өзін-өзі тану және жеке тұлға ретіндегі маңызды мәселелер көкейкесті болып табылады [3]. Әлеуметтік желілерде өзін-өзі көрсету — бұл жасөспірімдер үшін өзін таныту, эмоциялық күйін білдіру, өзін басқалармен салыстыру сияқты қажеттіліктерді қанағаттандыратын алаң. Бірақ бұл жас кезеңіндегі эгоцентризм мен өзін-өзі тану процесі оң және теріс әсерлерді де тудыруы мүмкін. Қолданылуы: Оқушыларды әлеуметтік желілерде жеке тұлғалық бейнесін қалыптастырудың жауапкершілігі туралы тәрбиелеу маңызды. Оларға желіде позитивті және құрметті қарым-қатынас жасау қажеттілігін түсіндіру, интернет алаңында өз пікірін білдіргенде этикалық және психологиялық салдарды ескеру қажеттігін үйрету. Әлеуметтік топтар мен құрдастардың әсері (Әлеуметтік әлеуметтену теориясы). Жасөспірімдердің әлеуметтік ортаға бейімделуі олардың құрдастарының ықпалына негізделеді. Әлеуметтік желілер құрдастарымен қарым-қатынас жасау мен топтық әсерлерді нығайту үшін бірқатар мүмкіндіктер ұсынады. Сонымен қатар, жасөспірімдердің танымдық процестері мен шешім қабылдауында топтың ықпалы ерекше байқалады. Қолданылуы: Психологтардың айтуынша, әлеуметтік желілерде құрдастардың пікірлеріне жауап беру, топтық нормаларды ұстану, трендтерге еліктеу сияқты мінез-құлықтар жасөспірімдер арасында кең таралған. Осыған байланысты, педагогтар мен психологтар оқушыларды жеке тұлға ретінде қалыптасуына, өз шешімдерін қабылдауға және әлеуметтік желілерде тек топтық ықпалға ғана емес, өз тұлғалық көзқарасына сүйенуге үйретуге бағытталған жұмыстар жүргізуі керек. Жоғары сынып оқушыларының когнитивтік даму деңгейі сыни ойлау мен ақпаратты сараптау қабілеттерінің артуымен сипатталады. Әлеуметтік желілерде олар ақпараттарды тек тұтынушы ретінде ғана емес, сонымен қатар оның мазмұнын талдайтын тұлға ретінде қатыса алады. Бірақ мұнда да қателіктер, манипуляциялар және жалған ақпараттың таралу қаупі бар. Оларға психологиялық тұрғыдан дұрыс бағдар беру үшін оқушыларға ақпараттың шынайылығын тексеру, оның көздерін бағалау, фейк ақпаратты анықтау дағдыларын дамыту қажет. Бұл оларға желіде ақпаратты дұрыс қабылдау мен таратуға мүмкіндік береді, сондай-ақ саналы және сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді [4]. Ал, әлеуметтік желілердің психологиялық әсері екіжақты болуы мүмкін. Әлеуметтік желілер оқушылардың тұлғалық және әлеуметтік дамуына ықпал ете отырып, олардың өзін-өзі бағалауы, қарым-қатынасы, психологиялық жай-күйі мен өмір сүру сапасына әсер етеді. Әлеуметтік желілерде қарым-қатынас жасау кезінде оқушылар психологиялық қысымға, кибербуллингке, жалған ақпаратқа тап болуы мүмкін. Бұл оқушылардың психологиялық жай-күйіне теріс әсер етуі, олардың өзін-өзі бағалауы мен депрессияға ұшырауына себеп болуы мүмкін. Педагогтар мен психологтар әлеуметтік желілерде болып жатқан кибербуллинг, алаяқтық, психологиялық қысым мәселелерін түсіндіріп, оқушыларды мұндай жағдайлардан сақтандыру жолдарын үйретуі керек. Сонымен қатар, оқушыларға әлеуметтік желілерде өзін-өзі қорғай білу, зиянды контенттен

аулақ болу және басқа адамдардың құқықтарын құрметтеу қажеттілігі жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілуі керек.

Әлеуметтік желілерде үнемі өз бетінше ақпарат пен бейнелерді бөлісіп, басқалардың өмірімен салыстыру мүмкіндігі оқушыларда әлеуметтік қысымның және өздерін басқалармен салыстырудың артуына әкелуі мүмкін. Мұндай салыстырулар олардың өзін-өзі бағалауын төмендетіп, стресс пен депрессияға ұшыратуы ықтимал. Сондықтан, оқушыларға әлеуметтік желілердегі ақпаратты салыстыруға негізделген, әсіресе адамның сыртқы бейнесі мен өмір салты бойынша ойлау схемаларының зиянды екенін түсіндіру қажет. Бұл оларға өзін-өзі дұрыс бағалауды, өзін басқалармен салыстырмауды үйретуге көмектеседі. Оқушылардың әлеуметтік желідегі құзыреттіліктерін дамыту үшін психологиялық қолдау мен оқыту процесі маңызды. Бұл процесс оқушыларды ақпараттық және әлеуметтік дағдыларға үйретумен қатар, олардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

Психологиялық тренингтер мен арнайы сабақтар арқылы оқушыларды әлеуметтік желілерде дұрыс қарым-қатынас жасауға, этиканы сақтау, кибербуллингтің алдын алу және өздерін қорғау әдістеріне үйретуге болады. Мұндай тренингтер оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытуға, стресске қарсы тұруға және әлеуметтік ортада дұрыс орнын табуға көмектеседі. Қолданылуы: Мектепте «Цифрлық әлемде қауіпсіздік», «Әлеуметтік желілердегі этика» және «Өзінді интернетте қорғау» тақырыптары бойынша тренингтер ұйымдастыру.

Психологиялық кеңес беру және мониторинг: Әлеуметтік желілердің оқушыларға әсерін бақылау, олардың психоэмоционалды жай-күйін үнемі қадағалау маңызды. Психологтар оқушылардың әлеуметтік желілерді пайдаланудағы мінез-құлықтарын мониторингілеп, қажет болған жағдайда жеке кеңес беру, көмек көрсету қызметін ұйымдастыруы керек. Қолданылуы: Психологтар оқушылармен жеке кездесулер өткізіп, олардың әлеуметтік желілерді пайдаланудағы қиындықтарын талқылап, психологиялық қолдау көрсету [5]. Осылайша, жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік желідегі құзыреттіліктерін қалыптастыру психологиялық тұрғыдан маңызды әрі көпқырлы процесс болып табылады. Оқушылардың жеке тұлғалық дамуы, өзін-өзі бағалауы, эмоционалды жай-күйі мен әлеуметтік қарым-қатынас жасау дағдылары осы кезеңде айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды. Психологиялық қолдау мен дұрыс тәрбие арқылы әлеуметтік желілер оқушылардың жеке дамуына оң әсер етуі мүмкін. Әлеуметтік желілерді дұрыс пайдалану мен оның психологиялық ықпалдарын түсіну оларды сауатты әрі жауапкершілікті пайдалануға бағыттауға көмектеседі. Мақаламызда әлеуметтік желі арқылы орындалатын жоғарғы оқушылар арасындағы коммуникативтік құзіреттіліктің барлық түрін анықтауға тырыстық. Тікелей эфирдің түрлерін анықтап, қалай қарым-қатынасқа түсу керектігін, қанша адаммен қарым-қатынас жасасатынын тереңірек зерттедік. Дәлел ретінде мысалдардың көп керек екенін ескеріп, коммуникативтік құзіреттіліктің түрлерін бөліп, олардың ерекшеліктеріне жіті мән бердік. Мектеп ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытылса деген ұсыныс бар. Қазіргі орта мектеп білім беру ұйымының жұмысын реттеуге арналған мемлекеттің стратегиялық даму бағдарламалары мен нормативті құжаттарға жасалған талдаулар негізінде жоғарғы сынып оқытушылары ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамыту мәселесінің өзектілігі дәлелденген.

Жұмысымызда жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік желі арқылы коммуникативтік құзіреттіліктің әр түрін пайдаланып жүргеніне тоқталдық. Балаларға бұл қарым-қатынастар туыстарымен, достарымен, жақындарымен жақын араласу үшін және қашықтықтан оқуға қажет. Сонымен бірге жаңа дос табамын деушілерге де таптырмайтын мүмкіндік болады. Кімнің кіммен сөйлескенін комментарий арқылы жүргізілетін коммуникативтік құзіреттіліктен көруге болады. Оқушылардың ақпараттық сауаттылығын да байқауға болады. Бірақ өзге адам паролі мен логинін, нөмерін тағы сондай информацияны білер болса, демек, ол сенің бүкіл хабарламанды, кіммен сөйлескеніңе дейін біліп, көріп,



тіпті өзге адамдарға жазып та отырады. Бұл – жұмыс барысында тоқталғанымыздай, жоғарғы сынып оқушыларының ақпараттық құзіреттілігіне кері әсерін тигізіп, өміріне де зиянын тигізуі мүмкін. Бүкіл әлемдегі интернет пайдаланушылардың саны 4,5 миллиардқа жуық болса, әлеуметтік желілерді пайдаланушылар саны 2,8 миллиардты құрайды. Биыл жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 2,9 миллиард болады деген болжам бар. Ал 2021 жылы тағы да 3 миллиардқа артып, виртуалды әлемнің көкжиегі кеңі түспек [6, мәлімет алынған күні: 07. 12. 2024ж.]. Сондықтан ақпараттық сауаттылық балалар арасында кең насихатталуы керек деп ойлаймыз. Осылайша, әлеуметтік желі – өмірдің мәні болмаса да, барлығына қолайлы желі. Аталған байланыс торабы арқылы орындалатын коммуникативтік құзіреттілік те дәл осылай. Дегенмен, мұның оқушыларға деген зияны да жетерлік. Пайдасы да, зияны да бар коммуникативтік құзіреттілік қазіргі кезде көп қолданылып, бәріне қолайлы болуда. Соның арқасында қанашама оқушылар өз туыстарымен араласып, жаңа достар тауып жатыр және көптеген онлайн курстарға қатысып білімін шыңдауда. Егер коммуникативтік құзіреттілікке түсуші адам барлығын дұрыс атқарып, жоғарыда айтқандай, денсаулығына зиян тигізбестей өз уақытында отырып, өз уақытында әлеуметтік желіден шықса, артық әңгіме жазып, өзіне зиян келердей сөйлеспесе, оның өміріне де, өзіне де тиер қауіп, зиян жоқ дегені.

Сөз соңында айтарымыз, мемлекет тарапынан орындалып жатқан тілімізді модельдеу әрекеті тезірек орындалып, әлеуметтік желі арқылы коммуникативтік байланыс орнатудың жалпыға ортақ құзіреті мемлекет тарапынан нақтыланып берілсе екен деген тілегіміз бар!

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. El ақпараттық агенттігі.kz. Ақпараттық қоғам және интернет. 28.11.2016. [Электрондық ресурс] [https://el.kz/a-paratty-\\_o-am\\_zh-ne\\_internet\\_24630/](https://el.kz/a-paratty-_o-am_zh-ne_internet_24630/) (мәлімет алынған күні: 07. 12. 2024ж.).
2. Есентұрова, Ж. Қ. (2015). Жасөспірімдер психологиясы. Алматы: ҚазМембаспа.
3. Бенашвили, Н. М. (2021). Жастардың әлеуметтік желілерге деген қарым-қатынасы мен ақпараттық мәдениет қалыптастырудың психологиялық аспектілері. Қоғам және психология, 2(1), 100–112.
4. Королев, И. А. (2016). Әлеуметтік желілер мен жаңа ақпараттық технологиялардың оқушыларға әсері. Санкт-Петербург: Лань.
5. Шахматов, С. И. (2020). Әлеуметтік желілердің жасөспірімдер психологиясына сері. Астана: Дәуір.
6. Egemen qazaqstan.kz. 05 Ақпан, 2020. Әлеуметтік желі – ақпарат алаңы һәм табыс көзі [Электрондық ресурс] <https://egemen.kz/article/219769-aleumettik-dgeli-%E2%80%93-aqparat-alanhy-qam-tabys-kozi> (мәлімет алынған күні: 07. 12. 2024ж.).
7. Анашкин, В. М. (2017). Интернет және қоғам: ақпараттық коммуникациялар мен әлеуметтік желілер. Алматы: Раритет.
8. Сенченко, И. С. (2019). Ақпараттық қоғамда жастардың әлеуметтік желілерді пайдалану ерекшеліктері. Психология және білім беру, 4(2), 45–59.
9. Беляева, Е. В. (2018). Киберқауіпсіздік және әлеуметтік желілерде мінез-құлық ормалары. Мәскеу: МГУ.
10. Леонтьев, Д. А. (2014). Психология және ақпараттық қоғам. Мәскеу: Наука.
11. Матвеев, В. И. (2017). Әлеуметтік желілердің тәрбиелік потенциалы. Мәскеу: Просвещение.
12. Руднев, В. М. (2020). Әлеуметтік желілер мен жаңа медиа құралдардағы тұлғаның өздік даму ерекшеліктері. Алматы: Жібек Жолы.

Сатпаева Нурзат Какитаевна  
157 ЖББМ, бастауыш сынып мұғалімі  
Алматы қаласы, n.satpaeva@mail.ru

**Аннотация.** Жеке тұлғаны дамыту. Сабақты ұйымдастыруда және өткізуде оқушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сүйену, оқушылардың шамалары жететін қиындықтарды жеңуді сезуі, әр оқушының өзінің жеке қасиеттерін дамытуына жағдай жасау, сабақты әлеуметтік жағынан пісіп жетілген жеке тұлғаны қалыптастыруға бағыттау. Аралас сабақта ең негізгісі, қазіргі заман талабына сай виртуалды оқыту- ең қажет әдістердің бірі. Интербелсенді тақталарды, платформаларды қолдану арқылы оқушының зейінін, өмірге деген көзқарасын, айналаға деген қызығушылығын арттырып, сабаққа деген ынтасын ашылады.

**Кілт сөздер:** аралас сабақ, жеке тұлға, жауапкершілік, виртуалды оқыту, интербелсенді тақталар

Қазіргі техниканың шарықтау заманында мұғалім де алдындағы оқушыны болашағына жауап бере алатындай тәрбиелеп, білім беру қажет. Мұғалім- қоғамның қозғаушы күші. Мұғалім өзі үздіксіз ізденбесе, шәкірт те білім көкжиегін сіңіре алмайды. Қазір интернет көздерін мұқият қарап отырып-ақ мұғалім үздіксіз ізденіп, білімін толтыра алады. Мұғалім шәкірттеріне күнделікті сабағын қызықты өткізу міндет және қажет.

Қазіргі таңда аралас оқыту кеңінен тараған сабақтың түрі. Сабақты аралас етіп ұйымдастыру оқушының сабақтан жалықпайтынын байқатады. Аралас сабақ қазіргі мектептерде кең тараған, көптеген сабақ түрлерінің алдында тұрған міндеттерге сүйенеді, бірнеше сабақтардан құралған, сондықтан оны аралас сабақ дейді.

Аралас сабақтың құрылымы әр түрлі болады.

Мысалы: озат мұғалімдер оқушыларға білімдерді өздік жұмыстар арқылы меңгертеді.

● Жаңа материалды оқытуда оны бірінші рет бекіту, қолдану жиі ұйымдастырылады.

● Материалды бекітумен қатар бұрын өтілген тақырыптарды тексеріп, білімдерді қалыпты емес жағдайларда қолдандырып дағдыландырған жақсы. Сабақтың элементтерін осылай біріктіру оны оқушыларға қызықты етеді.

● Аралас сабақ мұғалімге қатаң талап қояды. Сабақтың элементтерін, жұмыс формаларын іріктеумен қатар әр элементке бөлінген уақытқа мұқият қарау керек.

Аралас сабақтың принциптері

1. Сабақ кезінде оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуі, оқуды қажетсіну.

2. Мұғалімнің жұмысындағы ең бастысы - оның әңгімелегені, көрсеткені, тапсырма беріп, оның орындалуын бақылау емес. Сондықтан ол оқушыларды өнімді оқу іскерліктері мен дағдыларына машықтандыру керек.

3. Жеке тұлғаны дамыту. Сабақты ұйымдастыруда және өткізуде оқушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сүйену, оқушылардың шамалары жететін қиындықтарды жеңуді сезуі, әр оқушының өзінің жеке қасиеттерін дамытуына жағдай жасау, сабақты әлеуметтік жағынан пісіп жетілген жеке тұлғаны қалыптастыруға бағыттау.

4. Ұжымшылдықты қалыптастыру. Ол үшін оқушылардың көп болып істейтін оқу жұмыстарын ұйымдастыру.

5. Жауапкершілік принципі.

1. Оқушы өз жолдастарының да, мұғалімнің де алдында білгенін айтады.

2. Оқушының өз жұмысын бақылауы және бағалауы.

3. Оқушының өзінің оқу іс-әрекетін өзі бақылауы үшін оған іс-әрекеттің мақсатын және жоспарларын, бағалау өлшемдерін айту. Демек мұғалім оқушыларды тақырыптың жоспарымен, мақсатымен таныстырып, оларға материалды оқу нәтижесінде нені білу және істей білу керектігін айтып, қол жеткен жетістіктерді бағалау, өлшемдерін беру керек.

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

4. Оқушылар білім, іскерлік, дағдыларды бақылайды, бағалайды. Бағаны барлық оқушылар білу керек.

5. Оқушы өз жұмысын тексеріп, өзіне-өзі баға беріп, өзінің бағасын жолдастарының және мұғалімнің бағасымен салыстырып отырады.

6. Сабақта тәртіп бұзған оқушыны ұжымның жазалағаны жақсы. Бірақ жеке тұлғаны құрметтеу керектігін естен шығармау.

7. Оқушыны тәртіп бұзғаны үшін жазалауға болады, бірақ сабаққа нашарлығы, оқуда артта қалғаны үшін еш уақытта жазалуға болмайды.

8. Оқушы мен мұғалімнің, оқушылардың бір-бірімен қатынасы шынайы болу керек, оқушылардың бір-біріне көмегі адамгершілік тәрбиесіне ықпал етеді.

"Жауапкершілік" оқушының өз міндеттерін түсінуі, міндеттерін орындауы, жеке тұлғаның өз іс-әрекетін бақылай білуі.

Психологиялық принцип. Сабақ оқушыларды оқуға ынталандырып, оған деген оң көзқарасты тәрбиелеу керек. Маңызды және құнды себептер арқылы оқушыны оқуға итермелеп отырғаны дұрыс.

Аралас сабақтың кезеңдері:

Жұмысты ұйымдастыру

Өткенді қайталау

Жаңа материалды оқу

Бекіту

Үйге тапсырма

Ұйымдастыру бөлімі

Оқу еңбегінің жақсы жүруіне жағдай жасау үшін сабақты алдын ала ұйымдастыру қажет, себебі сабақтың жақсы өтуі алғашқы минуттарға байланысты.

Ұйымдастыру бөлімі-күрделі кезең. Оның міндеті оқушыларды сабаққа психологиялық жағынан әзірлеу

Жақсы нәтижелерге жету жағдайлары:

- мұғалімнің зейінін шоғырландыра білуі, өзін-өзі ұстауы, жинақтылығы;
- көп сөйлемеу, жігерлілік;
- талап қойғыштық және оқушылардың жағдайына зейінін аудару және сабаққа кешікпей келу;
- психологиялық үзіліс және сұрақтарды қолдану сабақ тақырыбына зейінді шоғырландыру;
- жылы жүзділік және кең жүректілік;
- талапты тұрақты және жүйелі қою.

Кезеңнің психологиялық міндетінің орындалғанын мына көрсеткіштерге қарап біледі:

- мұғалім мен оқушының жайдарылығы;
- ұйымдастыру бөлімінің қысқалығы;
- сыныптың, сабақ жабдықтарының жұмысқа толық дайындығы;
- сыныпты тез жұмысқа кірістіру;
- барлық оқушылардың назарын сабаққа аудару.

Бұл өте маңызды және жауапты кезең, оны жүзеге асыру сабақтың дамуы мен нәтижесіне ықпал етеді. Кейбір мұғалімдердің ұйымдастыру бөлімі тез өтеді, Бұл мұғалімнің алдыңғы сабақтардағы ұйымдастыру талаптарын орындауға балаларды үйретуінің нәтижесі. Бұл кезең тәрбиелейді. Бұл кезеңде мұғалім мен оқушының өзара қатынасының негізі қаланады.

Оқу-тәрбиелік міндеттері: Топтардың білімін терең және жан-жақты тексеру арқылы, білім және іскерліктердегі кемшіліктердің себептерін анықтау. Оқушылардың білімдерін бекіту, мықтыландыру және жүйелеу. Оқушылардың өз бетімен орындаған үй жұмыстарының әдістемесін тексеру. Жауап берген оқушылардың тілін және ақыл-ой қабілетін дамыту. Өз білімін басқаға жеткізуге, іскерлігін көрсетуге оқушыны дағдыландыру. Оқушыларды талдай білуге, сынауға үйрету. Ұжымшылдық сезімін, басқанық табысына

## **ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ**

қуанып, сәтсіздіктеріне қайғыра білуге тәрбиелеу. Өзінің іс-әрекетіне баға беру. Кезеңнің міндеттері күрделі және көлемді.

Кезеңнің мазмұны:

- жекелеген оқушылардың оқу материалын қаншалықты деңгейде білетінін түрлі әдістермен тексеру;
- жауап берген оқушылардың ойлау мәнерін тексеру;
- оқу және әлеуметтік дағдылары мен іскерліктері қаншалықты деңгейде екендіктерін анықтау;
- оқушылардың жауаптарына баға беру;
- тақтаға шақырылған оқушылар жауап беріп жатқанда барлық сыныптың оқу жұмысын ұйымдастыру.

Бұл кезең мұғалімнен үлкен шеберлікті талап ететін күрделі кезең. Оқушылардың білімдерін терең және дұрыс тексеру күрделі де қиын жұмыс. Ол жаңа материалды түсіндіргеннен де қиын.

Ауызша сұрау - сабақтағы тілдік тәжірибенің бірден-бір түрі. Ол өзара байланысты, бір-біріне ықпал ететін үш бөліктен тұрады.

Бірінші - мұғалімнің сұрағы және қою әдістемесі педагогикалық аксиомамен байланысты: ақылмен берілген жауапты ақылмен қойылған сұраққа алуға болады. Мұғалімнің беретін сұрағы мазмұнды, жүйелі және мақсатқа сәйкес болу керек.

Екінші - оқушының жауабы негізгі және маңыздырақ бөлім.

Үшінші - оқушылардың білімін тексеру кезіндегі оқушылардың тәртібі. Ең бастысы - бір оқушы тақырыпты түсінгенін айтып жатқанда сыныптың зейінін, есін белсенді етіп, барлық оқушыларды белсенді жұмысқа тарту. Кезеңнің мәні - сыныптың барлық оқушыларының білімдерін жетілдіретін, кейбірін аттестациядан өткізетін ұжымдық, танымдық іс-әрекет. Оқушылардың білімін тексеру тек бақылаудың мақсаты ғана емес, ол оқытудың да мақсаты болып табылады.

Оқушылардың ауызша жауаптарын тыңдау оқушыларға қызықты болу үшін теориялық білімдерді тәжірибеде қолдандырған жақсы, сонда ғана оқушы өз білімінің дұрыстығына көзі жетіп, оны түзетеді, толықтырады, білімнің пайдасын түсіне бастайды. Өте маңызды тәсіл - өз жолдастарының жауабына оқушылардың әділ баға беруін мұғалімнің ұйымдастыруы. Бұл тәсілді қолданып, мұғалім оқушыларға жауаптарды талдаудың бір үлгісін береді. Онда жауапқа қойылатын талаптар көрсетіледі. Олар: дәлелділік, дұрыстық, жүйелілік, сөйлеу мәдениеті, білімді тәжірибеде қолдана білу. Нәтижесінде баға жауап берген оқушыға да, жауапты бағалаған оқушыға да қойылады.

Білімді ауызша тексеру түрлері: жаппай сұрау, білімді компьютер арқылы тексеру, жеке оқушылардың білімін тексеру. Өкінішке орай көптеген мектептерде Бұл кезеңнің мәні бұрмаданады.

Біріншіден, кейбір мұғалімдер оқушыдан оқу материалын қатесіз айтып беруді талап етеді. Бірақ баланың есте сақтау қабілетінен гөрі, ақыл-ойын бақылау керек, себебі оқыту баланың ойлау қабілетін дамытады.

Баланың есіне көп мағлұматтарды сала бергеннен пайда жоқ. Білімнің тереңдігіне, түсініктілігіне, іске басшы бола білетіндігіне назар аудару керек.

Екіншіден, осы кезеңде мұғалім тақтанық алдында жауап айтып тұрған оқушымен жұмыс істеп жатқанда, қалған оқушылар бос отырады. Мұндай тексеру баланың оқуы мен тәрбиесіне үлкен зиян келтіреді. Орташа есеппен сабақ сұрауға 15 минут кетеді, осы уақыт ішінде көп оқушылар бос отырса, онда олар үшін уақыттың босқа кеткені. Сыныптың тәртібі, зейіні нашарлайды, оқушы мұғалімді алдауға, іссіз жүруге үйренеді. Егер ауызша сұрау кезінде бір оқушы жауап беріп, қалғандары бос отырса, онда 11 жыл ішінде әр оқушының 1,5-2 жыл уақыты босқа өтеді екен.

Оқушының тақтаға шығарған есебін немесе жазған қиын сөзін басқалары дәптерлеріне көшіріп алуы да ақыл-ой жұмысын туғызбайды.

## **ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ**

Білімді тексеру дұрыс ұйымдастырылғанда ғана, ал оқушылардың білімі мен дамуына жақсы ықпал етеді.

Жақсы нәтижелерге жетуге әсер ететін жағдайлар:

- білімді тексерудің жаппай, жеке түрлерін қолдану;
- білімнің беріктігін, тереңдігін тексеру үшін қосымша сұрақтар беру;
- білімді қолдандыру үшін балаға таныс емес жағдаяттарды айту;
- жолдастарының жауабын тыңдап, дәлірек жауап беруге әзірлену үшін сыныптың оқушыларына тапсырмалар беру;
- жұмыстың маңыздылығына оқушылардың көзін жеткізу.

Кезеңдегі оқу-тәрбие жұмысының алдында тұрған міндеттердің орындалғанын дәлелдейтін көрсеткіштер:

- білімнің көлемін және дұрыстығын, сонымен қатар тереңдігін, тәжірибеде жұмыс істей алатындығын мұғалімнің тексеруі;
- оқушылардың білім, іскерлік дағдыларындағы жақсы жетістіктері мен кемшіліктерін көрсететін, өздік жұмыс тәсілдерін жетілдіру үшін берілген нұсқаулар;
- жекелеген оқушылардың білімдерін тексеріп жатқанда сыныптың белсенді түрде жұмыс істеуі.

Білімді тексеру—оқушылардың жұмысына педагогикалық бақылау, оқушылардың білімдерін бекітетін, нақтыландыратын, түсінікті ететін, жүйелейтін, оқушылардың өз білімдері мен іскерліктерін көрсетуіне мүмкіндік беретін, оқушыны өзіне бақылаттыратын маңызды және әділ тәсіл.

Аралас сабақта ең негізгісі, қазіргі заман талабына сай виртуалды оқыту- ең қажет әдістердің бірі. Интербелсенді тақталарды, платформаларды қолдану арқылы оқушының зейінін, өмірге деген көзқарасын, айналаға деген қызығушылығын арттырып, сабаққа деген ынтасын ашылады. Мысалы, PADLET тақтасын қолдану өзімше қатты ұнайды. PADLET тақтасында топтық жұмыс еркін іске асады. Оқушылар бір-біріне еркін кері байланыс береді. Сурет те салады, эссе де жазады, есеп те шығарады. Анық аралас сабаққа керек тақта. PADLET тақтасында рефлексия да орын алады. Осындай қаншама интербелсенді тақталар мен платформалар өте көп. Тек қолға алу шәкіртіңді жан- жақты даярлау өз қолыңда , құрметті мұғалім!!!

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.«2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы»: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021 ж.
2. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлігілік оқу бағдарламасы
3. А.Құсайынов. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. Алматы, 2013 ж.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық. I деңгей 2012 ж.

## **ЖОБАЛАУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Кожамкулова Н.С.<sup>1</sup> Балкибекова Э.Е.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Алматы гуманитарлы – экономикалық университетінің PhD, доцент

<sup>2</sup>№122 жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші

E.mail: [naztai\\_agu@mail.ru](mailto:naztai_agu@mail.ru)

### **Аннотация**

В данной статье рассматриваются особенности формирования финансовой грамотности учащихся начальной школы с использованием методов проектного обучения.

Финансовая грамотность стала необходимым навыком для успешной адаптации личности в современном обществе. Применение проектного обучения в начальной школе помогает учащимся развивать навыки управления деньгами, учиться планировать бюджет, делать сбережения и принимать финансовые решения. В статье представлены различные способы использования проектного обучения для обучения финансовой грамотности, включая ролевые игры, экономические игры, проектную работу, использование интерактивных технологий. Учитывая возрастные особенности детей, авторы подчеркивают важность выбора правильных методов и инструментов для эффективного обучения. Проектное обучение развивает у учащихся критическое мышление, креативность и ответственность.

### **Abstract (English):**

This article discusses the features of developing financial literacy among primary school students through the use of project-based learning methods. Financial literacy has become an essential skill for an individual's successful adaptation to modern society. The application of project-based learning in primary school helps students develop money management skills, learn to plan budgets, save, and make financial decisions. The article presents various ways of using project-based learning to teach financial literacy, including role-playing games, economic games, project work, and the use of interactive technologies. Taking into account the age characteristics of children, the authors emphasize the importance of choosing the right methods and tools for effective teaching. Project-based learning fosters critical thinking, creativity, and responsibility in students, which is vital for their future financial independence.

Қазіргі заман талабына сай, қаржылық сауаттылық — әрбір жеке тұлғаның өмір сүруі мен әлеуметтік ортаға бейімделуі үшін қажетті маңызды дағды. Бұл дағдыны балаларға мектеп жасынан бастап қалыптастырудың маңызы зор. Бастауыш сыныптарда білім алушылардың қаржылық сауаттылығын дамытудың тиімді әдістерінің бірі – жобалау әдісі. Бұл мақалада жобалау әдісінің бастауыш сынып оқушыларының қаржылық сауаттылығын қалыптастырудағы ерекшеліктері, мақсаты, міндеттері және тиімділігі талқыланады.

**Жобалау әдісінің ерекшеліктері:** Жобалау әдісі – оқушылардың белсенділігін арттыратын, оларды шығармашылық ізденіске бағыттайтын, проблемалық сұрақтарға жауап табуға, өз бетінше шешім қабылдауға үйрететін оқытудың инновациялық тәсілі. Жобалау әдісі арқылы білім алушылар нақты өмірде кездесетін мәселелерді шешуге дағдыланады. Бұл әдіс оқушыларға өз бетінше зерттеу, ақпарат жинақтау, талдау жасау, нәтижелерді ұсыну сияқты маңызды дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

**Мақсаты:** Бастауыш сынып оқушыларының қаржылық сауаттылығының негіздерін қалыптастыру, ақшаны дұрыс басқару дағдыларын дамыту, сауда-саттық, бюджет, үнемдеу сияқты қарапайым қаржылық ұғымдармен таныстыру.

**Міндеттері:** Ақшаның құндылығын түсіндіру; Табыс пен шығынды ажыратуға үйрету; Сауда-саттық, бюджет, үнемдеу ұғымдарын қалыптастыру; Қаржылық шешімдер қабылдауға дағдыландыру; Жобалық жұмыс арқылы қаржылық сауаттылық дағдыларын іс жүзінде қолдануға үйрету.

### **Жобалау әдісі арқылы қаржылық сауаттылықты қалыптастырудың жолдары**

**Тақырып таңдау:** Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай қызықты және өмірге жақын тақырыптар таңдау керек. Мысалы: «Менің үнемдеу қорым», «Отбасылық бюджет», «Сауда дүкені».

**Жобаны жоспарлау:** Жобаның мақсатын, міндеттерін, орындау мерзімін және күтілетін нәтижелерді анықтау қажет.

**Ақпарат жинау:** Оқушылар ақпаратты кітаптардан, интернеттен, ата-аналармен, мұғалімдермен сұхбаттасу арқылы жинайды.

**Ақпаратты талдау:** Жиналған ақпарат талданады, қорытынды жасалады, қажетті мәліметтер іріктеледі.

**Жобаны іске асыру:** Оқушылар жобаны іске асырады, нәтижелерге қол жеткізеді. Мысалы, ойыншықтар сататын дүкен жасау, үнемдеу қорын құру, отбасылық бюджет құру.

**Нәтижелерді ұсыну:** Оқушылар өз жобаларын сыныпта, мектепте ұсынады, презентация жасайды, көрме ұйымдастырады.

**Рефлексия:** Жобаның нәтижелері талқыланады, оқушылар өздерінің жетістіктері мен кемшіліктерін бағалайды, кері байланыс алады.

### **Жобалау әдісінің тиімділігі**

Жобалау әдісі арқылы қаржылық сауаттылықты қалыптастырудың көптеген артықшылықтары бар: Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады; Оқушылар өз бетінше білім алуға, ізденуге дағдыланады; Оқушылардың коммуникативтік дағдылары дамиды; Оқушылардың қаржылық сауаттылығы қалыптасады; Оқушылар нақты өмірде кездесетін мәселелерді шешуге үйренеді.

Бастауыш сыныпта білім алушылардың қаржылық сауаттылығын жобалау әдісі арқылы қалыптастыру үшін қолданылатын әдіс-тәсілдердің түрлері:

### **1. Ойын формасындағы әдістер:**

- **Рөлдік ойындар:** “Дүкенші”, “Банк”, “Сатушы” ойындары оқушыларды қаржылық қатынастарға баулиды. Ойын барысында ақшаны санау, сатып алу, сату, бюджетті жоспарлау сияқты дағдылар қалыптасады.

- **Экономикалық ойындар:** Монополия сияқты тақталық ойындар, қаржылық стратегиялар мен шешімдер қабылдауды үйретеді.

- **Қызықты тапсырмалар мен жұмбақтар:** Ақшаға, үнемдеуге, саудаға қатысты жұмбақтар мен қызықты тапсырмалар оқушылардың қызығушылығын арттырады.

### **2. Жобалық қызметке негізделген әдістер:**

- **“Менің үнемдеу қорым” жобасы:** Оқушылар өздерінің ақшасын жинау жоспарын жасайды, мақсат қояды (мысалы, ойыншық сатып алу). Жоба барысында үнемдеу, қаржыны басқару дағдылары дамиды.

- **“Отбасылық бюджет” жобасы:** Оқушылар отбасыларының табыстары мен шығындарын зерттейді, отбасылық бюджеттің негіздерімен танысады. Бұл жоба оқушыларға қаржылық шешімдер қабылдауға көмектеседі.

- **“Сауда дүкені” жобасы:** Оқушылар өздерінің ойша дүкенін құрады. Тауарларды таңдайды, баға белгілейді, сауда жасайды. Бұл жоба сауда-саттық, маркетинг сияқты ұғымдармен таныстырады.

- **“Кішкентай кәсіпкер” жобасы:** Оқушылар өздерінің кәсіпкерлік идеяларын ұсынады, бизнес-жоспар жасайды (мысалы, қолөнер бұйымдарын жасап сату). Бұл жоба қаржылық тәуекелдер мен табыс табу жолдарын үйретеді.

### **3. Көрнекілік әдістері:**

- **Инфографика:** Қаржылық ұғымдарды көрнекі түрде (сызбалар, диаграммалар, суреттер) көрсету.

- **Бейнематериалдар:** Қысқаша мультфильмдер, қаржылық сауаттылық туралы бейнероликтер көру.

- **Көрмелер:** Оқушылардың жобалық жұмыстарының нәтижелерін көрме ұйымдастыру арқылы ұсыну.

### **4. Интерактивті әдістер:**

- **Онлайн платформалар мен қосымшалар:** Қаржылық сауаттылықты дамытатын онлайн ойындар, тесттер, интерактивті тапсырмалар қолдану.

- **Квесттер:** Қаржылық тақырыпқа арналған квесттер ұйымдастыру, мәселелерді шешу арқылы қаржылық дағдыларды дамыту.

- **Сабақтағы талқылаулар мен пікірталастар:** Қаржылық мәселелерді талқылау, өз ойларын білдіруге мүмкіндік беру.

### **5. Ынтымақтастыққа негізделген әдістер:**

- **Топтық жұмыс:** Жобаларды, тапсырмаларды топпен орындау, оқушыларды бір-бірінен үйренуге, көмектесуге ынталандырады.

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

- **Ата-аналармен жұмыс:** Ата-аналарды оқушылардың жобаларына қатыстыру, қаржылық сауаттылықты отбасында қалыптастыруға көмектесу.
- **Кәсіпкерлермен, қаржыгерлермен кездесулер:** Қаржылық саладағы мамандармен кездесулер ұйымдастыру, олардың тәжірибелерімен танысу.

### **Әдіс-тәсілдерді таңдау кезінде мыналарды ескеру қажет:**

- Оқушылардың жас ерекшеліктері;
- Сабақтың мақсаты мен міндеттері;
- Оқу материалының мазмұны;
- Қолда бар ресурстар (құралдар, уақыт).

Жоғарыда аталған әдіс-тәсілдердің әрқайсысы бастауыш сынып оқушыларының қаржылық сауаттылығын дамытуда маңызды рөл атқарады. Мұғалім әртүрлі әдістерді ұтымды үйлестіре отырып, қызықты және тиімді сабақтар ұйымдастыра алады.

Жобалау әдісі арқылы қаржылық сауаттылықты қалыптастырудың оқушы үшін тиімділігі нақты:

1. **Білімді іс жүзінде қолдану:** Теориялық білімді жаттап алудың орнына, оқушылар нақты жобаларда өз білімдерін қолдана алады. Мысалы, “Менің шағын бизнесім” жобасында олар табыс табу, шығындарды азайту, баға белгілеу сияқты мәселелермен бетпе-бет келеді.

2. **Қызығушылықтың артуы:** Қаржылық сауаттылық сабақтары қызықсыз, теориялық болып көрінуі мүмкін. Ал жобалау әдісі оқушыларды белсенді қатысушыға айналдырады. Олар өз жобаларын құруға, шешім қабылдауға қызығады.

3. **Проблемаларды шешу қабілетінің дамуы:** Жоба барысында түрлі қиындықтар туындайды (мысалы, бюджетті дұрыс жоспарлау, шығындарды азайту). Оқушылар осы мәселелерді шешу арқылы өз бетінше шешім қабылдауға үйренеді.

4. **Шығармашылықтың дамуы:** Жобалау әдісі оқушыларға шығармашылықпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Олар өз жобаларының дизайнын ойластырады, өнімдерін жарнамалайды, қаржылық мәселелерге жаңаша шешімдер ұсынады.

5. **Топпен жұмыс істеу дағдысының қалыптасуы:** Көптеген жобалар топпен орындалады. Бұл оқушыларға бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, идеялармен бөлісуге, міндеттерді бөлісуге, ортақ мақсатқа жетуге көмектеседі.

6. **Өзіне деген сенімділіктің артуы:** Жобаны сәтті аяқтаған оқушы өзіне сене бастайды. Ол қаржылық мәселелерді шеше алатынын, табысқа жете алатынын түсінеді.

7. **Нақты өмірге дайындық:** Жобалау әдісі арқылы алынған білім мен дағдылар оқушыларға болашақта қаржылық тәуелсіз болуға, ақшаны дұрыс басқаруға көмектеседі. Олар қаржылық сауаттылықтың негіздерін ерте жастан меңгереді.

8. **Жауапкершілікті сезіну:** Жобаға қатысу арқылы оқушылар өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті сезінеді. Олар қабылдаған шешімдерінің нәтижесін көреді, қателіктерінен сабақ алады.

Жобалау әдісі оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады. Бұл әдіс оқушыларға білімді іс жүзінде қолдануға, шығармашылықпен жұмыс істеуге, проблемаларды шешуге және нақты өмірге дайындалуға көмектеседі. Бастауыш сыныптарда жобалау әдісін қолдану арқылы білім алушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру – өте тиімді әдіс. Бұл әдіс оқушыларға ақшаның құндылығын түсінуге, қаржылық шешімдер қабылдауға, табыс пен шығынды ажыратуға және үнемдеуге үйретеді. Жобалау әдісін сабақтарда және сыныптан тыс іс-шараларда қолдану арқылы оқушылардың қаржылық сауаттылығын арттыруға және оларды болашаққа дайындауға болады.

Оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру – заман талабы

Қазіргі таңда қаржылық сауаттылық – тек үлкендерге ғана емес, балаларға да қажетті дағды. Ақшаның құндылығын түсіну, бюджетті жоспарлау, үнемдеу сияқты қарапайым ұғымдарды ерте жастан меңгеру – баланың болашақ қаржылық тәуелсіздігінің кепілі. Осы орайда, оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді құралдарына ерекше назар аудару қажет.



## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

Біздің заманымызда ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты интерактивті әдістердің маңызы арта түсуде. Онлайн ойындар, мобильді қосымшалар, виртуалды тренажерлар оқушылардың қаржылық сауаттылығын қызықты әрі тиімді түрде арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, нақты өмірден алынған мысалдар мен жағдаяттарды талдау, рөлдік ойындар оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып, дұрыс қаржылық шешім қабылдауға үйретеді.

Қорыта келгенде, оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру – бұл тек білім беру міндеті ғана емес, сонымен қатар, қоғамның тұрақты дамуына қосқан үлес. Тиімді әдістер мен құралдарды қолдану арқылы біз балалардың қаржылық сауаттылығын арттырып, олардың жарқын болашағын қамтамасыз ете аламыз.

*Бұл мақала Алматы гуманитарлы-экономикалық университетінің ішкі қаржыландыру жобасы – «Жобалау әдісі арқылы білім алушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру» аясында жарияланды.*

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байзақова А. "Қаржылық сауаттылық: теория және практика". Алматы: Экономика, 2020.
2. Жұмақызы Б. "Жобалау әдісі арқылы білім беру". Астана: Ғылым, 2021.
3. Нұрмұхамбетов С. "Қаржылық білім: жастарға арналған нұсқаулық". Шымкент: Ақиқат, 2019.

## ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУДА ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Абдибаева С.

«Бастауыш білім беру» БББ-ның 1 курс магистранты

**Аннотация** Бұл мақалада білім алушылардың қаржылық сауаттылығын арттыруда жобалау әдісін қолданудың маңыздылығы қарастырылады. Жобалау әдісі оқушылардың қаржылық дағдыларын тәжірибелік тапсырмалар арқылы меңгеруіне, жеке және топтық жұмыс арқылы мәселелерді шешуге ықпал етеді. Сонымен қатар, мақалада жобалық оқыту әдісін қаржылық сауаттылық сабақтарына енгізудің тиімді жолдары ұсынылады.

**Кілттік сөздер:** қаржылық сауаттылық, жобалау әдісі, оқыту технологиялары, бюджеттік жоспарлау, инвестициялық білім

**Annotation** This article examines the importance of using the project-based learning method to enhance students' financial literacy. The project-based approach helps students acquire financial skills through practical assignments, fosters problem-solving through individual and group work, and encourages critical thinking. Furthermore, the article presents effective ways to integrate project-based learning into financial literacy education.

**Keywords:** financial literacy, project-based learning, teaching technologies, budget planning, investment education

**Аннотация (на русском языке)** В данной статье рассматривается значимость использования проектного метода в формировании финансовой грамотности учащихся. Проектный метод способствует освоению финансовых навыков через практические задания, решению проблем в индивидуальной и групповой работе, а также развитию критического мышления. Кроме того, в статье предложены эффективные способы внедрения проектного обучения в преподавание финансовой грамотности.

**Ключевые слова:** финансовая грамотность, проектный метод, образовательные технологии, бюджетное планирование, инвестиционное образование

**Кіріспе.** Қаржылық сауаттылық – қазіргі қоғамда жеке тұлғаның экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды құзыреттіліктердің бірі. Қаржылық сауаттылығы жоғары азаматтар өз бюджеттерін тиімді басқару, инвестициялау, жинақтау және несие алу мәселелерінде дұрыс шешім қабылдау қабілеттеріне ие болады. Білім беру жүйесінде қаржылық сауаттылықты дамыту қажеттілігі артып келеді, осыған байланысты оны оқытудың тиімді әдістерін анықтау өзекті мәселе болып табылады. Солардың бірі – жобалау әдісі.

Білім алушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Бұл мәселенің маңыздылығы Қазақстан Республикасының стратегиялық құжаттарымен, атап айтқанда, Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы халқының қаржылық сауаттылығын арттыру тұжырымдамасымен (2030 жылға дейін) бекітілген. Қаржылық жоспарлау, жеке бюджетті басқару, кірістер мен шығыстарды талдау дағдыларының жеткіліксіз деңгейі болашақта азаматтардың қаржылық осалдығына, олардың экономикалық дербестігі мен әлеуметтік бейімделу деңгейінің төмендеуіне алып келуі мүмкін.

Мұғалім – балаларға кітап оқудың қуанышын көрсетуге, ашуға және кітапты өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыруға көмектесетін кітап әлеміне жол көрсетуші тұлға.

*Ата-аналардың рөлі:* Үйде оқуға қолайлы атмосфера құру: баланың жасына және қызығушылығына сәйкес келетін әртүрлі кітаптардың болуы, бірге оқу, оқуды талқылау, тәжірибе алмасу, өзі кітап оқитын ата-аналар баланы оқуға ынталандырады. Балалармен бірге кітапханалар мен кітап дүкендеріне бару: балаға кітаптарды өз бетінше таңдауға мүмкіндік беру, оқылған әңгімелер, кейіпкерлер мен оқиғаларды талдау.

Бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық мәдениетін қалыптастыруда ата-ана басты рөл атқарады. Олардың әсері ерте балалық шақтан басталып, бастауыш мектептегі білім берудің барлық кезеңінде жалғасады.

Бастауыш сынып жасындағы білім алушылардың оқырмандық мәдениетін қалыптастыру бұл ата-аналар мен мұғалімдердің назарын, білімін, уақытын қажет ететін көп қырлы үдеріс. Бұл кезең оқуға деген сүйіспеншілікті дамытудың және қажетті дағдыларды

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

калыптастырудың кілті, ол баланың жеке басын сәтті оқыту мен дамытудың негізі болып табылады.

### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031#z140> (15.02.2025).
2. Выготский Л.С. <http://mpgu.su/scientists/vygotskiy-lev-semenovich/> (20.02.2025).
3. Эльконин, Д.Б. Психология обучения младшего школьника/Д.Б. Эльконин // под редакцией Д.И. Фельдштейна. - Издание 2-е, стереотипное. - М. : Институт практической психологии, Воронеж: НПО МОДЭК, 1997.
4. Дж. Брунер Культура образования/Дж. Брунер; пер. Л.В. Трубицыной, А.В.Соловьева. — Москва: Просвещение, 2006.
5. Откидач Е. В. Развитие читательской культуры студентов в условиях университетского комплекса: дисс. . канд. пед. наук. Нижней Новгород, 2001. 162с.
6. Оморокова, М. И. Совершенствование чтения младших школьников:метод. пособие для учителя / М.И.Оморокова. – М.: АРКТИ, 2001.

### ӘОЖ 373.1

## ОҚУШЫЛАРҒА КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУДЕ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Ажибаева Зияда Жангельдиновна

2 курс магистранты

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Арқалық қ, Қазақстан

[azhibaeva.ziyada@mail.ru](mailto:azhibaeva.ziyada@mail.ru)

Мақалада оқушыларға кәсіби бағдар беру процесінде кәсіби өзін-өзі анықтаудың маңызы қарастырылады. Кәсіби өзін-өзі анықтау оқушылардың болашақ мамандықты таңдаудағы жауапкершілігін арттырып, олардың жеке тұлғалық және кәсіби дамуында маңызды рөл атқарады. Мақалада кәсіби өзін-өзі анықтаудың негізгі аспектілері, оған әсер ететін факторлар, сондай-ақ бұл процесстің тұлғалық және әлеуметтік дамуға ықпалы талданады. Сонымен қатар, кәсіби бағдар беру жүйесін жақсартудың маңыздылығы мен оқушылардың дұрыс шешімдер қабылдауы үшін қажетті жағдайлар көрсетіледі.

**Кілтті сөздер:** кәсіби бағдар беру, кәсіби өзін-өзі анықтау, жеке тұлғалық даму, әлеуметтік бейімделу, қабілеттер.

This article discusses the importance of professional self-identification in the process of career guidance for students. Professional self-identification plays a key role in enhancing students' responsibility when choosing their future profession and contributes significantly to their personal and professional development. The article explores the main aspects of professional self-identification, the factors influencing it, as well as its impact on personal and social development. Additionally, the importance of improving the career guidance system and creating conditions for students to make informed decisions is emphasized.

**Keywords:** career guidance, professional self-identification, personal development, social adaptation, abilities.

В статье рассматривается важность профессионального самоопределения в процессе профессиональной ориентации школьников. Профессиональное самоопределение играет ключевую роль в повышении ответственности учеников при выборе будущей профессии и значительно способствует их личностному и профессиональному развитию. В статье



## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

анализируются основные аспекты профессионального самоопределения, факторы, влияющие на него, а также его влияние на личностное и социальное развитие. Также подчеркивается важность улучшения системы профессиональной ориентации и создания условий для того, чтобы ученики могли принимать осознанные решения.

**Ключевые слова:** профессиональная ориентация, профессиональное самоопределение, личностное развитие, социальная адаптация, способности.

Бүгінгі қоғамның талаптары мен өзгерістеріне сәйкес, білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушыларға сапалы білім мен тәрбие беру ғана емес, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, өз болашағын дұрыс анықтап, мақсатты түрде дамытуына ықпал ету. Оқушыларға кәсіби бағдар беру мәселесі, әсіресе, олардың кәсіби өзін-өзі анықтауы, қазіргі таңда маңызды орын алуда. Кәсіби өзін-өзі анықтау – бұл тұлғаның өз қабілеттері мен қызығушылықтарына, әлеуметтік қажеттіліктер мен мүмкіндіктеріне негізделген дұрыс кәсіби таңдау жасай алу процесі. Мұндай процесс оқушылардың өзін-өзі тануы, өз күштерін бағалауы және болашақ мамандыққа деген жауапкершілікпен қарауы үшін маңызды.

Сондықтан да Президент Қ.Тоқаевтың алғашқы Жолдауында: «Біздің елімізде еңбек ресурстарының балансын есепке алудың тиімді әдістемесі әлі күнге дейін әзірленген жоқ. Шын мәнінде, мамандар даярлаудың отандық жүйесі нақты еңбек нарығынан тыс қалған... Біз оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшуіміз қажет» [1] - деп, оның негізгі себептері қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасы көрсеткіштерінің алшақтығы, ауылдық жердегі білікті кадрлардың жетіспеушілігін және оны шешудің тиімді жолдарын ашып көрсетті.

Осыған орай, қазіргі таңда, еңбек іс-әрекетінің сипаты мен мазмұнының жылдам өзгеруіне байланысты оқушыларға кәсіби бағдар беру мен мамандық таңдауға дайындықты қалыптастыру қажет. Сондықтан да бүгінгі таңда жалпы білім беру жүйесінде оқушыларға кәсіби бағдар беру мен кәсіби өзін-өзі анықтаудың психологиялық-педагогикалық құбылыс пен үдеріс ретінде тануын, оның өмірлік мәні мен қоғамдық жүйесінде кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесін зерттеу өзектілігі, қоғамдық маңыздылығын түсіндіре отырып, жеке тұлғаны қалыптастыру маңыздылығы артауда.

Оқушыға кәсіби бағдар беру - оның мамандық таңдауына бағытталатын іс-әрекет. Сондықтан да, жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруде кәсіби өзін-өзі анықтаудың маңызы жоғары деп есептейміз. Себебі, *кәсіби өзін-өзі анықтау* – бұл адам өміріндегі ең маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Бұл процесс барысында оқушы өз қабілеттерін, қызығушылықтарын, әлеуетін және мүмкіндіктерін анықтап, оларды болашақ мамандықпен байланыстырады. Өзінің кәсіби болашағын дұрыс жоспарлау және таңдау арқылы оқушы өзін-өзі таниды, кәсіби дамуына қажетті дағдыларды игереді, әлеуметтік және экономикалық өмірге дайындалады. Сондықтан да, кәсіби өзін-өзі анықтаудың маңызды аспектілері мыналар болып табылады:

1. Өзін-өзі тану – бұл адамның өз қабілеттері мен мінез-құлқын, қызығушылықтарын, тұлғалық қасиеттерін түсінуі.

2. Кәсіби қызығушылықтарды анықтау – оқушының өзіне ұнайтын және қызығатын салалар мен қызметтерді бағалауы.

3. Қабілеттер мен мүмкіндіктерді бағалау – оқушының қандай салада жақсы нәтиже көрсететінін, қандай қабілеттері бар екенін білуі.

4. Кәсіби мақсат қою – оқушының болашақта өзіне лайықты мамандықты таңдауға және оған жету жолын белгілеуге бағытталған әрекеттері.

Дейтұрғанмен, оқушылардың болашақ мамандықты таңдауда жіберетін қателіктері де болады. Оларға:

- мамандықтар әлемімен, олардың ерекшеліктерімен толық таныс болмауы (түрлі еңбек жағдайлары, мамандық тұлғасына қойылатын талаптар және т.б.);

- беделді мамандықты табыс көзі ретінде қарастыру;

- белгілі бір мамандық өкіліне деген біржақты көзқарас қалыптасуы;

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

- достарының ыңғайымен серіктестік мамандық таңдау;
- ата-аналарының қалауымен мамандық таңдауы;
- өз қабілеттері мен мүдделерін ескермей, ҰБТ-ның нәтижесі бойынша мамандық таңдау;
- аймақтық еңбек нарығында сұранысқа ие емес, бірақ «беделді» кәсіптердің ішінен мамандық таңдау (құқықтану, кеден ісі, экономика салалары бойынша) және т.б. жатады.

Осылайша, мектеп түлектерінің елдің даму тенденцияларын және қазіргі еңбек нарығының сұраныстарын ескере отырып, болашақ кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруда тәуелсіз және жауапты таңдау жасауға дайындығын қалыптастыру үшін кәсіби өзін-өзі анықтау процесін психологиялық-педагогикалық қолдау қажеттілігі туындайды.

Ал кәсіби өзін-өзі анықтаудың мақсаты - адамның еркін қабілетін дамыту, оның жеке өмірін басқару, яғни мақсат қою, басымдықтарды қою, таңдау жасау болып табылады. Өзін-өзі анықтау ұстамының мазмұны адамның және қоғамның ішкі қозғаушы күші ретінде әрекет ететін мағыналар жүйесін қамтиды.

Сондықтан да өсіп келе жатқан тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауы жеке мағынаны іздеумен және мамандық таңдауға байланысты екендігіне негізделген, «адам үшін экономика» немесе «экономика үшін адам» дилеммасы біржақты шешілмейді және адамның таңдауына байланысты болады. Алайда, адамның мамандық таңдауы оның қоғамдық-элеуметтік және жеке өзіндік тәжірибесіне байланысты. Сондықтан мамандықты таңдау тек қандай да бір когнитивті жүйелерді меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар адамның жеке тұлғалық құрылымының қайта құрылуы мен субъективті тәжірибесін терең қарастыруды қажет етеді.

Осыған сәйкес, кәсіби өзін-өзі анықтау ұғымы «өзін-өзі анықтау» түсінігінен туындап отыр. Өзін-өзі анықтау - бұл өз мүмкіндіктерін саналы ұғыну, өзін-өзі тану, өзінің даралық тарихын құру; адамның өзінің даму болашағын саналы және өз бетінше жүзеге асыруға дайындығы [2].

Педагогика мен психология ғылымында өзін-өзі анықтаудың бірнеше түрлері сипатталған: *тұлғалық және кәсіби өзін-өзі анықтау, өмірлік және элеуметтік өзін-өзі анықтау.*

Тұлғалық өзін-өзі анықтауы адамның өзін тұлға ретінде анықтауы ретінде қарастыруға болады. «Тұлға» ұғымы психологиядағы неғұрлым күрделі категория болып табылады. Оның 200-ден астам сипаттамасы бар. Әдетте, тұлға деп өзін қоғамда белсенді жүзеге асыратын субъектіні қарастырады. Бұл жерде оның белсенділік көзін және кемелділік дәрежесін бөліп қарастырады. Тұлғаны түсінудегі неғұрлым дәстүрлік анықтама - тұлғаны сыртқы ортамен, қоғамдық күшпен анықталады деп түсініп «тұлға қалыптасуы» деген сөз тіркесін қолдану болып табылады.

Ал, өзіндік анықтау адамның өз тағдырын еркін таңдауы, өзін-өзі итермелеуші күштердің жүзеге асуы болса, ал өмірлік жағдайлардағы рефлексия ретінде жасалынатын интеллектуалды жұмыстар өзіндік анықтаудың механизмі болып табылады. Сондықтан да тұлғаның өзін-өзі анықтауы жеке даралық сипатқа ие, ол бірегей, қайталанбайтын және өзгешелік қасиетке тән. Адамның жеке дербестілігінің ерекшелігі өзіндік анықтау процесінің сәйкестілігі мен өнімділігі айқын және тікелей көрініспен сипатталады.

Өзін-өзі анықтайтын жеке тұлғаның сипаттамасы ретінде кейбір процестердің аяқталуының нәтижесін шартты түрде қарастырады. Ал шындығында, осы сипаттама айтылған нәтижеге келудің психологиялық механизмін толық аша алмайды. Бұл нәтижені тудыратын процесс - өзіндік анықтау процесі: оның мәнін индивидтің өмірлік мақсатын және өмірдің мағынасын ұғынуын қалыптастыруы, өзінің ниет-тілектерінің сәйкес келуі, қасиеттерінің, мүмкіндіктерінің қатысуы негізіндегі дербес өмірлік іс-әрекетке дайындығы, соған қойылатын қоршаған орта мен қоғам тарапынан талаптар құрайды. Сөйтіп, өзіндік анықтаудың негізгі психологиялық механизміндегі қоғам талап ететін өзінің тілектері мен мүмкіндіктерінің сәйкес келуі жүзеге асады.

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

Демек, өзін-өзі анықтау - бұл тек процесс қана емес, сонымен қатар нәтиже болып табылады. Өмірде өз-өзін жүзеге асыра алған адамды тұлға ретінде қалыптасқан деп айтуға болады. Ал оның нәтижесі тұлғалық деңгейде белгілі бір психологиялық қасиеттері мен сипаттары арқылы көрінуі мүмкін.

Өз-өзін анықтау мәселесін зерттеуде әртүрлі психологиялық, философиялық тұжырымдамаларды талдай келе, тұлғаның өз-өзін анықтауының негізгі үш түрін бөліп қарастыруға болады:

- тұлғалық (өз жетістіктері мен кемшіліктерін бағалау);
- әлеуметтік (өзінің әлеуметтік ұстанымын, қоғамдағы өз орнын анықтау);
- адамгершіліктік (өзінің адамгершіліктік-рухани әлеуетін анықтау мен жүзеге асыру)

өз-өзін анықтау [3].

Ал, «кәсіби өзін-өзі анықтау» ұғымын талдай отырып, «кәсіп» деген сөздің бірнеше мағына беретінін анықтауға болады. Ең қарапайымы - қоғам тарапынан марапатталатын іс. Екінші кең тараған мағынасы - қажетті біліктілік пен құзыреттілікті, кәсіби дағдыларды талап ететін іс-әрекет ретіндегі мамандық. Үшінші мағынасы - кәсіп - бұл өмірдегі өз ісің.

Кәсіби өзін-өзі анықтау - бұл іс-әрекеттік өзін-өзі анықтау; бұл жердегі іс-әрекет - мақсат, құрал және өзін-өзі анықтау кеңістігі бола алады. Іс-әрекет сапасы өзін-өзі анықтаудың ерекшелігін тудырады.

Кәсіби өзін-өзі анықтауды толық іске асырылмағаннан біраз оқушыларда тандалынған мамандықтары туралы кең түсінік болмайды және өз қабілеттерін толық аша алмайды. Кәсіби өзін-өзі анықталудың аяқталмауы оны басқарудың қажеттілігін көрсетеді. Оны басқару бірнеше деңгейде жүзеге асыруға болады:

- ✓ әлеуметтік - оқушылардың өндірістік еңбектерін ұйымдастырумен кәсіби бағдар беру жұмысын дамытуға бағытталған мемлекеттік ұйымдастыру жүйелері;
- ✓ педагогикалық - оқушылардың мамандықты саналы таңдауға дайындау мақсатында оқушының жеке басына және ортасына педагогикалық әсер ету жүйесі;
- ✓ психологиялық - ерте жасөспірім кезеңінде оқушыны іс-әрекетті өзіндік саналы басқару субъектісі мен басқару және өзін-өзі басқару механизмдері ретінде зерттеу.

Кәсіби өзін-өзі анықтау тұлға қалыптасуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл туралы Е.А.Климов кәсіби өзін-өзі анықтауды басқару мүмкіншіліктерін тұлғалық кәсіби жоспарлауды түзету арқылы қарастырады [4]. Яғни, оқушы өзін-өзі басқаруын алдына мақсат қойып, оны жоспарлып және жүзеге асыру жолындағы есеп беру, түзетулері жатады.

Ал шетелдік кәсіби бағдар беру тәжірибелерінде ғалым Ри Томсен «Career Guidance in Communities» [5] деген еңбегінде күнделікті өмір, кәсіптік бағдар беру қызметінде оқу мен білім беру жүйесінен еңбек жағдайына көшу арасындағы өзара іс-қимыл мәселелерін қарастырады. Ол кәсіптік бағдар беру жұмысын нақты еңбек процесімен қатар алып жүргізуді ұсынады. Еңбек арқылы оқушының қай кәсіпке немесе өнерге бейімділігі бар екенін анықтап, сол бағытта жұмыс жүргізіп, баланың болашақ мамандығына қажетті ақпараттар мен қабілеттерін шындайды деп тұжырым береді.

Америкалық ғалым Хэйзел Ридтің: «Introduction to Career Counselling & Coaching» оқу құралында кәсіби бағдар беру жұмысының негізгі әдістері мен модельдері жан-жақты талданып, сондай-ақ оқушыларға мансаптық тұрғыда өзін-өзі анықтау үшін қажетті негізгі дағдыларды қарастырады [6]. Сондай-ақ, автор осы саладағы тақырыптық зерттеулерге жүгінеді, рефлексия мен өзін-өзі талдау үшін көптеген сұрақтар ұсынады. Ол адамның тұлғалық өсуін мансаптық жолмен байланыстыра отырып, үнемі өзіне есеп беру, әр мансапқа ие болған сайын немесе оған жету жолындағы адамның психикалық күйлеріне ерекше мән беріп зерттеген.

Сондай-ақ, қазақстандық зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде де кәсіби өзін-өзі анықтаудың оқушы үшін маңызды екендігі айтылады. Мәселен, А.Т.Изакова: «Өз-өзін танытатын тұлға өзінің ішкі және сыртқы қорларын анықтап, өмірлік мағынасын түйсіне отырып, өз-өзін танытады. Дәл осындай өз-өзін танытудың негізінде тұлға кәсіби ортада өз-

өзін анықтайды» [7] - деп, өз-өзін танытудың мағына құраушы факторлардың кәсіби өз-өзін анықтауға тигізер әсерін айтады. Ал, Ж.Ж.Бейсенованың зерттеу жұмысында, жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауындағы өзіндік бағалау, іс-әрекетті саналы өзіндік реттеу ерекшеліктерін және кәсіби бағдар беру мен мамандық таңдауға байланысты саналы дайындықтың ішкі субъективті факторларын зерттеп [8], тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісіндегі даму мәселелерінің жүйелік сипатын негіздейді. Сондықтан да тұлғаның өзін-өзі анықтау үдерісі адамның жеке өзіндік өмірінде ерекше мәнге ие мәселелердің қатарына жатады.

Дейтұрғанмен, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау процесі әртүрлі факторларға байланысты да болады. Олардың арасында:

1. *Әлеуметтік орта*: отбасы, мектеп, достар және қоғамдағы адамдардың ықпалы оқушылардың кәсіби таңдауына әсер етеді. Әсіресе ата-аналар мен мұғалімдер оқушыларға болашақ мамандықты таңдауда жетекшілік етеді.

2. *Психологиялық факторлар*: оқушының жеке психологиялық ерекшеліктері, оның мінезі, темпераменті, қызығушылықтары мен қабілеттері кәсіби таңдау процесінде маңызды рөл атқарады.

3. *Ақпараттық ресурстар*: оқушының кәсіби ақпаратқа қол жеткізуі, әртүрлі мамандықтар туралы білуі, білім мен дағдыларын толықтыруы оның дұрыс шешім қабылдауына әсер етеді.

4. *Мектептің кәсіби бағдар беру жүйесі*: оқушыларға кәсіби бағдар беру пәндері мен жобалар, экскурсиялар мен түрлі семинарлар мектепте кәсіби білім алудың маңызды бөлігі болып табылады. Бұл оқушыларға мамандықтар туралы терең түсінік қалыптастырып, дұрыс таңдау жасауға көмектеседі.

Қорытындылай келе, оқушыларға кәсіби бағдар беру және кәсіби өзін-өзі анықтаудың маңызы қазіргі білім беру жүйесінде айқын көрініс тапқан. Бұл процесс оқушылардың болашақ өмірі мен кәсіби қызметіне негіз боларлық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Кәсіби өзін-өзі анықтау оқушының тұлғалық дамуына ықпал етіп, оның болашақтағы табысты кәсіби өміріне жол ашады. Оқушыларға өз қызығушылықтары мен қабілеттерін дұрыс бағалауды үйрету, олардың болашақ мамандықтарына саналы түрде таңдау жасауы үшін маңызды қадам болып табылады. Осылайша, кәсіби бағдар беру жүйесін жетілдіру және оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін қажетті жағдайлар жасау қоғамның болашақта кәсіби білікті мамандармен қамтамасыз етілуіне үлкен үлес қосады деп санаймыз.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев Қ. К. (2019) «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» // «Егемен Қазақстан», №169 (29648) 3 қыркүйек. 1-6 бб.
2. Шавир П. А. (1981) Психология профессионального самоопределения в юности. М.: Педагогика.
3. Е.Б.Дуйсенбеков, А.М.Байкулова Кәсіби бағдар беру және кәсіби өзін-өзі анықтау психологиялық-педагогикалық құбылыс және үдеріс ретінде // Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы №1(81), 2020. - Алматы 2020 «Қыздар университеті». -Б. 169-174.
4. Климов Е. А. (1996) Психология профессионального самоопределения. Ростов-на-Дону: Феникс -512 б.
5. Thomsen R. (2012) Career Guidance in Communities. -255 p.
6. Reid H. (2015) Introduction to Career Counselling & Coaching, SAGE. -291 p.
7. Изакова А. Т. (2011) Психологические аспекты профессиональной деонтологии государственного служащего: Учебно-метод. пособие. Астана: Академия государственного управления при Президенте РК. -114 с.

8. Бейсенова Ж. Ж. (2004) Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзіндік анықталуындағы мамандық таңдаулары мен өзіндік бағалау ерекшеліктерін зерттеу: психол.ғыл. канд. дисс. автореф. 19.00.07. Алматы: ҚазҰУ. -30 б.

ӘОЖ 378

### ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК ЛИДЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Бақытова Наргиз Бақытқызы - 2 курс магистранты  
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты  
Арқалық қ, Қазақстан  
[bakytovanargiz83@gmail.com](mailto:bakytovanargiz83@gmail.com)

Байкулова Айгерим Мейрхановна - PhD, профессор м.а.  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Алматы қ, Қазақстан  
[aigerim.baikulova@mail.ru](mailto:aigerim.baikulova@mail.ru)

Мақалада педагогикалық мамандықтағы студенттердің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың жолдары қарастырылады. Мақалада лидерлік пен коммуникативтік лидерлік ұғымдары, олардың мәні, психологиялық және педагогикалық негіздері, сондай-ақ осы дағдыларды қалыптастыруда қолданылатын әдіс-тәсілдер талданған.

**Кілтті сөздер:** коммуникативтік лидерлік, педагогикалық мамандық, студенттер, дағдыларды дамыту, кәсіби даму.

В статье рассматриваются пути формирования коммуникативного лидерства у студентов педагогических специальностей. В статье анализируются понятия лидерства и коммуникативного лидерства, их сущность, психологические и педагогические основы, а также методы и подходы к их формированию.

**Ключевые слова:** коммуникативное лидерство, педагогические специальности, студенты, развитие навыков, профессиональное развитие.

This article explores the ways of developing communicative leadership in students of pedagogical specialties. The article examines the concepts of leadership and communicative leadership, their essence, psychological and pedagogical foundations, as well as methods and approaches for their development.

**Keywords:** communicative leadership, pedagogical specialties, students, skills development, professional development.

Қазіргі білім беру жүйесінде болашақ педагогтардың коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Оған себеп, жоғары білім беру жүйесі қазіргі таңда өзгермелі және өскелең талаптар мен қажеттіліктерді қанағаттандырумен қатар, отандық білім саласын әлемдік білім кеңістігіне кіріктіруге бетбұрыс жасауда. Бұл мемлекеттік білім беру жүйесін әлемдік үздік үлгіге сәйкес деңгейге көтеру, жеке тұлғаның білім алу және рухани қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін зерделеу негізінде білім беру жүйесінің сапасын арттыруды көздейді. Осы бағытта мемлекеттік деңгейде іргелі жұмыстар іске асырылуда.

Бұл еліміздегі жоғары білім беру жүйесін әлемдік деңгейге көтеру үшін жасалатын жұмыстар легінің толассыз екендігін көрсетіп, болашақ мамандарға жоғары кәсіби білім беруді ұдайы жетілдіруді талап етеді.

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

Осыған сәйкес, коммуникативтік білімі толық, кәсіби коммуникативтік дағдылары мен сапалары қалыптасқан, кәсіби қызмет етуге қабілетті мамандар даярлау мәселесі жедел әрі тиімді шешімдер қабылдауды талап етеді. Бұл мамандардың кәсіби қызметінің тиімділігі көбінесе коммуникативтік және лидерлік қасиеттердің даму деңгейімен анықталады. Осы орайда, студенттердің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың маңыздылығы туындайды. Өйткені, педагогтің коммуникативтік лидерлігі оның оқу үдерісінде тиімді жұмыс істеуі, студенттермен және әріптестерімен байланыс орнатуы үшін шешуші фактор болып табылады. Сондықтан да, болашақ маманның бойында ұйымдастырушылық дағдысы, әлеуметтік белсенділікке ішкі талпынысы, өз мақсаттарына қол жеткізу үшін эмоциялық, еріктік, зияткерлік және физикалық күш-жігері бар, креативті идеяларды ұсына алатын және айналасындағыларды өзіне ілестіре білуге қабілетті лидерлік қабілетін тәрбиелеу қажет.

Олай болса, педагогикалық мамандықтағы студенттер үшін коммуникативтік лидерлік қасиеттері оның кәсіби дамуы мен әлеуметтік бейімделуінде айрықша рөл атқарады. Коммуникативтік лидерлік дегеніміз, педагогтың қарым-қатынас жасау қабілетіне сүйенген лидерлік қасиет болып табылады. Бұл топты басқару, адамдармен түсінікті және сенімді байланыс орнату, сонымен қатар білім алушылардың ынтасын арттырып, оларды жалпы мақсатқа бағыттауды қамтамасыз етеді. Осы тұста студенттердің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың психологиялық және педагогикалық негіздері, әдістері, педагогтың рөлі мен коммуникативтік лидерлік ұғымының мәнін нақтылап алуды жөн санадық.

Осыған орай алдымен, лидер ұғымына қысқаша тоқталып өтейік. Лидерлік ұғымы қазіргі қоғамда кеңінен қолданылатын түсінік болып табылады. Лидерлік - бұл бір топтағы немесе ұйымдағы адамдарды белгілі бір мақсатқа жету үшін басқару, бағыттау және ынталандыру қабілеті. Лидер өзінің қасиеттері мен дағдылары арқылы басқа адамдарға үлгі болып, оларды ортақ мақсатқа жұмылдырады [1]. Яғни, лидер ақпаратты берумен қатар, оны белсенді қабылдайды, ол үшін топпен коммуникативтік байланыс, өзі үшін де, жалпы топ үшін де анықтаушы болған идеялар мен құндылықтарды растау маңызды болады. Ал, лидер нәтижелі коммуникацияға қол жеткізуі үшін келесі қабілеттерге ие болуы тиіс екендігі анықталды:

- өз ойлары мен сенімдерін анық, дәйекті және қисынды баяндау;
- психикалық денсаулық пен іскерлік табыстың алғышарты ретінде іскерлік және жеке байланыстардың әлеуметтік желісін қолдау;
- жағдайға байланысты тиісті ақпараттық құралдар мен коммуникация арналарын таңдау;
- сену, дәлелдеу, нәтижелі іскерлік әңгіме жүргізу;
- ақпаратты орындаушыларға жеткізу, оларды іс жағдайынан хабардар ету, мәселелерді шешуге қызығушылық туғызу;
- коммуникацияның бейвербальді құралдарын тиімді пайдалану;
- манипуляцияларға қарсы тұру, коммуникацияда кедергілерді жеңу;
- өзіндік имидж жасау, оның құрамдас бөліктерін жетілдіру: сыртқы түрі, мәнері, өзіне сенімділік, және т.б. атап айтуымызға болады [2].

Ал, коммуникативтік лидерлік - бұл лидердің қарым-қатынас жасау қабілетіне негізделген басқарушылық қасиет. Бұл өз кезегінде адамдармен тиімді және нәтижелі байланыс орнату, олардың пікірін тыңдау және ортақ шешімдер қабылдауға бағыттау қабілеттерін білдіреді. Коммуникативтік лидерліктің негізгі құрамдас бөліктері ретінде эмпатия, тыңдай білу, шешім қабылдау қабілеті және қарым-қатынас дағдыларын атап өтуге болады.

Сондықтан да коммуникативтік лидерлігі қалыптасқан тұлға рөліне үміткер студенттердің іс-әрекетінде олардың мінез-құлқы, яғни топтар бойынша жіктеуге болатын мінезі біршама айқын көрінеді:

- а) интеллектуалдық белгілер: креативтілік, байқампаздық, парасаттылық;
- б) эмоционалдық белгілер: сенімділік, оптимизм, жайнақылық, ширақтық;

в) жігерлілік белгілері: мақсаттылық, бастамашылдық, ұстамдылық, табандылық, т.б.;

г) адамгершілік белгілері: шыншылдық, зейінділік, әділдік, төзімділік, шыдамдылық [3], т.б. Бұл қасиеттер педагогикалық бағыттағы студенттердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Демек, коммуникативтік лидерлік педагогикалық мамандықтағы студенттер үшін ерекше мәнге ие. Себебі, бұл дағдылар оқыту процесінде білім алушылармен, әріптестермен және ата-аналармен қарым-қатынас орнату, ынтымақтастықты қалыптастыру және топтық жұмысқа қатысу кезінде көрініс табады. Педагогтар мен білім алушылар арасындағы тиімді коммуникация білім беруді жақсартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ педагогтің өз шешімдерін түсіндіру, топты басқару және білім алушыларды ынталандыру қабілетін арттырады.

Ал, студенттердің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздеріне келер болсақ, жалпы педагогикалық мамандықтағы студенттердің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру психологиялық және педагогикалық негіздерге сүйенеді. Психологиялық тұрғыдан, бұл дағдылар студенттің эмоционалды интеллектісімен, өзіндік бағалауы мен әлеуметтік дағдыларымен байланысты [4]. Студенттердің өз қабілеттеріне сенімі, өзін-өзі тануы, эмоциялық интеллекті жоғары болса, оларда лидерлік қабілеттер де дамиды. Бойында лидерлік қабілеттері бар студенттер топты басқаруда, шешім қабылдауда, өзгелермен қарым-қатынас жасауда жетістіктерге жетеді.

Педагогикалық тұрғыдан қарастырар болсақ, коммуникативтік лидерлік студенттердің кәсіби дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Педагогикалық мамандық студенттері өздерінің қарым-қатынас дағдыларын және лидерлік қабілеттерін дамыту арқылы болашақ педагогикалық қызметінде сапалы жұмыс атқара алады. Бұл дағдылар оқу үдерісінде білім алушылармен, әріптестермен және ата-аналармен өзара қарым-қатынасты тиімді түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді [5].

Сондықтан да, студенттерде коммуникативтік лидерлікті дамыту әдістеріне аса мән беру қажет. Себебі, педагогикалық мамандықтағы студенттердің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру үшін әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Олардың ішінде, кейбіріне қысқаша тоқталып өтуді жөн санадық. Мәселен,

✓ *Топтық жұмыстар мен жобалар:* Студенттер топтық жұмыс барысында коммуникативтік дағдыларын дамытады. Бұл әдіс әртүрлі пікірлер мен көзқарастарды ескере отырып, ортақ шешім қабылдауға, өзара әрекеттесудің тиімді тәсілдерін табуға үйретеді.

✓ *Рөлдік ойындар мен тренингтер:* Рөлдік ойындар арқылы студенттер басқарушылық шешімдер қабылдауға, әртүрлі әлеуметтік жағдайларда қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік алады.

✓ *Пікірталастар мен презентациялар:* Бұл әдістер студенттерге өз пікірлерін қорғауға, басқалардың пікірлерін тыңдауға және жауап беру дағдыларын дамытуға көмектеседі.

✓ *Коучинг және менторлық:* Педагогтар мен тәжірибелі мамандар студенттерге бағыт-бағдар беріп, олардың коммуникативтік лидерлік дағдыларын жетілдіруге көмектеседі [6].

Демек, студенттердің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыруда аталмыш әдістер студенттердің коммуникативтік дағдыларын дамытуға және олардың өзара қарым-қатынастарын нығайтуға ықпал етеді.

Сол себепті де, коммуникативтік лидерлікті қалыптастыруда педагогтың рөліне де тоқталып өту де маңызды. Педагогтің коммуникативтік лидерлікті қалыптастырудағы рөлі айрықша. Педагог өзінің коммуникативтік дағдыларымен студенттерге үлгі бола отырып, оларды топтық жұмысқа тарту, шешім қабылдауға ықпал ету және өз пікірін дұрыс жеткізу арқылы студенттердің коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл процесте педагог студенттермен ашық және сенімді қарым-қатынас орнатып, оларды жеке тұлға ретінде бағалауы, олардың пікірімен санасуы керек. Сонда ғана, педагогтар студенттерге жауапкершілік пен өз пікірін қорғау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

Қорытындылай келе, студенттердің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру - бұл көпжақты процесс. Коммуникативтік дағдыларды дамыту, өз пікірін дұрыс білдіру, топты тиімді басқару және тыңдай білу дағдылары болашақ педагогтерге тек білім беру ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік қызметті де сапалы атқаруға мүмкіндік береді. Педагогикалық мамандықтағы студенттерде коммуникативтік лидерлікті қалыптастыру үшін психологиялық және педагогикалық негіздерге сүйену, әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану маңызды. Педагогтың рөлі мен білім беру үдерісіндегі көшбасшылық қасиеттерін дамытуға байланысты нәтижелер болашақта оқу жүйесіне оң әсер етеді деп сенеміз.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байкулова А.М. Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу, 6D010300. PhD дис. Алматы, 2016, -179 б.
2. Баймуханбетов, Б. М. «Лидер», «лидерлік», «лидерлік сапа» ұғымдарының мәнін теориялық талдау / Б. М. Баймуханбетов // Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының хабаршысы = Вестник Академии педагогических наук Казахстана. - 2014. - п 1. - Б. 40-46.
3. Коммуникация в современном мире: теория и практика. Коллективная монография; [под ред. Е.В. Грудевой]. Новосибирск: Изд. АНС «СиБАК», 2017. -196 с.
4. Султанмұрат М.С. Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру мәселесін зерттеудегі жүйелік тұғыр. «Инновациялық білім беру жағдайындағы педагог креативтілігі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция Шымкент, 2019. -Б. 88-92.
5. Абдыгазиева Н. Формирование коммуникативного лидерства студентов. Международный научный журнал «Инновационная наука» №7-8. Уфа, 2016. – С. 108-109.
6. Гольева Г.Ю. Развитие лидерских качеств у студентов педагогического вуза: монография / Г.Ю. Гольева – Челябинск: Издательство ЗАО «Библиотека А. Миллера», 2018. – 204 с

### ӘОЖ 373.1

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІ ҮДЕРІСІНДЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ДАҒДЫСЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Отарова Назгул Талгатқызы  
2 курс магистранты  
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты  
Арқалық қ, Қазақстан  
Email:[Nazgul96@mail.kz](mailto:Nazgul96@mail.kz)

Мақалада жоғары сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінде өзін-өзі бағалау дағдысын дамыту жолдары қарастырылады. Өзін-өзі бағалау – бұл оқушының өз оқу әрекеттерін объективті түрде бағалауы, өзін-өзі талдау және дамыту үдерісінде маңызды рөл атқарады. Оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдысы оқу мотивациясын арттырып, олардың білім сапасын бақылауға мүмкіндік береді. Мақалада осы дағдыны дамытуда психологиялық қолдау көрсету жолдары, сондай-ақ рефлексияның маңызы талданады. Өз кезегінде, өзін-өзі бағалаудың оқушылардың жеке тұлғалық және кәсіби дамуына тигізер ықпалы айқындалады.

**Кілтті сөздер:** өзін-өзі бағалау, оқу мотивациясы, рефлексия, жеке тұлғалық даму, психологиялық қолдау, жоғары сынып оқушылары.



В статье рассматриваются пути развития навыков самооценки у старшеклассников в процессе их учебной деятельности. Самооценка представляет собой способность учащегося объективно оценивать свои учебные действия, играя важную роль в процессе самоконтроля и саморазвития. Навыки самооценки способствуют повышению учебной мотивации и позволяют контролировать качество знаний учащихся. В статье анализируются пути предоставления психологической поддержки в процессе развития данной компетенции, а также важность рефлексии. Рассматривается влияние самооценки на личностное и профессиональное развитие учащихся.

**Ключевые слова:** самооценка, учебная мотивация, рефлексия, личностное развитие, психологическая поддержка, старшеклассники.

The article discusses methods for developing self-assessment skills in high school students during their learning activities. Self-assessment is the ability of a student to objectively evaluate their learning actions, playing a crucial role in the process of self-monitoring and self-improvement. Self-assessment skills enhance learning motivation and allow students to control the quality of their knowledge. The article analyzes ways to provide psychological support in the development of this skill, as well as the importance of reflection. The influence of self-assessment on students' personal and professional development is examined.

**Keywords:** self-assessment, learning motivation, reflection, personal development, psychological support, high school students.

Қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі – оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету және олардың өзін-өзі дамытуына жағдай жасау. Оқу іс-әрекетіндегі өзін-өзі бағалау дағдысы – оқушының өз нәтижелерін объективті түрде талдай білу қабілеті. Бұл дағдыны дамыту арқылы оқушылар өз оқу әрекеттерін өздігінен бағалап, оның нәтижелерін жақсартуға бағытталған қадамдар жасайды.

*Осы тұста, негізгі ұғымның мәнін нақтылауға көшуден бұрын «іс-әрекет» түсінігіне талдау жасап кеткенді жөн көрдік.*

Философия ғылымында «іс-әрекет» ұғымы «табиғи-әлеуметтік шындықты мақсатты қайта құруда адамның әлеуметтік-тарихи объектісінің нақты түрін» білдіреді [1]. Мұнда белсенділік көбінесе феноменнің, процестің қажетті сапасының пайда болуының түсіндіру принципі ретінде немесе ол бірлескен процесте анықталған байланыстар мен тәуелділіктерді талдаудан тыс проблеманы шешу құралы тұрғысынан қарастырылады.

Л.П.Буева іс-әрекетке берген анықтамасында «іс-әрекет – белгілі бір тәртіппен, элементтер құрылымының иерархиясымен, олардың арасындағы байланыспен жеке немесе әлеуметтік субъектінің іс-әрекетін басқаратын және бүкіл жүйенің функционалдық бірлігін қамтамасыз ететін жүйе» деп, көрсетіледі [2].

Ал психология ғылымында іс-әрекет теориясы жеке қасиеттерді меңгеру тұрғысынын көрініс тапты. Мәселен, С.Л.Рубинштейн зерттеуінде іс-әрекетке жан-жақты талдау берілген. Ол іс-әрекетті бірқатар аспектілерде қарастырған:

- адамның практикалық және теориялық іс-әрекеті субъектінің объективті әлемге қатынасы;

- өмірлік және тұрмыстық жағдайларда басқа адаммен қарым-қатынасқа түсуі;
- сана мен іс-әрекеттің бірлігі;
- сыртқы жағдайлармен ішкі мүмкіндіктердің өзара әрекеттестігі;
- адамның іс-әрекеті және белсенділігі [3].

Психологтардың еңбектерінде тұлғаның дамуы мен іс-әрекеттің байланысы мәселесіне тұжырымдамалық көзқарастың мәні мынада: «адам өзін-өзі жаратады, өзін-өзі жасайды», «жеке тұлға үнемі нақты бір тұлғаның ерекше әлеуеті барынша толық көрінетін және дамитын әлемге қатысты іс-әрекеттің осы түрлерін іздеуге және құруға тұрақты өз дамуының субъектісі болып табылады» [4].

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

Психология ғылымында «іс-әрекет» түсінігін анықтауда философия ғылымындағы тұжырымдар негізге алынады. Іс-әрекеттің ең кең таратылған түсінігі – адамның қоғамда өмір сүруінің тәсілі. Егер біз адамның нақты өмір сүру тәртібінің сипатын түсіндірсек, онда ол адамның әлемде өзін белсенді өзгертуге және қайта қалыптасуына бағытталған белсенді қатынастардан тұратындығын байқаймыз [5].

Сонымен ғылыми-психологиялық деңгейде іс-әрекет саналы түрдегі іс-әрекетке негізделген адамның іс жүзіндегі өмірлік үдерістерінің жиынтығының көрінісі. Сондай-ақ, іс-әрекет адам психикасы тудыратын ішкі қарама-қайшылықтар мен өзгерістерді ішкі дүниесінде жүзеге асырады, ол өз кезегінде іс-әрекеттерді өткізудің шарты ретінде қозғалысқа түседі.

Осыдан іс-әрекет – субъект пен әлем арасындағы байланыс формасын білдіреді. Осыған байланысты әлемді белсенді түрде қайта құру және субъектіні «объективті әлемнің кеңірек бөлігін өзіне сіңіру» есебінен өзгертуді білдіретін өзара бірін-бірі толықтыратын екі үдерісті қамтиды.

Іс-әрекет әлеуметтік тұрғыдан әрекет ету жолдары белгіленетін мәдениет объектісі болып саналады. Бұл сыртқы сипат (материалдық немесе идеал) іс-әрекет үдерісінің шарттылығын және оның барлық жаңа субъектілерді дамытуға сәйкес оның даму бағытын көрсетеді.

Сонымен, іс-әрекет тұжырымдамасы философия, психология, әлеуметтану ғылымдары тұрғысынан қозғалыстың әлеуметтік нысаны; өмір сүру феномені; адамның объективті әлемді бейнелеу тәсілі; адамның шындықты белсенділікке айналдыру мүмкіндігі тұрғысынан негізделген. Осы тұжырымдар негізінде жалпы ғылыми әдебиеттерде «іс-әрекет – қоршаған ортаға белсенді қарым-қатынас жасау формасы» - деп түсіндіріледі [6].

Іс-әрекеттің келесі бір ерекшелігі оның әлеуметтік, қоғамдық-тарихи сипатының болуында. Өйткені адамның объектілермен іс-әрекет формалары дербес жүзеге асырылмайды. Бұл іс-әрекеттердің үлгісін көрсететін және бірлескен іс-әрекетке қатысатын басқа адамдардың көмегімен жүзеге асырылады.

Адамдар арасында бөлінген және сыртқы (материалдық) нысаннан жеке адамның (ішкі) іс-әрекетіне ауысады және негізгі психологиялық іс-әрекеттерді (білімдер, дағдылар, қабілеттер, мотивтер, көзқарастар және т.б.) қалыптастырады.

Іс-әрекет жанама және өнімді сипатта болады. Іс-әрекеттің жанама сипатта болуы. Құралдар қатарына материалдық нысандар, белгілер және басқа адамдармен байланыс жатады. Әрбір іс-әрекетті іске асыра отырып біз ол арқылы, тіпті олар іс-әрекетті орындауға шынымен қатыспаса да, басқа адамдармен белгілі бір қарым-қатынасқа түседі. Адамның іс-әрекеті әрдайым мақсатқа сай болады немесе мақсатқа бағынады. Жетістікке қол жеткізуге бағытталған арнайы ұсынылған жоспарлы нәтиже болып саналады. Мақсат іс-әрекетке бағытталады және оның бағытын дұрыстайды.

Барлық уақытта іс-әрекет субъектінің бастамасы. Осыған байланысты іс-әрекет реакциялардың жиынтығы емес, оны біріктіретін әрекеттер жүйесімен негізделеді. Ал, мотив – іс-әрекеттің не үшін жүзеге асатынын, адамның не істейтінін анықтайды.

Іс-әрекеттің өнімді сипаты. Оның нәтижесі – адамның сыртқы әлемінен, өзінен, білімінен, ниетінен, қабілетінен және т.б. көрінеді.

Іс-әрекеттің атқаратын рөліне, мөлшеріне қарай түрлері сан алуан (еңбек, танымдық, коммуникативтік және т.б.). Іс-әрекетті психологиялық тұрғыдан талдау оларды құрамдас бөліктерге бөлуді талап етеді, олар психологиялық реттеудің әртүрлі деңгейлерін сипаттауға, олардың өзара қарым-қатынастарын және өзара әрекеттестігін анықтауға мүмкіндік жасайды.

Осы тұрғысынан, А.Н.Леонтьев іс-әрекеттің мынадай құрамдас бөліктерін анықтайды:

1) іс-әрекет – белгілі бір себептерге сәйкес келетін әрекеттер жүйесі. Өйткені әрекеттер жүйесі – іс-әрекетті ынталандыратын мұқтаждықтың нысаны; ол мотивацияға қол жеткізу қажеттілігін қанағаттандырады. Мотив – бір нәрсені екіншіден ерекшелендіретін, оның ерекше сапасын айқындайтын басты нәрсе болғандықтан, ол материалдық формада

және адам қиялында әрекет етуші түрде де болады. Ең бастысы ол міндетті болуы тиіс, болмаса іс-әрекет мотивсіз жүзеге аспайды.

2) іс-әрекетті құраушы жеке іс-әрекеттер. Әрбір іс-әрекет нақты айқындалған аралық нәтижеге, яғни мақсаттарға жетуге бағытталады. Шартты түрде айтсақ, түпкі мақсат іс-әрекеттің мотиві саналады. Мақсат қою – адамның дағдысында, білімі мен қабілеттерінде, оның жеке және өздік қасиеттерінде, іс-әрекеттің объективті шарттарында және т.б. көрініс табатын күрделі шығармашылық үдеріс.

3) іс-қимыл жасау әдісі. Іс-әрекеттің жедел құрамы, ең алдымен, оны жүзеге асыру шарттарымен анықталады [7].

Демек, *іс-әрекет дегеніміз* мақсат қою, мәселені шешуде тиімді әдістерді қолдану, негіздеу, оны тәжірибе жүзінде дәлелдеу барысында нәтиженің нақты көріну әрекеттерінің жиынтығы юболып табылады.

Ал, біздің жағдайымызда бұл оқу іс-әрекеті болғандықтан, осы іс-әрекеттегі мақсат, мәселе – белгілі бір пән аясында және өзін қызықтыратын өмір саласынан білім алу, білімді игеру, меңгеру, білік, дағдыларын дамыту. Олай болса оқу іс-әрекеті – белгілі бір пән аясында және өзін қызықтыратын өмір саласынан білім алу, білімді игеру, меңгеру, білік, дағдыларын дамытуға байланысты шығармашылық үдерісте тиімді әдістерді қолдану, негіздеу барысындағы нәтижеде нақты көрініс табатын әрекеттер жиынтығы.

Сондықтан да, оқу іс-әрекеті үдерісінде өзін-өзі бағалау оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, олардың білім сапасын бақылауға мүмкіндік береді. Оқушылардың өзін-өзі бағалауы, оның дербес жұмыс істеуге қабілеттілігін арттырып, жауапкершілік пен еңбекқорлықты дамытады.

Ал өзін-өзі бағалау – адамның өз әрекеттері мен нәтижелерін объективті түрде бағалауы болып табылады [8]. Бұл үдеріс тек жеке тұлға ретінде оқушының дамуына ғана емес, оның оқу жетістіктерін арттыруға да әсер етеді. Өзін-өзі бағалау арқылы оқушы өз нәтижелерін саралап, қажетті өзгерістер енгізе алады, бұл оқу іс-әрекетінің нәтижелілігін арттырады.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, өзін-өзі бағалау оқушының оқу мотивациясын күшейтеді. Бұл дағдының маңызы туралы көптеген зерттеулер жүргізілген, соның ішінде McMillan мен Hearn [9] өзін-өзі бағалау оқушыларды өз оқу әрекеттеріне белсенді қатысуға ынталандырады деп көрсеткен. Сонымен қатар, өзін-өзі бағалау оқушыға өзінің күшті және әлсіз тұстарын анықтауға, сол арқылы келешекте жақсы нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді.

Олай болса, өзін-өзі бағалауды дамыту жолдарына тоқталайық.

### *1. Оқу процесінде рефлексияны енгізу*

Рефлексия – бұл оқушының өз іс-әрекетін талдап, нәтижелерін бағалауы. Ол оқушыларға өздерінің жетістіктері мен кемшіліктерін анықтауға көмектеседі. Рефлексия процесі оқушыға өзінің даму деңгейін түсінуге мүмкіндік береді және ол өз әрекеттеріне жауапкершілікті сезінеді. Бұл оқушыларды өз іс-әрекеттеріне талдау жасауға, жетістіктерін бағалауға және кемшіліктерін түзетуге баулиды.

### *2. Өзін-өзі бағалау формаларын пайдалану*

Оқушыларға өзін-өзі бағалаудың арнайы формалары мен құралдарын ұсыну тиімді болып табылады. Өзін-өзі бағалау парақшалары мен шкалалары оқушылардың өздерінің білім деңгейін бағалауға көмектеседі. Бұл бағалау әдістері оқушылардың өзіндік сараптама жүргізіп, өз іс-әрекеттерін түсінуге ықпал етеді [10].

### *3. Жеке мақсаттар қою және оларды жүзеге асыру*

Өзін-өзі бағалау дағдысын дамыту үшін оқушылар өз мақсаттарын нақты қойып, соған жету үшін қандай қадамдар жасауы керектігін түсінуі қажет. Мақсаттар қою оқушыларға өз оқу әрекеттерін жоспарлауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде олардың оқу мотивациясын арттырады және оқу нәтижелеріне жауапкершілікті сезінуге көмектеседі [11].

### *4. Психологиялық қолдау және мотивация*

Өзін-өзі бағалау дағдысын қалыптастыру үшін оқушыларға психологиялық қолдау көрсету маңызды. Оқушыларды қолдау, олардың жетістіктерін мойындау және қателіктерін түзетуге бағыттау олардың өз-өзін бағалауға деген сенімділігін арттырады. Психологиялық қолдау олардың оқу процесінде белсенді болуына және өзінің қабілеттерін жақсартуға ұмтылуына ықпал етеді [12].

### 5. Қателіктер мен жетістіктерді талқылау

Өзін-өзі бағалау оқушылардың қателіктерін талдай білуін талап етеді. Қателіктерден сабақ алу, оларды талқылау оқушыларды өз білімін жетілдіруге жетелейді. Сонымен қатар, жетістіктерін талқылау оқушыларға өз жұмысын бағалауға және оған деген сенімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, жоғары сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінде өзін-өзі бағалау дағдысын дамыту оқу процесінің тиімділігін арттырады, оқушылардың білім сапасын жақсартады және олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына көмектеседі. Өзін-өзі бағалау оқушыларға өздерінің оқу нәтижелерін объективті бағалауға мүмкіндік береді және олардың даму деңгейін бақылауға септігін тигізеді. Бұл процесс оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, олардың кәсіби және жеке тұлғалық дамуына оң әсер етеді деп санаймыз.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Российская педагогическая энциклопедия. Т. 1. – М., 1993. – 264 с.
2. Буюева Л.П. Человек: деятельность и общество. – М., 1978. –154 с.
3. Проблемы общей психологии / Под ред. Е.В. Шороховой. – М., 1973. – 215 с.
4. Анциферова Л.И. К психологии личности как развивающейся системы. В сб.: Психология формирования и развития личности. – М., 1981. – 115 с.
5. Брунер Дж. Психология познания. – М.: Прогресс, 1977. – 412 с.
6. Философский энциклопедический словарь / Редкол.: С.С. Аверинцев и др. - 2-е изд. – М.: Советская энциклопедия, 1989. – 815 с.
7. Леонтьев А.Н. Потребности. Мотивы. Эмоции. –М.: Политиздат, 1971.248с.
8. Серікбаева, Р. Н. (2019). Жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру. Алматы: Қазақ ғылымы.
9. McMillan, J. H., & Hearn, J. (2008). Student self-assessment: The key to developing self-regulated learners. *Journal of Educational Psychology*, 100 (2), 371-382.
10. Биманова, С. М. (2017). Жеке тұлғаның психологиясы және оны дамыту жолдары. Шымкент: Шымкент университеті.
11. Chen, H. (2017). *Self-assessment in education: Theory and practice*. Cambridge: Cambridge University Press.
12. Black, P., & Wiliam, D. (1998). Assessment and classroom learning. *Educational Assessment*, 5(1), 7-74.

### ӘОЖ 378.1

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ОТБАСЫЛЫҚ ЖӘНЕ АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Акишева Жансая Асановна  
2 курс магистранты  
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты  
Арқалық қ, Қазақстан  
E-mail: [akishevazh@mail.ru](mailto:akishevazh@mail.ru)  
Каратаева Татьяна Олеговна  
PhD доктор

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университеті

Арқалық қ, Қазақстан

E-mail: [t.karataeva@api.edu.kz](mailto:t.karataeva@api.edu.kz)

Бұл мақалада студенттердің отбасылық-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың маңыздылығы айтылады. Авторлар отбасылық тәрбиенің жастардың адамгершілік қасиеттерін дамытудағы ролі, отбасылық-адамгершілік құндылықтардың студенттердің тұлғалық және әлеуметтік дамуына әсері қарастырылады.

**Кілтті сөздер:** отбасылық құндылықтар, адамгершілік, студенттер, тәрбие.

В данной статье рассматривается важность формирования семейных и нравственных ценностей у студентов. Авторы анализируют роль семейного воспитания в развитии нравственных качеств молодежи, а также влияние семейных и нравственных ценностей на личностное и социальное развитие студентов.

**Ключевые слова:** семейные ценности, нравственность, студенты, воспитание.

This article discusses the importance of shaping family and moral values in students. The authors examine the role of family upbringing in the development of moral qualities in youth, as well as the impact of family and moral values on students' personal and social development.

**Keywords:** family values, morality, students, upbringing.

Қазіргі білім беру кеңістігінде болашақ мамандардың тұлғалық және рухани қалыптасуында отбасылық-адамгершілік құндылықтардың орны ерекше. Студенттердің бойында бұл құндылықтарды сіңіру – олардың әлеуметтік белсенділігі мен азаматтық жауапкершілігін арттырудың тиімді тетігі ретінде қарастырылады. Аталған ұстанымдар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында да көрініс тапқан, онда білім беру процесінің басты мақсаты ретінде жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде рухани дамуға қолайлы жағдай жасау, білім алушылардың өмірлік бағдарын анықтауына және кәсіби өзін-өзі дамытуына ықпал ету міндеті қойылған [1].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында отбасылық институтты нығайтуға бағытталған нормативтік-құқықтық актілер, оның ішінде 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы мен осы құжатқа сәйкес қабылданған іс-шаралар жоспары (2017–2019 жж.) жастар арасында отбасылық құндылықтарды насихаттау мен қолдауға бағытталған түрлі әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруды көздейді [2]. Бұл стратегиялар студенттердің отбасылық-адамгершілік бағдарларын жүйелі түрде қалыптастырудың қажеттілігін айғақтайды.

Сонымен қатар, Қазақстанда отбасылық институттың әлсіреу үрдісі байқалады. ҚР Ұлттық статистика бюросының 2023 жылғы мәліметіне сәйкес, соңғы бес жыл ішінде ажырасу деңгейі тұрақты түрде өсіп, 1000 некеге шаққанда 400-ден астамын құраған. Бұл көрсеткіш жастардың отбасылық тұрақтылық туралы түсінігіне әсер етіп, олардың құндылықтық бағдарларын қайта қарауға итермелеуде.

Бүгінгі таңда жоғары білім беру жүйесінде құндылықтық бағдарларды қайта қарау үдерісі жүріп жатыр. Білім – тек ақпарат көзі емес, сонымен қатар тұлғаның өзін-өзі жетілдіруі мен қоғамға бейімделуіне бағытталған құндылықтық кеңістік. Ал, тұлғаның өзін-өзі жетілдіруі – бұл адамның өз қабілеттерін, білімін, мінез-құлқын, ойлау дағдыларын және рухани әлемін саналы түрде дамытуға бағытталған үздіксіз үдеріс. Бұл ұғым педагогикада, психологияда және философияда кеңінен қолданылады және тұлғаның ішкі әлеуетін жүзеге асыруына мүмкіндік беретін маңызды категориялардың бірі болып табылады. Педагогикада тұлғаның өзін-өзі жетілдіруі – тәрбие мен білім беру арқылы адамның әлеуетін ашуға, өзін-өзі тәрбиелеуге, шығармашылықпен дамуға және өмірлік белсенді позиция қалыптастыруға бағытталған үдеріс. Бұл – өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі дамыту ұғымдарымен тығыз байланысты.

*Өзін-өзі жетілдіруге ықпал ететін факторлар:*

- қоғамдық орта (мектеп, ЖОО, отбасы);
- мотивация мен мақсат;
- өзіндік рефлексия (өзіне сыни көзқарас);
- ішкі ерік-жігер және табандылық;
- құндылықтық бағдарлар кіреді.

Осы тұрғыда отбасылық тәрбие студенттің тұлғалық дамуына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Зерттеулер көрсеткендей, адамгершілік қасиеттердің негізі баланың отбасында қаланатыны белгілі. Қарым-қатынас, сенім, жауапкершілік, құрмет және адалдық сияқты қасиеттер алғаш рет отбасында бойға сіңіріледі. Бұл қасиеттер кейіннен оқу орны мен әлеуметтік ортада әрі қарай дамып, жеке тұлғаның өзін-өзі бағалауына және қоғаммен байланыс орнатуына негіз болады.

Студенттік кезең – тұлғаның әлеуметтік қатынастарға белсенді түрде араласа бастауының маңызды сатысы. Осы кезеңде отбасында алған моральдық ұстанымдар мен адамгершілік құндылықтар жастардың этикалық нормаларға сай әрекет етуіне, сындарлы шешімдер қабылдауына және өзінің қоғамдағы орнын анықтауына ықпал етеді [3]. Мәселен, этикалық нормаларға сай әрекет ету. Отбасында балаға адалдық, шыншылдық, сыйластық, жауапкершілік сияқты негізгі моральдық ұстанымдар үйретіледі. Осы қасиеттер адамның күнделікті өмірдегі шешімдерінде көрініс табады. Мысалы: Студент емтихан кезінде көшіруден бас тартса – бұл отбасында алған әділет пен адалдық туралы түсініктің әсері. Сындарлы шешімдер қабылдау: сындарлы (конструктивті) шешім – бұл эмоцияға берілмей, салмақтап, барлық тарапты ескере отырып қабылданған шешім. Отбасындағы құндылықтар адамды дау-дамайда сабыр сақтап, жанжалсыз жол іздеуге, жауапкершілікпен таңдау жасауға баулиды. Мысалы: Бір студент өз тобы ішінде келіспеушілік туса, ол ашуланбай, келіссөз арқылы мәселені шешуге тырысады – бұл оның отбасынан көрген үлгісі. Қоғамдағы орнын анықтау. Отбасында ерте жастан балаға еңбекқорлық, көмек көрсету, әділ болу сияқты құндылықтар сіңірілсе – ол жасөспірім болашақта өзін қоғамның белсенді, пайдалы мүшесі ретінде көреді. Мысалы: Осындай жастар еріктілікке, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады, оларда азаматтық жауапкершілік жоғары болады. Яғни, отбасынан алынған моральдық бағдарлар адамның тек жеке өміріне ғана емес, бүкіл қоғаммен байланыс құру дағдыларына, әлеуметтік рөлін сезінуіне, құқықтары мен міндеттерін түсінуіне ықпал етеді. Мұндай тұлғалар қоғамда оң өзгеріс әкелуші, мәдениетті және жауапты азаматтар болып қалыптасады.

Сондықтан да отбасындағы қарым-қатынастың сипаты тәрбиелік ықпалдың нәтижелілігін айқындайды. Зерттеулерде көрсетілгендей, ынтымақтастық пен өзара қолдауға негізделген қатынастар тұлғаның оңтайлы дамуына мүмкіндік берсе, қақтығысты немесе бәсекелестікке құрылған қарым-қатынастар тұлға аралық шиеленістерге әкелуі мүмкін [4]. Сондықтан да, отбасылық қатынастардың сапасы студенттің адамгершілік бейнесіне тікелей әсер етеді.

Жоғары оқу орындары бұл үдерісте маңызды рөл атқарады. Студенттердің адамгершілік санасын дамыту үшін арнайы пәндер, тренингтер, семинарлар мен ашық пікірталастар ұйымдастырылуы қажет. Мәселен, жоғары оқу орындарында «Мәдениеттану», «Психология», «Педагогика», «Әлеуметтік жұмыс негіздері» және т.б. сияқты пәндер арқылы студенттерге **адамгершілік нормалар, қоғамдық мораль, тұлғалық жауапкершілік** ұғымдары түсіндіріледі. Мұндай пәндер тұлғаның дүниетанымын кеңейтеді, ізгілік, әділет, ар-ождан ұғымдарын жүйелі түрде меңгеруге ықпал етеді.

**Тренингтер.** Адамгершілік сапаларды дамытуда тренингтер — **практикалық бағытталған** құрал. Олар студенттерді нақты өмірлік жағдайларда **моральдық таңдау жасауға, өз сезімдерін басқаруға, басқалармен ашық және этикалық қарым-қатынас орнатуға** үйретеді. Мысалы: «Адалдық — табыстың негізі» тақырыбында тренинг өткізу арқылы студенттер шынайы өмірлік мысалдарды талқылайды.

**Семинарлар.** Семинарлар – терең ойлануға, этикалық проблемаларды талқылауға, талдау мен пікір алмасуға мүмкіндік беретін маңызды оқу формасы. Бұл студенттердің өз көзқарасын білдіруіне, өзгенің пікіріне құрметпен қарауына, **дискуссия мәдениетін** қалыптастыруына көмектеседі.

**Ашық пікірталастар.** Ашық пікірталастар (дебаттар, форумдар) студенттерді **қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді этикалық тұрғыдан пайымдауға** үйретеді. Мысалы: «Жаһандану мен ұлттық құндылықтар» тақырыбындағы пікірталаста студенттер әртүрлі позицияларды салыстырып, адамгершілік шешім қабылдау қабілетін дамытады. Аталған іс-шаралар кешені студенттердің, рухани байлығын арттырады, этикалық рефлексиясын дамытады, жауапты және саналы азамат ретінде қалыптасуына жағдай жасайды.

Бұған қоса, студенттерді еріктілік қызметке, қайырымдылық акцияларына және әлеуметтік жобаларға тарту – олардың әлеуметтік белсенділігін және рухани әлеуетін арттырудың тиімді жолы.

Мәдениетаралық аспект тұрғысынан алғанда, түрлі этностар мен мәдениеттердегі отбасылық және адамгершілік құндылықтарды салыстыра отырып оқыту – студенттердің төзімділік, құрмет және өзге мәдениеттерге ашықтық сияқты қасиеттерді бойына сіңіруіне сеп болады. Мысалы, шығыс мәдениетінде үлкенге құрмет, ал батыс қоғамында тұлғалық еркіндік пен теңдік басым. Осы айырмашылықтарды түсіне отырып, студенттер көпмәдениетті қоғамда нәтижелі қарым-қатынас жасауға бейімделеді [5].

Қорытындылай келе, отбасылық және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру – студенттердің жан-жақты дамуы мен әлеуметтік бейімделуінің негізі. Бұл міндеттің табысты жүзеге асуы отбасы мен оқу орнының үйлесімді ықпалдастығына байланысты. Жоғары оқу орындары осы бағытта жүйелі жұмыс атқарып, студенттерге адамгершілік бағдарлармен өмір сүру дағдыларын қалыптастыруы тиіс.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы.
2. Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын (бірінші кезең 2017-2019 жылдар) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №384 Жарлығы <http://egov.kz/cms/kk/law/list/P1700000106>
3. Бекмағамбетова Р.К., Жүндібаева Т.Н. «Отбасы педагогикасы» оқу әдістемелік құралы. Астана: «Дарын»-2012ж., 80б.
4. Абсатова М.А., Нишанбаева С.З. «Отбасылық құндылықтар» ұғымының сипаттамасы// Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық Университеті ХАБАРШЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы. - №1 (53). 2017. Б. 52-56.
5. Ж.Ж.Қуанышбаева Қазақстан Республикасындағы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар (саясаттанулық талдау): PhD... ғыл. дәрежесін алу үшін дайынд. Алматы, 2015.

ӘОЖ 378.1

### ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ

Маратов Мади Жаксылыкович

2 курс магистранты

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Арқалық қ, Қазақстан

E-mail: [maratovmadi981@gmail.com](mailto:maratovmadi981@gmail.com)



Бұл мақалада әлеуметтік желілер және олардың психологиялық әсері айтылады. Әлеуметтік желілердің оң әсерлерімен қатар, олардың теріс психологиялық салдары талданады.

**Кілтті сөздер:** кибербуллинг, әлеуметтік желілер, тәуелділік.

В данной статье рассматриваются социальные сети и их психологическое воздействие. Анализируются как положительные эффекты социальных сетей, так и их негативные психологические последствия.

**Ключевые слова:** кибербуллинг, социальные сети, зависимость.

This article examines social networks and their psychological impact. Along with the positive effects of social networks, their negative psychological consequences are also analyzed.

**Keywords:** cyberbullying, social networks, addiction.

Әлеуметтік желілер – адамдар мен қауымдастықтардың интернет-ортада қарым-қатынас жасауына арналған құрал. Олардың негізгі мақсаттары – байланыс орнату, қарым-қатынасты нығайту, идеялар мен ақпарат алмасу, сондай-ақ көңіл көтеру және уақыт өткізу. Әлеуметтік желілер адамдарға ойларымен бөлісуге, өзара әрекеттесуге және кеңес сұрауға мүмкіндік береді [1]. Бүгінгі таңда ең танымал әлеуметтік желілер қатарына **Facebook**, **Instagram**, **Twitter**, сондай-ақ **ВКонтакте** және **TicTok** жатады. Бұл платформалар әсіресе жасөспірімдер арасында кеңінен таралған.

Әлеуметтік желілердің *оң әсерлерімен қатар, олардың теріс психологиялық салдары* да бар. Мәселен, әлеуметтік желілер бізді қоғамнан күтілетін сенім мен жайлылықтан айырып, бір кездері бір-бірімізден алатын қарым-қатынасымызды, физикалық және эмоционалдық қолдауды виртуалды байланыспен алмастыруда. Бұл дегеніміз, қоғамдағы шынайы қарым-қатынастың виртуалды байланыспен алмастырылуы адамдар арасындағы сенімділік пен эмоционалдық қолдаудың төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, олар өзін-өзі бақылау қабілетін әлсіретіп, тәуелсіз ойлауды қиындатады.

Сондықтан біз өз мақаламызда әлеуметтік желілердің жастарға психологиялық әсерін қарастыруды жөн санадық. Объект ретінде мектеп жасындағы жасөспірімдер алынды. Ғылыми әдебиетті талдау барысында, *Х.Габре және Г.Кумар* сынды ғалымдар әлеуметтік желілерді оқу барысында пайдаланатын жастардың стресс пен мазасыздыққа ұшырап, жағдайды бақылаудан айрылатынын атап көрсетеді. Басқа зерттеушілер **Facebook**, **Instagram**, **TicTok** және басқа да әлеуметтік желілерде көп уақыт өткізетін жастарда **депрессия белгілері мен басқа да психологиялық симптомдар** байқалатынын анықтады [2].

Ал, В.Чен және К.Ли әлеуметтік желілерді үнемі пайдалану психологиялық күйзеліс тудыруы мүмкін екенін атап өтті. Себебі қарым-қатынастың шамадан тыс жүктелуі қарқынды өсуде. Сондай-ақ, бұл өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне әкелуі мүмкін деп өз пікірлерін берді. Осыған байланысты, аталмыш ғалымдар анықтағандай, әлеуметтік желілердің эмоционалдық және психикалық жағдаймен байланысын жіктеу өте маңызды. Әлеуметтік желілерді шамадан тыс пайдалану олардың тәуелділікке әкелу қаупін арттырады. Себебі, жастардың басым көпшілігі әлеуметтік желілерді пайдалану барысында өзін-өзі бағалауды бақылау үшін бірнеше стратегияларды қолданады. Осы тұрғысында, ғалым Х.Уайтман әлеуметтік желілер пайдаланушы жүйеге кірген сайын оған қолдау көрсететінін атап өтеді [3]. Әлеуметтік желілерге тәуелді қолданушылар әрдайым көп лайк, пікір, репост алуға тырысады, себебі бұл олардың жариялаған контентінің құндылығын көрсетеді. «Лайктар» пайдаланушының танымалдылығын бейнелейді және адамдарды басқа қолданушылар мен достарына өз жазбаларын ұнатқызуға ынталандырады. Әлеуметтік желі қолданушылары үнемі кері байланыс пен жауап алуға ұмтылады. Сондықтан да, әлеуметтік желілерге тәуелді қолданушылар екі топқа бөлінеді. Оның біріншісіне, күнделікті іс-әрекеттерін жиі жариялайтындар жатады. Ал екінші тобына, басқа адамдардың жазбаларын



«лайк» басу, бөлісу немесе белсенді қолданушыларға жазылу арқылы назар аудартатындар кіреді.

Олай болса, әлеуметтік желілерге тәуелділік мәселесіне тоқталайық. *Әлеуметтік желілерге тәуелділіктің негізгі себептері* – жалғыздық, өзін-өзі бағалау мәселелері және бос уақытты өткізу/жалығу. Әлеуметтік желі қолданушылары өз профилін үнемі тексеріп, өз жарияланымдарына деген назар мен реакцияларды бақылауға тырысады, сондай-ақ ешнәрсені жіберіп алмау үшін үздіксіз желіде болады. Бұл жоғары қырағылық күйі қосымша стрессті күшейтеді.

Сол себепті, әлеуметтік желілердегі мазасыздық жүйкелік күйден бастап депрессияға дейінгі спектрде көрінеді. Жастар көбінесе интернетті қайғы, жалғыздық, депрессия, мазасыздық және өзін-өзі төмен бағалау сияқты сезімдерді білдіру құралы ретінде пайдаланады. Сондықтан да әлеуметтік желілер – стресс пен мазасыздықтың негізгі себептерінің бірі.

Ал, Джейкоб пен Томның айтуынша тәуелділік екі жолмен жүзеге асады. Оның бірінші жолы, әлеуметтік желілердегі тұрақты хабарламалар мен жаңартуларға назар аудару. Бұл кортизол стресс гормонының бөлінуін арттырады. Екіншісі – әлеуметтік желілер арқылы қол жеткізу мүмкін емес жетілдіру деңгейіне ұмтылу, бұл қосымша стрессті тудырады. Мұндай мазасыздық үнемі мінсіздікке жетуге тырысуға байланысты [3, С. 246]. Демек, аталмыш ғылымдардың пікірі бойынша тұжырым жасасақ, әлеуметтік желілерді жиі пайдалану мазасыздықты күшейтеді, ал бұл өз кезегінде кортизол стресс гормонының үздіксіз бөлінуіне әкеледі.

Дейтұрғанмен, әлеуметтік желілердегі аккаунттар көбінесе пайдаланушылардың жеке ерекшеліктерін көрсету мақсатында жасалады. Олардың эмоциялары, қарым-қатынасқа деген көзқарасы, іс-әрекеттері, тіпті тамақтану әдеттері де осы платформа арқылы жария етіледі. Мұндай қолданушылар әрдайым әлемге не істеп жатқанын немесе қалай сезінетінін жеткізуге тырысады. Мұнда өзін-өзі бағалау – әлеуметтік желілерде ашық көрсетілетін негізгі ақпарат түрлерінің бірі. Алдыңғы зерттеулерді талдай отырып, әлеуметтік желілерді ұзақ уақыт пайдалану ақыр соңында эмоционалдық және психологиялық ұзақ мерзімді проблемаларға әкелуі мүмкін деген қорытынды жасауға болады. Сонымен бірге, қазіргі таңда белең алып тұрған басты мәселе, әлеуметтік желілер арқылы қорқыту, яғни кибербуллинг.

Кибербуллинг – бұл әлеуметтік желілердегі агрессивті жазбалар немесе хабарламалар, олар белгілі бір адамды немесе топты қудалауға бағытталған. Бұл тұста айта кетер болсақ, **кибербуллинг** – соңғы жылдары жастар арасында күрделі мәселеге айналды. Ол онлайн қудалау, қорлау, қорқыту түрінде көрінеді. Кибербуллингке ұшыраған жасөспірімдерде психикалық денсаулықтың нашарлауы, тіпті суицидтік ойлар байқалады [4].

Әлеуметтік желілердегі кибербуллингтің азаюы психикалық денсаулық мәселелерінің алдын алуға және болашақта психикалық бұзылыстардың даму қаупін төмендетуге көмектеседі. Интернет арқылы жауласқан хабарламалармен алмасу қылмыс ретінде қарастырылады. Осылайша, кибербуллинг құқық қорғау органдарының назарын аудара бастады. Ал, жасөспірімдер арасында эгоизм мен шектен тыс өзіне деген сенімділіктің күшеюіне әкелетін қасиеттер мен әрекеттер нарциссизммен байланысты болып келеді.

Мехдизаде, нарциссизмді – адамның өзін керемет сезінуі, өзгелердің таңданысына мұқтаж болуы және өзін-өзі асыра бағалауға бейімделген тұрақты мінез-құлық моделі деп анықтайды.

Әлеуметтік желілерге тәуелді, бірақ депрессия деңгейі төмен адамдар нарциссизмнің жоғары деңгейіне ие болуы мүмкін. Бұл оларды интернеттегі белсенділігі арқылы өзін-өзі көрсетуге ұмтылатын тұлғаларға айналдырады.

*Нарциссистік тұлға* – бұл бірнеше айқын белгілері бар психикалық бұзылыс:

- өзінің маңыздылығын асыра бағалау;
- шексіз билікке ие болу туралы қиялдар;
- өзін-өзі жарнамалау;

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

- жасанды имидж қалыптастыру және т.б.

Зерттеушілер анықтағандай, әлеуметтік желілерде көп уақыт өткізетін, әсіресе Facebook және Instagram сияқты платформаларда белсенді қолданушылар көбінесе нарциссистік қасиеттерге ие. Сонымен қатар, жасөспірімдер арасында әлеуметтік желілерді ұзақ уақыт пайдаланатындар нарциссизмнің белгілерін көбірек көрсететіні анықталған.

*Нарциссистік қолданушылардың ерекшеліктері:*

- ✓ Көптеген достар санына ие болу, өйткені олар үлкен аудиторияның назарын аударуға тырысады;
- ✓ Бейтаныс адамдардан жиі достық сұраныстарын қабылдау;
- ✓ Желіде белсенді болып, шынайы достарымен қарым-қатынастан қашқақтау;
- ✓ Жеке суреттерді жиі жариялау;
- ✓ Статустарды жаңарту және профиль ақпаратын өзгерту арқылы өзін-өзі көрсетудің жаңа тәсілдерін іздеу.

Осылайша, әлеуметтік желілер нарциссистік мінез-құлықтың дамуына ықпал етіп, өзін-өзі танымал ету құралы ретінде қолданылады. Демек, нарциссистік тұлғалар әлеуметтік желілерді өзін-өзі насихаттау, өзгелердің назарын аудару және жасанды танымалдылық қалыптастыру үшін белсенді пайдаланады [5].

Қорыта айтқанда, Facebook, Instagram мен ТісТок қолданушыларының көпшілігі өздерінің танымалдылығын сандық көрсеткіштер (лайктар, пікірлер, репосттар) арқылы бағалайды. Дейтұрғанмен, әлеуметтік желілер – қуатты құрал, алайда оларды дұрыс пайдаланбаған жағдайда теріс салдарлар туындауы мүмкін екенін байқадық. Сондықтан да, әлеуметтік желілерді шамадан тыс пайдалану кезінде келесі сақтық шараларын сақтау қажет:

- *Құпиялылық параметрлерін реттеу* – профиліңізге және жаңалықтар таспасына кімнің қол жеткізе алатынын шектеу.
- *Онлайн уақытты басқару* – әлеуметтік желілерде шамадан тыс уақыт өткізбеу.
- *Ата-аналар мен мұғалімдердің қолдауы* – жасөспірімдерге әлеуметтік желілерді жауапкершілікпен пайдалануды үйрету.
- *Цифрлық сауаттылықты дамыту* – желідегі теріс контент пен манипуляцияларды ажырату дағдыларын қалыптастыру.

Бұл шаралар жасөспірімдерді болашақта психикалық денсаулық мәселелерінің алдын алуға көмектеседі. Жасөспірімдерге әлеуметтік желілердегі белсенділігі олардың эмоцияларына қалай әсер ететінін түсіну маңызды. Сондықтан, әлеуметтік желілерді пайдаланудың теріс жақтарын ескеру және интернеттегі қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру маңызды, бұл ақпарат ағынын дұрыс талдай алатын саналы тұлғаны тәрбиелеуге ықпал етеді деп сенеміз.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ласала К.Б., Галигао Р.П., Бокекоса Дж.Ф. Психологическое воздействие сайтов социальных сетей//Психологическая теория. 2013. С. 81-86.
2. Розен Л. Д., Уэйлинг К., Раб С., Кэрриер Л. М., Чивер, Н.А. Вызывает ли Facebook расстройства? Связь между клиническими симптомами психических расстройств и использованием технологий, отношениями и тревогой//Компьютеры в человеческом поведении. 2013. 29(3). С. 1243-1254.
3. Сахифа М. Использование социальных сетей и психологическое благополучие колледжа// Журнал медиа-исследований. 2010. Вып. 35 (2). С. 217-251.
4. Тандок Э.К., Ферруччи П., Даффи, М. (2015). Использование Facebook, зависть и депрессия среди студентов колледжа: угнетает ли Фейсбук //Компьютеры в человеческом поведении. 2015. Вып. 43. С. 139-146.
5. Фейсбук в толпе: социальный поиск против навигации социальных сетей: в материалах 20-й юбилейной конф. по совместной работе с комп. поддержкой/ под ред. К. Лампе, Н. Эллисон, С. Стейнфилд: Изд-во АСМ Пресс, 2006.

### БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЖЕКЕ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ: ТӘЖІРИБЕСІ МЕН БОЛАШАҒЫ

А.А. Куленова, А.Ж. Метербай, Д.Р. Маматжанова  
Алматы гуманитарлы-экономикалық университет, Алматы, Қазақстан  
E-mail: [Abd.er@mail.ru](mailto:Abd.er@mail.ru)

**Аннотация.** «Болашақ мұғалімдердің жеке қасиеттерін қалыптастырудың әдістері мен тәсілдері: тәжірибесі мен болашағы» мақаласы болашақ педагогтердің кәсіби дамуына ықпал ететін заманауи әдістер мен стратегияларды кешенді талдауға арналған. Зерттеу барысында жеке қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған түрлі тәсілдер қарастырылып, олардың білім беру үдерісіндегі тиімділігі мен болашағы бағаланады. Сонымен қатар, аталған әдістерді практикалық тұрғыда қолданудың ерекшеліктері мен қазіргі заманғы білім беру мекемелерінде туындайтын қиындықтар мен мүмкіндіктерге ерекше назар аударылады[1]. Бұл жұмыс болашақ мұғалімдердің кәсіби және тұлғалық дамуын жетілдірудің тиімді жолдарын анықтауға, сондай-ақ осы салада әрі қарайғы зерттеу мен практикалық қолдануға бағытталған ұсыныстар ұсынуға бағытталған.

**Кілт сөздер:** кәсіби білім, ғылыми таным, тұлға.

Кәсіби білім беруде болашақ мамандардың сапалық қасиеттерін қалыптастыру мақсатында бірыңғай әдіснамалық негіздерді қарастыру педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Білім беру әдістері мен технологияларын жүйелі түрде зерттеу арқылы кәсіби даярлықтың тиімділігін арттыруға болады[2]. Ғылыми әдебиеттерде «әдіснама» ұғымына түрлі анықтамалар беріледі. Философиялық сөздіктерде бұл термин: 1. Ғылымда қолданылатын танымдық құралдар мен әдістер жиынтығы ретінде;

2. Танымдық және практикалық іс-әрекетті ұйымдастырудың құралдары, алғышарттары мен принциптерін зерттейтін білім саласы ретінде түсіндіріледі.

Ал психологиялық-педагогикалық сөздіктерде «әдіснама» термині үш негізгі мағынада қарастырылады:

1. Ғылыми таным және әлемнің өзгеруі туралы ілім ретінде;

2. Кез келген ғылымда немесе оның саласында қолданылатын зерттеу әдістерінің жиынтығы ретінде;

3. Ғылыми таным әдістері, құрылым қағидалары және логикалық ұйымдастыру жүйесі туралы ілім ретінде. Осы анықтамалар негізінде білім беру процесіндегі әдіснамалық тәсілдер мен технологияларды тиімді қолдану болашақ мамандардың кәсіби және тұлғалық дамуын қамтамасыз етеді[3].

Қазіргі кезеңде педагогикалық зерттеулерде де, педагогикалық білім беруде де, басқа да ғылыми салаларда да әдіснамалық мәселелерді зерттеу қарқынды жүргізілуде.

Философиялық және әдіснамалық тұрғыдан зерттеу жұмыстарын жүргізу педагогика ғылымына да тән құбылыс. Ғылыми зерттеу форматы аясында педагогикалық зерттеулерді іске асыру кезінде әртүрлі әдіснамалық тұғырлар қолданылады. Олардың қатарында жүйелік, белсенділік, аксиологиялық, диалогтық, гуманистік, құзыреттілік және басқа да тәсілдер бар. Кейбір зерттеулерде әдіснамалық негіз ретінде бір ғана тұғыр таңдалса, басқа жағдайларда бірнеше әдіснамалық ұстанымдар қатар қарастырылады. Алайда кейбір тұғырлар бір-біріне қарама-қайшы келіп, зерттеу барысында оларды бір мезгілде қолдану қиындық тудыруы мүмкін. Осыған байланысты түрлі әдіснамалық парадигмалар қалыптасады. Дегенмен, қазіргі зерттеулерде құндылық-әрекеттік, жеке-әрекеттік, мазмұндық-іс жүргізу-әрекеттік, әлеуметтік-мәдени, интегративті-аксиологиялық, антропологиялық, технологосинергетикалық және басқа да тәсілдердің интеграциясы байқалады. «Тұғыр» ұғымына қатысты бірнеше анықтамалар бар[4]. Орыс тілінің түсіндірме сөздігіне сәйкес, тұғыр – бұл «әдістер мен тәсілдер жиынтығы, белгілі бір объектіге әсер ету, оны зерттеу

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

немесе ұйымдастыру әдісі» ретінде сипатталады. Бұл ұғым әдістемелік әдебиеттерде пәнаралық сипатқа ие және кеңінен қолданылады. Н.В. Бордовская ғылыми еңбектерді талдай отырып, «тұғыр» ұғымының мазмұнын жалпылайды. Оның пайымдауынша, тұғыр:

- зерттеу немесе өзгерту нысаны қарастырылатын әдіснамалық бағдар ретінде;
- зерттеу объектісін түсіндіру мен оны түрлендіру жолдарын айқындайтын жалпы стратегия ретінде;
- арнайы ғылыми зерттеу әдіснамасының бағыты немесе әлеуметтік практиканы жобалау тәсілі ретінде;
- логикалық-эпистемологиялық білім ретінде түсіндіріледі. Бұл ретте, тұғыр ғылыми зерттеулер мен объектінің өзгеру бағытын анықтайтын категория ретінде қарастырылады, алайда ол нақты әдістер мен құралдарды шектеуге бағытталмайды[5].

Біз зерттеуімізде болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыруда жүйелік тұғырды кеңінен қолданамыз. Бұл тәсіл болашақ маманның кәсіби дайындығын тұтас қарастырып, оның тұлғалық дамуы мен кәсіби дағдыларын кешенді түрде қалыптастыруға бағытталған. П.С. Лернер тұлғалық бағдарланған кәсіптік білім беру идеологиясын негіздей отырып, білім беру мазмұнын кеңейтудің бірнеше маңызды аспектілерін анықтайды:

- Дүниетанымдық бағытты кеңейту және «технологиялар сомасы» ұғымын қалыптастыру;
- Әртүрлі пәндік салалардағы білімді біріктіру;
- Зерттеу жұмыстары мен жобаларды енгізу арқылы оқытуды дараландыру;
- Жеке тұлғаның өзін-өзі анықтау қабілетін дамыту;
- Студенттердің өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін бағалауды қалыптастыру.

Тұлғалық бағдарланған кәсіптік білім беру тиімді ақпараттық технологияларды қолдануды қарастырады. Олардың көмегімен жеке, кәсіби және әлеуметтік дамудың әртүрлі механизмдері іске қосылады[6]. Кәсіптік оқыту студентке өз өмірінің құндылығын түсіну арқылы өзгермелі жағдайларда өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау қабілетін қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс. Қазіргі заманғы кәсіптік білім берудің негізі – тұлғалық бағдарланған әдіснама. Бұл бағытты Ш.А. Амонашвили, Е.В. Бондаревская, С.В. Кулневич, В.В. Сериков, Е.Н. Шиянов, И.С. Якиманская сынды ғалымдар дамытқан. Тұлғаға бағытталған кәсіптік оқыту жүйесі қазіргі білім беру талаптарына сәйкес инновациялық тәсілдерді қамтиды:

- Білім берудің негізгі құндылығы ретінде жеке тұлғаның ерекшелігін тану; - Сараланған және деңгейлік оқыту тәсілдерін енгізу;
- Әр студентке өз қабілеттері мен өмірлік құндылықтарына сәйкес, өзіндік даму жолын таңдау мүмкіндігін беру.

Жалпы, тұлғалық бағдарланған кәсіптік білім беру студенттердің тек кәсіби білімін жетілдіріп қана қоймай, олардың тұлғалық қасиеттерін, дербес ойлау қабілетін және өмірлік құндылықтарын айқындауға ықпал етеді. Тұлғаға бағдарланған білім беру оқушының өзін-өзі дамытуын қамтамасыз етіп, қоғамның прогрессивті қозғалысына ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл тәсіл білім беру қызметтері мен еңбек нарығы арасындағы қайшылықтарды жоюға көмектеседі. Е.В. Бондаревскаяның пікірінше, ең бастысы – білім алушының жеке тұлғасына деген көзқарастың өзгеруі. Ол тек әлеуметтік қасиеттерге ғана емес, сонымен қатар дербестік, тәуелсіздік, таңдау, рефлексия, өзін-өзі реттеу сияқты субъективті қасиеттерге ие болады. Бұл өзгерістер білім беру процесінде тұлғаның дамуына тікелей әсер етеді[7].

Кәсіптік оқытуда білім алушының тұлғалық және әлеуметтік сипаттамаларын дамытуда субъективті тәжірибені қолдану маңызды орын алады. Тұлғаға бағдарланған білім беру аясында:

- Өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, бейімделу, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі қорғау және өзін-өзі тәрбиелеу жүзеге асады;

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

- Білім алушылар өмірлік және кәсіби басымдықтарды айқындап, оларды ұғынуға мүмкіндік алады;
  - Танымдық саласы кеңейіп, қоршаған әлем мен оның даму үрдістерін түсінуге қосымша серпін береді;
  - Іс-әрекет компоненті білім алушыларды әртүрлі іс-шараларға қатыстырып, олардың жетекшілік қабілеттерін дамытады;
  - Тұлғалық компонент өзін-өзі диагностикалауды, рефлексияны, өзін-өзі реттеуді, адамгершілік және өмірлік өзін-өзі анықтауды қалыптастырады.
- Бұл тәсіл кәсіптік оқытуда студенттің жеке тұлғалық ерекшеліктерін дамытып, оны өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтауға дайындайды.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Современный философский словарь./Под ред. В.Е. Кемерова. – М.: Одиссей, 1996. – 529 с.
2. Психолого-педагогический словарь для учителей и руководителей общеобразовательных учреждений Текст. / авт.-сост. В.А.Мижериков. – Ростов- на-Дону: Изд-во «Феникс», 1998. – 544 с.
3. Ожегов : С. И., Шведова П. 10. : Толковый словарь русского языка. – М. :Азъ, 1992. – 874 с. ISBN: 978-5-905542-04-6
4. Бордовская Н. В. Педагогическая системология. – М.: Дрофа, 2009. – 201 с.
5. Лернер, П.С. Профилизация старшей школы как бифуркация педагогической традиции//Известия Академии педагогических и социальных наук [Текст].– 2005. – Вып. 9. – С. 463-471.
6. Sovremenny`j filosofskij slovar` ./Pod red. V.E. Kemerova. – М.: Odissej, 1996. – 529 s.
7. Psixologo-pedagogicheskij slovar` dlya uchitelej i rukovoditelej obshheobrazovatel`ny`x uchrezhdenij Tekst. / avt.-sost. V.A.Mizherikov. – Rostov- na-Donu: Izd-vo «Feniks», 1998. – 544 s.

### ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

А.Абишева, А.С. Мусабаева, У.К. Каражигитова, С.Р. Асанова  
Алматы гуманитарлы-экономикалық университет, Алматы, Қазақстан  
E-mail: [Konchbaeva\\_BE@mail.ru](mailto:Konchbaeva_BE@mail.ru)

**Аннотация.** Бұл мақалада ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілері жан-жақты қарастырылады. Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық мәдениетті сақтау мен дамыту мәселесі ерекше өзектілікке ие, өйткені мәдени әртүрлілік пен ұлттық бірегейлікті сақтау кез келген мемлекеттің тұрақтылығы мен дамуында маңызды рөл атқарады. Мақалада ұлттық құндылықтарды білім беру жүйесіне енгізу әдістері мен олардың жас ұрпаққа тигізетін әсері талданады. Атап айтқанда, мектеп және жоғары оқу орындарының бағдарламалары арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу, тәрбиелік іс-шаралар өткізу, көркем әдебиет пен өнер туындыларын пайдалану, отбасы тәрбиесінің рөлі және заманауи ақпараттық технологияларды қолдану жолдары қарастырылады. Сонымен қатар, ұлттық тәрбие берудің негізгі бағыттары анықталып, оның тиімділігін арттыру жолдары ұсынылады. Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру қоғамның рухани жаңғыруына, мәдени мұраның сақталуына және жастардың патриоттық санасының нығаюына ықпал етеді. Осы тұрғыда білім беру мекемелері, отбасы және қоғамның бірлесіп атқаратын рөліне ерекше мән беріледі. Мақалада ұлттық құндылықтарды нығайту арқылы ұлттық сана-сезімді дамыту, ұлттық бірегейлікті сақтау және жас ұрпақты елжандылыққа тәрбиелеу мәселелері кеңінен қарастырылған.

**Кілт сөздер:** ұлттық құндылықтар, тәрбие, мәдениет, рухани жаңғыру, патриотизм.

**Кіріспе.** Ұлттық құндылықтар – халықтың тарихи тәжірибесінен туындаған, оның өмір салты мен дүниетанымын айқындайтын рухани және мәдени байлықтардың жиынтығы. Олар ғасырлар бойы қалыптасып, әр ұрпақтың бойына сіңіп, уақыт талабына сай бейімделіп отырады. Бұл құндылықтар ұлттық бірегейлікті сақтаудың, қоғамның тұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды факторларының бірі болып табылады. Бүгінгі таңда жаһандану үдерісі көптеген халықтардың мәдениетіне елеулі өзгерістер енгізіп жатыр [1]. Осыған байланысты ұлттық құндылықтарды сақтау және насихаттау мәселесі өзекті бола түсуде. Әсіресе, жастар арасында ұлттық сана-сезімді нығайту, мәдени мұраны қадірлеу және тарихи дәстүрлерді ұлықтау маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу мәселесі ерекше мәнге ие. Себебі мектеп пен жоғары оқу орындары – жас ұрпақтың дүниетанымы мен құндылықтық бағдарын қалыптастыратын негізгі орта. Сондықтан білім беру бағдарламалары арқылы ұлттық мәдениет, тарих және салт-дәстүрлерді тереңдетіп оқыту қажет. Бұл жастардың өз елінің тарихына, мәдени мұрасына деген қызығушылығын арттырып, ұлттық рухтың беріктігін қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда отбасының, бұқаралық ақпарат құралдарының, әлеуметтік желілердің және мәдени-танымдық шаралардың да рөлі зор. Қазақ халқының мәдени мұрасы мен салт-дәстүрлерін кеңінен насихаттау арқылы ғана жас ұрпақты елжандылыққа тәрбиелеу мүмкін болады [2]. Ұлттық құндылықтарды ұлықтау – қоғамның рухани жаңғыруының, ұлттық бірегейлікті сақтаудың және мәдени тәуелсіздікті нығайтудың негізгі кепілі.

Ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың әдістері

Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру және насихаттау – қоғамның рухани және мәдени дамуының негізгі бағыттарының бірі. Оларды жас ұрпақтың бойына сіңіру үшін түрлі әдістер мен құралдарды кешенді түрде қолдану қажет. Білім беру бағдарламалары арқылы ұлттық құндылықтарды мектептер мен жоғары оқу орындарының оқу жоспарларына енгізу – маңызды қадамдардың бірі. Оқу бағдарламаларына қазақ халқының мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрлері мен халық мұрасы бойынша пәндерді қосу арқылы жастардың рухани дамуына ықпал етуге болады. Сонымен қатар, қазақ халқының әдет-ғұрпы, шешендік өнері, халықтық педагогикасы және ұлттық философиясы сияқты бағыттарды арнайы пәндер немесе элективті курстар ретінде оқыту ұлттық сананы нығайтуға көмектеседі. Тәрбие сағаттары мен іс-шаралар арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу жастардың тарихи мұраға деген қызығушылығын арттырудың маңызды жолдарының бірі. Мектептер мен университеттерде ұлттық мәдени шараларды ұйымдастыру, танымдық кездесулер өткізу, шығармашылық байқаулар мен ұлттық ойындар ұйымдастыру жастардың дәстүрлі мәдениетке деген көзқарасын қалыптастырады.

Ұлттық ойындар, қолөнер шеберліктері, көркем шығармашылық көрмелері және театрландырылған қойылымдар арқылы қазақ халқының мәдени мұрасын жаңғыртуға болады. Көркем әдебиет пен өнер туындыларын пайдалану – ұлттық құндылықтарды насихаттаудың маңызды құралдарының бірі. Қазақ әдебиеті мен халық ауыз әдебиетін оқыту арқылы жас ұрпақтың бойында ұлттық рух қалыптасады. Мұндай шығармалар тарихи оқиғалар мен ата-бабаларымыздың ерліктерін насихаттап, ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар, театр, кино және музыка арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу өте тиімді. Қазақтың дәстүрлі әндері мен күйлері, эпостары мен жыр-дастандары, ұлттық кино және анимациялық фильмдер – балалар мен жастардың санасына ұлттық мұраны сіңірудің таптырмас әдісі. Отбасы тәрбиесі ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда басты рөл атқарады. Ұлттық тәрбие ең алдымен отбасынан басталады, сондықтан ата-аналар мен үлкен буын өкілдері балаларға салт-дәстүрлерді үйретіп, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіруі тиіс. Отбасында балаларға халық ертегілері мен аңыз-әңгімелерін айтып беру, ұлттық тағамдарды дайындау дәстүрін үйрету, отбасылық шежірені білу сияқты іс-шаралар ұлттық тәрбиенің маңызды бөлігі болып табылады. [3]. Ата-аналар балаларын ұлттық өнер мен қолөнерге баулу арқылы оларды дәстүрлі мәдениетке жақындата алады.

Ақпараттық технологияларды қолдану ұлттық құндылықтарды насихаттаудың заманауи құралы болып саналады. Қазіргі уақытта жастар әлеуметтік желілерді жиі пайдаланатындықтан, ұлттық мәдениетті дәріптеу мақсатында бейнероликтер мен инфографикаларды жасау, қазақтың дәстүрлері мен тарихын таныстыратын мультимедиалық құралдарды пайдалану тиімді әдістердің бірі болмақ. Сонымен қатар, ұлттық тіл мен мәдениетті үйрететін мобильді қосымшалар жасау, интерактивті бағдарламалар мен онлайн курстар ұйымдастыру ұлттық құндылықтарды жаңа форматта жеткізудің маңызды тәсілдері болып табылады.

### Ұлттық құндылықтардың қоғамдағы рөлі

Ұлттық құндылықтар – халықтың мәдени-рухани тұтастығын сақтайтын және ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын маңызды фактор. Олар қоғам өмірінің барлық саласына, соның ішінде мәдениетке, экономикаға, саясатқа және білім беру жүйесіне тікелей әсер етеді. Әсіресе, білім беру саласында ұлттық құндылықтарды дәріптеу – жастардың саналы азамат болып қалыптасуына ықпал ететін басты факторлардың бірі. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтап қалу – әрбір мемлекеттің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Ұлттық сана-сезімді қалыптастыру арқылы жастар өз елінің тарихын, мәдени мұрасын құрметтеуге үйренеді. Бұл олардың азаматтық жауапкершілігін арттырып, қоғамға пайдалы тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтар экономикалық тұрақтылық пен даму үшін де маңызды рөл атқарады. Мысалы, ұлттық қолөнер, дәстүрлі кәсіп түрлері мен ұлттық брендтерді дамыту арқылы жергілікті экономиканы нығайтуға болады [4]. Ұлттық бірегейлікті сақтау мәдени туризмнің дамуына да ықпал етеді, бұл өз кезегінде мемлекеттің халықаралық аренадағы беделін арттыруға көмектеседі. Саяси тұрғыдан алғанда, ұлттық құндылықтарды сақтау – елдің ішкі тұрақтылығы мен бірлігін нығайтады. Қоғам мүшелерінің ортақ мәдени мұра мен рухани байлықтарды қадірлеуі – мемлекет тұтастығын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі. Ұлттық сана-сезімі жоғары азаматтар өз елінің мүддесін қорғай біледі және оның дамуына үлес қосуға дайын болады.

### Қорытынды

Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру – жас ұрпақтың рухани дамуының негізгі факторы. Бұл үрдіс тек білім беру саласында ғана емес, отбасы тәрбиесі, мәдени іс-шаралар, көркем әдебиет және ақпараттық технологиялар арқылы да жүзеге асырылуы тиіс. Ұлттық бірегейлікті сақтау – елдің болашағын қалыптастыратын маңызды қадам [5]. Сондықтан ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы рухани жаңғыруды қамтамасыз етіп, мәдени тәуелсіздікті нығайтуға ерекше мән беру қажет. Бүгінгі таңда ұлттық құндылықтарды насихаттау – елдің дамуы мен оның әлемдік қауымдастықтағы орнын айқындайтын басты бағыттардың бірі. Сол себепті ұлттық мәдениетті сақтау мен оны болашақ ұрпаққа жеткізу – әрбір азаматтың ортақ міндеті. Білім беру жүйесі мен отбасы институты ұлттық сана-сезімді дамытуда бірлесе жұмыс жасауы қажет. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы біз рухани жаңғыруға, мәдени тұтастықты сақтауға және болашақ ұрпаққа жарқын келешек қалыптастыруға ықпал ете аламыз.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” – Егемен Қазақстан, 2017.
2. Қасымов С. “Қазақ мәдениетінің ерекшеліктері” – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
3. Оразбекова Қ. “Ұлттық тәрбие негіздері” – Астана: Фолиант, 2021.
4. Ахметова Г. “Қазақ халқының салт-дәстүрлері” – Алматы: Білім, 2020.
5. Сейітова Б. “Қазақтың ұлттық мәдениеті және оның ерекшеліктері” – Алматы: Ғылым, 2022.



### ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ДАМУ

Б.Ж. Кушубаева, А.Д. Сапарова, С.Ю. Ромашкина  
Алматы гуманитарлы-экономикалық университет, Алматы, Қазақстан  
E-mail: [Agaidar@mail.ru](mailto:Agaidar@mail.ru)

**Аннотация.** Жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың кәсіби дайындығын жетілдіру – қазіргі білім беру жүйесінің өзекті міндеттерінің бірі. Бұл мақалада педагогикалық мамандарды даярлаудың заманауи әдістері қарастырылып, олардың тиімділігі мен болашақтағы дамуы талданады. Зерттеу барысында инновациялық оқыту әдістерінің, практикалық сабақтардың, тәлімгерлік жүйесінің, жаңа білім беру технологиялары мен қашықтықтан оқыту құралдарының маңыздылығы қарастырылады. Сонымен қатар, білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының үнемі өзгеріп отыратын талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мәселелері қозғалады. Қорытындысында, қазіргі заманның сын-кәтерлері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, педагогикалық кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар беріледі.

**Кілт сөздер:** кәсіби құзыреттілік, педагог, білім беру.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді дамыту стратегиясы адам, қоғам және табиғат арасындағы үйлесімді байланысты нығайтуға бағытталған жүйелі ойлау мен дүниетаным мәдениетін қалыптастыруды көздейді. Бұл стратегияда оқыту мазмұны мен әдістерін жетілдіру, шығармашылық қызметті бағалау және білім берудегі инновациялық үрдістерді енгізу мәселелері қарастырылады[1]. Жаңа үлгідегі жоғары білім жүйесінің негізгі мақсаттарына мыналар жатады: - болашақ мамандардың шығармашылық әлеуетін сақтау және дамыту; - қоғамның әлеуметтік және қоғамдық-саяси салаларында мәдени құндылықтардың рөлін арттыру; - рухани даму мен эстетикалық тәрбие беруді жетілдіру арқылы қоғамның мәдени деңгейін көтеру; - ұлттық мәдениетті зерттеу, оны насихаттау және дамытуға ықпал ету. Жоғары оқу орындары болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды келесі қағидаларға сүйене отырып жүзеге асырады: - ақпараттық қолжетімділік пен оқытуды жүйелі ұйымдастыру; - теориялық және әдістемелік дайындықтың үйлесімділігі; - оқу процесінде студенттердің өзіндік әрекеттерін белсендіру; - кәсіби білім мен практикалық тәжірибе арқылы маманның өз бетінше дамуына жағдай жасау. Бұл қағидаларды жүзеге асыру жоғары білімнің сапасын арттыруға және болашақ мамандардың кәсіби әлеуетін нығайтуға ықпал етеді.

Қазіргі таңда әрбір студентті болашақ маман ретінде даярлау және оны жеке тұлға ретінде қалыптастыруда педагогтердің өз кәсіби шеберліктерін үздіксіз жетілдіруі, шығармашылық тұрғыдан ізденуі және кәсіби құзыреттілігін дамытуы маңызды. Осыған байланысты, отандық білім беру жүйесінде мазмұнды жаңарту мен инновациялық технологияларды қолдану арқылы маман даярлау сапасын арттыру басты міндеттердің бірі болып табылады. Білім берудің заманауи әдістері студенттерден ізгілік, демократияландыру және интеграциялау қағидаларын мақсатты түрде жүзеге асыруды талап етеді[2]. Өйткені, қоғамның дамуына ықпал ететін өнер адамзаттың эстетикалық және адамгершілік тәрбиесін қалыптастыруда, сондай-ақ рухани байлықты арттыруда, әлемдік деңгейдегі шығармашылық, технологиялық және қарым-қатынас мәдениетін дамытуда маңызды рөл атқарады. Сабақтың мақсатына сәйкес оқу материалын тиімді меңгерту, тақырыптың мазмұнына терең үңілу, оқу үдерісін ұйымдастыру, білім беру әдістері мен көрнекі құралдарды дұрыс пайдалану, сабақтың нәтижелілігін қамтамасыз ету және оны бағалау секілді өлшемдерді кешенді түрде қолдану – болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге ықпал етеді. Білім беру жүйесінде студенттерді кәсіби шеберлікке баулу олардың шығармашылық ойлау қабілетін, мәселе қою және оны шешу дағдыларын, ұжымдық талқылау мен шешім қабылдау қабілеттерін дамытады. А.А. Вербицкий заманауи



педагогикада «Оқытудағы басты мақсат – білім беру процесін ақпараттандыру» деген тұжырым жасаған. Осыған байланысты, болашақ педагог мамандардың кәсіби қызметін ұйымдастырудың жаңа әдістерінің бірі – контекстік білім беру негізінде белсенді оқыту технологияларын енгізу болып табылады.

Білім беру формалары студенттің тек ұсынылған материалды зейін қойып қабылдап, есте сақтауын ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынас, тәртіп, шапшаң ойлау және шығармашылық ізденіс дағдыларын дамытуды да қамтиды. Осындай белсенді оқыту әдістерінде көрнектіліктің рөлі ерекше. Сабақ барысында ақпараттық материалдарды орынды пайдалану студентті жай ғана тыңдаушы рөлінде қалдырмай, оны өз кәсіби қызметінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, міндетті пәндер циклында қазақ бейнелеу өнерінің тарихын оқыту барысында еліміздің көрнекті суретшісі Ә. Қастеевтің шығармашылығын қосымша материал ретінде пайдалану тиімді болмақ. Мұндай материалдар студенттерге қазақ өнерінің ерекшеліктерін терең түсінуге көмектеседі. Олар суретшінің шығармаларын талқылап, көркем туындылардың ұлттық нақыштарын сипаттай отырып, өз ойларын ортаға салуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, сабақта Ә. Қастеевтің өмірі мен еңбектеріне арналған слайд материалдарын қолдану оқу процесін жандандыра түседі. Бұл тәсіл студенттерге өнердің мәңгілік құндылығын сезінуге, қазақ бейнелеу өнеріндегі ұлттық ойлау жүйесін ұғынуға ықпал етеді. Жаңа тақырыпты меңгерту барысында хабарлау мен баяндау әдістерін слайдтармен ұштастыру студенттердің кәсіби дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Оқыту технологияларын тиімді пайдалану да маңызды. Сабақ барысында диалог әдісін қолдану және техникалық құралдарды пайдалану студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, белсенді қатысуына ықпал етеді. Диалогтық әдіс бірнеше студентті пікірталасқа тартып, ұсынылған тақырыпты тереңірек талдауға мүмкіндік береді[3]. Иммутиациялық емес әдістерге проблемалық дәрістер, пікірталас семинарлары, бағдарламаланған оқыту, курстық және дипломдық жұмыстар жатады. Осы әдістерді дұрыс қолдану студенттердің шығармашылық ойлау қабілетін дамытып, оларды өз бетінше ізденуге ынталандырады.

Контексті белсенді түрде меңгерудің тиімді әдістерінің бірі – ойын тәсілдері мен іскерлік ойындар. Бұл әдіс студенттермен жеке жұмыс жүргізуге мүмкіндік беріп, оқу үдерісінің белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Ойын арқылы оқытудың маңыздылығын әлемдік тәжірибе де дәлелдейді. Алдыңғы қатарлы шетелдік педагог-зерттеушілер оқытушының басты мақсаты – студенттердің танымдық және іскерлік дағдыларын жетілдіру екенін атап көрсетеді. Осы қағидаға сүйене отырып, білім беру технологиялары жетілдіріліп, оқыту барысында туындайтын кейбір проблемаларды шешу жолдары қарастырылады. Жаңа педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану студенттердің өз бетімен оқу материалын меңгеруіне көмектеседі, ал іскерлік ойындар олардың кәсіби шығармашылық қабілеттерін дамытады. Білім беру процесінде тиімді ұйымдастырылған танымдық, тәрбиелік, дамытушылық, кәсіптік бағдарлық және рөлдік ойындар сабақтың мақсатына жетуге көмектеседі. Кәсіптік бағдарлық ойындардың негізгі міндеті – студенттерді пікір алмасу мәдениетіне, ойлау белсенділігіне баулу. Бұл ретте оқытушының рөлі студенттердің өзіндік пікірін құрметтей отырып, ұжымдық талқылауға ынталандыру болып табылады. Қазіргі таңда Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті жалпы орта білім беретін мектептермен тығыз байланыс орнатып, кәсіптік білім беру жұмыстарын жүйелі түрде жүзеге асыруда. Университеттің Жалпы педагогика кафедрасы «Этнопедагогика негіздері» курсы мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне бейімдей отырып, арнайы бағдарлама негізінде жүргізуді жоспарлап отыр. Орта буын сыныптарына арналған бұл курс (34 сағат) оқушылардың қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын тереңірек меңгеруіне көмектесіп, болашақта жоғары оқу орнында білімдерін жалғастыруға негіз болмақ. Міндетті пәндер қатарындағы «Этнопедагогика» курсы аясында қазақ жерінде еңбек еткен орыс қайраткерлері Е.Г. Брусиловский, А.В. Затаевич, А.П. Зенков, Н. Хлудов, С. Калмыковтардың қазақ өнеріне қосқан үлесі қарастырылады. Бұл сабақтар студенттерге өзге ұлттардың салт-дәстүрлерімен танысып, этнопедагогикалық білімдерін кеңейтуге мүмкіндік

береді. Студенттердің білімін бағалаудың тиімді әдістерінің бірі – кәсіптік бағдар ойындарын ұйымдастыру. Мұндай ойындар барысында студенттер топтарға бөлініп, берілген мәтіндер мен қосымша материалдарды талдап, сұрақтар қойып, жауап іздейді. Бұл әдіс олардың алған білімдерін жүйелеуге, өз ойларын еркін жеткізуге және шығармашылық тұрғыдан ойлауға ықпал етеді.

1. Қазақ музыка өнерінің дамуына үлкен үлес қосқан Е.Г. Брусиловский қандай шығармаларымен танымал?

2. Қазақтың дәстүрлі ән-күйлерін жинақтап, зерттеген А.В. Затаевичтің жасаған ән жіктемесінің маңыздылығы неде?

3. А.П. Зенковтың сәулет өнеріндегі еңбектері қандай ерекшеліктерімен бағаланады? Қазақ бейнелеу өнерінің қалыптасуында Ә. Қастеевтің ұстазы Н. Хлудов қандай рөл атқарды?

4. Қазақ опера және балет театрының қоюшы-суретшісі, талантты кескіндемеші С. Калмыковтың шығармашылық жолы қалай өрбіді?

Студенттер осындай тақырыптар бойынша пікір алмасып, өздік зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Жинақталған материалдар негізінде олар презентациялар дайындап, келесі сабақта өз слайдтарын ұсынып, қорғайды. Рөлдік ойындар барысында әрбір топ мүшесінің актерлік қабілеті, сахналық қойылымдағы орындау шеберлігі бағаланады[4]. Бұл әдіс студенттердің тарихи-мәдени тұлғаларды тереңірек зерттеуіне, шығармашылық қабілеттерін дамытуына және өз көзқарастарын еркін жеткізуіне мүмкіндік береді.

Оқу-іскерлік ойындар кәсіптік, әлеуметтік, саяси, техникалық мазмұнда болуы мүмкін. Мұндай ойындар кәсіптік бағдар беру ісі мен мамандықпен байланыстыра жүргізіледі.

Белсенді оқыту тәсілі аналитикалық ойлауды дамытады, студенттер өз пікірін анық, нақты, сенімді түрде айта білуге үйренеді, шешім қабылдауға машықтанады. Өздері талдау жұмысына қатысып, сын айта білуге, негізгісін бөліп қарау, оған баға беруге үйренеді.

Танымдық-дидактикалық ойындар белгілі мәтін арқылы жағдаят туғызып, оның шешімін табуда нақты кәсіби іс-әрекетке жүгіндіруімен сипатталады.

Оқытудың белсенді формасына лекция, әңгімелесуді жатқызамыз. Студенттерге жаңа тақырыпты түсіндіруде, ақпарат берудің ең қысқа нәтижелі тәсілі – лекция, әңгімелесу кезінде жағдаят туғызу сияқты белсенді оқыту формаларының элементтерін кіргізуге болады.

Оқытудың жаңа технологиясының ерекше сипаты: интеграциялау – педагогика және психология ғылымдарының басқа ғылымдармен байланысы. Еңбек тәжірибемізге сүйене отырып, мамандық бойынша өтілетін пәндерді интеграциялап өткізуді ұсынамыз. Интеграцияланған сабақ кезінде студенттер жаңа материалды тез әрі оңай меңгереді, білімге деген ықыласы артады, шығармашылық ынтасы оянады. Оқытудың жаңа технологиясы педагогикалық үдерісті ізгілендіруге, ал оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда студенттің жеке тұлғасын дамытуға бағытталады. Білімнің басқарушылық негізгі қызметі студенттің жеке басын дамытуға бағдарланады. Әр студентті өзі меңгерген білім көлемін өмірде пайдалана білуге бейімдеу оқытушының басты мақсаты болуға тиісті.

Бұған дейін оқыту ісіне біржақты қарап, білім беруді тек сабақты жақсы беру деп санап келдік. Соның салдарынан барлық ауыртпалық оқытушыға түсті, яғни оқытушы өзі түсіндіреді, сұрайды, қосымша материалдар тауып, олардың білімін толықтырады. Сондықтан да, бұрынғы дәстүрлі білім беру жүйесін қайта қарастырып, білім берудің жаңа технологиялық жүйесін ендіру жолдарны іздестіру қажет. Білім беру саласында барлық жағынан да жаңаша ойлау, жаңаша қарым-қатынас, жаңаша көзқарас қалыптасады. Ендеше жаңа заман талабы білім берудің жаңа технологияларын меңгеруді көздейді.

Бүгінгі таңда Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, М.Чошановтың проблемалық модульді оқыту технологиясы, П.И.Третьяковтың, К.Вазинаның модульді оқыту технологиясы, В.П.Беспальконың және басқа да көптеген ғылым-педагогтардың технологиялары кеңінен танымал.

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

Жаңа технологияны меңгеру оқытушыдан кәсіптік шеберлікті, арнайы дайындық пен ізденісті, сауаттылықты талап етеді. Соның нәтижесінде инновациялық білім беруде студенттердің оқу әрекетін қалыптастырып, олардың білімге деген ынтасын оятып, қызығушылығын арттыруда заманауи білім беру технологияларын тиімді пайдалану көзделеді [5]. Олай болса, болашақ педагог мамандарын даярлаудағы оқу үдерісін технологияландыру проблемасының мәні – интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағдай жасау.

Кәсіби білім беру саласында белсенді әдістерді пайдалану шығармашылық жұмыстарды жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Бұл тұрғыда интерактивті оқыту әдісінің орны ерекше. Студенттер сабаққа ұжымдық түрде қатысып, алға қойылған міндеттерді бірлесе шешуге машықтанады. Интерактивті оқыту барысында пәнге деген қызығушылықты арттыру, күрделі мәселелердің оңтайлы шешімін табу және оны жүзеге асыру қабілеттерін дамытуға назар аударылады. Интерактивті оқыту әдістері келесі мақсаттарды жүзеге асыру үшін қолданылады: - танымдық дағдыларды дамыту және қателерді анықтау; - шығармашылық және кешенді дағдыларды жетілдіру; - бақылау, талдау және жобалау қабілеттерін қалыптастыру; - білімді тиімді игеруді бағалау. Сондай-ақ, бұл әдістер студенттердің ақпарат жинау, оны талқылауға белсенді қатысу, шешім қабылдау, адамзаттық құндылықтарға негізделе отырып пікір білдіру, көзқарасын жеткізу және топтық жұмысқа бейімделу қабілеттерін нығайтады. Интерактивті оқыту әдісін дұрыс таңдау – оқу үдерісінің тиімділігін арттырудың маңызды шарты. Зерттеу нәтижесінде студенттердің шығармашылық, технологиялық және коммуникативтік мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін ең тиімді әдістер анықталды. Оларға мыналар жатады: - пікірсайыс ұйымдастыру; - өзін-өзі таныстыру; - іскерлік ойындар өткізу; - ойлау қызметін дамыту; - топтық жұмыс әдістерін пайдалану; - кейс-талдау әдісі; - қысқа мини-лекциялар әзірлеу; - жүйелі түрде практикалық жаттығулар орындау. Болашақ педагогтардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуда «Дамыта оқыту» технологиясы кеңінен қолданылады. Бұл технология студенттерді деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытуды қарастырады, яғни әр тапсырма біртіндеп күрделене түседі. Мұндай әдістер барлық пәндерде қолдануға лайық. Мысалы, бірінші және екінші курс студенттері «Қазақ тілі» пәнінен практикалық сабақтар кезінде өз ана тілін жетік меңгеруге бағытталған тапсырмалар орындайды. Топта әртүрлі деңгейдегі студенттер болғандықтан, тапсырмалар да қарапайымнан күрделіге қарай құрылады. «Астана – менің сүйікті қалам» тақырыбында оқытушы дайындаған қосымша бейнематериалдар арқылы студенттер елорданың тарихы мен сәулеттік ерекшеліктері туралы тың ақпарат алады[6]. Жалпы, кәсіби шығармашылық қабілеттер мен құзыреттілікті дамыту жолдарын зерттеу арқылы студенттер өзіндік кәсіби көзқарасын қалыптастырады. Бұл олардың білімі мен біліктілігін тереңдетіп, болашақ маман ретінде кәсіби деңгейін арттыруға ықпал етеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұратбаева Г.А. Болашақ өнертану мамандарын даярлаудағы оқу үдерісін технологияландыру: оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: Жания-Полиграф, 2003. – 25 б.
2. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход. – М.: Высшая школа, 1991. – 207 с.
3. Оспанова Б.А., Жұмағұлова Қ.Ә. Болашақ мамандардың кәсіби шеберлігін дамытуға бағытталған инновациялық мәселелер // Қазақстан жоғары мектебі. – Алматы, 2006. – №3. – Б.75-78.
4. Мұратбаева Г.А. Bolashaq өner tanu mamandary`n dayarlaudagy` oqu үderisin texnologiyalandy`ru: oqu-әdistemelik құraly`. – Алматы: Zhaniya-Poligraf, 2003. – 25 б.
5. Verbizkij A.A. Aktivnoe obuchenie v vy`sshej shkole: kontekstny`j podxod. – М.: Vy`sshaya shkola, 1991. – 207 с.

6.Ospanova B.A., Zhymaғыlova Қ.Ә. Bolashaқ mamandardy`ң kәsibi sheberligin damy`tuға baғы`ttalғan innovaciyalы`қ мәseleler //Қазақстан жоғары` мектеби. – Алматы`, 2006. – №3. – В.75-78.

### БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЭМПАТИЯНЫҢ РӨЛІ: ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ АСПЕКТІЛЕРІ

А.Е. Ибраева

Алматы гуманитарлы-экономикалық университет, Алматы, Қазақстан

E-mail: [Konchbaeva\\_BE@mail.ru](mailto:Konchbaeva_BE@mail.ru)

**Аннотация.** Бұл мақала болашақ педагог-психологтардың кәсіби қызметінде эмпатияның маңыздылығын талдайды. Онда студенттердің эмпатиялық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін түрлі әдістер қарастырылады, соның ішінде тұлғааралық қарым-қатынас тренингтері, рөлдік ойындар, рефлексия және практикалық жаттығулар. Мақалада эмпатияның білім беру ортасындағы рөлі мен оның болашақ мамандардың кәсіби қалыптасуына әсері нақты мысалдар арқылы көрсетіледі. Сонымен қатар, эмпатияның қарым-қатынас сапасын жақсартудағы маңызы және оның педагог-психологтың кәсіби қызметіндегі тиімділігіне ықпалы талданады. Бұл зерттеу нәтижелері эмпатияның табысты педагогикалық және психологиялық тәжірибенің негізгі элементі екенін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер.** Эмпатия, кәсіби қызмет, тұлғалық даму, қарым-қатынас.

Болашақ педагог-психолог мамандардың тұлғалық дамуы мен кәсіби іс-әрекетке дайындығын қалыптастыру – қазіргі жоғары оқу орындарының басты міндеттерінің бірі. ЖОО-да білім алу кезеңінде студенттердің өмірлік ұстанымдары қалыптасып, кәсіби бағыт-бағдары айқындалады, сондай-ақ олардың қарым-қатынас дағдылары мен мінез-құлық ерекшеліктері жетіледі[1]. Сондықтан оқыту үдерісі студенттердің тұлғалық дамуын ғана емес, олардың кәсіби қалыптасу заңдылықтарын да ескере отырып ұйымдастырылуы қажет. Қазіргі таңда педагогика және психология ғылымдарында студенттердің тұлғалық дамуы мен кәсіби әлеуметтенуіне қатысты көптеген зерттеулер жүргізілуде. Бұл зерттеулерде студенттік кезеңнің тұлғалық және кәсіби дамудың маңызды кезеңі екені, болашақ маманның кәсіби іс-әрекетке дайындалу процесінде қабілеттері мен қызығушылықтарының рөлі ерекше екені атап көрсетіледі. Сонымен қатар, кәсіби дағдыларды жетілдіру мен мотивацияны арттыру – болашақ маманның кәсіби жетістігінің басты факторларының бірі болып саналады.

Ғалымдар кәсіби қалыптасу процесінің ұзақ динамикалық сипатқа ие екенін атап өтеді. Т.В. Кудрявцевтің пікірінше, кәсіби даму төрт негізгі сатыдан тұрады және әр саты өткен кезеңнің негізінде қалыптасады. Бұл процесс барысында болашақ маман кәсіби мотивациясын дамытып, қажетті дағдыларды меңгеріп, кәсіби өзін-өзі анықтауға қадам жасайды[2]. А.К. Маркова кәсіби мотивацияны адамның өз қабілеттерін белгілі бір салада қолдануға ұмтылысы ретінде сипаттайды. Яғни, кәсіби мотивация – болашақ маманның өз мамандығына деген қызығушылығы мен оған қанағаттану деңгейіне тікелей байланысты.

Заманауи жоғары оқу орындарында кәсіби маңызды сапаларды дамыту – сапалы маман даярлаудың басты көрсеткіштерінің бірі. Бұл сапалар тұлғаның кәсіби іс-әрекетке дайындық деңгейін анықтайды және білім алушының кәсіби әлеуметтену процесіне тікелей ықпал етеді. Кәсіби қалыптасу барысында болашақ педагог-психологтың жеке және кәсіби қасиеттері белсенді түрде дамып, оны жоғары білікті маман ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Болашақ білім беру жүйесіне тікелей араласатын педагог-психолог мамандардың бойында белгілі бір кәсіби сапалардың болуы аса маңызды. Әлеуметтену барысында адамның мінез-

құлқы өз мамандығына сай өзгерістерге ұшырайды. Көпшілік ортада қарым-қатынас барысында «Сіз мұғалімсіз бе?», «Психологсыз ғой?» деген сұрақтарды жиі естуге болады. Бұл педагог-психолог мамандарының ерекше қасиеттерге ие екенін көрсетеді[3]. Олар немқұрайлы болмауы, адам тағдырына оң әсер ете алуы тиіс.

Қазіргі таңда бұл мәселе көптеген психолог-ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылуда. Е.А. Климовтың еңбектеріне сүйене отырып, психолог мамандығын «адам-адам» типіндегі кәсіби іс-әрекетке жатқызуға болады. Бұл сала мамандары үшін белгілі бір сапалар өте маңызды. Адамды ести және тыңдай білу, оның ішкі әлемін түсіну, гуманитарлық білім саласында кең ауқымды білімге ие болу қажет. Сонымен қатар, сөйлеу мәдениетіне ерекше мән беріледі. Сөз нақты, анық, байланысты және мағыналы болуы тиіс. Бұған қоса, психолог маман адамдардың мінез-құлқын бақылап, талдай білуі, олардың ішкі күйін түсіне алуы қажет.

Педагог-психолог маманының бойында эмпатия, қайырымдылық, мейірімділік, шыдамдылық, кешірімділік секілді қасиеттер болуы маңызды. Сонымен қатар, олар шығармашылық ойлау қабілетіне ие болып, адамдар арасындағы қарым-қатынасты жан-жақты талдап, кикілжіңдердің мүмкін болатын салдарын болжай білуі қажет. Білім беру жүйесіндегі психолог маман үнемі өз білімін жетілдіріп, кәсіби дағдыларын дамытып отыруы тиіс[4]. Ол қоғамдағы өзгерістерден хабардар болып, моральдық және құқықтық нормаларды сақтай білуі керек.

Р.В. Овчарова мектеп психологінің әлеуметтік тұрғыдан қажетті сипаттамаларын төрт негізгі топқа бөледі. Біріншісі – интеллектуалды қасиеттер, яғни білімділік, логикалық ойлау, тиімді ой қорытындылай білу, рефлексия жасау қабілеті. Екіншісі – әлеуметтік қасиеттер, оған эмпатия, қарым-қатынасқа тез түсу, мейірімділік жатады. Үшіншісі – эмоционалды тұрақтылық, бұл өмірге деген оң көзқарасты, шыдамдылық пен стреске қарсы тұру қабілетін білдіреді. Төртіншісі – практикалық қабілеттер, яғни күрделі жағдайларда жылдам шешім қабылдай білу, педагогикалық интуицияның дамуы.

Болашақ педагог-психолог мамандардың кәсіби сапаларын дамыту олардың білім беру жүйесіндегі рөлін күшейтіп, оқушылар мен мұғалімдерге тиімді қолдау көрсетуіне мүмкіндік береді.

М.Р. Битянова мектептегі педагог-психологтің кәсіби іс-әрекетін зерттеп, бұл жұмыс жоғары кәсіби біліктілікті, эмпатиялық қарым-қатынасқа жоғары деңгейлі тұлғалық дайындықты, дамыған көмек көрсету мотивациясын, жоғары кәсіби және тұлғалық өзін-өзі бағалауы қажет деп атап көрсетеді. Ұйымдасқандық, жақсы құрылған, жаттыққан ойлау, дамыған байқампаздық аса қажет деп санайды. Сонымен қатар, жоғары эмоционалды әлеует, өз проблемаларын проекцияламай, проблеманы шешуге басқа адамдардың ену мүмкіндігін беретін, өзіндік психологиялық талдау қажет [5].

Ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей, білім беру жүйесіндегі педагог-психологтің кәсіби қызметінің тиімділігі үшін жеке тұлғалық ерекшеліктер маңызды рөл атқарады. Жалпы кәсіби сапаларға байқампаздық, интеллектуалдық қабілет, аналитикалық ойлау, моральдық және құқықтық нормаларды сақтау, анық және түсінікті сөйлеу, сондай-ақ дамыған интуиция жатады. Сонымен қатар, маманның қызметтік бағытына байланысты қосымша қасиеттер қажет. Зерттеуші-психолог үшін ұстамдылық, эмоционалды тұрақтылық, рационализм маңызды болса, практик-психологке адамдармен тез байланыс орнату, сенімділік қалыптастыру, жағдайды жылдам бағамдау, эмпатия, тыңдай білу, рефлексия және ерік-жігердің тұрақтылығы қажет.

Адам өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі – 17-18 жастан 22-23 жасқа дейінгі студенттік кезең. Бұл уақытта кәсіби қызығушылық тұрақталып, адам өз болашақ мамандығына саналы түрде дайындала бастайды. Егер осы кезеңде адам арнайы немесе жоғары оқу орнында білім алумен айналысса, онда бұл тек кәсіби даярлық үдерісі ғана емес, сонымен қатар тұлғаның әлеуметтенуінің бір бөлігі болып табылады. Қазіргі таңда мектеп жүйесінің әлеуметтендіру функциясы толық орындалмай отырғанын ескерсек, кәсіби білім беру мекемелері мен

жоғары оқу орындарының рөлі арта түсуде. Осы тұрғыдан алғанда, студенттік шақ – маманның әлеуметтік дамуы мен кәсіби қалыптасуы қатар жүретін маңызды кезең.

Жоғары оқу орнындағы білім беру студенттерге тек ғылыми және кәсіби білім беріп қана қоймай, оларды болашақ мамандығына қажетті тұлғалық сапалармен қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл үдеріс олардың кәсіби этика қағидаларын меңгеріп, әлеуметтік-кәсіби құндылықтарды игеруіне көмектеседі. Оқу-тәрбие процесінің негізгі мақсаты – студенттердің өз мамандығына деген қызығушылығын арттыру және кәсіби дамуына қолдау көрсету.

Қазіргі таңда Қазақстанда жоғары білім беру жүйесіндегі реформалар мен кредиттік технологияға көшу сияқты өзгерістер осы саладағы өзекті мәселелердің қатарында. Бұл өзгерістер студенттердің кәсіби және тұлғалық дамуына жаңа талаптар қойып, олардың болашақ маман ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Оқу процесіндегі студент тұлғасының басымдылығының өсуі, қазіргі жоғары оқу орындарының ерекшелігі болып табылады. Ал ЖОО-да оқытудың басты мақсаты – маман тұлғасының кәсіби қабілеттері мен сапаларын қалыптастырып, дамыту болып саналады. Бұған қоса, қазіргі студенттердің оқу іс-әрекеті әдістері мен құралдары бойынша, ғылыми-ізденістік іс-әрекеті басым орын алады. Көп жағдайда, оған өзіндік басқару тән болып табылады, басқаша айтқанда, студенттер оның негізгі компоненттерін толық түрде меңгерген, білімдер мен біліктердің мағынасы мен мәнін түсінеді, оқу жүйесінің тәсілдерін меңгерген, оқу әрекеттерінің сапасын бағалап және басқара алады. Нәтижесінде, болашақ мамандығын меңгеруі бойынша, жоғары оқу орнында оқыту барысында, студенттің дербес өзіндік белсенділігінің рөлі артып, соның арқасында оқу іс-әрекеті қарапайым кәсіби іс-әрекет ретінде көрініс бере бастайды немесе іс-әрекеттің кәсіби белгілеріне ие болады.

Психологиялық әдебиеттерде эмпатия мәселесі бірнеше бағыттар бойынша қарастырылады:

1. Эмпатияның сапалық табиғатын зерттеу;

2. Жеке адамның түрлі психикалық процестері, психологиялық ерекшеліктері мен эмпатияның құрылымдық сипаттамаларының байланысын зерттеу;

3. Эмпатияның процессуалды зерттелуі.

Кеңестік психологтар эмпатия түсінігінің мазмұнын оны қабілет, процесс немесе күй ретінде анықтап, оны түрлі психикалық процестер мен жеке адамның психологиялық күйлерімен байланыстыра отырып қарастырған. Психологиялық сөздік эмпатияны «басқа адамның бастан кешірулеріне еніп, эмоционалды күйіне жете алу» деп анықтайды.

Зерттеушілер когнитивті эмпатияны ақпараттың бейсаналы өңделуінің нәтижесі ретінде сипаттайды. Ол өзара әрекет субъектісінің ішкі күйін түсінуге бағытталған бейсаналы процесс болып табылады. Эмоционалды және когнитивті эмпатиядан бөлек, ғалымдар әрекеттік эмпатияны да бөліп көрсетеді. Бұл түрі жеке адамға немесе топқа белсенді көмек көрсетуге негізделеді және альтруистік сипатқа ие. Әрекеттік эмпатия адамдардың өзара ашық қарым-қатынас жасауына ықпал етеді.

Эмпатияның ғылымда орнығу тарихына көз жүгіртсек, бұл ұғым бастапқыда философияның, әсіресе этика мен эстетиканың зерттеу объектісі болған. Оның түп-тамыры «симпатия» ұғымымен байланысты, ал бұл термин ежелгі грек философиясында жанашырлық пен рухани жалпылықты білдірген. Неміс философиясында симпатия адам жанының қасиеті ретінде қарастырылып, адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеуші фактор ретінде бағаланған.

Қазіргі уақытта эмпатия психология, педагогика, медицина, журналистика сияқты салаларда маңызды рөл атқарады. Дамыған эмпатия – адамдармен жұмыс істеуді талап ететін кәсіби қызметтерде табысқа жетудің негізгі факторларының бірі. Егер жоғары оқу орындарында педагог-психолог мамандарды даярлау барысында қарым-қатынас дағдыларын дамытуға және эмпатиялық қабілетті арттыруға арналған тренингтер енгізілсе, студенттердің кәсіби құзыреттілігі жоғарылай түседі.

## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ТРАНСФОРМАЦИЯ, ДАМУ ВЕКТОРЛАРЫ

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «Жалпы педагогика» кафедрасы болашақ педагог-психологтарды даярлауда жүйелі жұмыстар атқарып келеді. Заманауи білім беру талаптарына сәйкес, мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ерекше мән беріледі. Кафедра профессор-оқытушылар құрамы студенттердің теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруға бағытталған жаңа әдістерді енгізуде. Сонымен қатар, 6М010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша магистранттарды даярлау барысында қосымша біліктіліктер беру қолға алынуда. Магистранттар «Білім беру жүйесінің менеджері» және «Білім беру саласындағы педагогикалық өлшемдер» бағыттарында маманданып, білім сапасын бағалау мен басқару саласында білікті маман ретінде қалыптасуына мүмкіндік алады. Педагог-психологтердің басты міндеті – білім алушыларға, мұғалімдерге және ата-аналарға қолдау көрсету, олардың жағдайын түсініп, кәсіби және адами тұрғыдан көмек бере білу. Бұл білім беру жүйесінде ізгілік қағидаларының қалыптасуына ықпал етеді. Эмпатияға негізделген қарым-қатынас кәсіби шеберліктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде бағаланады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кудрявцев Т.В. Исследование психологических особенностей профессионального становления. М., 1988.
2. Маркова А.К. Психология профессионализма. М., 1996.
3. Климов Е.А. Образ мира в разнотипных профессиях: учебное пособие. М., МГУ, 1995.
4. Овчарова Р.В. Справочная книга школьного психолога. – М., 1996.
5. Битянова М.Р. Организация психологической работы в школе. – М., 1997.

### БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМУ: ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Г.А. Дәуренбек, Б.Б. Мырзагалиева, Д.С. Акбулатова  
Алматы гуманитарлы-экономикалық университет, Алматы, Қазақстан  
E-mail: [Peri.agaidar@mail.ru](mailto:Peri.agaidar@mail.ru)

**Аннотация.** Бұл мақала бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау қабілетін дамытуға бағытталған әдістер мен тәсілдерді зерттеуге арналған. Сыни тұрғыдан ойлау – білім берудің маңызды құрамдас бөлігі, өйткені ол оқушылардың талдау, бағалау және саналы шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Авторлар оқыту үдерісінде қолданылатын әртүрлі педагогикалық стратегияларды қарастырады, оның ішінде ойын тәсілдері, интерактивті әдістер, логикалық есептер, контекстік жағдайларды талқылау және проблемалық оқыту әдістері бар. Сондай-ақ, мақалада бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын дамытуға арналған тиімді практикалық мысалдар мен оқу ортасын ұйымдастыру стратегияларына ерекше назар аударылады. Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау дағдыларын жетілдіруге бағытталған заманауи зерттеулер мен практикалық әдістерге шолу ұсынылған.

**Кілт сөздер:** сыни ойлау, ғылым, ойлау, дамыту. Ғылыми ұғым – шындықты ойша бейнелеудің бір тәсілі, ол арқылы құбылыстар мен процестердің мәні ашылып, олардың негізгі қасиеттері мен белгілері жинақталады. Мұндай ұғымдар адамның сөздік және логикалық ойлау қабілетінің дамуына ықпал етеді, бірақ олар өздігінен қалыптаспайды. Балалар бұл ұғымдарды меңгеруі үшін олардың күнделікті өмірде жинақтаған түсініктері жеткілікті деңгейде болуы қажет. Мұндай түсініктер мектепке дейінгі жаста қалыптасып, баланың жеке тәжірибесіне сүйене отырып, мектептен тыс ортада да дами береді. Күнделікті ұғымдар – қарапайым деңгейдегі түсініктер болса, ғылыми ұғымдар – терең әрі жүйеленген білімге негізделген жоғары деңгейдегі түсініктер. Олар құрылымы жағынан күрделі және

саналы түрде меңгеріледі. Л.С. Выготский бұл процесті былай сипаттайды: \*«Күнделікті ұғымдар ғылыми ұғымдар арқылы жетіледі, ал ғылыми ұғымдар күнделікті ұғымдармен байланыса отырып дамиды» [1]. Осылайша, бала ғылыми білімдерді игеру арқылы әртүрлі ұғымдар арасындағы байланысты түсінеді, жалпы мағыналарын ажыратады және оларды күнделікті өмірімен байланыстыра отырып қолданады. Ғылыми ұғымдарды меңгеру үшін ең алдымен сөйлеу мен ойлау қабілеті маңызды рөл атқарады. Сол себепті бастауыш сынып оқушыларының ойлау және сөйлеу дағдыларын дамыту – білім беру саласындағы басты міндеттердің бірі. Бұл процесс бірнеше кезеңнен тұрады, ал оны толық зерттеу үшін мәселені жан-жақты қарастыру қажет.

Баланың психикалық саулығының негізгі белгісі – оның танымдық белсенділігі. Ол әрдайым қоршаған ортаны түсінуге және өзіндік әлем бейнесін қалыптастыруға талпынады. Ойын барысында немесе түрлі тәжірибелер жасау арқылы бала себеп-салдарлық байланыстарды зерттеуге тырысады. Мысалы, ол қандай заттардың суға батып, қайсысының қалқып жүретінін өз бетінше анықтай алады. Бала ақыл-ой тұрғысынан белсенді болған сайын, соғұрлым көбірек сұрақ қояды және олардың тақырыптары әртүрлі болады. Оны кез келген нәрсе қызықтыруы мүмкін: мұхиттың тереңдігі қанша? Ондағы жануарлар қалай тыныс алады? Жер шарының диаметрі қанша километр? Неліктен тауларда қар ерімей, ал жазық жерлерде тез ериді? Баланың табиғи қызығушылығы оны жаңа білім алуға итермелейді, ал білімді игеру «Неге?», «Қалай?», «Неліктен?» деген сұрақтарды қою арқылы жүзеге асады. Ол алған ақпаратты іс жүзінде қолданып, түрлі жағдайларды елестетіп, жауап табуға тырысады. Кейбір мәселелерді шешу үшін бала оларды іс жүзінде сынап көруге тырысса, кей жағдайда ойша шешуге тырысады. Ол нақты жағдайды көз алдына елестетіп, қиялында әрекет етеді. Мұндай ойлау түрі көрнекі-бейнелі ойлау деп аталады. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың негізгі ойлау формасы – көрнекі-бейнелі ойлау. Дегенмен, олар логикалық ойлауға да қабілетті, бірақ бұл кезеңде олардың ақпаратты визуалды түрде қабылдауға бейім екенін ескерген жөн.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың ойлауы эгоцентризммен сипатталады, яғни олар өз көзқарасын басқалардың көзқарасымен салыстыруда қиындық көреді. Сонымен қатар, белгілі бір мәселелерді шешу үшін қажетті білім қорының жеткіліксіздігі олардың ойлау жүйесіне әсер етеді. Мысалы, бала ұзындық, көлем, салмақ секілді заттардың тұрақты қасиеттерін өз бетінше анықтай алмайды. Жүйеленген білімнің жоқтығы мен түсініктерінің толық қалыптаспауы олардың қабылдауына әсер етіп, ойлау логикасын әлсіретеді. Мысалы, егер балаға бірдей көлемдегі су, құм немесе пластилин беріліп, олардың әртүрлі пішіндегі ыдыстарға құйылғанын көрсетсе, ол олардың тең мөлшерде екенін түсінбеуі мүмкін. Себебі бала объектілердің жаңа пішінін олардың бастапқы қалпымен салыстыруда қиындыққа тап болады және өзгерістерді тікелей қабылдауына сүйенеді. Алайда бастауыш сынып кезеңінде балалар жеке фактілерді ойша салыстыруды үйреніп, оларды біртұтас жүйеге біріктіру қабілетін дамыта бастайды. Сондай-ақ олар дерексіз білімді игеріп, тікелей тәжірибе арқылы алмаған ақпаратты да түсіне алады. Жан Пиаже зерттеулеріне сәйкес, 6-7 жастағы балалардың ойлау ерекшелігі олардың заттар мен қоршаған ортаға тек өз тұрғысынан қарауымен байланысты. Бұл жастағы бала әлемді өзінің қабылдау нүктесінен ғана көріп, басқалардың оны қалай қабылдайтынын түсінуде қиналады. Мысалы, егер балаға әртүрлі биіктіктегі үш тау бейнеленген макет көрсетіліп, ол өз көзімен көрген суретті таңдаса, ол бұл тапсырманы оңай орындайды. Алайда, егер одан қарама-қарсы жақтан көрінетін көріністі таңдау сұралса, бала өз көзқарасына сәйкес келетін суретті таңдауға бейім болады[2]. Бұл олардың басқа адамдардың көзқарасын қабылдау дағдыларының әлі толық қалыптаспағанын көрсетеді.

Жан Пиаже зерттеулерінде алты-жеті жасқа дейінгі балалардың кейбір заттардың тұрақты қасиеттерін түсінбеуі жиі байқалатын құбылыс ретінде сипатталған. Бұл тұжырымды дәлелдейтін классикалық эксперименттердің бірі – пластилинді шарлармен жүргізілген тәжірибелер. Егер баланың алдына екі бірдей пластилин шарын қойып, олардың массасы бойынша тең екенін сұрасаңыз, ол олардың бірдей екенін оңай анықтайды. Алайда,



сол шарлардың бірін көз алдында жайып, оны жалпақ торт тәрізді пішінге айналдырсаңыз және пластилиннің қайсысында көбірек екенін сұрасаңыз, бала көбіне жалпақ формада пластилин көп деп жауап береді. Бұл баланың қабылдау ерекшеліктеріне байланысты, өйткені ол заттың пішінінің өзгеруін оның массасының өзгеруі ретінде қабылдайды. Бастауыш мектепте жүйелі білім берудің басталуы және дамыта оқыту әдістеріне көшу баланың қоршаған әлемді түсіну тәсілдерін өзгертеді. Ойлаудың ғылымға дейінгі кезеңінде бала эгоцентрлік көзқарастан алыстай бастайды, бірақ жаңа танымдық тәсілдерді меңгеру оның санасында елеулі өзгерістер тудырады. Бұл кезеңде баланың дүниені қабылдауындағы субъективтіліктің орнын ғылыми негізделген көзқарастар баса бастайды. Ол қоршаған ортаны әлеуметтік қалыптасқан критерийлерге сүйене отырып бағалауды үйренеді, өз ойларын нақты әрі жүйелі түрде сөзбен жеткізуге дағдыланады. Ойлау қабілеті қалыптасқаннан кейін сөйлеу дағдылары дамиды. Жалпы алғанда, сөйлеудің негізгі мақсаты – қарым-қатынас жасау. Алты-жеті жасқа келген бала контекстік сөйлеуді меңгере бастайды, яғни ол жағдайды тікелей қабылдамай-ақ, болып жатқан оқиғаны толық және түсінікті етіп баяндауға қабілетті болады. Мұндай бала тыңдаған оқиғаны қайта айтып бере алады немесе өзі бастан кешкен жағдайды сипаттап шығуға мүмкіндік алады. Алайда, бұл қабілеттің дамуы белгілі бір жағдайларға байланысты: - Егер бала бай тілдік ортада өссе және айналасындағы ересектер оның сөйлеуін нақты әрі түсінікті жеткізуін талап етсе; - Егер бала өз ойын дұрыс жеткізу үшін сөйлеуін бақылау қажеттігін түсінсе. Осылайша, жүйелі оқыту мен дамытушы орта баланың ойлау қабілеті мен тілдік дағдыларының дамуына тікелей ықпал етеді.

Ауызша қарым-қатынастың ситуациялық тәсілі уақыт өте келе контекстік әдіспен алмастырылады. Сөйлеу дағдылары жақсы дамыған бала өз сөзінде ересектерден үйренген тілдік құралдарды қолдана бастайды. Дегенмен, алты-жеті жастағы баланың жақсы дамыған сөйлеуінің өзі әлі де балалық сипатқа ие. Сөйлеуді дамыту оқу мен дамудың бірнеше маңызды аспектілерін қамтиды. Біріншіден, баланың әдеби тіл нормаларын меңгеруі. Бұл үдеріс әдеби және бейресми тіл арасындағы айырмашылықты түсінуді қамтиды. Бастауыш сынып оқушысы үлкендердің түзетулеріне өте сезімтал келеді, сондықтан мұғалімнің сөзінен сөйлеудің әдеби нормаға сай немесе ауызекі, қарапайым екенін оңай түсінеді. Мектепте балаларға көркем, ғылыми және ауызекі стильдерді оқытады. Бұл өте ауқымды материалды қамтиды: жүздеген жаңа сөздер, бұрын меңгерілген сөздердің жаңа мағыналары, жаңа сөз тіркестері мен синтаксистік құрылымдар. Бұл элементтер мектепке дейінгі кезеңде балалардың сөйлеу тәжірибесінде сирек кездеседі. Ересектер, тіпті мұғалімдер де мұндай білімнің қаншалықты көлемді екенін толық түсіне бермейді және оны бала күнделікті қарым-қатынас пен кітап оқу арқылы өздігінен меңгереді деп ойлайды. Алайда, бұл жеткіліксіз: балалардың сөздік қорын дамыту үшін жүйелі әрі жоспарлы жұмыс қажет. Мұнда нақты тілдік материалды – сөздерді, синтаксистік құрылымдарды, сөйлеу стильдерін және байланыстырып сөйлеу дағдыларын меңгеру маңызды. Екіншіден, оқу мен жазу дағдыларын игеру. Бұл дағдылар тіл жүйесіне – оның фонетикасы, графикасы, сөздік құрамы, грамматикасы мен орфографиясын білуге негізделген. Оқу мен жазудағы жетістік баланың сөйлеу қабілетіне, ойын сауатты жеткізе білуіне және өзгелердің айтқандарын дұрыс қабылдауына байланысты. Үшіншіден, оқушылардың сөйлеуі белгілі бір стандарттарға сәйкес келуі қажет. Бала осы талаптарға сай сөйлеуді үйренуі керек, өйткені ол білім алушы ретіндегі рөлді атқарады. Сөздермен, сөз тіркестерімен және сөйлемдермен жұмыс жасау, сондай-ақ байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту – тек сөйлеудің ғана емес, жалпы психикалық дамудың маңызды шарты болып табылады[3]. Қорытындылай келе, бастауыш мектеп кезеңінде ойлау жетекші функцияға айналады. Бұл ойлау процестерінің қарқынды дамуына және қайта құрылымдалуына ықпал етеді. Сонымен қатар, басқа психикалық функциялардың дамуы да тікелей интеллект деңгейімен байланысты. Осы кезеңде баланың ойлауымен қатар сөйлеу дағдылары да қарқынды дамиды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Выготский Л. С. Сознание как проблема психологии поведения // Собрание сочинений: В 6-ти т. Т.1 – М., 1982.
2. Пиаже Ж. Избранные психологические труды. - М., 1994.
3. Лисина М. И. Общение, личность и психика ребенка. - М.; Воронеж, 1997.
1. Vy`gotskij L. S. Soznanie kak problema psixologii povedeniya // Sobranie sochinenij: V 6-ti t. T.1 – М., 1982.
2. Piazhe Zh. Izbranny`e psixologicheskie trudy`. - М., 1994.
3. Lisina M. I. Obshhenie, lichnost` i psixika rebenka. - М.; Voronezh, 1997

### БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ҚАБЫЛДАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МӘДЕНИ МҰРА МЕН ДӘСТҮРДІҢ РӨЛІ

Д.Х. Абдукаримова, Г.Б. Әлібек, Б.М. Абдыкаримова  
Алматы гуманитарлы-экономикалық университет, Алматы, Қазақстан  
E-mail: [Mahashova\\_A@mail.ru](mailto:Mahashova_A@mail.ru)

**Аннотация.** Бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық қабылдауын қалыптастыруда мәдени мұра мен дәстүрлердің рөлі баланың жан-жақты дамуы үшін маңызды білім беру аспектісі болып табылады. Бұл мақалада бастауыш мектеп жасындағы балалардың эстетикалық қабылдауына мәдени мұра мен дәстүрдің әсері қарастырылады. Бастауыш мектепте оқушыларға өз халқының мәдени мұрасының байлығын таныстыру ерекше мәнге ие. Дәстүрлі мерекелер, әдет-ғұрыптар, ертегілер, халық әндері мен билерін қолдану балалардың халықтық мәдениетке енуіне, эстетикалық талғамының қалыптасуына және көркемдік тәжірибесін кеңейтуіне ықпал етеді. Мәдени мұра ұлттың ерекшеліктерін көрсетіп қана қоймай, оны сақтау мен құрметтеудің маңыздылығын да үйретеді. Мұраны зерттеу арқылы балалар сұлулықты бағалауды, өнер туындыларына эмоционалды жауап беруді және ішкі жан дүниесін дамытуды үйренеді. Сонымен қатар, мәдени дәстүрлер өз халқының құндылықтарына деген құрмет сезімін қалыптастырып, өзге мәдениеттерді түсінуге ықпал етеді. Бұл толеранттылықты дамыту мен әртүрлі мәдени мұраларды тануға жол ашады. Алайда, жаһандану мен цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы мәдени мұраны сақтауға қатысты қиындықтар туғызуы мүмкін. Сондықтан бастауыш сынып оқушылары арасында дәстүрлер мен мәдени құндылықтарды насихаттауға бағытталған білім беру құралдарын тиімді пайдалану қажет. Мақалада оқушылардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру, оларды мәдени әртүрлілікті құрметтеу рухында тәрбиелеу және тұлғалық дамуға ықпал ету мақсатында бастауыш мектептегі білім беру процесінде мәдени мұра мен дәстүрлерді қолданудың маңызы көрсетіледі.

**Кілт сөздер.** Эстетика, фольклор, тәрбие, мұра, білім.

Қазіргі білім беруде, әсіресе бастауыш сыныптарда, балалардың эстетикалық қызығушылығын қалыптастырудың маңызы артып келеді. Дүниені эстетикалық тұрғыда қабылдау, айналадағы әсемдікті көре білу, бағалау және шығармашылық қабілеттерді дамыту – тұлғаның мәдени дамуының маңызды бөлігі. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық қызығушылығын арттырудың тиімді құралы ретінде балалар фольклорының рөлі қарастырылады.

Эстетикалық қызығушылық мәдени орта, білім беру процесі және жеке тәжірибенің ықпалымен қалыптасады. Эстетикалық қабылдау туа біткен қасиет емес, ол тәрбие мен оқыту барысында дамиды. Осы тұрғыдан алғанда, балалар фольклоры мәдени мұраның маңызды бөлігі ретінде ерекше мәнге ие. Ертегілер, әндер, өлеңдер және халықтық салт-дәстүрлер балалардың сұлулықты әртүрлі қырынан түсінуіне және бағалауына ықпал етеді. Балалар фольклоры эстетикалық ләззат сыйлайтын ғана емес, сонымен қатар педагогикалық

тұрғыдан ықпалды құрал болып табылады. Халық ертегілері мен өлеңдері арқылы балалар түрлі кейіпкерлермен танысып, әртүрлі жағдайларды бастан кешіреді, қуаныш пен мұңды сезінеді. Бұл олардың әлемнің сұлулығын тереңірек түсініп, эстетикалық әсерлерді қабылдауына көмектеседі. Сонымен қатар, халық әндері мен билері ырғақ сезімін дамытып, қимыл үйлесімділігін қалыптастырады, бұл да эстетикалық тәрбиенің маңызды аспектісі. Ертегілер, өлеңдер, жұмбақтар мен халық ойындары тек көңіл көтеру құралы ғана емес, сонымен бірге дүниені эстетикалық тұрғыдан байыта түседі.

Балалар фольклорының маңыздылығы бірнеше аспектіден көрінеді.

Біріншіден, балалар фольклоры мәдени мұраны сақтауға және насихаттауға ықпал етеді. Ол халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын және құндылық бағдарларын бейнелейді. Фольклорлық шығармалармен танысу балаларға әртүрлі мәдени дәстүрлер атмосферасына енгуге, олардың алуан түрлілігін түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, балалар фольклоры оқушылардың эмоционалдық дамуына әсер етеді. Ертегілер, өлеңдер мен жұмбақтар балаларда түрлі эмоцияларды тудырады: күлкіден мұңға, қуаныштан танданысқа дейін. Фольклорлық шығармаларды эмоционалды қабылдау олардың эстетикалық сезімін қалыптастырып, дүниені әсемдік тұрғысынан қабылдауына әсер етеді.

Үшіншіден, балалар фольклоры шығармашылық қабілеттердің дамуына ықпал етеді. Халық әндерін орындау, ертегілерді әңгімелеу, жұмбақ құрастыру – балалардың қиялын, көркем ойлауын дамытады. Бұл шығармашылық белсенділік балалардың әртүрлі көркемдік құралдарды игеруіне және өзіндік шығармашылық қабілеттерін жетілдіруіне ықпал етеді.

Осылайша, балалар фольклоры бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық қызығушылығын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады[1]. Оны білім беру үдерісінде белсенді қолдану оқушылардың мәдени мұраға деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағдай жасайды.

Бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық қызығушылығын қалыптастыруда балалар фольклоры маңызды рөл атқарады. Ол тек мәдени мұраның қайнар көзі ғана емес, сонымен қатар балалардың эмоционалдық дамуы мен шығармашылық қабілеттерін жетілдіру құралы болып табылады. Фольклорлық элементтерді оқу үрдісіне енгізу баланың мәдени құзыреттілігін арттырып, жеке тұлғасының жан-жақты дамуына ықпал етеді. Балалар фольклорын тиімді пайдалану үшін оның ерекшеліктерін ескере отырып, оқушыларды шығармашылық үдеріске белсенді қатыстыру маңызды. Әдеби оқу, музыка сабақтары, көркем шығармашылық және ойын әрекеттері сияқты түрлі іс-әрекеттер арқылы фольклор әлеміне терең бойлауға жағдай жасау қажет. Балалар тек дайын материалды қабылдап қана қоймай, өз ертегілерін құрастырып, әндер айтып, халық ойындарын ойнау арқылы белсенді түрде таныса алады. Фольклорды қолданудың тиімді әдістерінің бірі – мектептегі фольклорлық мерекелер мен қойылымдар ұйымдастыру. Бұл балаларға халық ертегілерін, өлеңдері мен әндерін сахналауға, өздерінің шығармашылық идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осындай іс-шаралар арқылы оқушылар халық өнері туралы білімдерін кеңейтіп қана қоймай, әлеуметтік дағдыларын, өзіндік көркемдік талғамын дамытады.

Балалар фольклорының оқу-тәрбие үрдісіндегі маңыздылығын бірнеше негізгі аспектілер бойынша қарастыруға болады. Біріншіден, ол халықтың құндылықтары мен дәстүрлерін жеткізетін мәдени мұраның маңызды бөлігі болып табылады. Фольклорлық шығармалармен танысу арқылы балалар ұлттық және әлемдік мәдениетке құрметпен қарауды үйренеді. Екіншіден, фольклор балалардың эмоционалдық дамуына оң әсер етеді. Ертегілер мен әндер баланың сезімін, қуанышын, танданысын немесе қайғысын бейнелейді, бұл олардың эмоционалдық тәжірибесін байытып, эстетикалық қабылдауын қалыптастырады. Үшіншіден, фольклор шығармашылық қабілеттерді дамытудың тиімді құралы болып табылады[2]. Халық әндерін орындау, ертегі айту, жұмбақтар мен жаңылтпаштар құрастыру балалардың қиялын, көркемдік ойлауын жетілдіреді.

Осылайша, балалар фольклоры бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын кеңейтіп, эстетикалық қызығушылығын қалыптастыратын маңызды құрал ретінде қарастырылады.

Оқу үдерісінде фольклорлық элементтерді белсенді қолдану баланың шығармашылық қабілеттерін дамытып, мәдени құндылықтарды түсінуіне мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыру үйлесімді және мәдени тұрғыдан бай білім беру ортасын құруға ықпал етеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Артамонова, Т. В. Развитие детского творчества в условиях современной начальной школы". Москва: Просвещение. 2017.
2. Гаврилова, О. В. "Детский фольклор: традиции и современность". Санкт-Петербург: Лань. 2019.
3. Artamonova, T. V. Razvitie detskogo tvorchestva v usloviyah sovremennoj nachal'noj shkoly". Moskva: Prosveshhenie. 2017.
4. Gavrilova, O. V. "Detskij fol'klor: tradicii i sovremennost'". Sankt-Peterburg: Lan`. 2019.

## АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ БІРІКТІРУ: АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН ҚИЫНДЫҚТАРЫ

Ж.Т. Терликбаева, А.Б. Байкенова, Д.Х. Абдулина  
Алматы гуманитарлы-экономикалық университет, Алматы, Қазақстан  
E-mail: [a.baratt@mail.ru](mailto:a.baratt@mail.ru)

**Аннотация.** Бастауыш мектептің оқу үдерісіне ақпараттық технологияларды енгізу – қазіргі заманғы білім беруді жетілдірудің басты бағыттарының бірі. Бұл мақалада осы үдерістің артықшылықтары мен кездесетін қиындықтары қарастырылады. Ақпараттық технологияларды қолданудың артықшылықтарына оқу материалдарына кеңінен қол жеткізу, оқыту процесін жекелендіру, оқушылардың қызығушылығын арттыру, цифрлық дағдыларды қалыптастыру және болашақ кәсіби қызметке дайындау жатады. Интерактивті оқыту материалдары, онлайн курстар және білім беру қосымшалары білім алушыларға оқу материалын тереңірек әрі тиімді меңгеруге мүмкіндік береді. Алайда, бұл үдерісте бірқатар қиындықтар да кездеседі. Олардың ішінде мұғалімдердің жаңа технологияларды меңгеру деңгейінің әртүрлілігі, қажетті техникалық құралдар мен бағдарламалық жасақтаманың жетіспеушілігі, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік пен деректерді қорғау мәселелері бар. Мақалада цифрлық дәуірде сапалы білім беру мен оқушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету үшін ақпараттық технологияларды бастауыш мектеп бағдарламасына дұрыс интеграциялаудың маңыздылығы атап көрсетіледі.

**Кілт сөздер.** білім беру процесі, ақпараттық технологиялар, инновация, интеграция.

